



«MADENI MIRA»  
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYN  
KİTAP SERIYALARY  
KAZAKSTAN RESPUBLIKASYNYN TYNFYSH PREZIDENTI  
NURSUŁTAN NAZARBAEVTYN  
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA  
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

---

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*  
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*  
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*  
Әбділдин Ж.М.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Зиманов С.З.  
Кәлетаев Д.А.  
Кекілбаев Ә.  
Кенжеғозин М.Б.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Қосыбаев Е.М.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Мағауин М.М.  
Мәмбеев С.А.  
Нүрпейісов Ә.К.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Рахмадиев Е.Р.  
Сұлтанов Қ.С.  
Сүлейменов О.О.  
Хұсайынов К.Ш.

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Батырлар жыры*



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Күзембаева С.,  
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

**Томның редакция алқасы:**

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ысмағұлов Ж.,  
Алпысбаева Қ., Әлібек Т.

**Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар:**

*Филология ғылымдарының кандидаттары:* Алпысбаева Қ.  
(*жауапты шығарушы*), Әуесбаева П.

**Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.**  
Т. 39: Батырлар жыры. — 2006. — 448 бет.

ISBN 9965-35-023-X

«Бабалар сөзі» сериясының 39-томына «Едіге жыр», «Мырза Едіге батыр», «Ер Едіге», «Едіге — Нұран», «Едіге батыр әңгімесі», «Едіге», «Мәулімнияз — Едіге», «Едіге батыр эпосы» атты батырлар жыры енді.

Б  $\frac{4702250205}{00(05) - 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-023-X (т. 39)

© Әдебиет және өнер институты, 2006

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған отыз сегіз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының алты томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.


Оқырман назарына ұсынылып отырған аталған серияның кезекті 39-томы «Едіге батыр» жырына арналды. Бұл томға Қазақ арасына ертеден даңқы жайылған Едіге батыр жайындағы эпостың сегіз нұсқасы енді.

Олар: 1. 1905 жылы Санкт — Петербургтен шыққан Шоқан Уәлихановтың «Едіге жыр» нұсқасы; 2. Ә.Диваевтің «Едіге батыр» (Ташкент, 1922) нұсқасы. 3. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған «Ер Едіге» (Алматы, 1992) аңызы; 4. Мұрын жырау варианты («Едіге»); 5. «Мәулімнияз — Едіге» (Нұртуған нұсқасы); 6. Қоңырат қаласының тұрғыны (Қарақалпақстан) Қылышбайұлы Қартбайдың орындауында жазылып алынған «Едіге батыр эпосы»; 7. Халық ақыны Қалқа Жапарбаев


жырлаған «Едіге — Нұран» нұсқасы; 8. Аякеш Өмірзақовтың айтуынан хатқа түскен «Едіге батыр әңгімесі». Соңғы екі мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, отыз тоғызыншы том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 28 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ







# Едіге жыр

Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен. Сол уақытта бір қызға көзі тиген екен. Көзі тиген сол қыз буаз болған екен. Буаз болған соң, ұғыл тапты. Ол ұғылының атын Баба Түкті Шашты Өзіз қойды. Жиырма бес жасқа келгенде әулиелік қылып жөнелді. Ағұн дариясына барды. Дария жағасында алтын шашын алдына алып, тарап олтырған қызны көрді. Қызға жақын жеткеш, суға шомып кетті. «Мен мұндай Баба Түкті Шашты Өзіз болғаш! Мен де соңыңнан шомайын!» — деп, қыз артынан шомып кетті. Дарияның астында алпмыш ақ отау тұр. Отауға кіріп барды. Ай десе ауызы жоқ, күн десе көзі жоқ, бұлғарыдай бұлқыған балауса жұпар аңқыған, сондай ғажайып қыз тұрған. Қызды көрді де қайта қашты. Қыз етегінен тұтты: — Иә, жігіт, қайда барасың? — деді. — Мен саған сөйлеспеймін, сөйлесем, күнәкар боламын деп барамын. Қыз айтты: — Мен сендейді ізлегенмін. — Жоқ, мені жібер, — мен күнәкәрмын. — Егер мені алмай кетсең, он бестегі күнәм мойныңа сенің. Жігіт ақыл ойлады: «Мен сені алмай кетсем, күнәм жоқ болар деп едім, алмай кетсем, күнәм көп болады екен, алайын,» — деп ой қылды.

Некелеп алды. Қыз айтты: — Менікі болдың ба? — Иә, болдым, жігіт! — деді. — Мен етігімні шешкенде аяғыма қарама, көйлегімді шешкенде қолтығыма қарама, — деді. — Шашымды жуғанда басыма қарама, — деді. Күндерде етігін шешеді, аяғы ешкінің аяғындай, оны жігіт көрді. Бір күн көйлегін шешті, қолтығынан өкпесі көрініп тұр. Жігіт тағы көрді. Қыз көргенін білді. Аспанға ұшып кетті. — Қайран кетқұдайым! — деп қайтып түсті. Тағы күндерде бір күн қыз шашын жуды. Бастерісі алдына алып тарап отыр. Жігіт тағы көрді. Қыз аспанға ұшып жөнелді. Әй, жігіт, — деді, — ішімде алты айлық балаң кетіп барады. Ніл

дариясының басында, Құмкент шәһарының қасында балаңды тастап кетермін, өзің іздеп тауып ал, — деді. Иә, қыз кетті. Баба Түкті Шашты Өзіз баланы іздеп, Ніл дариясын қыдырды. Ніл дариясының басында, Құмкент шаһарының қасында жібек орамалға ораулы баласын тауып алды. «Елсіз, күнсіз туды» деп, атын Едіге қойды да, жауырынына таңды. Тоқтамыс ханның ауыр жұртына алып келді. Ноғайлының жұрты екен. Үш жасына кіргенде қолындан тұтып, молдаға берді. Шашты Өзіз ғайып болды, ұшып кетті, баласының бар парызынан құтылған соң. Ондан соң сегіз жасқаша оқуда тұрды, тоқсан бала бірлән. Сол балалар бірлән күрессе, бәрісін де жықты. Бәрісінің киімдерін алып бір жарға үйіп салды, киімдерінің үстіне шығып олтырып айтты: — Міне, Тоқтамыс ханның тағының үстіне отырдым, — деді. Емді киімдерін қайтарып берді.

Бір күндер болғанда екі кісі келе жатыр еді. Едіге айтты балаларға: — Өздеріңіз сәлем бермеңіз, егер ол сәлем берсе алыңыз, егер «сәлем бермедіңіз» деп бізлерді сөксе, мен жауабын берейін, — деді. Екі кісі келді, балалар сәлем бермеді. Балалар неге сәлем бермедің? — деді. Едіге жауап берді: — Бастан неге сәлем бермедің? — деді. Едігеге айтты екі кісі: — Біз үлкен бе, жоқ сендер үлкен бе? Едіге айтты: — Біз — үлкен. Екі кісі айтты: — Сен нешік бізден үлкен боласың? — деді. — Егер мен тоқсан баланың жасын санап салсам, сонда бізлер үлкен болмаймыз ба? — деді. Екі кісі сөзден жығылды, һәм айтты: — Бағанағы дауымызды осыған салайық. Деділер: — Әй, бала, даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді бізлер дауымызды саған саламыз. Бітіресің бе? — Егер Құдай аузыма салса, бітірермін, — деді. — Мынау — Алшын атасы Көкжалды мерген, мен — Кеңестің Кеңжанбайымын. Еділ һәм Жайық менікі еді. Ондан қашқан қоян да менікі еді. Жайықтың жағасында, Ақкөлдің сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, мылтығыма кеттім атайын деп. Мен мылтығымды алып келгенше, Көкжалды атып алыпты. Соның төресін беріңіз. Көкжалдыдан бала сұрады: — Сен қандай жерден аттың? — деп. Қанша жерден атқан өлшеуін көрсетті. — Егер бір төре берсем, екеуіңіз де көнесіз бе? — деді. Қабыл көрділер баланың төресін. Қоянды алып, бір балаға құшақтатты. Кеңестің Кеңжанбайға айтты: — Балаға тигізбестен, қоянды атқан жерден ат, — деп. — Егер балаға тигізсең, құнын бер, оқ далаға кетсе, қояннан

бейдамақ бол, тигізең, қоян сенің болсын, — деді. — Сенің ол төре қылғаныңа көнбеймін, — деп, — Тоқтамыс ханға барамын, — деп, Кеңжанбай ашуланып кетті. Қайтып келді: — Ұстат балаңға, атамын! — деп. Балаға тигізбестен, қоянның қалаған жерінен тигізді. — Бұрын көрген, қоян сенікі! Көкжалды: — Бұ төреңе көнбеймін, — деп ашуланып кетті. Екеуі Тоқтамыс ханға бардылар. Көкжалды айтты сөзін. Кеңжанбай айтты: — Бір төре болып еді, — деді. Тоқтамыс хан сұрайды: — Қандай төре болып еді? — деп. Баланың берген төресін Кеңжанбай айтты. Сол мезгілде Тоқтамыс хан айтты: — Баланың берген төресі — төре, біздер ондай төрені бере алмаспыз, — деп айтты.

Сол бала Едіге сегіз жасқа келген соң оқудан шықты. Мал табамын деп, біреудің қойын бақты. Төрт кісі келеді, орталарында бір аяғысы ақсақ малды жетелеп. Төртеу айтты: — Мынау көті боқты қойшыға жүгінейік, — деп. Келді төртеуі. Бір ағайынды екен: — Орталарымыздағы бір қара еді. Осы ақсақ мал біздердің еншімізге тиген еді. Басы — үлкен ағамызға тиіп, төрт аяғы — төртеуімізге тиіп еді. Осы ақсақ мал барып, көүірдің егінін басыпты. Төрт аяғының тиген жеріне төрт жүз ділдә сұрайды. — Біздер соған даулы болып келдік. Төресін бересіз бе? Едіге айтты: — Алда аузыма салса берермін, — деді. — Бұ ақсақ аяғы қайсыңызға тиіп еді? Ең кішісі айтты: — Маған тиіп еді, — деп. — Сен бейдамақ бол! — деді. Екі жүзін басын алған ағаң тартсын. Аның үшін көзі көріп, басы сүйреп барды. Екі жүзін екі ағаң тартсын, аның үшін ауру аяғын сау аяғы сүйреп барып бастырған. Үш ағасы: — Бұ төре қылған төреңе көнбеймін, — деп, Тоқтамыс ханға барды. Үшеуі айтты: — Жүгінуге келдік, — деп. Сол уақытта кішісі айтты: — Біз жүгініп едік, — деп. — Жүгінген уақытта қандай төре беріп еді? — деп хан сұрады. Баланың берген төресін айтты. Емді хан айтты: — Соның төресі — төре, мен ондай төре бере алмаймын, — деп.

Тағы бір күнде бір атан түйені жетелеп, екі кісі келе жатып айтты: Мынау көті боқты қойшыға жүгінейік, — деп. Келді. — Иә, қойшы, осы түйеге даулы болып келдік, төре бересің бе? — деп. — Беремін, — деді. Біреуі айтты: — Осы бота күнінде жоғалған, атан екенінде танып тұрмын. Ұрлаған ұрым — осы. Емді біреуіне айтты: — Сен сөйлеші, — деп. — Өз түйемнің ботасы, өз бурамның баласы. Осынаудың маған қылған жаласы! — Сендегі енесі бар ма? — деді бірісіне. Анауға

тағы айтты: — Анасы сенде бар ма? — деп. — Бұ жерде бір арқан керек. Екі інгенді алып кел, төресін берейін, — деп. Сол уақытта атанның тақымына салып бұрады. «Жоғалтып едім» дегеннің інгені үстіне түсе қалды. Бала айтты: — Мұның ұрлатқаны шын, сіздің ұрлағаның шын. Мұның түйесін бер, — деп. Төре тимегені айтты: — Ол төреңе болмаймын, — деп. Тоқтамыс ханға барды. Дауды айтты. Қайсы дүрге төре тигенін айтты: — Сондай бір төре тиіп еді, — деп. — Соның төресі — төре, мен ондай төре бере алмаймын, түйесін бер, — деді.

Тағы да қой бағып жүргенде, екі қатын, екі еркек орталарында бір баласы бар, таласып келді балаға. Айттылар: — Мынау көті боқты қойшыға жүгінейік, — деп. — Жүгінсек, жүгінейік, — деп. Төртеуі бірдей салып келді: — Иә, қойшы, біздер даулы болып келеміз, төре бересің бе? — деп. — Төресін берейін, — деді. Бір еркек пен бір қатын айтты: — Бесікте жоғалтып едім. Жүгіріп жүргенде таныдым. Емді: — Мен он ай көтеріп, омыртқамды бүгілтіп тапқан баламға жала қылады, — деп соңғы екеуі айтты. Мәзкүр төртеуіне айтты: — Төре беремін, көнесіз бе? — деп. — Көнейік, — деді. Екі қолынан екі қатынға ұстатты. **«Жоғалтып едім» деген қатын үндемей тұр, анау қатын:** — Не қылсаңыз да мейлің білсін, — деді. Сол уақытта: — Семсерменен екеуіңізге бөліп беремін, — деп, семсерді көтерген соң **«жоғалтып едім» деген қатын білегінен ұстай алды. Анау қатын үндемеді.** — Өлтірмеңіз, — деді, — менен туған бала болса, өскенде мені табар, — деп айтты. Үндемеген қатынға айтты: — Сен ұрлаған шын екен. Өлтірсе-өлтірсін деп үндемедің, мұның өз баласын қимастан, өлтіруге аяп, білегімнен ұстай алды. Мұның баласын бер, — деп бұйрық қылды. Өзім таптым деген еркек пен қатын: — Бұл төреңе көнбейміз, — деп, Тоқтамыс ханға барды. Төре тимеген қатын бірлән еркек айтты: — Біздер даулы болып, сізге жүгінейік деп келдік. Нақ баланың шешесі айтты: — Бір төре болып еді, — деп. Хан сұрады: — Қандай төре болып еді? — деп. Қойшы баланың берген төресін айтты, сондай төре беріп еді деп. Хан айтты: — Соның төресі — төре, ондай төрені мен бере алман, — деп айтты.

Емді Тоқтамыс хан айтты: — Төрт мәрте төре берген қандай кісі?! Мұнда шақырындар!, — деп. Дәр хал шақырып алып келді ханның алдына. Хан сұрады: — Төрт мәрте төре берген сен бе? — деп сұрады. — Бәлі, мен тақсыр. — Атың кім? — деді. Жауап бер-

ді: — Атым Едіге, — деп. Үстіндегі киімі сондай жаман екен. Хан бұйырды: — Бұ жаман киімдеріңді таста, — деп.

Жауырындары жақталы,  
 Түйме бауы тартпалы,  
 Ал, қара кіс тон берді.  
 — Аны үстіңе ки, — деді,  
 Көкала жорға ат мін, — деді.  
 Көн дабылпаз байлан, — деді,  
 Ұшан теңізді айлан, — деді.  
 Тұтам бауы сом алтын  
 Ақсұңқар құсты бұйыр да,  
 10 Көл айнала шүй, — деді.  
 Қырымнан дау келсе,  
 Ал, Едігем, соны сен бітір, — деді.  
 Қырымнан жау келсе,  
 Ал, Едігем, соны сен қыр, — деді.

Дауды бітірді, жауды қырды. Тоқтамыс хан тыныш болып, жайына тұрды. Жұртын билеп, жұрт билігін алды. Сөйтіп тұрды. Күндерде бір күн Тоқтамыс ханның ханымы айтты: — Осы алып жүрген жалшы балаңыздың аруағы сіздің аруағыңыздан басым екен. Хан айтты: — Әй, тентек, ханым, есігімдегі жалшының аруағы неғып менден артық болсын!, — деді. — А, сіз білмеген екенсіз, «Аллаң жар болсын!» деп кіріп келгенде, өзіңіз селк етесіз. Сескенгеніңізді өзіңіз білмейсіз. Әгерки біздің сөзімізге иланбасаңыз, киіміңіздің етегіңден тебен инеменен түйрейін, селк еткеннің белгісі мәлім болар. Сол уақытта Едіге: «Алла жар болсын!» деп, есіктен еніп келгенде, селк ете түсті. Түйрелген тебен ине ортасындан екі үзіліп, аспанға ұшты. Ханымы айтты: — Енді білдіңіз бе аруағының зорын Едігенің.

Аруағын төмен түсірейік деп, бір аяқ қатық ұйытып, ішіне сиіп, араластырып қойды. Едіге кіріп келіп отырған соң, қатықты ұстатты, қолына берді. Ұңіліп қарап, жанынан пышағын суырып алып, қатықты төрт тіліп, ортасын бұлғатып, көтеріп ішіп салды. Ханым айтты: — Едігем, тәтті ме екен? — Егер де ыдысы ескі болмаса, тәуір екен, — деп, шығып кетті үйден. Ханымға хан айтты: — Ыдысы ескі болмаса, тәуір екен

дегені несі? — Қәрі қатынның сідігі болмаса, тәтті екен деп білгені. Хан ханымнан сұрады: — Пышақпен осып-осып ішкені несі?. — Жұртыңды төрт бөлек қылармын дегені, ортасын бұлғап ішкені, жұртыңды осындай қылып бұлғармын дегені. Хан айтты: — Мұны өлтірейік. Ханым айтты: — Мұны бүйтіп жүргенде өлтіре алмассыз, — деді. Арап-сарап жияйық, алпыс басты ақ орданы шетке тігейік. Ноғайлының ауыр жұрт бар-жоғын жиыңыз. Едігені аяқшыға қойыңыз. «Едігем, кел батырға» деп зорласын, арақ ішіп, мас болып жүргенде өлтірерсіз».

Бұсырларды естіп жүре тұрған Едігенің алты жасар Аңғысын атты досты бар еді. Есіткенін Едігеге айтты: — Кел батырға зорлап аяқ бергенде ішпейінше осы меске құя бер, — деп, серке терісінен қылған бір мес берді. — Мен келген кісілердің аттанар жақ үзеңгі бауын қиып қоярмын. Сол мезгілде, даладан өзіңге бір ауыз сөз айтармын, берік бол.

Арап-сарапты жиды, ақ отауды тікті, ноғайлының ауыр жұрт бар-жоғын жиды, Тоқтамыс алпыс алыпты айдаладан аңдытты. Едігенің бала досты Аңғысын аттанар жақ үзеңгі бауын аяндырып қиып қойды. Едігені үйге кіргізді. Аяқшыға қойды. Серке терісі месті ішінден буындырды. Едігені зорлады, «кел, кел!» салып, әрқайсысы аяқ берді. Ішкенін ішіп, меске құйып жүр. Бойы қызып жүргенде Аңғысын досты үйінің тұсындан келіп қарады, андан соң айтты:

— Табаны жалпақ тарлан боз

Түн қатуға көнсе игі.

Үстіндегі қамқа тон

Төрде олтырған билерге

Қоллық шақпаққа болса игі.

20 Менің атым — Аңғысын,

Мені көп сөйлетіп не қылсын,

Барлағайсың түнеугі сөздің соңғысын.

Едігенің жадына түсіп, өзін атты, бір аяғы босағаға тигенде, бір аяғы тарланның үзеңгісіне тиді. Қарауылға қойған Тоқтамыстың тоғыз ері бір-бірін пышақтады. Тарланға атып мініп, садағын ерден алып жөнеле бергенде, тарланның жамба-

сы жерге бір тиді. Жөнелді. Тоқтамыстың алпыс алып бастары түсіп, бата алмай қалды.

Сол кеткеннен Едіге кетті, Еділ менен Жайық арасындан өтті. «Бір тіл алып кетейін» деп жатты дейді. Ноғайлының ауыр жұрты абдырады, айланды. Айланып кеңес таппады. Сонда Тоқтамыс тоғыз ерін алып келіп, есігінің алдына қойды. Бір-бірлө шақырып, ақыл сұрады. Біреуін үйге енгізіп, Тоқтамыс айтты:

- Есенімде ескімді берсем елемес,  
Еңсеге жыға тисем кектемес.  
Есентай ұлы Құдайберді батырым,  
Сен бір толғашы, — деп еді.  
Еңкейіп үйге кіргештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Тұрды дағы сөйледі.
- 30 Айтып еді бір сөзді,  
Өкіліне түспеді,  
Байыбына бармады.  
Оның бұ сөзін жаратпай,  
Аны «үйден шық!» — деді.  
— Қос-қос пышақ асынған,  
Қосалықтап отау тіктірген,  
Көшкенде байтал тарттырған,  
Салтанатын хан ұлындан арттырған,  
Мүйтендерден шыққан екі бірдей, Қосдәулет,
- 40 Егізіңменен кіріп толғашы! — деп еді.
- Еңкейіп үйге келгештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
«Толғай, толғап сал!» — деді.  
Ол екеуінің сөзін жаратпай,  
Байыбына бармады,  
Өкіліне түспеді,  
— Екеуің де үйден шық! — деді.  
Көшкенде көшін айлаған,  
Жанына өткір семсер байланған,
- 50 Жау қарасын көргенде,  
Жауар күндей торланған,

Кетер құстай сайланған,  
Алладан тілек тілеп зарланған  
Арғындардың басы едің,  
Қарақожа батырым,  
Сен бір кіріп толғашы! — деп еді.

- Еңкейіп үйге кіргештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Ол да толғап салып еді,  
60 Өкіліне түспеді,  
Байыбына бармады,  
Аны да «Үйден шық!» — деді.  
— Қараңғыда жол тапқан,  
Қапия жерде сөз тапқан,  
Жауырының үлкен қақпақтай,  
Айдарың үлкен тоқпақтай,  
Адам тілін алмаған,  
Өз райысы болмаса,  
Асу жерге бармаған,  
70 Қара қыпшақ Қобландым,  
Сен бір кіріп толғашы! — деп еді.  
Еңкейіп үйге кіргештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Ол да толғап салып еді,  
Аның да сөзін жаратпай,  
Байыбына бармады,  
Өкіліне түспеді,  
«Енді үйден шық!» — деді.  
— Қарт қояндай қасқарған,  
80 Қараңғыда сансыз қолды басқарған,  
Күнде сүңгі сындырған,  
Ер көңілін тындырған,  
Сүңгісіне кісі міндірген,  
Алмаған жау қоймаған,  
Ішсе, қанға тоймаған,  
Елге бір аз да, жауға көп,  
Ақбалтыр ұлы Уағым,  
Мәнжүр ұлы Шуағым,  
Егізіңменен кіріп толғашы! — деп еді.



- 90 Егізіменен үйге кіріп келгештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Екісі де толғап салып еді,  
Аның сөзін жаратпай,  
Байыбына бармады,  
Өкіліне түспеді,  
«Екің де үйден шық!» — деді.  
— Садағын қырық нарға тарттырған,  
Салтанатқа үлде менен бұлде арттырған.  
Тойға келсе ерке еді,
- 100 Басыма керек алтайы қызыл бөрік еді.  
Кеңесімнің бұрышы-ды,  
Кең қарнымның құрышы-ды.  
Кеңестің Кеңжанбай-ай дүлдүлім,  
Сен бір кіріп толғашы! — деп еді.  
Еңкейіп үйге кіріп келгештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Ол да толғап салып еді,  
Аның сөзін жаратпай,  
Байыбына бармады,
- 110 Өкіліне түспеді,  
«Сен дағы үйден шық!» — деді.  
Ноғайлының ауыр жұрт  
Абдырады, айланды,  
Айланып кеңес таппады.  
— Аузында отыз тісі босаған,  
Сұм аяқты, сұпа бөрікті,  
Сыпыра сынды сұм жырау  
Жағын жібекпен тарттырып,  
Салтанатқа үлде менен бұлдені арттырып,
- 120 Алып келші бері! — деп еді.  
Сұм аяқты, сұпа бөрікті,  
Сыпыра сынды сұм жырау  
Алып бір жетіп келгештен,  
Еңкейіп үйге кіргештен,  
Қол қусырып тұрғаштан,  
Тұрады дағы толғайды.  
Тұрады да сарнайды,  
Сарнайды да жырлайды.

- Жырласа, сансыз ноғай қорлайды,  
130 Өкіліне түскен жақсылар  
«Бұл не оқиясы болды?» деп,  
Шыдай алмай жылайды.  
Өкіліне түспес жамандар  
«Қартайғанда қазымыз,  
Нені айтып былшылдайды?» деп,  
Жүре бара жатып тыңдайды.  
— Мен қартыңмын, қартыңмын,  
Не көрмеген қартыңмын!  
Бастық та Бастық, Бастық хан,
- 140 Оны көрген қарыңмын.  
Андан соңғы Кедей хан  
Оны көрген қарыңмын.  
Андан соңғы Ала хан,  
Оны көрген қарыңмын.  
Андан соңғы Қара хан,  
Оны көрген қарыңмын.  
Андан соңғы құлағы шұнақ Назар хан,  
Оны көрген қарыңмын.  
Он екі тұтам оқ тартқан
- 150 Онан соңғы ер Шыңғыс,  
Оны да көрген қарыңмын.  
Мұнарасы қырық құлаш,  
Өзден сұлтан Жәнібек,  
Оны көрген қарыңмын.  
Ұлы бабаң Домбауыл,  
Соны көрген қарыңмын.  
Жас та болса Тоғым хан,  
Мен сені көрген қарыңмын!  
Мен жүз сексен беске келгенде,
- 160 Шықпаған жан жүргенде,  
Менен дәурен кеткенде,  
Саған дәурен жеткенде,  
Сонша хандар өткенде,  
Кешегі кеткен  
Еңсесі биік, ерні салпы құбаша ұл,  
Мен сонша жасқа келгелі,  
Сондай ерді көрмеген қарыңмын!

- Артындан келіп сынасам,  
Қаһардан пайда болғандай.
- 170 Алдынан келіп сынасам,  
Лапыдан пайда болғандай.  
Сонау бір жалғыз кетер сол,  
Сәтемір ханға жетер сол.  
Сәтемір хан қол берсе,  
Алда тағалам жол берсе,  
Қырқада біткен қырық адыр  
Қырық басып жүрер-ді боғай құбаша ұғыл.  
Қырық күншілік шөліңе  
Айдынды бұлақ салар-ды боғай құбаша ұғыл.
- 180 Бұт сауырлы күреңше ат  
Бұтқа тартып мінер-ді боғай құбаша ұғыл.  
Екі түгей торыша ат,  
Ылауға жайдақ алар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Алағаншық күндей боп,  
Сенің алды-артыңдан шығар-ды  
боғай құбаша ұғыл.
- Ноғайлының ауыр жұрт,  
Жаяу жатқан қайран жұрт  
Аш күзендей бүгіліп,  
Аш бөрідей шүйіліп,
- 190 Шетіңнен қиқулап,  
Ащы да сүрен салар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Есілдің екі жағы қызыл жар,  
Аспадан суыт салар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Ертістің басы қара дөң,  
Екі арасын қуыр-ды боғай құбаша ұғыл.  
Алтыннан соққан ақ орданың  
Күмістен соққан ақ есік,  
Түсі суық шың болат,  
Ұшыменен ашар-ды құбаша ұғыл.
- 200 Төрге төсек салар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Төс арсынды сұлуыңды  
Аямай төс астына алар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Керегіңді кертер-ді боғай құбаша ұғыл.  
Туырлығың тілер ол,  
Тіліп тоқым қылар ол.

- Тоқсан басты ақ орда  
Тонамай ие болар-ды боғай құбаша ұғыл.  
Торылы жылқы тобышақ  
Топтап жиып алар-ды боғай құбаша ұғыл.
- 210 Қанікейдей көріктіні,  
Тінікейдей тектіні  
Ат көтіне міндіріп,  
Ат иіндігін солдырып,  
Тегіннен-тегін олжа қылар-ды  
боғай құбаша ұғыл.
- Сонау бір жалғыз әлі кеткен жоқ,  
Еділден әрі өткен жоқ,  
Мына бір тоғыз ерді жібер де,  
Алдап-сулап қасыңа ал,  
Қасыңа ал да, басын ал!
- 220 Есен-аман кетсе сол,  
Еділден арман өтсе сол,  
Сәтемір ханға жетсе сол,  
Осы өшін, сірә да,

Сенен алмай қалмас-ты боғай құбаша ұғыл! — деп жағы түсіп өлді.

*Және Тоқтамыс айтты тоғыз ерге:*

- Әй, тоғыз ер, тоғыз ер,  
Сен тоғызың бара көр.  
Алдап-сулап Едігені қасыңа ала көр,  
Алдап-сулап қасыңа ал,  
Қасыңа ал да, басын ал!
- 230 Тоғыз ер кетті зарланып,  
«Бір Алла» деп алданып.

Еділдің бойына барған-ды. Едіге олтыр. «Бір Алла» деп жал-барынып, тоғыз ер жетіп барған соң, Едігенің қасына барып жетпеді. Бір кісіден сол қорқып, сөйлесерге қорықпады. Едіге жалғыз отырып, қасқайып тоғызындан қорықпады. Төртеуі бір-біріне өтілді, «Едігеге сөйлес» деп. Ең соңында Кеңестің Кеңжанбайы сөйледі:

- Әй, Едіге, сен енді қайт-сана,  
Қайтып Еділ өт-сана!  
Еңсесі биік боз орда,  
Еңкейіп сәлем бер-сана!  
Ерні жұқа сары-аяқ  
Хан сарқытын іш-сана!  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы
- 240 Үстіңе ал қара кіс тон береді, ки-сана!  
Көкала жорға ат мініп,  
Көн дабылпаз байланып,  
Ұшан теңізді айланып,  
Тұтам бауы сом алтын  
Ақ сұңқар құс береді,  
Көк айлана шүй-сана!  
Арбаң да арбаң жүгіріп,  
Адымын жерде қуыртып,  
Арғымақ ат береді,
- 250 Салтанатқа іл-сана!  
Құлағын біздей қадаған,  
Кекілін қыздай тараған,  
Жүргенде ізін санаған,  
Бауырынан тарту жараған,  
Қысыр жылан өзекті,  
Қолтырауындай танауды,  
Сапты аяқтай ерінді,  
Сарымсақтай азуды,  
От орындай тұяқты,
- 260 Қиған қамыс құлақты,  
Табаны жалпақ тарлан боз  
Ат береді, мін-сана!  
Саған байтал бөліп береді,  
Байлап қымыз іш-сана!  
Байтақ бөліп береді,  
Падышалық сүр-сана!  
Алғаның Әл-Омар ханның қызы еді,  
Айтулының өзі еді.  
Оймақтың үзілді,
- 270 Сағынды да сарғайды,

- Салқын түспей бар-сана!  
Ібін-сібін екі нақ  
Сыбырласып сөйлесіп,  
Сыңқылдасып күлісіп,  
Жең ұшынан жалғасып,  
Ши түбінде сырласып,  
Не дегенін біл-сана!  
Тоқтамыстай хан иең  
Саған өкпе қылады,  
280 Өкпе пәни сөзіңді  
Арыз қылып, өз аузыңнан айт-сана!  
Кел, Едіге, енді райдан қайт-сана!  
— Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,  
Қайтып Еділ өтпен-ді.  
Еңсегей биік боз орда  
Еңкейіп сәлем бермен-ді,  
Еңсеме емен болат шоқпар тиген-ді.  
Ерні жұқа сары аяқ  
Хан сарқытын ішпен-ді.  
290 Ернім желге бұлғанды,  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы  
Тон берсең де, кимен-ді.  
Иініме ноғайдың  
Жалғыз қотыр ұшығып шыққан-ды  
Көк ала жорға ат мініп,  
Көн дабылпаз байланып,  
Ұшан теңізді айланып,  
Тұтам бауы сом алтын  
300 Ақсұңқар құс берсең де,  
Көл айлана шүйе алман-ды  
Қолымнан құт кеткен-ді.  
Арбаң да арбаң жүгіртіп,  
Адымын жерде қуыртып,  
Арғымақ ат берсең де,  
Салтанат қылып ілсем де,  
Салтанат бізден кеткен-ді.  
Құлағын біздей қадаған,  
Кекілін қыздай тараған,

- 310 Жүргенде ізін санаған,  
Бауырындан тартып жараған,  
Қысыр жылан өзекті,  
Қолтырауындай танаулы,  
Саптыаяқтай ерінді,  
Сарымсақтай азулы,  
От орнындай тұяқты,  
Қиған қамыс құлақты  
Ат берсең де, міне алман,  
Ауымнан құт кеткен-ді.
- 320 Байтал бөліп сен берсең,  
Байлап қымыз іше алман,  
Алда өзіме бермесе.  
Байтақ бөліп сен берсең,  
Падысалық сүре алман,  
Алда, аруақ бермесе.  
Алғаным Әл-Омар қожа ханның қызы еді,  
Сағынбақтан сарғайсын,  
Салқын түспей барман-ды.  
Ібін-сібін екі нақ
- 330 Сыбырласып сөйлесіп,  
Сыңқылдасып күлісіп,  
Ши түбінде сырласып,  
Жең ұшында жалғасып,  
Мен не дегенін білмен-ді,  
Құлағым саңырау болған-ды.  
Сенің тексіз иең Тоқтамыс  
Енді еңкейіп барман-ды.  
Менің өкпе пәни сөзімді  
Көкте оғым аралап айтпаса,
- 340 Сірә, аузымнан айтпан-ды!  
Еркек болып атқа мінген соң,  
Бір жол алып жүрген соң,  
Мен қатын да болып қайтпан-ды!  
Мен салпаң-салпаң жортармын,  
Сары азбанға қосым тартармын.  
Мен ұшайын десем, қанат жоқ,  
Қонайын десем, құйрық жоқ.  
Әй, жалғыздық, қайтермін,

- Сұм жалғыздық қайтермін?!  
350 Жалғыз да болсам кетермін,  
Сәтемір ханға жетермін.  
Сәтемір хан қол берсе,  
Қыдыр Алда жол берсе,  
Тілегімді мол берсе,  
Қырқада біткен қырық адыр  
Қырық басып жүрмесем.  
Қырық күншілік шөліңе  
Айдынды бұлақ салмасам.  
Бұт сауырлы күреңше ат  
360 Бұтқа тартып мінбесем.  
Екі түгей торыша ат  
Ылауға жайдақ ілмесем.  
Алақаншық күндей боп,  
Алды-артыңнан шықпасам.  
Аш күзендей бүгіліп,  
Аш бөрідей шумаңдап,  
Ноғайлының ауыр жұрт,  
Баяу жатқан қайран жұрт,  
Шетіңнен қиқулап, аңы сүрен салмасам.  
370 Есілдің екі жағы қызыл жар,  
Аспадан суыт салмасам.  
Ертістің басы қара дөң,  
Екі айрысына қумасам.  
Алтындап соққан ақ ордаң,  
Күмістен соққан ақ есік,  
Түсі суық шым болат  
Есігіңді ұшыменен ашпасам.  
Төрге төсек салмасам,  
Төс арсынды сұлуыңды  
380 Аямай төс астыма алмасам.  
Керегенді кертпесем,  
Кертіп отын қылмасам.  
Қос туырлығың тілмесем,  
Тіліп тоқым қылмасам.  
Тоқсан басты ақ ордаң  
Тонамай ие болмасам.  
Торылы жылқы тобышақ



- Топтап жиып алмасам,  
Қаныкейдей көріктіні,  
390 Тінікейдей тектіңді  
Ат көтіне міндірмесем.  
Тегіннен-тегін олжа қылмасам,  
Осы өшімді алмасам.  
Дегеніме жетпесем,  
Айтқанымды қылмасам.  
Кешегі мен есіл ерді еңкейтіп,  
Екі тізін жауыртып,  
Кәмар белін ауыртып,  
Ніл дариясының басында, Құмкент қасында  
400 Мені сонда Баба Түкті Шашты Өзіз атам  
Тауып алып, Едіге деп қойған атың өтірік —  
Күнінде Едіге атым құрысын!  
Мен, мен — дүрмін, мен — дүрмін!  
Мен, мен деген, тоба қылған ер дүрмін!  
Дұспаным отын жандырман,  
Өзім демес нәмартқа  
Тоғыздан шаңқан боз ат міндірмен.  
Тоқсансыз жебе салдырман,  
Асылын сұрамай, ас бермен.  
410 Атасын сұрамай, әсте, нөкер ертпен.  
Мен өзім демес нәмарттың  
Еңсесіне бір мініп,  
Иманнан шоқпар төндірмен.  
Мұнан әрі мақтанбан,  
Мен мақтансам,  
Он екі тұтам оқ тартқан  
Мұрнағы өткен ер Шыңғыстың  
өзіменен теңдермін!  
Мен тауға ұялар сұңқармын,  
Тау бөктерлей жортармын.  
420 Торлаусыз өскен құланмын,  
Мезгілсіз жусап, өрермін.  
Божығаннан ащымын,  
Шербет құйсаң тұщымын.  
Буыршыннан қатты жарыспын,  
Бұйдаласаң да еш шөкпен.

- Буырылшыдан асау болыспын,  
Бұғалық салсаң тоқтаман!  
Өзім деген жақсыны  
Өлгенімше боқтаман.
- 430 Шалғынды көл төгерек,  
Сенің маған шалулы сөзің не керек!  
Қоғалы көл төгерек,  
Маған қорлықты сөзің не керек!  
Жекенді көл төгерек,  
Мені алдап, желген сөзің не керек!  
Мен қарағайдан биік біткен терекпін,  
Басымнан дауыл ұрса, теңселмен.  
Мен қарағайға қайнап біткен қара бұтақпын,  
Балталасаң, айырылман.
- 440 Еменге айыру біткен бұтақпын,  
Еңкейтсем, оңдырман.  
Мен қарағайға қарсы біткен бұтақпын,  
Қасаслассам, оңдырман.  
Мен қылтындаған күреңше ат,  
Қыдырауды жыққанмын.  
Жағасы алтын кіреуке  
Жағаласып жыртқанмын.  
Тоқсан баулы ақ көбе  
Тоғысқан жерде кигенмін.
- 450 Садақ толған сай жебе  
Қыдырада төккенмін.  
Мен атанға тартсаң ауырмын,  
Батпанға тартсаң бастырман.  
Таразыға тартса теңдірмен,  
Мен мұнан әрі мақтанбан,  
Мен тисем жілік ұсатқан тыңдарым,  
Қарт Көкшенің өзіменен тең-дүрмін.  
Сен тұра тұршы, тоғыз ер,
- 460 Мен саған туған жерім айтайын,  
Айтайын да қайтайын.  
Мен Баба Омар бабамды батамда көргенмін,  
Баба Түкті Шашты Өзізге  
Арқа беріп жүргенмін.  
Мен Өзірейіл періштеге

- Алты күн арыз еткенмін.  
Жәбірейіл періштеге  
Жеті күн арыз еткенмін.  
Мен Омар менен Оспанға,  
470 Әбубәкір Сыздыққа,  
Әзірет Әлі бабама  
Арқа беріп жүргенмін.  
Мен Мұхаммед атты піріме  
Мекке деген шәріңде  
Барып арыз еткенмін.  
Тәңірәуи Меккені  
Үш айналып күнәйімнен пәк болып,  
Сонда аралап қайтқанмын.  
Менің түсімде аян берді  
480 Ақ шалмалы бір кісі,  
Оқымысты дүр кісі.  
Енді Едігені шәуілжіге қағып,  
Тоқтатамын деген қайсың?  
Тоқтамыстың тоғыз ерсін тоғызда,  
Мен жалғыз да,  
Мәнің болса, кел доңыз.  
Сенің қамшы тиер мойныңа,  
Қан сорғалар қойныңа.  
Шыдамассың менің бір азап  
490 Тарқы қылған ойныма.  
Кеңестің Кеңжанбай,  
Кеңесің кеткен боқ Жанбай,  
Ашпа, көзің тесермін,  
Сөйлеме, тілің кесермін.  
Сенің атаң қара кісі еді,  
Мал бергеннің құлы еді.  
Енең қара кісі еді,  
Ас бергеннің күңі еді.  
Мен салпаң-салпаң жортармын,  
500 Сары азбанға қосым артармын.  
Алда бір жалғыз жаратты,  
Бір шыбынды қаріп жан  
Кім алар деп қорқармын.

Ал, жөнелді де кетті. Тоғыз ер бата алмай қалды. Едіге андан-мұндан құралып, он сегіз кісі болды. Едігенің атқа жүруіне он жеті кісі шыдамады. Ас ішуіне қарыны ашып, шыдамады. Едіге ойлап білді, бұлардың шыдамағанын.

- Әй, он жеті дост,  
 Біздер бөріміз жиылсақ — он сегіз!  
 Мен шаршадым деп талықпа,  
 Сусадым деп қамықпа!  
 Қарным ашты деп налықпа!  
 Тамағың сенің таусылса,  
 510 Тамақ тауып берейін.  
 Киімің сенің жыртылса,  
 Киім де тауып берейін.  
 Атың өлсе, төлейін,  
 Өзің өлсең не дейін.  
 Арық атың көк жасық  
 Сірне қылып жесейік.  
 Жаңбырменен тұнған қызыл қақ,  
 Аны сербет қылып ішейік.  
 Он жеті дост, сен өлсең,  
 520 Жаназаңды шығарып,  
 Баялыштан от жағып,  
 Таза арулап көмейін.  
 Бәрін айтпа, бірін айт,  
 Мен тіріде өлмесің,  
 Он жеті дост, кедейім!

Емді Едіге бір күнде түс көріп, шошып оянады.

- Әй, жеті дост, сүйінші!  
 Түрегеліп киінші.  
 Беліңді қынай буыншы,  
 530 Беті-қолың жуыншы.  
 Мен бүгін бір түс көрдім,  
 Жақсылық түс сол болса,  
 Жақсылыққа жорышы.  
 Жамандық түс сол болса,  
 Осы он сегіз кісіні

- Төгеректеп қорышы.  
Мен бүгінгі күн түсімде  
Алтынды ер ақбозат  
Жалыннан тартып мініппін.
- 540 Ақсұңқар құс болыппын,  
Көкке таман ұшыппын.  
Көкте жүрген періште  
Аларға барып сөйлесіп,  
Андан аса ұшыппын.  
Төбеде жүрген қоңыр қаз  
Көк үстінде іліппін.  
Төр тауына қоныппын,  
Төс етіне тойыппын,  
Ол не болар, он жетім?  
Он жеті дос ұйлықты,
- 550 Ұйлыққанның белгісі  
Бір-біріне сылықты.  
Еш амалды таппады  
Тұрған енді бөрісі.  
Бір ақылды тауыпты  
Бар екен ішінде бір көп жасаған қарт:  
— Алтынды ер ақ боз ат  
Түсіңізде сен мінсең,  
Ат мұратқа жеткенің.  
Көкке таман сен ұшсаң,
- 560 Жұрт алдына шыққаның.  
Көкте жүрген періште  
Аларға барып сөйлессең,  
Ерендер қолтықтап жүргенің.  
Андан асып сен ұшсаң,  
Қызыр сүйеп жүргенің.  
Төбедегі қоңыр қаз  
Көк үстінде алсаң сен,  
Төр тауына қонсаң сен,  
Төс етіне тойсаң сен,
- 570 Кеше сені жұртыңдан қуған Тоқтамыс  
Соны быт-шыт қыларсың,  
Тояттап мейірің қанарсың.

Ал, жүріп кетті. Бір күнде алдынан бір ақ, бір көк шатыр көрінді. Атын он жеті достына беріп, өзі сорға аунап, бір таз көбеген болып, шатырға барды. Көрді. Өзінің іздеп бара жатқан Сәтемір ханның қызын дәудің оғлы Қабантиын алып келе жатыр екен. Айдаған қырық биесі бар, зорлықпенен алып келе жатқан қырық қосшысы бар екен. Бұларды көргеннен соң, Едіге жолдастарына қайтып барды. — Әй, он жеті достым, менің бара жатқан Сәтемір ханның қызын осы алып зорлықпенен алып бара жатыр екен. Емді мен барып алыпқа қосшы болайын. Сіздер осының қонған жеріне қонып, түстенген жеріне түстеніңдер. Мен сіздердің тамақ-азықтарыңды әрбір жұқа бұтаның түбіне жасырып қойып кетермін. Іздеп алып тамақтанып, еріп келіңдер, — деп айтты. Өзі қайтып келіп, алыпқа қосшы болып тұрды, қырық қосшылардан артық көрді. Едіге қырық қосшыға су тасытып алып, айламен далаға қондырды. Жасырын күн сайын бір биені сойып, кейінгі жолдастары үшін жұқа бұтаның түбіне қойып келеді. Аны жолдастары алып, жеп келеді, қонған жеріне қонып, түстенген жеріне түстеніп.

Бір күндерде Едіге қыздан сұрады: — Сен кімнің қызы едің? — деп. — Мен Сәтемір ханның қызы едім, мені осы алып зорлықпенен алып келе жатыр. — Осы алыпты өлтірсем, есен-аман жұртыңа алып барсам, атаң мені жақсы көрер ме еді, а? — деді. Қыз: — Егер мені есен-сау жұртыма алып барсаң, өзінден соңғы патша қылар еді сені, — деді.

— Қашан жұқтайтұғын күнін маған айт, — деді Едіге. Қыз айтты: — Мен саған қашан бауырсақ берсем, білгейсіз? — деп. Бір күні жеті жарым бауырсақ берді. Бұ ойлады: «Жеті күн өтіп, түс жарымда жұқтайтын екен». Жеті күн өткен соң, бір бауырсақтың жарымын берді. Қызға Едіге: — Мен жолдастарыма барып, бір оғымды кезеп, бір оғымды тістеп келермін, сен төсін аша бергейсің, мен бір атайын сонда, — деді. Үйден шығып бара жатып, алыптың оқ-жайын көрді. Қолына алып тартып қарады. «Бекер қорқып жүр екенмін, күші өзімдей екен, артық емес», — деп, желіп жүре берді. Қырық қосшыны суға жіберген екен, он жеті жолдастарына келсе, семіріп қалғандар екен, таптап кеткен атын алып жеп. Жолдастарына айтты: — Алдадан тілеп тұрыңдар, бүгін ойын болады, — деп. Бір оғын кезеп, бір оғын тістеп жұқтап жатқан алыпқа жақын келіп, қызға: — Төсін аша бер! — деді. Қарға жүнді, қозы жауырын, масақты

оғыменен тартып өте шыққанда, бөксесі жатып қалып, кеудесіменен сермегенде тарланның құйрығы қолына түсті, тартып еді, жата қалды. — Бал аштырғанда балгерлер айтушы еді, өзіңдей перінің қызынан туған Едігеден ажалың болар деуші еді, қалтақ Едіге сен болдың ба? — деп жаны шықты.

Суға жіберген қырық қосшыға жетіп барып айтты: — Не қып жатырсыңдар? — Алыбың бөрімізді қырамын деп жатыр! — деп. Баршалары жыладылар:

— Жалғызға жасақ болған,  
Жаяуға таяқ болған  
Едігені қайдан алып келерсің?  
Қарны ашқанға тамақ болған,  
Аты жоққа ат болған, ол қайдан келер?!

— деп жылады. — Едіге келсе, алыпты өлтірсе, не берер едіңдер Едігеге? — Егер Едіге келсе, алыпты өлтірсе, біздер әркімнің жалғызы едік, біздерге ерік берсе, біздер жол батасын берер едік. — Едіге ер — мен, алыпты өлтіріп келдім, — деді. — Біздер әркімнің жалғыз баласы едік. Біздер сізге жол батасын берейік, ерік батасын беріңіз. Барып ата-анамызды қуантайық, — деділер. Андан соң: — Барыңдар, Сәтемір ханға дұғай сәлем деңіздер. Алыпты өлтіріп, қызыңды Едіге есен-аман алып келе жатыр деп айтыңдар! Баршалары бата берділер: — Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын! — деп жолдарына кеттілер.

Сол қырық ердің батасы тиіп, Едіге ер болды. Қырық ер Сәтемір ханға барып айттылар: — Едіге ер деген бір ер шығып, алыпты өлтіріп, қызыңды алып келе жатыр, — деп. Сәтемір хан үш сан қол жіберді, «күнге, желге тигізбей Едігені алып келіндер» деп. Үш сан қол күндік, түстік жерге келгенде: — Жалғыз атты кедейді қайдан тауып аламыз, іздеткен хан тентек пе, іздеген біз тентек пе? — деп қайттылар.

Едіге қайтқандарын біліп, ашу қылды: — Қашан болса да сіздерді қырмасам ба! — деп. Енді ел шетіне барып кірді. Хан алдынан кісілер жіберіп, өз ордасының қасына түсірді. Төбел бие сойды. Төрт қырлап ошақ қазды. Сәтемірдің сансыз қол бар-жоғын жиды. Үлкен бір той қылды. Арап пенен сарапқа жұрты жаман тойды. Ақ некесін қиды, қызды қойнына салды.

Қыз айтты: — Мені алдың ба? — деді. — Алдым сені! — деді. — Сол байталға айғыр шапқан күн алыппенен ойнап едім, биенікі су болса, менікі де су, — деді. Биені сойып қарадылар. Сурет болмай, су болып тұр екен. — Өзімдікі жеңер, — деді. Қойды. Қыз буаз болып, айына жетіп, күніне біткен соң, бір оғыл туды.

- Қара кіске бөлетті,  
 Қара кіс батар деп,  
 580 Бала кіске бөлетті.  
 Алтыннан шүмек ойдыртты,  
 Күмістен түбек қойдыртты.  
 Хан қасында туды деп,  
 Атын хан Нұралын қойдыртты.  
 Беліне садақ будыртты,  
 Көкірегі жаулы өссін деп,  
 Қашқан бір жауды қудыртты.  
 Хан Нұралын туғанда,  
 Сәтемірдің сансыз қол  
 590 Бары-жоғын жидыртты,  
 Төбел бие сойдыртты.  
 — Жалғызыма алғыс тисін, — деп,  
 Арап пенен сарапқа  
 Сонда бір жұртты тойдыртты.  
 Үлкен бір той қылдыртты,  
 Көңілін сондай тындыртты.

Нұралын он екі жасқа келгенде, асық атып ойнады. Торғай атып күн көрген, жаман шалдың жіліншігін атқан асығы үздіртті. Шал айтты: — Жүгірмек, менің жіліншігіме әлің жеткенше, жұрттан қуып шығарған Тоқтамыс ханнан барып, кегінді алсаңшы, — деді. Нұралын ашуланып үйіне келді: — Иә, ата, — деді, — сіздің бойыңызда бұрыннан қалған ескі кек бар екен! Атасы Едіге ұмытқан, жадына түсті. Сәтемір ханға білдірді. Үш сан қол берді. Аттанды қолменен. Бұрынғы ішкен анты бар.

- Қырқада қырқа қырық адыр  
 Қырық басып жортыпты.  
 600 Қырық күншілік шөлге



Айдынды бұлақ салыпты.  
 Бұт сауырлы күреңше ат  
 Бұтқа тартып мініпті.  
 Екі түгей торыша ат  
 Ылауға жайдақ алыпты.

Алдына жай төгіп, жалтыр-жалтыр судан ішіп барады. Жарандар сұрайды: — Бұл қандай қуы жоқ, құтаны жоқ, жекені жоқ, борығы жоқ, неткен көлдер? — деп. — Бұ — қоғалы көл, қорлы көл, жекені жоқ, борығы жоқ, сорлы көлдер деген — осы көл. Едігенің атқа жүруіне шыдамай, бір саны қайтып кетті, көрген судан су ішермін деп. Су құрып қалыпты, бір сан қырылды. Қалған екі сан қол осындай болып қырылды. Аталы-балалы екеуі кетті. Алдында бір қара тау көрінді. Тауға келді. Едіге Нұралынға айтты: — Бұл тау — Тоқтамыс ханның қарауыл қарайтұғын тауы. Күндік, түстік жерде, — деді, — Тоқтамыстың қарға бұтты қара кемпірі осы қара таудың басына торғай қонса да көретұрған. Берік болып шық, — деді. Нұралын шыға келді. Қарға бұтты қара кемпір қарап отыр екен. Көрді. Кісі екенін, қара құс екенін айыра алмады. Кемпір жұртына кісі шаптырды: «Тауға бір қара шықты, құс екенін, адам екенін айыра алмай тұрмын, жұрт берік болсын», — деп. Нұралын атасына айтты: — Бір қара жәмші алып кел, бір амал қылайын, — деп, — ол кемпір не екенін айырмады. Қара жәмшіні алып келіп, екі шетінен ұстап, құстың қанатынан қылып жайды, бір уыс топырақты шашып, таудан асып түсті. Кемпір жұртына кісі жіберді: «Бейбіт болсын, қара құс екен, ұшып кетті», — деп. Жұрт бейбіт болып жатқанда, аталы-балалы екеуі ел шетіне кірділер. Ел қорқып бүлді. Тоқтамыс ханға хабар етті: «Едіге екеулеп келді», — деп. Хан айтты: — Әй, жұртым! Қойыңызды сойыңыздар, қол қусырып алдына барыңыздар. Сізге тимес, менің үшін бұлмеңдер, — деді. Қойын сойып, қол қусырып бардылар. Қабыл алды. Тоқтамыс хан жұртынан айырылғанда жырлағаны:

— Едігем менің ер еді,  
 Едігемнің мінгені  
 Ауызы ақтан кер еді.  
 610 Едігемнің асу ісі сол еді,  
 Өзінен бір жас үлкенді

«Өзіз ағам, сіз біліңіз» дер еді.  
 Өзінен бір жас кіші тұрса,  
 «Үкем, сен тұра тұр,  
 Мен сөйлейін» дер еді.  
 Едігемнің ескіден кегі бар еді,  
 Кете алмай-ақ жүр еді.  
 Көре алмасы көп болды,  
 Көтермесі жоқ болды,

620 Мен сөйтіп айырылғанмын Едігемнен, — деді.

«Сыпыра жыраудың айтқаны келді», — деп жұртынан жылағаны. Сыпыра жыраудың бастап айтқан жырды айтып, тоқпақ жалды торышаны алдырды. Тоғыз көзді кіреукені киді. Жеті кетпеннен ағыса атады екен, тоғыз көзді кіреукесінен өтпейді екен. Қарағай найзасын таянып, тоқпақ жалды торы ат мініп, жұртын жиып айтқан сөзі:

— Жігіттер, шоралар!  
 Орманбет би өлгенде,  
 Он сан ноғай өнгенде,  
 Саназар батыр жаудан  
 Жаралы барып келгенде,  
 Алаш та алаш болғанда,  
 Алашадан хан болғанда,  
 Аязды күндер аршынданып,  
 Арасат оты жанғанда,  
 630 Бура мұздан тайғанда,  
 Буыршын бас көтеріп тұрғанда,  
 Ханнан қайрат кеткенде,  
 Биге медет енгенде,  
 Хан қашып, би қуғанда,  
 Хан Тоқтамыс қарланып,  
 Байтағым деп зарланып,  
 Айтып жылай жөнелді:  
 — Әй, байтағым, байтағым,  
 Бастатып сені алдырттым,  
 640 Ал, аман бол, менен соң!  
 Байтағымның ішінде  
 Он сан менің ноғайым,

- Сені тағы алдырттым.  
Он сан ноғай ішінде  
Үш жүз алпыс отау қазағым,  
Сені тағы алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!  
Оң жақта он бес шорам арта алмас,  
Он екі саһар атан тарта алмас.
- 650 Бір Көкшеннен өзге нар тарта алмас,  
Байдалы туым, басты ордам,  
Бастата сені алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!  
Өзенде өзен, өзен су,  
Өзектеп ордам қонған жұрт.  
Өзектеп соққан сом темір,  
Есігіме шынжыр болған жұрт.  
Жағасынан балапан торғай ұша алмас,  
Бастұрдан басып қонса, жарып келмес.
- 660 Балығы жылқы жусатпас,  
Бақасы кісі ұйықтатпас.  
Маралы бар киіктей,  
Балдырғаны балықтай.  
Алмасы бар жүректей,  
Еділ менен Жайығым,  
Сені тағы алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!  
Орманбет би өлген жұрт,  
Он сан ноғай өнген жұрт.
- 670 Саназар батыр жаудан жаралы келген жұрт,  
Бие сауған сүтті жұрт.  
Қымыз ішкен құтты жұрт,  
Атам күйеу болған жұрт.  
Еңкейіп төжім еткен жұрт,  
Анам келін болған жұрт.  
Иіліп сәлем еткен жұрт,  
Көрікті туғай сұлуым.  
Алғаным келін болған жұрт,  
Ақ бүріншік салған жұрт.
- 680 Ақ иіндігін жаққан жұрт,  
Қызыл маржан таққан жұрт.

- Ақбоз атқа мінген жұрт,  
Жаңғыз да қарғам Қадірберді,  
Қадірберді сұлтан туған жұрт.  
Қапылы қамқа жыртқан жұрт,  
Он сан ноғай жиған жұрт.  
Үлкен бір той болған жұрт,  
Жалғызыма алғыс тисін деп,  
Қаріп пенен қасерім,  
690 Арап пенен сарапқа  
Сонда жаман тойған жұрт.  
Жабағылы нар тайлақ  
Жардай атан болған жұрт.  
Адасып қалған бір тоқты  
Жайылып, мың қой болған жұрт  
Ал, аман бол, менен соң!  
Жапырағын жайқалтқан,  
Жардай атан семірткен,  
Жарымды байға теңгелткен.  
700 Суы менен жары тең,  
Құлыны менен тайы тең,  
Өзені менен сайы тең.  
Үш алпаты үлкен су,  
Сені тағы алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!  
Мен алыстағыны көре алман,  
Жуықтағыға жете алман.  
Жаяулық басқа түскен соң,  
Алдымда қаба қатер жерден соң!  
710 Сап-сап жүре, сап жүре,  
Сай азамат қосылып,  
Жау жайқай да ала алман.  
Қарақыпшақ Қобландым,  
Сен секілді ерден соң,  
Олтырушы едік жайласып.  
Көкорайға бие байласып,  
Құлын-тайдай ойнасып.  
Аяласып, олтырып,  
Асылдан саба толтырып.  
720 Тең құрдасқа қосылып,

Өтіліп қымыз іше алман,  
 Ноғайлының ауыр жұрт,  
 Сен секілді елден соң!  
 Менің маңдайым күнге күймедім,  
 Табаным жерге тимедім.  
 Басқа зорлық түскен соң,  
 Жалғыз да қарғам Қадірберді,  
 Маңдайынан иіскеп сүймедім!  
 Мен бұл барғандан барармын,  
 730 Телі-көлге барармын.  
 Телі-көлде қорықсам мен,  
 Көкүлдінің көлінде  
 Баса барып жатармын.  
 Тілеуімді тілеп тұрғайсың,  
 Алдам иер ес болса,  
 Он үш жыл айланғанда,  
 Қайтып келермін, —

деп жолаушылап кетті.

Сусады бара жатып. Бір кемпірден бір аяқ сұрап ішті. Бара жатып алқынды. Тоғыз көзді кіреукені шешіп алып бөктерді. Қанжығасындан босанып, түсіп қалды. Со барғаннан Телі көлге барды. Андан қорқып, Көкүлдінің көлін басып барып жатты. Андан соң Едіге қызының біреуін алды, енді біреуін баласы Нұралыға бермек болып қойды. Аның үшін Тоқтамыс ханды іздемек болды. — Әй, балам, маған қырық ерден бата тигенді, іздесең табарсың, — деді, — Тауып, Тоқтамыстың басын аларсың, — деді. Кеңестің Кеңжанбайы қай жағыңнан жолығар екен? — деді. Саған бір жағыңнан жолығар, — деді. Егер жан үшін жалынып сөз айтса, басын ал, өзіңменен қарсыласып сөз айтса, бір ерді тимегейсің. — Бұл қызды сақтап қой, — деп, Нұралын жөнелді. Хан Тоқтамыс ас сұрап ішкен кемпірден, Нұралын да ас сұрап ішіп, бара жатып, тоғыз көзді кіреукені тауып алып, үстіне киіп алып, іздеп келді.

Көкүлдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды. Көкорай жапырылады. Су толықсиды. Қызғыш тептеп шығады. Соның бөрісінен қорықты. Зарланып жылады:

- Сен бекер тұрып тықырамашы, торыша ат,  
 Мен күн-түн қатсам тұрарсың.
- 740 Бекер тұрып дүрсілдеме, сұм жүрек,  
 Едіге де екеу, мен жалғыз.  
 Сайысқан жерде тынарсың,  
 Солқылдама, ақ найза,  
 Сайысқан жерде сынарсың.  
 Бекер тұрып жапырылма, көкорай,  
 Бұ қатерден жан қалса,  
 Ноғайлының ауыр жұрт,  
 Басшы болып мен келсем.
- 750 Байларым үстінден баса бір айдап жайғанда  
 Қу шөп болып соларсың.  
 Толықсыма, тұнық су,  
 Байларым жылқыны баса айдап, бір суарса,  
 Сонда құрдым бір батпақ боларсың.  
 Қиқулама, қызғыш құс,  
 Даусың зарлы байғұс құс,  
 Қанатың қушық, мойның бос сенің.  
 Баттауық толған жылқым жоқ,  
 Тор толған жұмыртқан,  
 Етектеп алар ұлым жоқ.
- 760 Мен елімден айырылдым,  
 Сен көліңден айырылсаң,  
 Сен де мендей боларсың!  
 Бұл қатерден жан қалса,  
 Алдам иер ес болса,  
 Жұртыма басшы болып мен келсем,  
 Менің мініскерлерім үстінден  
 Қара лашынды басып салса,  
 Сонда бір қорқып жымарсың!

Қызғыштың тиіп шығып тұрған жеріне Нұралын жетіп келсе, хан орындан түрегелді. Бір-біріне сәлем беріп, Нұралын айтты ханға: — Ат! — деп. — Жоқ, сен ат, — деді. Хан үш мәрте атты. Өзінің жоғалтқан тоғыз көзді кіреукесінден өтпеді. — Өз құраныма жолықтым, — деп, басын сұна берді. Нұралын басын кесіп алып, қанжығасына байлап, желіп жүре берді. Көрініп тұрған бір бәйтерекке түстөнерге жетіп барды. Терек саясын-

да бір адам қара арғымақты кесе қаңтарып, ұйықтап жатыр. Өлтіруге ойлады. «Ұйықтағанды өлтірген қатын ісі», — деп ояты. Адам сарнай түрегелді де айтты:

- 770 — Әй Нұралын, Нұралын,  
Еш бермесін мұрадың.  
Тоғыз көзді кіреукем,  
Аны неттің Нұралын?  
Сауырғы бие сүті еді,  
Байсалды жұртқа құт еді.  
Тоқтамыстай хан ием,  
Аны неттің Нұралын?  
Және Нұралын айтты:  
— Тоқпақ жалды торыны
- 780 Тонаған жерде мінгенмін.  
Тоғыз көзді кіреукең  
Өлтірген жерде кигенмін.  
Сауырғы бие сүт болса,  
Байсалды жұртқа құт болса,  
Телі көлде ізін шығарып алғанмын.  
Көкүлдінің көлінде  
Баса барып жеткенмін,  
Теңкейтіп басын алғанмын!  
— Әй Нұралын, Нұралын,
- 790 Еш бермесін мұрадың!  
Төбеге шыққан төртеуге  
Төре берер күндер тумай ма?  
Арқада тұрған алтауға  
Аға болар күндер тумай ма?  
Арқада тұрған ала тау  
Ер артылар күндер тумай ма?  
Төбедегі төрт жұлдыз  
Таң атар күндер тумай ма?  
Төбел торы ат құйрығы
- 800 Төрт шалуға келмей ме?  
Қалған-құтқан ел болып,  
Қадірберді сұлтан хан болып,  
Бұрынғыдай ел болып,  
Ту желкілдеп шықпай ма?

Бізге туған осы күн  
 Саған дағы бір туып,  
 Шүйделі балта қолға алып,  
 Шүйдесіне бір мініп,  
 Сенің түмөншік көзді бабаңның  
 810 Төпелер күндер туар ма?.

Атасы Нұралынға айтқан: «Қарсы сөз айтса, өлтірме ерді,» — деп.

Тоқтамыс ханның баласы Қадырберді сұлтан жүз кісімен қашып кеткен ерді. Нұралын кеткеш Кеңжанбай жасырынып, атасы менен Нұралынды шағыстырайын деп, Едігеге жетіп барды. Айтты: — Бір қызын қуантып, бір қызды қуартып қойғаның не? — деді. — Бұ дәуір сүргенде екеуін де өзің алсаңшы, баланың ырысы өзінде, — деді. Жанбайдың шағыстырғанын білмейінше екі қызды өзі алды. Үлде менен бұлдеге малды. Екі қолын екі қыздың үстіне салды. Заманда Нұралын кіріп келді. Ерні кезеріп, көзі бозарып, екі қыздың үстіне қолын салып олтырған атасын көрді. Сол заман ашуы келіп атасына «А!» деген еді, атасының көзі шықты. «Мә!» дегенде қолы сынды. Едіге енді зарланып жылады:

— Әй, тумағыр, тумағыр,  
 Сені қайдан тудырдым?  
 Сен туғанда, Нұралын,  
 Төбел бие сойдырдым,  
 Төрт қырлап ошақ қазырдым.  
 Сәтемірдің сансыз қол  
 Бары-жоғын жидырдым.  
 Жалғызыма алғыс тисін деп,  
 Қаріп пенен қас ерді  
 Арап пенен сарапқа  
 820 Сонда жаман тойдырдым.  
 Сен туғанда, Нұралын,  
 Қара кіске бөлеттім.  
 Ал қара кіс батад деп,  
 Бала кіске бөлеттім.  
 Алтыннан шүмек ойдырттым,  
 Күмістен түбек қойдырттым.



- Хан қасында туды деп,  
Атыңды хан Нұралын қойдырттым.  
Беліңе садақ будыртытым,  
830 Көкірек жаулы өссін деп,  
Қашқан жауды қудырттым.  
Қарға қонбас қара ағаш  
Қаз қондырдың, Нұралын,  
Құзғын қонбас қу ағаш  
Қу қондырдың, Нұралын,  
Қу қанатын сал етіп,  
Еділден көктей өттің, Нұралын!  
Сен қара суға қан құйдың,  
Суды қайдан ұрттарсың?  
840 Қара арғымақ қатырдың,  
Атты қайдан мінерсің?  
Қара лашын қашырдың,  
Құсты қайдан шүйерсің?  
Жан дегенде жалғыз атаң мен едім,  
Менің алғаштан көзім шығардың.  
Бергештен қолым сындырдың,  
Қайда бір қайда барсаң тынарсың?

*Нұралын айтты:*

- Мен қарға қонбас қара ағаш  
Қаз қондырдым жұрт үшін.  
850 Құзғын қонбас қу ағаш  
Қу қондырдым жұрт үшін.  
Қу қанатын сал етіп,  
Еділден көктей өттім жұрт үшін.  
Қара суға қан құйсам,  
Суды сербет ұрттармын.  
Қара арғымақ қатырсам,  
Атта тұлпар мінермін.  
Қара лашын қашырсам,  
Құста сұңқар шүйермін.  
860 Қаудан жерге өрт қойсам,  
Шүйгін шөпте оттармын.  
Жан дегенде жалғыз әкем сен болсаң,

Сенің алғаштан көзің шығарсам,  
 Бергеште қолың сындырсам,  
 Тәңірім үйі Меккені  
 Үш айналсам тынармын.

— деп, жұртты екі бөліп алып кетті. Судың екі жағында еке-  
 үі жатты. Едіге жалғыз баласын сағынып сарнап айтқаны:

— Терлігім алтын болмады,  
 Теңім мінер болмады.  
 870 Хан жиені, би ұлы  
 Нұралын хан болмады.  
 Хан болғанның несі артық?  
 Өзімізден соңғыға  
 Үлгіден үлгі бола қалмады.  
 Алыстан қара көрінсе,  
 Айланысқан, мырза ұлым.  
 Жуықтан қара көрінсе,  
 Толғанысқан мырза ұлым.  
 Жеті кісі біріксе,  
 880 Жер жаңғылмас, мырза ұлым.  
 Жеті дария қосылып, тасқанда,  
 Жел қайықтай омырауын  
 Желге беріп өткен, мырза ұлым.  
 Борай да борай қар жауса,  
 Боз кіріскен, мырза ұлым.  
 Борасындап оқ келсе,  
 Болаттан қалқа болған, мырза ұлым.

Нұралынның қатыны баласының құйрығына болат бізді  
 сұғып алып жылатты. Нұралынның ашуы келді баласының  
 жылағанына. Сол уақытта қатынның айтқаны: — Қара кіске  
 оратқан, алтыннан шүмек қойдырған, әлпестеп өстірген атаңа  
 не көрсеттің? Бұ да бізге не көрсетер, — деп шешесі айтты.  
 Нұралын өзін бір кісіге қамшылатып, һәм жетелетіп, атасы  
 Едігенің алдына барып, татуластылар.

Қалған-құтқан ел болып,  
 890 Қадірберді сұлтан хан болып,

- Қулықтан бір туған құлаша  
Құлын да емді, тайда емді.  
Құнанында арда емді,  
Дөненінде үйретті,  
Бестіде жібек арқан сүйретті.  
Алтысында адуын ат болды,  
Жетісінде желкілдетіп толды.  
Сегізінде серіппей құлан атты,  
Тоғыз жаста толысты.
- 900 Он жасына жеткенде сұр құндыздай оңғысты,  
Он бір жасқа келгенде, оқ жыландай қарғысты.  
Қадірберді сұлтан садағын сала байланды,  
«Жұртқа құрбан боламын» деп,  
Жұртын үш мәрте айланды.  
Ақылын ішіне сақтап кізінейді,  
Құлашаға мініп ап, жұртқа сырын айтпайды.
- 908 Едігені іздейді.

Тал түсте ел шетіне келіп кірді. — Едігенің ордасы қайсы? — деп сұрады. Бір адам Едігенің үйін «Анау», — деп көрсетті. Құлашамен желіп келіп түсті. Үйге еніп кіріп, төрде жатқан Елігенің кеудесіне мінді. — Кімсің кеудеме мінген? — деп сұрады. — Төбедегі төрт жұлдыз таң ату күнде, төбел торы ат құйрығы төрт шалуға келді. Қалған-құтқан ел болып, Қадірберді сұлтан хан болып, әуелгідей біздің жұрт туы желкілдетіп шықты. Шүйделі балта қолға алып, төрде олтырған төбеншік көзді Едігенің шүйдіне бір мініп, бізге туған осы күн саған дағы бір туып, шүйдеге төпелер күндер туды. Кеудесіне мінді де, үш секіріп: — Ер болсаң өлерсің, жаман болсаң жүрерсің, — деп шығып кетті. Мұндан соң аталы-балалы екеуі құсаменен өлді. Қадірберді сұлтан қайтып келіп, жұртына төре болды, өмірін кешіріп қалды.

# Мырза Едіге Батыр<sup>1</sup>

Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті, кемеңгер, керемет әулие адам екен<sup>1</sup>. Өзінің һешбір перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе іші күйіп: «Менде де осындай перзент болса, арманым болмас еді-ау!» деп жүреді екен.

Күндердің күнінде жер жүзіндегі әулие, әнбиелерден түк қалдырмай әуел Құдайдан, екінші Пайғамбарлардан жәрдем, медет сұрап ұйықтап қалса, бір түс көреді. Түсінде: «Әй, балам, тұр, жатпа, Қыбыла жаққа қарап жүре бер», — деген әуез естіледі.

---

\* Гижрәттің 790-шы жылғы Тоқтамыс Ханның яғайлыға жіберген бұйрығында Едігенің аты туралы мынаны ескертеді: (қара, Россия археология қауымы, күншығыс бөлімінің. III-том. 1888 жыл, I һәм II шығуы; В. Радловтың «Тоқтамыс һәм Темір қотлиға» деген мақаласының бірінші беттерінде: см. «Запис. Вост. Отд. Им. Русск. Археолог. Общ.», т. III выпуск I, ч. II, 1888 г. Статья В. Радлова: «Ярлыки Тактамыша и Темир Кутлуга». Стр. 6 и 10). Тоқтамыс ханның уақытында Едігенің яки Едіге биді тіпті жас күнінде, айдалада ақ шүберекке ораулы жатқан жерінен баласы жоқ, Қартамыс дуана деген біреу тауып алады. Қартамыс тауып алғаннан кейін баланы қойнына салып, бұлай жүруі қолайсыз болғаннан кейін етігінің қонышына салып, үйіне әкеледі. Қоңсыларына бала тауып алдым деп хабар береді де, атын не қоямыз деп кеңеседі. Қоңсылары: «Қалайша тауып алдың, қайтып әкелдің» деп сұраса, Қартамыс айтады: «Етігімнің қонышына салып әкелдім», - деп, қоңсылары: «Олай етігіннің қонышына салып әкелсең, мұның аты етікке ұқсас «Едіге» болсын», - дейді. Ақыр соңында Едіге атанып, әлгі балаға етік деген сөзден алынып «Едіге» деп ат қойылады.

Ал кейіннен біреулердің айтуынша бұлай: бір күні Тоқтамыс хан намаз оқын деп, мешітке келе жатыр екен, жолда етіктің ішінде жатқан баланы көріп, тауып алады. Сол сөзепті етіктен алынып Едіге қойылыпты деп В.В. Радлов кітабында айтады.

(Қара: Оңтүстік Сібір менен Жоңғар даласында отырған түрік руларының халық әдебиет түрлері деген кітабының 1882 жылғы I-бөліміндегі 6-һәм 7-беттерінде. См. кн. В.В. Радлов: Образ. Народ. литер. Тюркских племен, живущ. в южной Сибири и Джонгарской степи. I, стр. 26 и 27, изд. 1887 год.)

Түс көргеннен кейін-ақ, тоқтаусыз мал-жанды тастап: — Бір Құдай, өзің онда — дейді де, кете береді. Неше күн, неше түн, бірнеше ай, бірнеше жылдар жол жүріп, нешбір адам көрмеген, көзінен қайнап, су атып жатқан, үлкен бір бұлаққа келеді. Бұлақтан су ішіп, тынығып жатайын деп жатса, аспанмен ұшып үш аққу келеді. Қонайын деп қалықтап ұшып жүреді де, — Адамзаттың исі, лебізі білінеді, — деп, қонбастан қайта ұшып кетеді.

Бай ойланды: «Бұл ұшып жүргендер әлде перінің қыздары шығар, не де болса мұның мәнісін білейін», — деп, қолымен жер қазып, ішіне кіреді де, сыртынан шөп жауып, жасырынып жатады. Біраздан кейін, әлгі үш аққу қайта ұшып келеді де қонады. Үстеріндегі аққу кебіндерін сол жерге тастап, үшеуі суға шомыла береді. Олар шомылып жатқанда, бұл тұрып, үшеуінің де құс кебіндерін ұрлап алады. Онан кейін қыздар бейшара болып, неш жаққа қаша алмай, әлгінің қасына келеді де: — Әй, мырза, біздің құс кебіндерімізді беріп, қоя беріңіз, — дейді. Ол көнбейді. Ақырында не қыларын білмей: — Егер жібермесеңіз, үшеуіміздің бірімізді таңдап алып қал да, екеуімізді қоя беріңіз, — дейді.

Бай үшеуінің ең кенжесі Кенжекей сұлуды таңдап алып, екеуін құс кебінімен қоя береді. Сонда екеуі тұрып: — Кенжекей сұлуды алдыңыз, бірақ оның жайынан сізге мәлім қылып, білдіріп өтетін біраз сөз бар: — Бұл Кенжекей сұлу енді сіздің қатыныңыз болды, сіз бұл қатыныңыздың басына, аяғына һәм өкпесіне көз салып қарамаңыз, — дейді де екеуі ұшып кетеді.

Кенжекей сұлумен әлгі бай екеуі кәдімгідей ерлі-зайыпты болып, ауқат шегіп, бірнеше күндер жүреді. Сол уақытқа шейін бай Кенжекей сұлудың басына, аяғына һәм өкпесіне қарамайды.

Күндердің күнінде баяғы екі қыздың айтқандары есіне түсіп барып: Осы маған не себепті «қарама», — деді олар, — дейді де Кенжекей сұлудың басына қарайды. Қараса, миы көрініп тұр екен. Аяғына қарайды, аяғының ізі құстың ізіндей болып көрініп тұр. Өкпесіне қараса, өкпесі ашылып тұрады. Бай бұларды көргеннен кейін көңілі бұзылып шошынады. «Бұл өзі пері ме, жын ба? Қандай адам?» деп қорқады. Сонан кейін барып, қатынға жауап береді. Және айтады: — Мен сіздей адамның жолдасы емеспін, бар кете бер, өзің шайтансың ба? Албастысың ба? Қандай жансың? — деп, Кенжекей сұлуға рұқсат береді.

Қыз құс кебінін киіп, ұшып бара жатып байға: — Әй, байбатша, менің ішімде тоғыз айлық бір еркек балаңыз бар, ол бізге аманат, сол аманат балаңызды тоғыз жолдың тоғысқан жерінен тауып аларсыз. Мен пері қызы перизат едім. Сіздің маңдайыңызға сыймаған екенмін, — деп бір айтып, ұшат та кетеді.

Мұны естігеннен кейін бай өкініп, бармағын тістей-тістей әбден пұшайман болды. Көңілі қамығып, қайғыға толып, артынан о да бірге жүреді, бірақ Кенжекей сұлу қайрылмайды.

Бай шыдамсыздықпен тоғыз ай қуып жүріп, бір күндерде тоғыз жолдың тоғысқан жеріне кездеседі, сол жерге баяғы перизат Кенжекей сұлу да келіп қалған екен: «Ал, аманат балаңды!» деп, аспаннан тастап кеп жібереді. Бай бейшара баланы алып, құшақтап қойнына салады да: «Құдай, енді өзің оңдай көр!» — деп, өз елін іздеп жөнеледі.

Бай баланы сақтады, күтті, еліне әкелді. Келген соң бір кемпірге тапсырды да өзі жиһанкез болып кете берді. Кемпір байғұс баланы күтіп, бірнеше жыл асырады. Бала жасы өсіп, ер жете бастағаннан кейін малға сақ болып, қой жайып жүретін болды. Баланың зат нәсілі — пері. Ат есімі — Едіге еді.<sup>2</sup>

---

2 Манғолдың ноғайшадан көшірілген термелерінде мынадай сөздер көрінеді. Едіге Құтлықай батырдың баласы еді. Бұл Құтлықай хәм Алтын орданың атақты ханы мерген Тоқтамыстың аңшыл құстарын басқарады екен. Сондықтан Құтлықай батыр Тоқтамыс ханның тұсында ең бірінші орын тұтқан. Сол уақытта Тоқтамыс ханның екі қырағы лашыны бар екен. Оны Құтлықай батыр көзінің қарашығындай көріп-ақ сақтайды екен. Өйткені мұндай лашындар басқа хандардың неш қайсысында жоқ. Жалғыз-ақ Тоқтамыс ханда бар және жалғыз осы екі лашынның өзін ғана сақтау емес, оның тұқымын хәм балапандарын сақтамақ екен.

Сөйтіп осындай бағасыз қымбат құстарды біреу-міреу ұрлап әкетпесе игі еді деп, Құтлықай жүреді екен.

Күндердің күнінде бұл лашындарды Азияның атақты ханы Темірлан (Ақсақ Темір) Тоқтамыстың осындай қырағы лашынының барын біліп, өзінің жақсы көретін бір адамын Құтлықай батырға көп сый дүниемен жібереді. Құтлықай дүниеге қызығып, ханға лашынның тұқымдарының біразын беріп жібереді.

Мұны бір уақыт Тоқтамыс хан біледі, сондықтан Құтлықайдың бұл қылғаны өзіне жетіп, хан оны бала-шағасымен жазаға бұйырады.

Бұл жарлық Құтлықайдың емшектес ағасы Есе бидің құлағына тиеді. Сонан кейін Есе би Құтлықай батырдың тұқымы құрып кетпесін деген оймен бір түнде Құтлықайдың үйіне келеді. Келсе бесікте Құтлықай мырзаның баласы Едіге жатыр екен. Сол жерде-ақ Едігені бесіктен алып, оның орнына өзінің баласы Құбықұлды салып кетеді. Ол бала өскеннен кейін, өзінің шын атын жасырып, Едіге атымен Тоқтамысқа қызмет қылады. (Қара: Н. Семеновтың «Солтүстік Кавказдың жергілікті халықтары» деген кітабының 418-бетіне. См: «Туземцы Северо-восточного Кавказа», стр. 418, Н. Семенова).

Едіге бір күні қой жайып жүрсе, анадайдан екі адам көрінеді. Ол екі адам бір түйеге таласып, жүгініске бара жатқан адам екен. Екеуі баланы көріп ақылдасады: «Кел, осы қойшы балаға айталық: «қойшының билігі бұзылмас» деген бұрынғыдан қалған мақал болушы еді», — деп барып, екеуі таласып қойшыға келеді. Біреуі: — Бота күнінде жоғалып кеткен мына түйе менікі еді, — дейді. Екіншісі де айтады: — Бота күнінде жоғалған түйе менікі, — деп, және екеуі де айтады: — Осы түйенің қолымызда енесі бар, — деп. Сонда қойшы айтады: — Олай болса екеуің де барып, ботаның енесін алып кел, мен сонан кейін билік айтамын, — деген соң екеуі де енесіне кетіп, екі түйені алып келеді. Қойшы әлгі таласып тұрған түйенің санына қылбұрау салып бұрағаннан кейін, әлгі түйенің ботасы күніндегі даусы шығып, боздап кеп бақырады. Сол уақытта даулап келген біреуінің түйесі боздап келіп, үстіне түсе қалыпты. Онан соң Едіге: — Түйе сіздікі екен, — деп, әлгі енесі боздап, жетіп келген кісіге береді.

Бұл билікті барша халық естиді.

Сол аймақта ноғайлы деген ел бар екен. Ноғайлының ішінде Тоқтамыс деген хан бар екен. Манағы түйені танып алған адам осы сөзді ханға барып айтыпты.

Ханның неш баласы жоқ екен.

— Тақсыр, сондай бір бала көрдік, өзі бір жаман шал мен кемпірдің қолында тұр. Ол кемпір-шалдың өз баласы емес, олар да біреуден асырап алған, әке-шешесіз, өзі зерек, ақыл-ойына қарағанда, осы бала тап сіздің бала қылуыңызға лайық екен, — деп, бастан-аяқ көрген білгендерінің бәрін айтады. Мұны естігеннен кейін хан бала қылып, оң тізесіне отырғызады.

Бірнеше жылдар ханға бала болып жүреді. Өзі әйбат, сұлу, ақылды, жақсы.

Күндердің күнінде ханға бір қыз келіп, бір жігіттің үстінен арыз айтады: — Қолымнан алтын жүзігімді тартып әкетті һәм өзімді қорлап кетті, — деп. Сол уақыт жігіт те келіп: — Ей, тақсыр, бұл өтірік, маған нақақтан жала қылып отыр. Мен бұған неш нәрсе де қылған емеспін, һәм алтын жүзігін де алғаным жоқ, — деді.

Хан қайран болады, үш күнге шейін билік айта алмайды. Сонда әлгі асырап алған баласы Едіге тұрып:

— Ей, ата, бұл бейшараларды не қылып сандалтып қойдыңыз? — дейді.

— Ай, шырағым-ай, бұған не қылайын? — деп, бастан-аяқ естіген, білгендерін баян қылады хан.

— Ата, бұларға бұлайша бір хайла қылыңыз, бір тақияны алыңыз, жігіт пен қызды шақырып, тақияны қыздың қолына беріңіз де екеуіне айтыңыз, — Егер қолыңнан шығарып, тақияны жігіт тартып алса, сенің айтқаның өтірік; егер тартып алмаса, сенің айтқаның рас болғаны, — деп. Рұқсат берсеңіз, сонан кейін билік айтып көрерміз, — дейді бала.

Хан баланың айтқанынша қылады да қыздың қолына тақияны беріп, мықтап ұстатып, жігітке тартқызады. Жігіт қаншама тырысып, тақияны аламын дегенмен, қыздың қолынан тартып ала алмайды. Ақырында хан екеуін де ертіп, екі жерге отырғызып қойып, баладан билік сұрайды. Бала тұрып: — Ей, ата, бұл қыздікі бекер, жала. Жігіт оның қолындағы жүзігін тартып алған болса, бұл тақияны да тартып алар еді, оны тартып ала алмады. Сондықтан қыздың сөзінің бәрі жалған, бәрі өтірік, — деп, бітім қылады да жігітті босатып қоя береді.

Бұл жерден бала атақ алып, дәреже табады.

Күндердің күнінде ханға екі қатын келіп, арыз қылады. Сондағы арызы — екеуі бір балаға таласады. Қатын тұрып «Бала менікі» десе, екінші қатын тұрып о да айтады: «Бала менікі» деп, сөйтіп екі қатын бұл туралы ханнан билік сұрайды.

Хан не деп билік айтарын білмей, қайран қалып, үш күнге шейін тоқтады. Әлгі екі қатын күн сайын келіп, ханның мазасын ала береді. Сонда баяғы бала Едіге тұрып:

— Ей, ата! Бұларды не қылып әурелеп қойдыңыз? — дейді.

— Ей, шырағым-ай, мұны қандай қылайын? — депті хан.

— Тақсыр, бұларды бүйтіп қойғанша, баланың екі қолын екі қатынға мықтатып тұрып ұстатыңыз да, ортасынан шауып тастап, екеуіне қақ бөліп беріңіз, — дейді бала.

Ханның көңіліне баланың бұл айтқаны мақұл болып, баланың екі қолынан екі қатынға мықтап ұстатып тұрып, қылышын қыннан суырып жұлып кеп алғанда, қатынның біреуі шырқырап жылап кеп жіберіп, баланы қоя береді: — Қайда жүрсе де тірі болсын, — деп.

Екінші қатын тұрып: — Шапсаңыз, шабыңыз, тақсыр, — деп баланы қолынан жібермейді. Сонда бала би тұрып: — Ей, ата, енді білдіңіз бе, бала бұл қатындікі екен, — деп, баланы жылаған



қатынға бұйырады. Енді баланың әлгі қылған биліктері барша халайыққа мәлім болады. Барлық жұрт болып, бұл билікті тамаша қылысады, һәм мұны тапқан баланың ақылына да қайран болады.

Бірақ сол кездерде балаға бір түрлі уақиға пайда болады. Ол уақиға атасы Тоқтамыс ханның қатыны<sup>3</sup> жұрттан асқан әдемі, сұлу кісі екен. Ол қатын бала биге ғашық болып, баяғы Едіге мырзаға көңілі ауып, бірнеше күндей қызығып жүреді екен, һәм баланың керемет ақылын да білген.

Бір күн патша аң аулауға кетсе, қатын түнде келеді де баланың қойнына кіреді. Бала бұрын мұндай істерден хабарсыз болғандықтан, шошып барып, қарғып далаға шығып кетеді. Сонда қатын тұрып айтады: — Ей, шырағым, мен саған ғашық едім, сен мені алсаңшы, — деп.

— Ей, ана, мен сізді қалайша аламын? һәм нешік қатын қыламын? Тумасам да туғандай болған едім, — дейді бала.

Сол уақыт қатынның баладан көңілі қайтып, бір жамандық ниет ойлайды.

Хан аңнан қайтып келген соң, қатыны тұрып ханға айтады:

— Ей, ханым, мына баланың аруағы сізден артық екен. Егер бұл баланы өлтірмесеңіз, күндердің күнінде өзіңізге бір бөле қылады. Яки сізге бір түрлі сұмдық көрсетеді, — деп. Қатынның бұл сөздеріне хан нанбайды.

— Тақсыр, нанбасаңыз мен сізге білдірейін, нанасыз ба? — дейді қатын.

— Құп, білдіріңіз, нанайын, — дейді хан.

— Егер білмесеңіз, балаңыз ертең ертемен сізге сәлемге келгенде үш рет жоғары шығып, үш рет төмен түседі, мұны білесіз бе? — дейді.

— Әй, батшағар, сен аярлықпен айтасың! — дейді хан.

Сол арада қатын ебін тауып, ханның отыратын кілеміне барады да бір ине шаншады, көзін төмен, ұшын жоғары қылып.

Ертеңіне хан атасына сәлем бергелі ертемен бала кіреді. Хан әлік алады. Бірақ хан баланың не істеп тұрғанын аңдамай

---

<sup>3</sup> Бұл қатын һәр жерлерде ақылымен, айтқан сөзімен атақты-мақтаулы болып отырғандықтан жарт сүйіп «Данабике» деген екен. Қара: «Солтүстік Кавказдың жергілікті халықтары» деп жазған Н. Семенов кітабының 420-беті.

қалады. Тек кілемінде отыра береді. Кілемге шанышқан баяғы ине барып, ханның киіміне шаншылған. Оны хан білмейді. Қатын көріп отырады. Едіге шыққаннан кейін, қатын келіп ханнан сұрайды:

— Тақсыр, өз жайыңызды өзіңіз білдіңіз бе? — деп.

— Мен неш нәрсе де білгенім жоқ, батшағар залым, сен өтірік айтасың! — деп ашуланады хан.

Сол уақыт қатын тұрып: — Бағанағы баланың келгеннен кейін, не қылып кеткенін білдіңіз бе? — дейді. — неш нәрсе де білмедім, — дейді хан.

— Ендеше біраз тоқтап, киіміңізге қараңызшы, — деп барып, киіміндегі шаншулы инені көрсетеді қатын. Хан инені көргеннен кейін, қатынның сөзіне сонда барып нанады, һәм сонан кейін қатынға айтады:

— Қатын, енді бұған не қыламыз? — деп. Қатыны тұрып: — Тақсыр, оның жәйін мен сізге бір іс көрсетейін, бұған өңкей өлген қозының ішінде есірткі дейтін мәйегі болады. Осы мәйекті пісіріп, жақсы тамақ деп берейік. Егер оны ішсе, бұл бала бір өлсе содан өледі. Неге десеңіз, патшазада асылдың тұқымы еді. Онда жаман, дәмсіз астар мұның ішіне жақпас, шошынар, өлер деп ойлаймын, — дейді.

Қатынның бұл айтқаны ханға ұнайды, һәм айтқанындай етіп мәйекті пісіріп береді. Едіге бейшара әлгі іріткіні қолына алады да, аяқтың ішіне құйып берген екен, пышақпен аяқтың ішіндегі іріткіні олай бір, бұлай бір тіліп кескілеп тұрады да, сөйтіп ішіп кеп жібереді. Бірақ мұнан неш нәрсе де болмады, ауырмайды да, өлмейді де. Содан кейін: — Енді қайттік?! — дейді хан. — Саспаңыз, тағы бір айласын табам, оған болмаса болмағаны, — дейді қатын Данабике.

— Нендей айла? — деп хан сұраса, Данабике тұрып айтады: — Ертең ерте тұрып, мен бір шыныға сара қылайын да, құйып берейін. Едіге келген уақытта өтініңіз де, жақсы бір шарап деп, ішкізіңіз де қойыңыз, егер іше қалса, бір өлсе содан өлер, — деп. Ханның көңіліне бұл сөздер де мақұл көрінеді. Данабикеге айтқанындай істетеді.

Бір уақыт Едіге келеді. Хан оған әлігі «шарапты» ұсынады. Шарапты қолына алып тұрып, Едіге батыр нешдеңе деместен бір қасықтайын алып, бір жағына шашады да, қалғанын ішіп жібереді. Бұл да неш нәрсе қылмайды. Сыр берместен шығып

кетеді. Едігенің «Сарыазбан» дейтін бір жақсы аты бар болады екен, соған мінеді де жүріп кетеді.

Мұнан кейін хан өзінен-өзі сескенеді: — Бұл қалай болды? Ол не үшін олай етті? — деп, Данабикеке айтады. Данабике тұрып: — Әй, тақсыр, мұның көрсеткен мінезі мен қылған сұмдығын білмедіңіз бе? — дейді. — Жоқ. — Олай болса, мен айтайын: — Мәйекті пышықпен тілгені — Еліңді осындай қып қылышпен тілермін» дегені, және шарапты екі жағына шашып барып ішкені — «қаныңды осылай қылып шашармын» дегені. Енді не қылсаңыз да, әйтеуір, алдын алып, тезірек қылыңыз, яки айламен өзіңізге қаратыңыз, әлде басқа бір жерлерде құшақтасқан дос, құрамаласқан құрдасы бар ма, осындай бір ылажын қылып, тоқтатпасаңыз болмас, — деп Данабике айтады.

Хан дереу жан-жаққа, жоғары-төменді ат шаптырып, ел жияды. Елдегі жұрттан асқан, айтқаны бір-бір дастан ақылмен көп адамның көңілін басқан, бір Сыпыра жырау деген, мың жасаған қарт баба деген, бір қариясы бар еді, қай жұрт болсын, қысылғанда осы қариядан ақыл сұрап, сол қария не десе, соны қылады екен.

Жұрт келеді. Хан тұрып, ол қарияға бастан-аяқ Едігенің қылығын айтып береді, һәм ақырында: — Осылай ашуланып кетіп қалды, оған не қыламыз? — деп сұрайды.

Сонда қария тұрып: — Осы айтқандай мінез көрсетсе, ол шаһзада тұқымы екен. Оның көңіліне бір түрлі қатты қайғы түскен шығар да, сонан кейін көңілі бұзылған-ды. Өзінің сүйегі де асыл, сөзі де асыл, өзі де асыл екен. Осындай асыл адам бір мұздағаннан кейін қайта алмас, басқа жерде көңіл қимас, дос-жары болса, соны жіберіңіздер, — дейді.

Сонда жұрт тұрып, алшыннан шыққан Аңғысын досы бар екен, соған «Бар» деп өтінеді. Ол бармайды, өйткені ауру екен. «Өзім қатты науқаспын», — деп бас тартыпты. Онан кейін барып жұрт, екінші досты Кеңесұлы Кенжімбай деген бар екен, соған жалынады. Ол қабыл етеді. Едіге батырдың соңына түсіп отырып барып, бір күннен кейін қуып та жетеді.

Досты Кенжімбай батыр сәлем беріп, амандасқаннан кейін, бір-біріне жол болсын айтысады.

— Әй, достым, Едіге, қайда барасың? Не себептен өкпелеп кеттің? — дейді Кенжімбай. Сонда Едіге батыр тұрып, бұлайша жауап береді:

— Шырағым, менің қайғым көп. Маған Тоқтамыс ханның әбден ызасы өтті. Сіз не қыласыз, қапаланбай еліңізге қайта беріңіз. Мен не болса да, бір бет алған бетімнен қайта алмаймын:

— Осы барған жолыммен  
Сәті ханға қонармын,  
Соған бала болармын.  
Қанша жолдас болса да,  
Керегінше алармын.  
Қайтып келіп еліңе,  
Күнікейдей көріктіңді,  
Тінікедей тектіңді  
Ат көтіне салармын.

10 Болдырып шауып еліңді,  
Қылышымды суырып,  
Жосадай қанға малармын,

— дейді де, қайрылмастан жүре сөйлеседі. Сонда Кенжімбай досты тұрып:

— Әй, достым, Едіге,  
Асылдың қияғындай,  
Тұлпардың тұяғындай  
Артық туған ер едің.  
Сұңқардай шүйілген,  
Лашын құстай түйілген,  
Жеңсіз берен киінген

20 Шаһизаттың тұқымы едің.

Мен сияқты достың келіп, арыз өтінгенде де қайтпасаңыз, өзіңіз біліңіз, — дейді.

Онда да қайтпайды. Сонан кейін Кенжімбай тұрып: — Достым, енді маған қайтпадыңыз, Алшыннан шыққан Аңғысын достың жаман аурып жатыр, тым болмаса, соған барып, көңілін сұрап қайтпайсың ба? — дейді.

Мұны естігеннен кейін Едіге батырдың көңілі бұзылып: — Ендеше барсам барып қайтайын, оған бармай болмас, — дейді де, Кенжімбаймен жүріп отырып, Аңғысынның үйіне келеді.

Аңғысынмен екеуі жылап тұрып, құшақтасып көріседі. Бір-бірінің хал-жайларын сұрасады. Сонда Аңғысын тұрып, Едіге батырға айтады:

— Ей, достым, мұнда неге келдің? Барлық жұрт жиылып, Тоқтамыс ханның үйінде бата қылысты сені өлтіруге. Егер бір ылажын қылып құтылмасаң, жазым болып кетерсің, — деп, бір-неше насихат айтып, ақыл береді.

Сол уақыт бір адам келіп: — Екеуіңізді шақырып жатыр, — дейді. «Кім?» дегенде. — Тоқтамыс хан бас болып, барлық үлкен-кіші, ақсақал, ұлықтардан құралған жамағат, — дейді.

— Олар шақырып не қылады? — дегенде: «Едіге батырдың аяғына жығылып, қайысамыз һәм күнәміз болса кешірер ме екен?» — деп шақырады дейді.

Содан соң бұл екеуі ақылдасып: «Барсақ, барып көрейік» — дейді де, үйден шығады.

Келсе адамсынған ығай мен сығайлардың барлығы да бір үйге жиылып отыр екен. Қаншама арақ-шарап алып, әзірлеп қойып, келісімен-ақ екеуін құрмет етеді. Сыйлайды, күтеді. Едіге батырға «Алдияр тақсырлап» шарапты бере береді.

Едіге мырза һеш нәрседен хабарсыз, бергенін қайырмайды, іше береді. Бұлардың бұл қылған сұмдығын Аңғысын досты сезіп, сытылып барып далаға шығады. Сарыазбан тұлпардың ер тоқымын жөндеп даярлайды. Басқа аттардың мінер жақ үзеңгілерінің бәрін де алып тастайды. Сөйтіп дереу үйге келеді. Келсе Едіге һеш нәрсе білместік мас екен, сонда Аңғысын досты орамалын суға салып алып, Едігенің бетіне сабай береді.

Сол мезгілде Едігенің көзі ашылып, жан-жағына қараса, ханның бәрі қолдарына мылтық, қылыш алып, даярланып тұр екен. Өзінің мас болғандығын сонда біліп, Аңғысын достының әлгіндей қылған қайратына разы болып, ұшып кеп тұрып, «Иншалла» деп жүгіре шығады. Сарыазбан тұлпарына мініп, қаша береді. Барлық жұрт ілесе шығып, аттарына келсе, мінер жақ үзеңгілері жоқ. Жұрт арманда, сасып қалады. Сөйткенмен айлалап мініп, Едіге батырдың артынан түсіп, қуып жетеді.

Едігенің де есі кіріп, адам боп қалған екен, артындағы көп әскерді көріп, аруаққа сиынып, жауға кіріп, ұрыса береді.

- Қаласын қан қылып,  
 Қақпасын шаң қылып,  
 Көргендерді таң қылып,  
 Осындай бүлік заң салды.  
 Мылтықтарын атысып,  
 Қызыл қанға батысып,  
 Қылыштарын шабысып,  
 Найзаларын қағысты.  
 Өлгені жерді қабысып,  
 30 Бір-бірімен шабысып,  
 Шығарып топтан қуысты.  
 Ерегескен батырмен  
 Тоқтамыс ханның жұрттары  
 Жүректері суысты.  
 Айдарлысын құл қылып,  
 Тұлымдысын тұл қылып,  
 Күнікейдей көріктісін,  
 Тінікейдей тектісін  
 Атқа салып, жүн қылды.  
 40 Бұрынғы айтқан сөздерін  
 Өтірік қылмай, шын қылды.  
 Тоқтамыс ханға бір жаман,  
 Қиындық түсер іс қылды.  
 Құлақ, мұрын кесіп ап,  
 Өлгендермен тең қылды.  
 Сонша қатты қырысып,  
 Бір-бірімен ұрысып,  
 Ақыры көңілі тынысты.

Едіге батыр бұл елден құтылғаннан кейін, Сәті ханның жұртына қарап жол шегеді.

Неше ай, неше күндер жол жүріп келе жатса, әкесі дию, шешесі пері қызы халқынан болған «Бесетін алып» деген бір дию бар екен, сол диюдың хабарын білген соң, Сарыазбан мен үстіндегі ер-тоқым, сайманын бір Құдайға аманат тастайды да, өзі жаман киініп, мүсәпір болады. Сөйтеді де, өзі Бесетін алыптың үйіне келеді.

Киімі жоқ, бейшара мүсәпірді алып көріп: — Уа, шырағым, не қылған жан едің? — деп жол сұрайды. Сонда Едіге батыр

тұрып: — Мен мүсәпір адам едім, ел-жұрттан адастым, енді қай жерден қызмет, іс табылса, сол жер — тұрағым, — дейді.

— Ерім, мына баланы маған қызметкер қылып алып беріңіз, сіз ауға кеткенде, һәр уақыт мен жалғыз қалып, әбден зерігемін. Сондайда жалғыз отыру тіпті қиын, — депті қатын. Алыпқа қатынның бұл сөзі мақұл көрініп, Едіге батырды қызметіне алып береді. Едіге батыр сөйтіп бірнеше күн қызмет қылып жүреді. Күндердің бірінде: — Ей, пері қыз, перизат, мен саған ғашық едім. Қайткенде сені аламын, — деп қатынға сөз айтады Едіге. Сол уақыт: — Мен де сізге ғашық едім, бірақ мені алатын ылажың бар ма? Диюға әлің жетпейді ғой, — деп, пері қызы перизат та айтады.

— Иншалла, әлім келмегенмен айлам келер, — дейді Едіге.

— Қандай айла қыласың?

— Мына айла қыламын, — деп, Едіге дереу алыптың тап есігінің алдынан кісі бойы қылып жер қазады. Қолына өткір бір семсер алып, сол қазған жерінің ішіне кіріп, жасырынып жатады, үстін шөппен жауып.

Сол күні кешке әлгі дию құс салып, ит жүгіртіп үйіне келеді. Тыста, ат үстінде тұрып айғай салады: — Қатын, шық бері, мына атты байла, — деп. Қатын шықпайды, сонан кейін дию ашуланып, аттан түседі де: «Батшағар, залымның көңілі біреумен бұзылған екен», — деп үйге жүгіріп кіре бергенде, Едіге оны ордың түбінде жатып, берденкемен қақ жүректен басып кеп қалады, һәм қылышпен қақ жүректің басынан соғып шаншады. Содан кейін алып бейшара қаза тауып өледі. Қатынды Едіге батыр алады да, енді Сәтемір ханды іздеп сонда барады. Олар бұлардың келгендерін қош көріп, қарсы алысады. Бірнеше күндердей бір-бірлерін сыйласып жүреді.

Ханның бір залым уәзірі бар екен. Сол уәзір күндердің күнінде Едіге батырдың үйіне келеді. Сонда әлгі өзін күтіп, құрмет көрсеткен батырдың қатынын көреді. Қонақтан шыққан соң, ханға барып айтады:

— Ей, тақсыр, Едігенің қатыны тіпті сұлу екен. Соны мен сізге лайық көрем, — деп, күн сайын ызындап, құлағының мазасын ала беріпті.

Бір күн Сәтемір ханның көңілі кетіп: — Мұны енді қайткенде аламыз, — деп уәзіріне айтады. Уәзірі: — Көлкүн

дейтін дария бар. Ол дарияның ар жағында «Сынап» дария дейтін дария тағы бар. Едігені сонда жұмсаңыз, — дейді.

— Қандай қылып жұмсайын?

— Сіз ертемен ауру болып жатыңыз, әр бір тәуіптерді жидырып, «Қызыл гүлді» білетіндерің бар ма? — деп сұрастырыңыз. Сонда мен сізге айтайын: — Ей, тақсыр, Көлкүн дарияның ар жағында, Сынап дарияның бер жағында, «Қызыл гүл» деген болады деп естуші едік, иншалла, атарман, шабарман жігіттеріңіз көп қой, «бар» деп біреуіне айтсаңыз, барып алып келмей ме дейін, — дейді уәзір. Сәтемір хан «ауырады», тәуіптерді жияды, уәзір де айтқанындай қылады. Сонда хан тұрып Едігені жұмсамақ болады, һәм айтады.

Едіге үйіне келіп, қатынына ақылдасады. — Қорықпаңыз, барыңыз, бірақ маған жеті қабат темірден үй салдырып беріңіз. Сіз келгенше неш адамға көрінбестігіме дәлел болсын, — дейді қатын.

Қатынның бұл ақылы Едіге батырға мақұл көрінеді. Бір ай жатып, жеті қабат үй салдырады. Ішінен кілт қылдырады да, кілтін қатынға беріп жүрмек болады.

Қатынның қолында бір жүзігі бар екен, сол жүзігін қолына алып беріп тұрып, Едіге мырзаға бір ақыл үйретеді:

- Бұл барғаннан барыңыз,  
 50 Жеті айшылық жолы бар.  
 Сынап деген көлі бар,  
 Жағасында сол көлдің  
 Шағаладай шаңқиған  
 Ақ күмбездей бір үй бар.  
 Үйге кіріп барған соң,  
 Жүзікті алып беріңіз,  
 57 Сізге серік кісі бар.

— Мақұл, — деп Едіге батыр жүріп кетеді.

Неше күн ұдай тынбастан, аттан жерге қонбастан жүріп отырып, көл жағасындағы тігулі тұрған үйге келеді. Келсе, ай десе аузы, күн десе көзі бар, жап-жақсы бір сұлу қыз отыр. Өлігі қыз Едігенің қолындағы жүзікті көріп, дереу жүгіріп келіп, Едігені құшақтап жылай берді.



— Неге жылайсыз? — десе айтпайды.

Байқаса, себебі мынау екен: Едіге батырдың қолындағы жүзік сол қыздың жүзігі екен. Ол жүзікті Едіге мырзаның алған қатынына берген екен. Бергенде: «Сіз кімге тисеңіз, мен де соған тиемін», — деп шарт қылған екен. Баяғы серік қызы есіне түсіп һәм тиген байын көріп, мен де осыған тиеді екенмін деп, қуанып жылаған екен. Едіге батыр әлігі перизат сұлуды алып, Көлкүн дариядан қызыл гүлін тауып, бірнеше күнде баяғы шаһарына келеді. Келсе, ел-жұрты аман. Едіге батырдың аман-сау қайтқанын көріп, барлығы да қуанып, көңілдері тынысқан болады. Қызыл гүл дәріні ханға әкеп береді.

Хан қуанады. Баяғы уәзір алып келген бұл қатынын тағы көріп: «Ей, бұл тегін адам емес екен, мұны һешкім өлтіре алмас», — деп ханға келіп айтады: — — Енді не қыламыз? Ол жақтан тағы бір сұлу қатын алып келіпті. Бұл әкелгені «бұрынғысынан да сұлу, — дейді. Сонда хан біраз ойлап тұрып: — Енді оған бұлай қылмасам болмас, — деп, бір жерге әкеп көп отын үйдіріп, сүйтіп Едіге мырзаны шақыртады.

— Ей, мырза, менің қияметтік балам едің, сені мен бір қиын жұмысқа жұмсайын деп тұрмын, барасың ба, жоқ па? Бұрынғы уақытта менің ақылды, данышпан әкем өлген еді. Ол әкемнің өлген жері — мынау. Енді сол әкемнен маған бір хабарын әкеп берсеңіз, тіпті жақсы болар еді. Бұл күнде нендей күйде жатқанын білмеймін, азаматтық қылып сіз бармасаңыз, — дейді хан. Едіге біраз ойланып, қапаланып тұрады да, үйіндегі қатынына келді. Қатыны: — Қорықпаңыз, Құдай қаласа, аман-сау барып қайтарсыз, мен бір айла қылып қарайын, — деп хат жазыпты да, ханға көрместей етіп беліне байлап, ханға жібереді.

— Ханым, жұмсай беріңіз, бармақшы болып келдім, — дейді Едіге. Хан «құп» дейді де, Едігені отынның ішіне тастайды. Сөйтіп отынның бір жағынан от қойдырып жібертеді. Сол уақыт қатыны Мысқал пері аспанмен ұшып келеді де, түтінмен араласып барып, Едіге батырды көкпен ұшырып алып жөнеледі. Бұл істерді ешкім білмей қалысады. Сонан кейін ертең ертемен, таң атпастан тұрады да, жанған күлдің ішіне кіріп, жасырынып кеп, Едіге барып қайта жатады. Ханның адамдары келіп, жұрт жиылып өлгенін көреміз деп, күлдің ішін ақтарса, Едіге өлместен, көзі бадырайып тірі жатыр. Мұнан өлмегендігін біл-

ген соң, «мұнда үлкен бір керемет бар екен» деп таңданысады, һәм ханға да хабар салады. Хан шақыртып алып: — Ей, балам, Едіге батыр, аман-сау барып қайттың ба? Менің әкемді көріп, хал-жайын білдің бе? Қалай екен? Жайы-күйі жақсы ма? — дейді. Сонда Едіге батыр тұрып беліндегі жазулы хатты алады да, ханның қолына береді. Хатты қолына алып оқыса: «Шүкірлік, әлхамдүлла, аман-есен, сау-саламат жүрміз, екінші бұ дүниедегі патшамыздан ақиреттегі патшалығымыз тіпті артық болды», — деп, әкесі айтты қылып жазған баяғы Мысқал перінің хатын көргеннен кейін қуанып, «Иншалла, біз барсақ сондай болады екенбіз», — деген ойға кірді. Сол оймен әлгі сөздерге нанып, әлгі жерге көп қылып тағы отын жидырады. Отын жиылып болған соң, оған от салдырады. Сөйтіп, «Біз де барып, көріп қайтайық», — деп, бала-шаға, тетелес құрбы-құрдастарымен өз-өздерін отқа аттырады. Онда бабаларын көріп, көңілдерін көтеріп қайтатын бекзаттарды жайластырып, паршалай қояды. Надандығы түптеріне жетіп, хан жоғалғаннан кейін Едіге батыр сол елге хан болады.

Сол елде неше жыл дәурен сүріп, барша мұрат басына жетіп, ақыр бір күн опат болады. Едігенің Мысқал пері деген қатынынан бір ер бала болады. Оның атын Нұралы хан қойыпты.

Нұралы хан өскен соң, сол жұртқа патша болып, бар мұрады басына жетіп, дәурен сүріпті.

# Ер Едіге

Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған. Бірі — ер Едіге, бірі — қара Қыпшақ Қобланды, бірі — тамадан шыққан Шора батыр. Осы үшеуі — өз бетімен көшіп-қонып жүрген жан-дар.

Ұры қартайса, сопы болады,  
Қар қартайса, бибі болады.  
Бүркіт қартайса, тышқаншы болады.  
Шал қартайса, жасындағы  
Көрген-білгенін былшылдап,  
Ертекшіл болады — дағы, —

Демекші, ер Едігеден естігенімді сөйлейін. Ер Едігенің сөзі деп қариялар тақпақ қылып айтып отырушы еді:

Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
10 «Мен шығайын» дер екен.  
Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Өзінен бір жас үлкен болса,  
«Әзізім, сіз білесіз» дер екен.  
Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Едіге деген ер екен.  
Елдің қамын жер екен.  
Өзінен бір жас кіші болса,

20 «Ботам, сен тұра тұр,  
 Мен сөйлеймін» дер екен.  
 «Едіге деген ер дүрмін,  
 Үзілмес жібек кендірмін.  
 Өзі білмегенге,  
 Білгеннің тілін алмағанға,  
 Еменнен шоқпар шекесіне,  
 Шық еткізетұғын мен дүрмін»,

— дейді екен.

Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей, елдігі, жұрттығы көзге көрініп, білінбей жүрген күнде, қазақ ортасында Бабай Түкті Шашты Өзіз делінген диуана болыпты. Қаратау маңайында, Мыңжылқы деген таудың бауырында, бір бұлақта дәрет алып, намаз оқуы үшін меншікті мекен-жай қылып жүріпті. Бір күні, таң сәріден, алаңқарақта дәрет алайын деп келе жатса, үш жалаңаш қыз суға шомылып, біріне-бірі су шашып, ойнап жүріпті. Бұрын жалаңаш әйел көрмеген диуана қалпақтай түсіп, талып қалыпты. Манағы үш қыздың бірі де қалпақтай түсіпті.

Сөйтсе, олар пері патшаның қыздары екен. Аққу болып, сау екі қыз талған қызды көтеріп алып, ұшып кетіпті.

Еліне, жұртына апарған соң, бақсы-балгерлерін жидырып, бал аштырған екен. Адамзаттан шыққан әулиенің назары түскен екен. Сол әулие өзі жазып босатпаса, басқаның қолынан келмейді деген соң, ұшқыр перілерді жұмсап алдыртыпты. «Тоқтылық тонауы жоқ» жалаң бұт, жалаң аяқ, өн-бойында көрген жан жиренбейтін жері жоқ, кісі көрерлік түрі жоқ, бір сұмпиган дейді. Құдай жұмысын түсірген соң амал бар ма?!

— Мына қызымды жазып, оңалтып беріңіз, — депті.

— Менің сенің қызыңда не ақым бар, өзінде не ақым бар? Бұлар дәрет алатұғын суыма шомылып, суымды арамдап кетті. Және мен талып қалып, сол таң намазым қаза болды. Өмірімде бір намаз қаза қылған жоқ едім, соның орнын толтыр, — депті.

— Олай болса, бір қара тоқты есебінде, осы қызымды өзің ал, — депті. Қызын диуанаға қосып, екеуін бұлақтың басына апарып тастапты. Мынау қатынды болып оңған жері жоқ, анау байлы болып, не қызық дәурен сүрсін. Ұйқы-тұйқы, қиқы-жиқы, миқы-тиқы бір өмір дағы. Диуана: «Баяғыдай жалаңаштанып,

дененді көрсет», — деп қиғылықты салыпты. Пері қызы өзге тілін алса да, бұл тілін алмапты. «Еркек ашуланса жаман болар,» — деген ғой. Диуана тұра сала сабапты, тұщы етіне ащы таяқ өткен соң:

— Менің жалаңаш денемді көрген соң, өзің сілейіп талып қалатын едің. Оны білмедің, мен сенен бала тапсам, мендегі нұр-жарық сол балаға кететұғын еді. Сонан соң көруің керек еді, оған шыдамадың, асықтың. Енді мен саған жоқпын, сен маған жоқсың. Мен сенен екіқабат болған едім, еркек ұл туамын. Туысымен бесікке бөлеп, осы судың басына алып келіп тастаймын. Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі болмақ, белгісі сол болар, — деді де, аққу болып ұшып кете барды дейді. Диуана мұны елең қылып, күзетіп жүре ме?! Қыз баланы уәде бойынша бесігімен алып келіп, тастап кетті дейді. Үстінен кез болып, тауып алған біреу Түркістанда ноғайлының ханы Тоқтамыс ханға апарып беріп, Тоқтамысқа асыранды бала болып, соның қолында өсіпті. Мұны ертегі қылып сөйлеушілер әр түрлі сөйлейді. Ақымақтың тізгіні — құлағы, ғақылдың тізгіні — көңілі, ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады, қатықтай, сүттей ұйып тұра алмайды. Ғақылды не нәрсені естісе, естіуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып, көңілінің дауалауына тоқтайды. Бұрынғылардан қалған үлгілі сөз бар: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақсарағат, ілуде бір-ақ қатын табады», — деген. Осы Едігені Тоқтамыс ханның төресін бұзып, төре беретұғын би де қылып қояды. Бетіне жан пар келмейтін ер де, батыр да қылып қояды. «Екі қылыш бір қынға сыймайды, екі тілеу бір көңілге сыймайды.» Мен өзім Едігені ер деп, батыр деп әбден білемін, билік айтты дегенге нанбаймын.

Кім болсын, ол болсын, Тоқтамыс ханның: «Өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас», — деп, көзін жойылтуға қастық ойлағанын біліп, сезіп қалып, Едігенің қашқаны рас. Сонда артынан «шақырып кел» деп, Кеңестің ұлы Кенжанбайды жібергенде, ер Едігенің Жанбайға айтқан сөзі:

— Кеңестің ұлы Кенжанбай, ақылың жоқ,  
Жанбай хан емес, ол шаян ғой,

30 Кім екені маған аян ғой.  
Өзің аман қайт-сана,  
Барып оған айт-сана!

Бұ барғаннан барармын,  
 Сәтемір ханға барармын.  
 Қанша жолдас болса да,  
 Керегінше алармын.  
 Қайтып келіп еліңе,  
 Тебінгіден тер келіп,  
 Қабырғадан қан келіп,  
 Бүліншілік салармын.  
 40 Күнікейдей көріктіңді,  
 Тінікедей тектіңді  
 Неке қимай, мал бермей,  
 Қатындыққа алармын.  
 Суарып қанмен жеріңді,  
 Бүлдіріп, шауып еліңді,  
 Қылышымды суырып,  
 Жосадай қанға малармын, —

деп жүре берген екен.

Едігенің осы келе жатқан бетінде қалмақтан шыққан Қаратобын алып Сәтемір ханның қызын алып барады екен. Соған кез болып, Қаратобын алыпты өлтіріп, қызды айырып алып, Сәтемір ханға барған соң, Сәтемір хан Едігеге қызын беріпті. Едіге жер қайысқан қол алып келіп, Түркістанды шапты, талады. Тоқтамыс хан басын алып қашып кетті, сегіз ұлы бар екен, олар да қашып кетті. Сонда ер Едіге қатынды болған соң, бала туып, баланың атын Нұралы қойып, сол Нұралы Түркістанды шапқанда, өзімен бірге екен. Жалғыз баласы Нұралыны «Тоқтамыстың басын кеспей, көзін теспей қайтушы болма», — деп, соңына салып қоя беріпті. Сонда Нұралы әкесіне қатты тапсырып айтып кетіпті:

— Тоқтамыстың екі қызының бірін өзің аласың, бірін маған қой, — деп.

— Жарайды, балам, Тоқтамыстың қарашығын жер үстінде қалдырмасаң болады, — депті. Тоқтамыстың ханымы мұны естіп, әкелі-балалы екеуін араз қылу үшін екі қызын бірдей Едігенің қойынына салып, бауыр бастырып, өзі некесін қидырып, меншіктегіп қойыпты. Сонда Нұралынның өшігіп іздегені сондай, Тоқтамыс қайда қорғалап барса, жанын қоярға жер таптырмапты.

Ол заманда Өмір-Темір көреген бар екен, ол да Тоқтамысты қорғалата алмапты. Тоқтамыс сол қашқаннан қашып, Ертіс өтіп кетіпті. Бір қопаға барып қорғалапты. Жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізімен бұлжытпай тауып өлтіріп, қопаның жағасына сүйретіп алып шығып көміпті. Бұл күнде сол қопаны «Баян қопасы» дейді. Басында бір оба бар, Тоқтамыстың үзеңгісін тауып алғандар болып, үзеңгісінің кеңдігі бұл заманның атының басы сйып кететұғын деген екен.

Керекуге жүз елу шақырым жерде Шут деген қала бар, соған ұрымтал, маңайлас дейді.

Нұралы аман-есен қайтып, әкесінің Тоқтамыстың екі қызын бірдей алып қойғанын естіп, әкесін көрместей араз болып кетіпті. Тоқтамыстың ханымы ойлағанын орнына келтіріп, әкелі-балалы екеуін өмірінде бірін-бірі көрместей қылады.

Жә, бұл Түркістанды шауып, талап жатқанда Тоқтамыстың бір күңі жас босанып, бір ұл тауып жатыр екен. Ер Едіге соны көрген соң:

— Байғұс, мүсәпір балаңды өлтіріп алма, — деп, құлындаған құлық құла биені беріп кеткен екен. Сол биеден туған құлын ат болып, күңнен туған ұл азамат болып және сол баланың аты Кейқуат болып, Едігенің қарт басқан кезі болып, жалғыз баласы Нұралы қайтып қарасын көрместей болып кеткенін әбден біліпті.

Тоқтамыстың кегін Едігеден алу үшін Кейқуат атқа мінді дейді. Сонда Едіге мен Кейқуат кездесіп қалғанда Едіге сөйлеген екен:

- Әй, бәрекелді-ай!
- 50 Қап, әттеген-ай!  
 Құлықтан туған құлаша  
 Ат боларын білмедім.  
 Күңнен туған Кейқуат  
 Жат боларын білмедім.  
 Құлық туған құланша  
 Ат боларын білгенде,  
 Күңнен туған Кейқуат  
 Жат боларын білгенде,  
 Ноқтадан басын кеспес пе ем,
- 60 Жөргекте көзін теспес пе едім,

— деген екен. Сонда Кейқуат:— Мен шаранада жатқанда шешеме: «балаңды өлтіріп алма» деп құла бие берген екенсің. Қартайған екен ғой деп қорлап, саған қару жұмсамаймын. Қатын болсаң, күле-күле жүрерсің, ер болсаң, шабыңнан жарылып өлерсің, — деп жүре берген екен дейді.

Енді Едіге қанша жүреді дейсің, шабынан жарылып өледі ғой. Едігенің өлгеніне кім күйінеді, Тоқтамыстың екі қызы — жас тоқалдар, шешесімен үшеуінің ойлағаны қабыл болды. Пендеде жалғыз-ақ Нұралынның келіншегі, Едігенің келіні, күйінді болды дейді. Би ойына пәлен-түген деуге бата алмайды. Сонда бұл келін пақырдың бесікте баласы бар екен. Өшін баладан алатұғын болды, баланы бөлегенде, жөргегіне шеңгел төсеп бөлейтұғын болыпты. Бала түні бойы ұйықтай ала ма, зыр-зыр етіп шырылдап, қақсап, зарлап жатады, — дейді. Нұралы келіншегіне:

— Бала мұнша неге жылауық болып кетті? — дейді. Сонда келіншегі:

— Кім біледі, жөргегіне шеңгел араласып кетті ме, сондықтан жыламаса, дені сау, ауруы жоқ, — дейді.

— Шіркін, баланы күтпейсің, шеңгелін арылтып, тазалап, аршып бөлесең болмады ма, — депті.

— Бала қанша жақсы болғанмен Нұралыдай-ақ болар, әке Едігедей-ақ болар. Нұралы Едігеге не көрсетті, бұл да саған не көрсетер дейсің, — дейді.

— Апырмай-ай, менікі адасқандық екен ғой, қойнымда құшақтап жатқан қатыныма ерсі көрінгені, тамам жұртқа да сондай ерсі көрінген қылық екен ғой, — депті. Тұра аттанып, Кейқуаттан әкесінің кегін алыпты дейді. Баяғы Тоқтамыстың сегізі Еділден өтіп кеткен екен. Олардың қолынан не келеді.

— Осы сендер айғырдың қиындай үйіліп-төгіліп не ғып жүрсіңдер? — деушілерге:

— «Еділ тоңса кім өтпес, Едіге өлсе кім қайтпас», — дейсің деген сөздері мәтел болып, Еділ бойындағы жұрттың аузында қалыпты.

Ер Едіге өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кіші тау екен. Өзі өлерінде Ұлытаудың басында отырып, Кейқуаттың сөзіне құса болып, жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен:

— Мені бұл жерге жер қазып көмбеңдер, қорған тас қалап қойыңдар, Нұралы жер үстінде бар болса, «Ат айналып қазығын,



диірмен айналып шүмегін табар» дегендей бір табар. Сонда мені Қаратаудың бауырында, Қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында Бабай Шашты Түкті Өзіз атам бар, соның қасына қойсын, — деген өсиетімен, денесін сонда апарып қойған екен. Ұлытауға аманат қойған екен. Ұлытауға аманат қойған жайын «Ақ мешіт әулие» деп атап кетіпті.

Бұл сөзді кеше керейттен шыққан Сары сопының баласы Жалаңаяқ әздер сөйлепті, осы әулие де өзін сол жерге қойдырыпты.

Күні кеше Қуандықтан шыққан арық Қоңырбай, Айқожа ишаннан халфе болып шығып, Ақпан Бәйіштің Ақпанымен екеуі:

— Бұл Жалаңаяқ — біздің қазақтан шыққан әулие. Соның сүйегін бұл жерге қоймаймыз. Сарыарқаға апарып, қазақ ортасына қоямыз деп сарт жұртымен дауласып, сол замандағы қазы, мүфтилерден хат-мөр алып, сүйегін Арқаға алып кетеміз деп көрін ақтарған екен. Жалаңаяқ әздердің денесі шірімей, сасымай, сап-сары болып, көмілген қалпында жатыр екен, деседі. Қол созып ала бергенде, ашық тұрған аспан әлей-түлей боран болып кеткен соң, қойылған жерден қозғағанын Құдай да болса, әруақтың өзі болса да ұнатпады-ау деп, қайта жауып, үстіне белгі тұрғызыпты. Сонда арық Қоңырбай Ақпанға айтқан екен:

— Мен сенен бұрын өлемін, мені осы жерге алып келіп қойындар деп. Өзінің өсиет қылуымен Ақпан арық Қоңырбайды сол араға апарып қойыпты.

Сол жерде Бабай Түкті Шашты Өзіздің барлығын Едіге айтыпты. Ол екеуінің сол жерде екенін Жалаңаяқ әздер айтыпты. Жалаңаяқ әздердің барлығын арық Қоңырбай айтыпты. Арық Қоңырбай дәл сол жерде екенін, міне, біз айтып отырмыз. Осында біреуден біреуге мирас болып келе жатқан сөз.

# Едіге — Нұран

- Ал сөйлесін тіл менен жақ,  
Тыңласын халқым құлақ сап.  
Бұрынғы өткен заманда,  
Бай мен ханда барлық бақ.  
Жүреді екен сол күнде,  
Нашарларға зорлық сап.  
Өрісте жүрген малына,  
Үйінде жақсы қазына  
Күн көрсетпей тартып ап.
- 10 Біреуге біреу зорлық қып,  
Осындай бопты бір уақ.  
Байланыс жасап хан мен хан,  
Бір-біріне астыртын  
Жататын екен хабарлап.  
Бай мен манап бірігіп,  
Нашарды жейтін амалдап.  
Қуғын-сүргін халықтың  
Осындай қиын заңы бар.  
Адамға адам пенде боп,
- 20 Аузына қарап бағынар.  
Озбасын ішкім дейтұғын.  
Нашарларды бас салып,  
Қасқырдай талап жейтұғын.  
Зорлықпен алған жары бар,  
Қызды бөліп анадан,  
Ұлды бөліп бабадан,  
Талайды өстіп қылған зар.  
Есім деген зорлықшыл,  
Қара жүрек ханы бар,
- 30 Зорлықпен жиған малы бар.

- Хан — халқының панасы,  
Жел жағының саясы.  
Хан аузына қараған  
Некен нұрдың қаласы.  
Есентай, Есен дейтұғын  
Бар екен ханның со күнде  
Екі еркек баласы.  
Жағалай қонған қалың ел  
Жар өзеннің жағасы.
- 40 Медресе, мешіт салдырды,  
Оқу оқып баламның  
Ашылсын деп ойлады  
Сезімі мен санасы.  
Есімхан мешіт ұстады,  
«Оқуға бала берсін» деп,  
Жарлығын жұртқа нұсқады.  
Әркімнің келді баласы,  
Ағыменен көзінің  
Жалғыз-жалғыз қарасы.
- 50 Оқудағы баланың  
Оқыған сабақ таласы.  
Оқып жүрген баланың  
Белгілі болды шамасы.  
Бес жүз бала оқыған  
Бірінен-бірі озып тұр,  
Аспан жердей арасы.  
Балалардың ішінде  
Тоғыз жаста Едіге.  
Солардың енді ішінде
- 60 Адамның зерек данасы.  
Бес жүзіне татиды  
Бір басының бағасы.  
Тәрбиелеп өсірген  
Атасы мен анасы.  
Сабақты екі айтқызбас  
Адамзаттың данасы.  
Құйма шойын-болаттай  
Баланың төр бақ денесі.

- Басы бақыр қазандай,  
70 Миға толған төбесі.  
Өзге жаннан бөп-бөлек  
Мұрын мен қастың жағасы.  
Кеудесіне қарасаң,  
Ақылдың толған кемесі.  
Буылтық еті бөп-бөлек,  
Мұз темірдей білегі,  
Құрышты кесер жүрегі.  
Тоғыз жасқа келгенде,  
Қазы мен ханның ақылын  
80 Айтпай ойлап біледі.  
Көктемде күннің нұрындай,  
Баланың ажар реңі.  
Жас баланың татымын  
Есім хан біліп жүреді.  
Есім ханның Өндірбай  
Оқытқан оның молдасы.  
Ескі сүйек, ата дос,  
Ежелгі жақын жаласы.  
Жағымпазданып жан баққан  
90 Адамның сиқыр жорғасы,  
Бала оқытқан молдасы.  
— Молдам, саған айтайын,  
Бір қайғы бар есімде.  
Бар шығар, молдам, есінде,  
Бір-екі бала бар еді,  
Еріп жүрген көтімде.  
Айтсам, молда, ата дос,  
Ешкім білмес дертімді.  
Осында бір бала бар  
100 Қыран құстай серпінді.  
Бұл дүниеде кім қалар,  
Өзім өлсем қайран ел  
Болады соның еркінде.  
Едіге деген бала бар,  
Өртеген тоғай өртіндей.  
Мына шіркін дүниеден

- Ешкім өлмей қалмайды,  
Жалмаған жер талайды.  
Екі балам нашарлау,  
110 Өлсем патша болмайды.  
Мыңғырып жатқандай қайран ел  
Едігеге қарайды.  
Едіге, әгер, болмаса,  
Есентайым жарайды.  
Едігені жоғалтып,  
Бастырмақ емес маңайды.  
Маңайда жүрсе сол болар,  
Жайнаған бақша, сарайды  
Маңайда жүрсе, басар сол.
- 120 Бес жүз бала ішінде  
Едігеде білім мол.  
Таусылмас ақыл сонда бар,  
Шалқыған дария, даңғыл жол.  
Тоғыз жаста-ақ бала ғой,  
Қырық бестегі өзіңнен  
Осы күні-ақ білімі зор.  
Көпте білім білместен,  
Қатарға басы кірместен,  
Жайалық бұған темір тор,
- 130 Қазалық тағы қиын ор.  
Жоғалмаса бұл пәле,  
Халыққа хан осы боп,  
Балаларды етер қор.  
— Ондай болса, Есеке,  
Берейік хабар Мұхтарға.  
Ақылдассақ хатпенен,  
Сол көнеді ықпалға.  
Ақылдасып Мұхтармен,  
Бір әңгіме жасалық.
- 140 Болатын бөле сұқтарға,  
Мұның көзін құрталық.  
Өзімізде күш барда,  
Аузымда тіс барда,  
Мұхтарға мұны жоғалтсақ,

- Алдында мұның іс бар ма?  
Өзіңізбен Мұхтар хан  
Сары сүйек адам сүйектес.  
Білегімен білектес,  
Жүрегімен жүректес,  
150 Тілегімен тілектес.  
Құрымаса Едіге,  
Хандыққа түбі таласып,  
Болады ғой, сірә, бір кектес.  
Алдын ала қамданса,  
Мақсатына кім жетпес.  
Өкім ханның қызы еді  
Бектембайдың анасы.  
Ханымжанмен бір туған  
Алдамжар да бар еді.  
160 Мұқымжан, Мұхтар дейтұғын  
Ұлдан екі баласы.  
Халқын Мұхтар сұрап тұр,  
Бұрын өлген бабасы.  
Мұқымжан еді Мұхтардың  
Алдында тұрған панасы.  
Жалқұйрық қанат болмаса,  
Адамның болмас бағасы.  
Мұқымжан ханның сол жылы  
Жеткен екен қазасы.  
170 Едіге құрымай болмайды,  
Мен білсем ел ішінің тазасы.  
Дараға тартып құртуға  
Қылмыспен жоқ жазасы.  
Алакөлдің бойында,  
Ақтоғайдың ойында  
Шеткері жатқан бес жүз үй,  
Болсын делік азасы.  
«Азаң сол» деп хат берсек,  
Әскері шауып алмай ма?!  
180 Бөлек ел түгел шабылса,  
Едіге бірге бармай ма?!  
Едіге қоса барған соң,  
Оны құл ғып алып ап,

- Қой артына салмай ма.  
Құлағы кесік қара құл,  
Еріксіз пенде болмай ма?!  
Өркімнен қорлық көрген соң,  
Жанға қинау келген соң,  
Ақылынан айырылып,  
190 Ақымақ адам болмай ма?!  
Сөз шырыны табылар  
Жазушы, молда, ақыннан.  
Өлең сөздің шекері  
Шығады ғылым затынан.  
Сәлем хат жазды Өндірбай  
Есім ханның атынан.  
Жасырып сәлем хат жазды,  
Білдірмей ұрлап халқынан.  
Өндірбайдың бәлесі  
200 Есімнен де артылған.  
Мұхтарға сәлем хат жазды  
Бұрынғы соңғы салтынан.  
«Дұғай сәлем хат жаздым,  
Жаннан артық көруші,  
Қадірлі қарақ, Мұхтар хан.  
Өкімханның ұл-қызы  
Сізбенен біздің түбіміз.  
Мұқымжан өтіп кетіпті,  
Амансыңдар ма, қарағым?  
210 Ендігі қалған өзіңіз  
Ханымжаның тұқымы,  
Бұл жақта біз де тіріміз.  
Өлген қайтып келмейді,  
Жыласаң, батыр, жасисың.  
Ештеме тегі өнбейді,  
Жаралып жан болған соң.  
Ақырында жер жейді.  
Ұлықман олар да өткен  
Мыңға барған.  
220 Шыдат та өткен жер жүзіне  
Жәннат салған.  
Перқауын Намірт патша

- Олар да өткен.  
Алламен атыспақ боп,  
Көкке барған.  
Сүлеймен тақтыменен  
Аспанға ұшып,  
Жарлығы жанды-жансыз —  
Бәрін жарған.
- 230 Оқумен бар ғылымның  
Бәрін білген.  
Данышпан Аплатон да  
Өткен бағлан.  
Ескендір жиырма тоғыз  
Жасында өліп,  
Артында балалары  
Жетім қалған.  
Аз күні қанша дәурен көргенменен,  
Баянсыз бұл дүниенің арты жақсы арман.
- 240 Өлмеген кімнің бабасы,  
Өлмеген кімнің анасы.  
Өлмеген кімнің ағасы,  
Кімнің өлмес баласы.  
Тұлпардың тозбай тұра ма  
Аяғындағы тағасы.  
Жәнаттың тозбай тұра ма,  
Уақыты болса жақсының  
Бір күн жаз, бір күн қыс,  
Аспан жердің арасы.
- 250 Жазды күні толады,  
Қысты күні солады  
Тоғайдың орман ағашы.  
Жазды күні мамырап,  
Күзді күні қалады  
Сол жасасынан ажырап  
Таудың саймен даласы.  
Уақыты жетіп күн бітсе,  
Бір минут тоқтап тұруға,  
Адамның бар ма шамасы.
- 260 Қолдан сусын берген соң,  
Өз көзімен көрген соң,



- Несін арман қыласыз,  
Өз Алла тағдырына не керек.  
Жер алысы қолыңыздан алуға,  
Орамал шаршы құл-құтан,  
Мал-мүлкімен салуға.  
Өлмесем бір барармын,  
Қолыңыздан алармын.  
Өзіріне сенеміз
- 270 Өзіңіздің қаруға.  
Ақтоғайдың бойында,  
Алакөлдiң ойында  
Бөлек жатқан бес жүз үй  
Азасы үшін алған соң,  
Бердiм түгел шабуға.  
Малың болса бағатын,  
Отың болса жағатын,  
Пiшенiң болса шабатын,  
Отының болса алатын,
- 280 Егiнiң болса салатын,  
Жақсы баладан бес бала  
Алсын тағы толымды.  
Сiзге лайықты бiр бала  
Едiге деген толымды.  
Бiреуiне соны алсын,  
Шаруаңа толық жарайды,  
Әжептеуiр орынды,  
Өрiстетер малыңды.  
Түйе бағар шалыңды
- 290 Атғандырып аларсың,  
Екi жүз әскер қолыңды.  
Кiмдер жалғыз қалмайды,  
Жазуы шығар Алланың.  
Маған да оңай болған жоқ,  
Жалғыз қаңғырып қалғаның.  
Жылаймын деп айырылып,  
Ақылыңнан қалмағын.  
Жылағанмен бiтпейдi  
Ойыңдағы арманың.
- 300 Аман болсын ендiгi,

- Қарақтарым, қалғаның.  
Ұмытпайды еш адам  
Атасы мен анасын.  
Бір атадан өнгенбіз,  
Артымда жалғыз баласың.  
Осы айтқан елімді  
Алакөлдің бойында,  
Ақтоғайдың ойында,  
Аттандырсаң қолыңды,  
310 Сол жерден таба аласың.  
Хат жазушы, қарағым,  
Есімде ме екен нақ шының.  
Жолыққанша, қарағым,  
Бәрің де аман болсын»,  
Жазды хат Есім хан осылай деп.  
Мұхтарханға барғаннан соң,  
Мұхтардың көңілі болды шат.  
Елін жиып Мұхтар хан  
Айтты түгел хабарлап.  
320 Естіген халық сүйсінді,  
Хандық міне, — дейді, — бақ.  
Алты ай бұрын байлатты,  
Екі жүз әскер жинатты,  
Бәрі батыр болған нақ.  
Қолына Мұхтар айтады:  
— Ел шетіне барған соң,  
Ақ тоғайдың жерін тап,  
Алакөлдің көлін тап,  
Сол жерде жатқан бөлек ел,  
330 Өзгеге тиме, соны шап.  
«Ағаңа салған азам» деп,  
Есекең айтқан хабарды.  
«Азаңның малын әкел», — деп,  
Екі жүз кісі жиып берді,  
Теңдей етіп ажарлап.  
Жайбарақат жатқан ел еді,  
Бейқам жатқан кезінде,  
Мұхтардың қолы келеді.

- Қойға шапқан қасқырдай  
340 Тоздырып елді бөледі.  
Толып тұрған толысып  
Талайдың қанын төгеді,  
Талайдың оты сөнеді.  
Шапқыншы барды Есімге,  
Халқы шулап тұрғанда,  
«Не деп тұр-ау» демеді.  
Жылап жүрген халқына  
«Не айтып тұр-ау» демеді.  
Болмады жұртқа көмегі,  
350 Жылаған жұртқа Есім хан  
Былай деп жауап береді:  
— Жылама, халқым, жылама,  
Жылағанмен ел мынау,  
Күш-қайрат бізден шыға ма?!  
Алдынан хабар алмастан,  
Құлағымыз қанбастан,  
Көңіліміз біздің тына ма?!  
Бізде отырған елміз ғой,  
Осы жаумен теңбіз ғой.  
360 Сиынармыз біз дағы,  
Жаратқан Жаббар Құдайға.  
Мал жағын, жұртым, қоя тұр,  
Халқыма ие болатын,  
Басына бақыт қонатын,  
Ө, дариға, кетті ғой  
Едіге атты бір бала!  
Әр жерге хабар салармыз,  
Кімде болса табармыз!  
Тапқаннан соң анығын,  
370 Біз де барып шабармыз!  
Айдарлысын құл қылып,  
Тұлымдысын күң қылып,  
Өрісте малын дулатып,  
Баласын үйде шулатып,  
Кегімізді алармыз.  
Кеткені болса, кетті ғой,

- Өткені болса, өтті ғой.  
Сабырлық қылып қараңыз,  
Бақайшағын шағармыз.
- 380 Бізде ел-жұрт емес пе ек?!  
Азықтанып, топтанып,  
Болса найза сапталық.  
Қылыш пен қанжар топталық,  
Жігіттің сынап ірігін,  
Атын жиып көлігін,  
Барармыз біз де аттанып.  
Есікте ерін құлатып,  
Төрде қызын жылатып,  
Қасқыр жеген тоқтыдай
- 390 Алармыз біз де бас салып.  
Есім хан отыр еппенен,  
Жылаған елді жұбатып.  
Мұхтардың қолы талқандап,  
Қатты шапты, уатып.  
Қырғи қуған торғайдай  
Тоздырды-ау елді жылатып.  
Тыныш жатқан халыққа  
Осындай қинау көрсетті,  
Қаңғыртып, қайыр сұратып.
- 400 Бастығы қылып адамның  
Он бір ұлмен, он бір қыз,  
Едіге бала ішінде.  
Дөңгелек тұяқ тастамай,  
Қалың қол қайтты шулатып.  
Абырой болды Мұхтардың  
Аттандырған еріне.  
Алты ай жүріп барыпты  
Ақтоғайдың жеріне,  
Алакөлдің көліне.
- 410 Өзі ұлықсат берген соң,  
Ойран салды Есімнің  
Бейқам жатқан еліне.  
Он екі ай жүріп, ел шауып,  
Құл мен күңін көшіріп,  
Мақтанып келді көбіне.

- Есепсіз қазына, сансыз мал,  
Алдына әкеп қамады  
Хан менен төре бегіне.  
Мал мен мүлік, адамды,  
420 Олжаға бәрін салады.  
Мұхтар хан келіп олжаның,  
Ішіне кеп қарады.  
Қарап тұрса Мұхтар хан,  
Кішірек бір баланың  
Басынан шырақ жанады.  
Нұсқасына Мұхтар хан  
Баланың қайран қалады.  
Қызыққаннан балаға,  
«Олжам» деп хан алады.  
430 Тұтқында келген ұл мен қыз  
Күң мен құл атанып,  
Олжасына әркімнің  
Күң менен құл атанып,  
Бөліске түсіп тарады.  
Ханға тиді Едіге,  
Үйіне әкеп баланы,  
Мырза да емес, хан да емес,  
Орташа ұстап бағады.  
Күн-күн сайын баланың  
440 Әр мінезі жағады.  
Мұхтар ханның жоқ еді  
Өзінен туған баласы.  
Бұрын өлген ағасы,  
Онда да тұқым қалмаған,  
Артында тұяқ панасы.  
Шынардың күні немене,  
Болмаса бұтақ-саясы.  
Артында бота ермесе,  
Болса да құнсыз маясы.  
450 Бала қылды Мұхтар хан  
Астына жорға мінгізіп,  
Оқытып оқу білгізіп,  
Той жиында жүргізіп.  
Он жеті жасар Жамалға

- Бала қып берді кіргізіп.  
Он бір қатын ішінде  
Нақ сүйер тоқал Жамалы.  
Аузынан шыққан лебізі  
Пейіштің соққан самалы.
- 460 Нақ сүйер ханның адамы  
Он бір қатын ішінде  
Бір басы мыңға бағалы.  
«Тәрбиелеп өсір», — деп,  
Баққызды соған баланы.  
Күн санап өсіп жас бала,  
Ойдағыдай жарады.  
Өскен сайын Едіге  
Жамалдың ойы бұзылып,  
Ғашық боп оттай жанады.
- 470 Он сегіз жасқа Едіге  
Жасы толып жеткен соң,  
Жамалдың көңілі бұзылып,  
Бір істі ойға алады.  
Жалғыз жатқан жерінде  
Балаға қол салады.  
Қараңғыда қол салған  
Адамға бала қарады,  
Қараса Жамал анасы.  
Анасын бала көрген соң,
- 480 Ұялып естен танады.  
— Бәйбіше, мұның сұмдық, — деп,  
Бала бетін жабады.  
Жапқанға Жамал болмады,  
Жамал да өзі арманда.  
Шыдай алмай қайғыға,  
Өртеніп іші жанады.  
Жамал сонда қамықты:  
— Қаділетсіз Мұхтар, арам хан  
Зорлықпенен қорқытып,
- 490 Билеп отыр халықты.  
Зорлықшылдығын айтайын,  
Өзіңізге де анық-ты.  
Жайға жүрген жан еді,

- Сені де тартып алыпты.  
Әке-шешең маңлайда  
Жайнаған жалғыз шамынан,  
Жарқырап атқан таңынан  
Тірі айырылып қалыпты.  
Біқтиярсыз жүрген мүсәпір,  
500 Мен де мұңлық, қөріп-ті.  
Әкемнен үлкен Мұхтар хан,  
Сонымен ойнап күлгенде,  
Құмарым қайдан қаныпты.  
Қапаста тұрған мен пақыр,  
Көре алмай тұрған жарықты.  
Осыны айтып Жамалжан,  
Сол арада қамықты:  
— Қызық көрер шағымда,  
Көрдім мұндай тарлықты.  
510 Жарықсыз өмір болды түн,  
Сіз бенен біз — құл мен күң.  
Не болмаса сабаққа,  
Не болмаса тамаққа  
Ырза болып жүрген кім?  
Ата мен бізде ана жоқ,  
Баста ерік және жоқ,  
Қорлықпен өткен біздің күн.  
Біріміз айтсақ баба — деп,  
Біріміз айтсақ пана — деп,  
520 Адамдыққа жатпайды,  
Сіз бен бізге үлкен мін.  
Мен жайымды айтайын:  
Тауға біткен андыз ем,  
Көлге біткен жалбыз ем,  
Қауындағы әңгелек,  
Жаңа піскен дарбыз ем.  
Өлгенде көрген біреудің  
Әлпештеп жүрген жалғызы ем.  
Өз еркімде бар болса,  
530 Тимес едім мен шалға.  
Тимесем ажал болады  
Бір шыбындай жанға.

- Тиемін деп айтпаймын,  
Жақсы екен деп ханға.  
Шал санысқан бір жауыр,  
Қамап қойған жарға.  
Құтылар заман бар ма?  
Сен де, мен де мүсәпір,  
Ішіміз толған зарға.
- 540 Қашпа батыр Едіге,  
Берелік шаттық көңілге.  
Өткізгенше өмірді,  
Өстіп күнді көрелік,  
Мұнымыз ұят демелік.  
Жетпіс бес келіп байқасаң,  
Жиырма беске тең бе екен?!  
Ерік бар қанша сенде,  
Сеніменен, шырағым,  
Тұтқында жүрген пенде.
- 550 Зәлімді әке дегенің,  
Мені шеше дегенің,  
Өмірді босқа өткізіп,  
Батыр-ау, мұның жөн бе?  
— Олай емес, бәйбіше,  
Жамал болды анамыз.  
Мұхтар болды бабамыз,  
Біз болдық сіздің балаңыз.  
Орнына келмес жұмысқа,  
Біз қалайша нанамыз.
- 560 Аналық атпен тұрыңыз,  
Көңілге ұйытқы салмаңыз.  
Көңілге қайғы салмаса,  
Өзі өлгенше бағамыз.  
Өзі қылса бөтендік,  
Бір айла біз де табамыз.  
Астыма жорға мінгізді,  
Үстіме торқа кигізді.  
Оқытып, білім бергізді,  
Қызық дәурен сүргізді.
- 570 Ақ түйғын берді қолыма,  
Көлінен аққу ілгіздім.



- Бай мен ханның баласы  
Бәрімен бірге жүргізді.  
Жамандық өзім қылмаймын,  
Шаруасына қараймын.  
Бала боп малын бағармын,  
Оты болса жағармын.  
Өзі қылса жамандық,  
Баласы болса жылатып,  
580 Ту байлап, елін шабармын,  
Бір айласын табармын.  
Татқан тұзға қас қылсам,  
Мақшарда отқа жанармын.  
Татқан тұзға қас қылсам,  
Бір пәлеге ұшырап,  
Сізге бола қалармын.  
Бала жақын келмеді,  
Айтқанына көнбеді.  
Балаға Жамал айтады,  
590 Айтқанменен көнбеді.  
Қанша жылап тұрса да,  
Сөзіне бала ермеді.  
Тұтқында жүрген Жамал қыз  
Жасын төгіп еңіреді.  
«Құдіреті күшті зұл-зәлла,  
Өзің бердің маған у уйе,  
Кесел болды маған сұр.  
Қорлықта біздің өмір тұр,  
Жасығанмен көңіл тұр.  
600 Қу өңім болдың темір тор,  
Жеткізбейтін теңіме.  
Қу өңім болдың қазған ор,  
Қапаста қалдым еріксіз,  
Дүние жалған аман бол.  
Ақыр маған қызық жоқ,  
Несіне тоқтап тұрайын.  
Күндіз менде күлкі жоқ,  
Түндегі өмір сиқы жоқ,  
Ішім толған уайым.  
610 Қор болып бүйтіп жүргенше,

- Мен де айла қылайын.  
Ақылмен план сызайын,  
Бала мен ханның арасын  
Шамам келсе бұзайын.  
Бала жеңіп, шал өлсе,  
Пәледен кетем құтылып.  
Шал жеңер болса егерде,  
Қор болсын бала қысылып,  
Қорлық көрсін тұтылып».
- 620 Қапалықпен қарайып,  
Жамал кетті қысылып.  
Бір қапаста отырған  
Мұхтардың адал Жамалы.  
Мұхтарға Жамал көрінер  
Нұр қызындай бағалы.  
Он бір қатын ішінде  
Нақ сүйер ханның адалы.  
Жетпісте ханның өз басы,  
Жамалжанды көргенде,
- 630 Ғашық отқа қанады.  
Жамалды хан көргенде,  
Бір жасап хан қалады.  
Ханның өзін шақырып,  
Оңаша бір шарбаққа  
Ханды ертіп Жамал барады.  
— Байқадың ба, Мұхтар хан,  
Түбінде осы баланың  
Тиеді деймін залалы.  
Баланың түрі нашар, — деп,
- 640 Жамалдың берген хабары.  
Баланы қатын құртуға  
Үлкен пәле табады.  
Адамзаттан ілгері  
Едігенің амалы.  
Жамалдың қабыл болмады  
Ойындағы тілегі.  
«Білмесе, бала өлсін» деп,  
Бір кепке Жамал кіреді.

- Шетұғын балына  
650 У қосты әкеп, «өлсін, — деп, —  
Шіріп барып жүрегі».  
Ішетін балға қараса,  
Қосылған екен у мен зәр,  
«Шірісін, — деп, — жүрегі».  
Ішкелі бала қолға алып,  
Қосылған уды біледі,  
Білдірмей ғана күледі.  
Ұйып қалған балды енді  
Пышақпенен тіледі.
- 660 «Өлтірсем мұны» деп еді,  
Ол айтқаны келмеді.  
Пышақпенен балды тіледі,  
У менен зәрді төгеді,  
Балын ішіп жөнөді.  
Ханға қатын келеді,  
Аз ғана сөйлей береді:  
— Болмаймын саған бала, — деп,  
Жайыңды ханмен табам, — деп,  
Телім-телім еліңді
- 670 Тентіретіп шабам, — деп,  
Аяққа құйған балыңды  
Пышақпенен төрт тілді,  
Саламын ойран саған, — деп.  
Сонда Мұхтар айтады:  
— Бұл тіліңді алмаймын,  
Сөзіңе құлақ салмаймын.  
Әзәзіл болып сөйлеме,  
Бұл сөзіңе нанбаймын.  
Бұл балам жаман болмайды,
- 680 Тәрбиелеп, талдаймын.  
— Бұл бала, сенің балаң шалым-ды.  
Балаң алар жаныңды.  
Талауға салар малыңды,  
Тарауға салар жарыңды.  
Кәрі малдай қаңғыртып,  
Қинар балаң жаныңды.

- Қинайтынын айтайын,  
Бал құйып күнде беремін,  
Күнде сұмдық көремін.
- 690 Пышақпенен тіледі,  
Бала боп қайтып жүреді.  
Түсірер сенің бағаңды,  
Қиратар төжі, тағыңды.  
Азғыруға үй-ішін  
Қатынның көңілі құмар-ды.  
Ханды жолдан шығарды.  
— Ондай болса бақылап,  
Көрейін енді бақылап.  
Ертеңгісін таң атты,
- 700 Балаға күнде береді  
Бал қосқан төтті шарапты.  
У мен зәрін қосты да,  
Әкелді қатын тамақты.  
Үйге қатын кіргенде,  
Хан сыртынан қарап тұр.  
Балға қосқан пәлені  
Кірген соң бала біледі.  
Балаға қарап күледі.  
Уын төгіп тастаған,
- 710 Пышақпен балды тіледі.  
Тілгенді хан көрген соң,  
Суыды ханның жүрегі.  
Сиқырлап қатын бүлдіріп,  
Әзәзіл болып кіреді.  
Баладан хан шошынып,  
Кетті ханның іреңі.  
Қатын ойда мақсаты,  
Ойран салмақ Мұхтардың  
Берекелі төріне,
- 720 Мамырап жатқан жеріне,  
Толып жатқан еліне.  
Бөле салып, тоздырмақ,  
Қатында мақсат тегінде.  
Хан жиып халқын алады,  
Жайын айтып баланың,

- Халқына ақыл салады.  
Келгенбай деген досы бар  
Ханмен бірдей бағалы.  
Басты адамдарын жиып ап,  
730 Бөріне ақыл салады.  
«Білдірмей ажал табалы,  
Түбінде мұның болады  
Халқымызға залалы».  
Келгенбай сонда сөйлейді:  
— Мен таптым ақыл, ағайын,  
Көк жайлаққа барайын,  
Қымыз мұрын тойым, — деп.  
Кекілін аттың тарайын.  
Қымыз ашып болған соң,  
740 Қырық летір арақ табайын.  
Бір сабаға арақты  
Бөлектеп қосып бағайын.  
Аймақ пенен көлемге  
Тегістеп хабар салайын.  
Қорытты өстіп ақылды.  
Аңғысын мен Кенжембай  
Едігенің досы еді.  
Ақылға хан шақырды,  
Баталасып сұм үйді,  
750 Өлтірмекке асылды.  
«Уәде осы болсын» деп,  
Қолдарын қанға матырды.  
Сол уақытта Едіге  
Бұрынғыдай күлмеді,  
Жадырап, жайнап жүрмеді.  
Қанжары болса қайрады,  
Сауыты болса сайлады.  
Белдеуге атын байлады,  
Бойын тартып бақылап,  
760 Кісі үйіне кірмейді.  
Жайлауға барып қонған соң,  
Кеңжанбай келіп шақырды:  
— Тойға, досым, жүр, — деді,  
Мырза, атыңа мін, — деді.

- Ермей қалды Едіге,  
«Ертең бір-ақ барам», — деп.  
Аңғысын келді қонаққа,  
«Әдейі келдім саған», — деп,  
Едігемен көрісті.
- 770 — Жүрмісің, батыр, аман, — деп,  
Жамалды жүрдің «анам», — деп,  
Мұхтарды жүрдің «бабам», — деп.  
Ата-ананың пікірі  
Келіп тұр саған жаман кеп.  
Хан халқымен келіскен,  
Келгембайдың тойында  
«Арақ беріп, мас қылып,  
Басыңды сенің алам» деп.  
Айтқалы келдім әдейі,
- 780 Осы тойдың ыңғайы,  
Келді саған жаман кеп.  
Мен сенімен дос болдым,  
Атын атап Алланың.  
Алмалық тілін жалғанның,  
Жаныңа жайсыз келеді  
Осы тойға барғаның.  
Достыққа онда жатпайды  
Білгенімді жасырып,  
Айтпай сенен қалғаным.
- 790 Жапанда жалғыз шынар ең,  
Ішіңде кетер арманың.  
Ертең тойға барғанда,  
Төр жаққа, батыр, бармағын.  
«Кел-кел» деп арақ береді,  
Аузыңа, батыр, алмағын.  
Қалған жейде ішінен  
Кішірек бір мес байлап,  
Қолыңа берген қымызды  
Ішкен болып, алдағын.
- 800 Осы менің, батыр-ай,  
Көрсеткен менің жардамым.  
Қымыз емес, арақ ішем деп,

- Мас боп, қолға түсіп қап,  
Алданып, батыр, қалмағын.  
Ақ теңгер мен көк тоғал,  
Қара атында түп-түгел,  
Аяғына шеге қағармын.  
Оң жақтағы үзеңгісін кесермін,  
Осындай айла табармын.
- 810 Аман бар, батыр, еліңе,  
Өніп-өскен жеріңе,  
Құрбы-құрдас теңіңе,  
Таймен шапқан беліңе.  
Шомылып жүрген көліңе,  
Еліңе, батыр, барарсың,  
Артыңда қалған ағаңның  
Әке-шеше мұңлықты  
Аман тауып аларсың,  
Ойларсың, батыр, мені де.
- 820 Келденбай сәнмен желіге  
Сөйлесті батыр теңіне:  
— Қандай өкпең бар еді  
Артыңда қалған көбіңе?  
Аспандағы аққусың,  
Қонбайсың ба көліңе?  
Мыңнан озған тұлпарсың,  
Шықпайсың ба беліңе?  
Талақ қып тастап кеткендей  
Бар ма еді теңіңде?
- 830 «Қимайтын жақсы досың» деп,  
Жіберді батыр мені де.  
Менен де артық біледі  
Ханның ұлы сені де.  
Жылап қалды кемпір-шал,  
Ақ орда мен қалды мал.  
Отырмаймысың, қарағым,  
Ойнап жүрген төріңе?!  
Сен үшін құлын байлаттым,  
Бал менен шекер қайнаттым.
- 840 Масаты, қымқап, жібекті,

- Тіккізіп үйге жайнаттым.  
Қарағым, сенің алдыңнан  
Бозбаласы сәнменен,  
Қыз-келіншек әнменен  
Сандуғаштай сайраттым.  
Астыңа жорға мінгізіп,  
Үстіңе торқа кигізіп,  
Тамашамен ойнаттым.  
Жастармен бірге жүргізіп,  
850 Бір сен үшін сәнменен  
Құрметіңе ойлаппын.  
Едіге үйге кірмейді,  
Жастарменен күлмейді.  
Бұлармен бірге жүрмейді,  
«Үйге кір, ханның ұлы!» деп,  
Жан-жанынан күлейді.  
«Хан алдына барайық,  
Қызықты бүгін күн», — дейді.  
Үйге кірмек болғанда,  
860 Аңғысын келіп артынан:  
«Досың сөзін біл», — дейді.  
Үйге кірді сәнменен  
Кеңжамбай мен Едіге.  
Хан мен байдың баласы  
Қадірлі жігіт көбіне.  
Бүгінгі күн қызық күн  
Бай мен манап, бегіне.  
Баталасқан бар еді  
Бүгінгі күн көбінде.  
870 Едігені өлтірмек,  
Есебін тапса тегінде.  
Бала келді әлсіреп,  
Мас болатын жеріне.  
Аңғысын келді артынан,  
Адал бай — кедей баласы.  
Татымды жігіт біреуі,  
Жалғыз-ақ кедей жазасы,  
Жігіттің сұлтан тазасы.  
Аңғысын бала келгенде,



- 880 Ап жатыр екен ортаға ап  
Едігенің мазасын.  
Едіге қызып қалыпты,  
Күлген боп ашып тұрыпты  
Қалың елдің арасын.  
— Шөлдеп жүрген, лепісім,  
Қымыз ішсең, қанасың,  
Көп ішсең, отқа жанасың.  
Қазір от боп жанғанмен,  
Минутте сөніп қаласың.
- 890 Ләпсі ақылына көнбесең,  
Қымызға көңіл бөлмесең,  
Алтын басым армансыз  
Сонда опа табарсың».  
Едігенің түсірді  
Ойына сезім санасын.  
Болымды адам көрмейді,  
Жалғыз да болса кемдікті.  
Жан ашыр адам істейді  
Қысылғанда ерлікті.
- 900 Аңғысын хабар берген соң,  
Едігенің көңілі  
Бірбеткей болып жөндікті.  
Қорыққанын ұмытып,  
Істеуге шықты ерлікті.  
«Мың қараға бір кесек  
Бермеймін, — деді, — теңдікті.  
Мұхтардың берген жарлығы  
Ығын тауып өлтіріп,  
Істеңдер, — деген, — елдікті.
- 910 Алдына келіп Аңғысын  
Көлденеңдеп тұрады.  
Қапшылыста Едіге  
Қымызбен ханды ұрады,  
Қарғып үйден шығады.  
«Жалғызды ұста!» дегенде,  
Талай жалғыз қуады.  
Тойға келген қалың ел  
Ұстаймыз деп қуады.

- Үзеңгі тартпа қиылған,  
920 Не қайратты батырлар  
Міне алмас, аттан құлады.  
Жөнделіп халық қуғанша,  
Едіге де ұзады.  
Шықпады ешкім баруға,  
Жекелеп найза салуға.  
Адам ұлы тең келмес  
Күшпенен келсе қаруға.  
Некен нұрды табуға  
930 Баланың беті түзелді  
Ақтоғайды табуға.  
Түбінде залал болады,  
Бала кетсе қиын-ды.  
Хан менен хан қыздырмақ  
Бүгінгі болған жиынды.  
— Біреуің барып тоқтат! — деп,  
Хан халқына бұйырды.  
Аңғысын мен Кеңжамбай  
Барса бұған сиымды.  
940 «Екеуің барсаң, тоқтар» деп,  
Халық қатты қиылды.  
«Тойда бірге жүретін,  
Жорғаны бірге мінетін,  
Қызық дәурен сүретін,  
Бір-бірінің қадірін  
Әбден жақсы білетін  
Аңғысын мен Кеңжанбай  
Екеуі барып тілесін,  
Табады сөздің ретін».  
950 Бет алып батыр шыққан соң,  
Ұзай тартып жөнөді,  
Кеткенін халық көреді.  
«Екеуің барып тоқтат» деп,  
Достығына сенеді.  
Артынан қуып екеуі,  
Кеңжамбай сөйлей береді:  
— Мұхтар ханның баласы,  
Едіге батыр, сен едің.

- Осы елге ие болатын
- 960 Хан баласы, бек едің.  
Бұл жалғанда, тірлікте  
Сүйер досым деп едім.  
Әкең Мұхтар емес пе,  
Астыңа жорға мінгізген,  
Үстіңе торқа кигізген,  
Оқытып, білім білгізген,  
Қызық дәурен сүргізген.  
Ардақты ханның баласы ең,  
Қолыңнан сұңқар ұшырып,  
Таудан түлкі ілгізген.
- 970 Қимайтын жалғыз досым ең,  
Той-жиында бір жүрген.  
Сен де осындай болар, — деп,  
Апыр-ай, бұрын кім білген?!  
Әзәзіл болып, азғырып,  
Кім екен мұнша бүлдірген?!  
Жамандық батыр болар, — деп,  
Алма батыр ойыңа.  
Жамандық болса екінші,  
Достық құдай мойныма.
- 980 Достықпен, батыр, айтамын,  
Жүр менің, досым, тойыма.  
Едіге сонда сөйлейді:  
— Кел, қайт-сана, қайт-сана,  
Қамшы тиер мойныңа,  
Қан сорғалар қойныңа,  
Дос емессің, таныспын,  
Ойланып жүрген ойыңа.  
Дос емессің, дұшпансың,  
Бармаймын сенің тойыңа.
- 990 Дұғай сәлем айта бар,  
Жиылған тойға көбіңе,  
Әзібек, Қасым бегіңе,  
Хан Мұхтарға сәлем де.  
Шабармын балта тегіне,  
Достық үшін жібердім  
Қасқыр жеген тоқтыдай

- Талқандар ем сені де,  
Тығар едім әкеңнің  
Қазып қойған көріне.
- 1000 Кешегі дос — бүгін қас,  
Кеңжамбай мырза шошыды,  
Батырдың қарап өңіне.  
Кеңжамбай қайта қашады,  
Ойнайтұғын теңі ме?!  
Тоғыз жалғыз кездесті  
Едіге батыр серіге.  
— Қайдан жүрген жансың? — деп,
- 1010 Бұлардың келді жанына.  
— Болымды жасқа қас болды  
Хан мен біздің төреміз.  
Қайғыға толды денеміз,  
Қаділетсіз хан болды.  
Осы хан тірі жүргенде,  
Қорлықты күнде көреміз.  
«Жаңғызды қыр!» деп ақырды,  
Әскерін қазір шақырды,  
Сол себептен келеміз.
- 1020 — Қайғы ойласам, жүдеймін,  
Қайратыма мінгенде,  
Халқыма болат тіреумін.  
Жолың болсын, жүріңдер,  
Сендердей мен де біреумін.  
Тасқа салсаң кесетін  
Мен — мұз темір болатпын.  
Шөлдеп ұшсаң су іздеп,  
Қабырғаңа қанатпын.  
Жауға барсаң, ағалар,
- 1030 Үстіңе сауыт-жарақпын,  
Асынсаң найза, садақпын  
Жиын-тойға кесеңдер,  
Шүберек болсам манатпын,  
Тері болсам, жанатпын.  
Қарның апса ішетін  
Аузыңда тәтті тамақпын.

- Сіздер — аға, мен — іні,  
Едігенің сендерсің —  
Кеудесіндегі жан-төні,  
1040 Алдында тұрған ай-күні.  
Тоғыз батыр көрген соң,  
Айтылды ердің бар шыны.  
Елінен шыққан тоғыздың  
Бір басы еді бар мұңы,  
Түзелер болды жол сыны.  
Мұхтардың шықты елінен,  
Қысырау ханның көлінен,  
Долан қара белінен,  
Шөл қоңырдың шөлінен.  
1050 Ығай мен сығай жолдас боп,  
Шат болды көңілі теңімен.  
Халқына аман қайтқан соң,  
Батырдың көңілі тасыды,  
Құтылғандай өлімнен.  
Салтанатты сәнімен  
Шаңқайдың асты өрінен  
Шаңқайдан асқан мезгілде,  
Солтүстік бүйір алдынан  
Жалғыз қара көрінген.  
1060 Үстіне сауыт киінген,  
Ат құйрығы түйілген.  
Сауыты бар темірден,  
Астына мінген көк шолақ  
Қамшылап қатты тебінген,  
Едіге көрсе, Аңғысын.  
Аңғысынды көргенде,  
Батыр сонда егілген,  
Қабырғасы сөгілген.  
Аңғысын сонда сөйледі:  
1070 — Едіге батыр, аман бол,  
Бүгін көрген таң да жоқ,  
Қалқаң үшін беретін.  
Бүгін менде мал да жоқ,  
Әттең, дүние қолда жоқ.

- Аянар менде хал де жоқ,  
Тірі болсақ көрерміз,  
Саудамыз бітсе жалғаннан,  
Су құйған оттай сөнерміз.  
Ақылдасар адаммен
- 1080 Мінезі жоқ баланың.  
Аман бол, досым, аман бол!  
Тіршілікте сен едің  
Қимайтын жақын жан барым.  
Бабаңды тірі көргенше,  
Артынан соның ергенше,  
Аман көріп анаңды,  
Қайтадан туып емшегін  
Бала болып емгенше,
- 1090 Сол хабарды алғанша,  
Сен боларсың арманым!  
Дұғай сәлем айтайын  
Нұран деген бабаңа,  
Алтын тапқан анаңа.  
Амандасып бармадым,  
Қолдарынан алмадым.  
Дос болып едік сізбенен,  
Уәде қылып Тәңір алдын.  
Артымда әке-шеше бар,  
Амалым жоқ бармаққа.
- 1100 Келіп едім сені іздеп,  
Қолыңыздан алмаққа,  
Хош айтысып қалмаққа.  
Қайран, досым, аман бол,  
Жолығармыз қай уақта?!  
Едіге сонда сөйлейді:  
— Аңғысын досым, сен едің  
Қысылғанда көмегім.  
Жаныма жапа келгенде,  
Көп болып еді себебің.
- 1110 Қолға түскен мен торғай,  
Сен болдың пана терегім.  
Басымнан ыстық өткенде,  
Самалды, сары бел едің.

- Адассам түнде көз болған,  
Жаман күндегі шырағым.  
Қиын күнде кез болған,  
Сен едің менің қарағым.  
Қандай болды заманың,  
Есімнен менің қалар ма?!
- 1120 Жанған оттың ішінде  
Өртеніп-күйіп кетер ем,  
Сенімен аман қалғаным.  
Бәленің айтқан хабарын,  
Келтірмедің дұшпанның  
Шыбын жанға залалын.  
Аман бол, досым, аман бол!  
Аңырап қалған анама,  
Қаңырап қалған бабама  
Мен де кетіп барамын,
- 1130 Қайыр, досым, аман бол!  
Қиямет, мақшар күнінде,  
Қосса құдай табармын.  
Аңғысын қайтты жөніне,  
Едіге жүрді өзінің  
Өніп-өскен жеріне,  
Алакөл деген көліне.  
Алты ай тіке жол жүріп,  
Келіп шықты Едіге  
Асық атып, ойнақтап
- 1140 Жүретін қыстау беліне.  
Қалың мал жатыр бықылдап  
Боз даланың маңында.  
Артында қалған анасы,  
Құрып болған бабасы  
Баланың келді көңіліне.  
Өзі шығып ойнайтын,  
Жүктей тасты тіреген,  
Қорасының төрінде.  
«Жатырмысың, сүтбұлақ,
- 1150 Бойыңда бұлақ сылдырап,  
Суың ағып бұлдырап.  
Ауыл кетіп қасыңнан,

- Малың кетіп басыңнан,  
Қалып едің сен жылап.  
Жайылушы еді бетіңде  
Көктемеде ешкі, лақ.  
Отырушы едім суыңа  
Жейдемді салып, малшылап».
- 1160 Бұлаққа бала жылайды,  
Жас ағып көзден тамшылап:  
«Басыңа қора салынып,  
Жанатын болды шам-шырақ».
- Далада жатқан көп малға  
Барды батыр жай сұрап:  
— Қой бағып жүрген балалар,  
Түйе баққан ағалар,  
Амансыздар ма барлығың?!  
Сұрамаққа ел жайын  
Малшыларды жағалар:
- 1170 — Жайылып жатқан қалың мал,  
Үйдегі жатқан кемпір-шал  
Кім деген ханға паналар?  
Бір қойшы сонда айтады,  
Сөзге құлақ салыңыз:  
— Әрбір байдың шаруасы —  
Бағып жүрген малымыз.  
Халқымызда сұраған —  
Есім деген ханымыз.  
Халқымызға өмірші —
- 1180 Сексенге келген шалымыз.  
Сол кісіге қараймыз  
Жас пен үлкен, көріміз.  
Жолаушы жай сұрайды:  
— Қалыңыз қандай еліңде,  
Бай мен төре, бегіңе,  
Бұқара, жалпы көбіңе?  
Жалпыны бірдей көретін,  
Әділетін бірдей беретін,  
Адамның асыл тегі ме,
- 1190 «Байларға пара бер» дейтін?  
Нашар келсе алдына,



- Адам деп жауап бермейтін,  
Қаділетсіз жегі ме?!  
Арыз айтып алдына,  
Ордасына ендің бе?  
Нұран деген осында  
Бір кембағал бар еді.  
Өздеріңдей кембағалдың біреуі,  
Балалар, оны көрдің бе?
- 1200 — Жақсы айтасың, ағалар,  
Есімнің жайын айтайын.  
Әуелі топқа барғанда,  
Мініп жүрген біреудің  
Астындағы атына  
Қарап көзін салады.  
Жарамды жақсы ат болса,  
Оны ештеп алады.  
Әгер де атын бермесе,  
Оған пәле табады.
- 1210 Жоқ пәлені орнатып,  
Бақайшағын шағады.  
Ақысыз жүрген құл мен күң,  
Су құйып малын бағады.  
Қорлықпен өткен бір заман,  
Жылауменен нашардың  
Күні өтіп барады.  
Қолдан келер дәрмен жоқ,  
Ішіміз оттай жанады.  
Нұранның жайын айтайын,
- 2120 Есімнің отын жағады.  
Мына сөзді естіген соң,  
Қайғының басты түнегі,  
Сол жерде батыр түнеді.  
Ауру емес, сау емес,  
Құр ыржаңдап күледі.  
Ертеңгісін жайғасып,  
Батыр атқа мінеді.  
Ата-анасын көргенше,  
Қан болды ердің жүрегі.
- 1230 Бір қайратқа кіреді:

- Ал, ағалар, айтайын,  
Біріміз барып алдымен  
Нұранның жайын білелі.  
Қандай кепте жүр екен,  
Әкесін батыр бір көрмек,  
Батырдың арман тілегі.  
Жамандыққа жолама,  
Істегенмен жамандық,  
Адамның арты оңар ма?
- 1240 Жолдасын тастап жекелеп,  
Үйіне келді батырың.  
Есім ханның қонақа,  
Ханға қонып бала отыр,  
Әкеге көзін сап отыр.  
Жүгіріп жүр екі адам,  
Бүгжің қағып қорада.  
Едіге қайтып келер деп,  
Ешкім жоқ оның есінде.
- 1250 Нұран келді күркілдеп,  
Жейдесі жоқ етінде.  
Әсем келді анасы  
Қалмаған адам көркінде.  
Адамда ажар қала ма,  
Болмаған соң еркінде.  
Ата-анасын қараса,  
Өзі ойлаған дертінде.  
«Түнімен сені көрем деп,  
Таң атқан соң дәдеңді,  
Ханға отыр берем» деп.
- 1260 Хан менен ханым отырды,  
«Бір ханзада баласы,  
Қонаққа бізге келген» деп.  
Ханым асты жал-жая,  
Алуа мен қосып бал.  
Алдына қойып қонақтың,  
«Бала, мынаны, — дейді, — ал».  
Есігінде орданың  
Мөлдіреп отыр кемпір-шал.

- 1270 Кемпір-шалды көргенде,  
Қапалықпен бала дал.  
Әсем мен Нұран көргені  
Мүсәпірлік қиын хал.  
Шыдады бала, шыдады,  
«Мынауың қалай?» демеді.  
Тасты кесер болат қой,  
Сабырлық қылып көнеді.  
Алдына келген тамақты  
Ө, дегенде жемеді.  
Қазы мен қарта, жамбасты,
- 1280 Табаққа келген майымен  
Тойғандай кесіп береді.  
Бұрынғы келген қонақтар  
Май бермек түгіл, әуелі,  
«Жаман шал» деп сөгеді.  
Майға-ақ тойып кемпір-шал,  
Екі жабу сүйрелеп,  
Далаға қарай жөнеді.  
Үйге қонақ жатады,  
Қидың оты сөнеді.
- 1290 Далада жатқан кемпір-шал  
Бір сөзге енді келеді.  
Әсем айтты Нұранға:  
— Бүгінгі қонақ қалайша,  
Майын жемей, Нүрекең,  
Неге бізге береді?  
Бұрынғы келген қонақтар  
Ханға қайтсем жағам, — деп,  
Қапталдасып сөгеді.  
Осы келген қонақты
- 1300 Ішім жақсы көреді.  
Көзіне көзім түскенде,  
Денем ұйып жөнеді.  
Осы келген баланың  
Көп болды-ау бізге себебі.  
Кешегі жаңғыз барында,  
Біздің үйге келген бе?

- Біз байғұсты мүсіркеп,  
Тамағын неге береді?  
Кемпір мен шал күңіреніп,  
1310 Көздің жасын төгеді.  
Кешегі жалғыз барында,  
Ойнап үйге келген бе,  
Біз байғұсты көрген бе?  
Сол себептен тамағын  
Есіркеп бізге берген бе,  
Мүсіркеуші кім келіп?  
Отырушы едік күнде өліп,  
Қорлықпенен жүруші ек,  
Пенде болып күн көріп.
- 1320 Далада жүрген бұл шалды  
Жылап-сықтап, күңіреніп,  
Ананың даусы шыққан соң,  
Барады бала мөлдіреп.  
Жылап жүрген далада,  
Кемпір менен шал екен.  
Едіге деген бұлардың  
Өлгенде көрген бала екен.  
Кемпір-шалдың Едіге  
Жарқырап атқан таңы екен,  
1330 Қараңғы үйдің шамы екен.  
Сүйсе суын қандырған  
Едігенің бойында  
Бір-екі белгі бар екен.  
Алдына ойнап келгенде,  
Түймедей қалдан сүйетін  
Кемпір менен шал екен.  
Дала боран, жер тоңған,  
Желтоқсан айы қар екен.  
Шал мен кемпір жаурап жүр,  
1340 Киімі жоқ етінде.  
Жаурап отыр шал-кемпір  
Қорасының шетінде.  
Шыдай алмай от жақты,  
Қораның барып бетіне.  
Осындай қорлық көрсетті

- Қарып, нашар, жетімге.  
Талай адам жылап жүр,  
Болмаған соң еркінде.  
Шал-кемпірдің қасиеті
- 1350 Қозғады жүрек дертін де.  
Шал-кемпірдің қайғысы  
Қиын болды балаға.  
Шал-кемпірді көрген соң,  
Түсті әрбір сәнаға.  
Күңіренгенді көрген соң,  
Шықты батыр далаға.  
Келді аяңдап бала да,  
Жылап жүрген анаға.  
Анасы жылап тұрғанда,
- 1360 Тас та болса ерімей  
Едіге батыр қала ма?  
Балқығандай қара тас  
Көзінің аққан жасына.  
Нұран менен кемпірдің  
Нашарлық келген басына.  
От жағып, жаурап отырғанда,  
Бала келді аяңдап,  
Екеуінің қасына.  
Дүние жалған, не дейсің?!
- 1370 Осы кетсем келместен,  
Көрген күні осы да.  
Мұнан артық жамандық  
Адамзатқа болсын ба?!  
Балада сабыр қалмады,  
Өртеніп отқа жанады.  
Жан баққанды қайтеді,  
Атасының батыры  
Қара судай қанады.  
Кемпірге келіп айтады:
- 1380 — Шоқ жайып берші, қарағым,  
Арқам қышып барады.  
Шоқ жайып кемпір қарады,  
Баласының түймесін  
Арқасынан табады.

- Түймені көзі көрген соң,  
Көзінің жасы ағады.  
Көздерінен жас ақты,  
Екеуінің мөлтілдеп.  
Жылайды ана еңкілдеп,  
1390 Шал жүр жылап кеңкілдеп,  
«Қайран менің, жалғызым,  
Атқан таңмен теңсің» деп.  
Бір-біріне екеуі  
Сырттап жүріп жылайды.  
«Жалғыз қайдан келсін?!» деп,  
Кемпір шалға жылайды:  
— Сөйлесіп көрші, бала бір  
Тілегімізді берсін, — деп.  
— Жай айтқалы келіп тұр,  
1400 Алдыңа қаріп шалыңыз.  
Айтсам, бала, таусылмас  
Ойдағы арман, зарымыз.  
Жалғанда көрген жақсылық  
Жалғыз-ақ бала барымыз,  
Жарқырап атқан таңымыз,  
Қараңғы түнде шамымыз  
Жау шапқанда әкетті.  
Сол жалғыздан айрылып,  
Көзден ақты қанымыз.  
1410 Сол жалғызға ұқсайды  
Түймең менен қалыңыз.  
Он бір жылға айналды  
Қолдан жалғыз кеткелі,  
Жау қолында тұтқын боп,  
Тірідей сапар шеккелі,  
Ерніміз біздің кепкелі.  
Өлмей, тірі кеткен соң,  
Көңілімізден кетпейді.  
Ұлықсат берсең, шырағым,  
1420 Аңсап тұрған біз ғаріп  
Қалыңыздан иіскеп,  
Түймеңізден өпкелі.

- Бұл күнде бізде бала жоқ,  
Баласыз да пана жоқ.  
Есімнің күң мен құлымыз.  
Жақсылық құрлы баға жоқ,  
Ағайын-туған және жоқ,  
Қорғалар бізде шама жоқ.  
Бір сүйдірші түймеңнен,  
1430 Көріп ем менде өзіңдей  
Шамшыраққа баба боп.  
— Жақсы айтасыз, жан ата,  
Менің де сіздей бар еді  
«Қарағым» дейтін анамыз,  
Қамқоршы болған бабамыз.  
Мендей-ақ шығар балаңыз,  
Әкем де менің сіздей-ақ,  
Балаңыз да біздей-ақ.  
Тіліңізді аламыз,  
1440 Жал-құйрық қанат бар болса,  
Адамның болар нөкері,  
Бала — адамның шекері.  
Уағында шам жанбаса,  
Шөлдегенде сусын қанбаса,  
Дауасыз қалған кеселі.  
Бұлаққа шыққан балдырған  
Сумен жақсы өседі.  
Анамыз — бұлақ, балғын құрақ,  
Жағасында өсеміз.  
1450 Балаң да теріс кетпейді,  
«Сүймін, қозым» десеңіз.  
Шал мен кемпір баланы  
Ортаға алып сүйеді.  
Иіскеп қалып сүйеді  
Иығындағы түймесінен.  
Шал еріні тигенде,  
Денесі шалдың иеді.  
Қорғасындай балқыды  
Шал-кемпірдің сүйегі.  
1460 Солғындап тұрған қара тау

- Көктеді қайта шиені.  
— Сақалымның ағында,  
Өлерімнің шағында,  
Жылаумен өтті өмірім.  
Жалғызым келіп осыдан,  
Ашылар ма екен көңілім?!  
Жалғызым менің тірі кеп,  
Былбыраған етіне,  
Жұпардай болған бетіне,  
1470 Тиіп менің осы ауызым,  
Жібір ме екен ерінім?!  
Бақ қонып қайта басыма,  
Келісер ме екен көңілім?!  
Шөліккеп жатқан мен тақыр  
Көктер ме қайта егінім?!  
Басыма бақыт қонғанда,  
Жалғызым келіп қайтадан,  
Жасыған көңілім толғай да.  
Бүгінгі күні жақсылық  
1480 Маған алды болғай да.  
Бала сонда сөйлейді:  
— Ашылсын, ата, мерейің!  
Бөтен екен демегің,  
Әкем де менің сіздей-ақ.  
Қолтығыңа енейін,  
Ата болып жүріп көр,  
Бала болып ерейін.  
Қойыныңды аш, жан ана,  
Емшегіңді емейін,  
1490 Қойыныңа, ана, енейін.  
Бері таман келші, атай,  
Мойыныңа мінейін.  
Жүріп көрші, ататай,  
Артыңнан еріп көрейін.  
Кемпір-шалдың мойнына  
Батырдың қолы тигенде,  
Анасынан сүт шығып,  
Бұлақтай ағып жөнеді.  
Емшектен сүт шыққанда,



- 1500 Анасы сөйлей береді:  
— Жеңілттің, балам, басымды,  
Денеме нұр шашылды.  
Осындай болып июші ем,  
Емізгенде кешкісін,  
Едіге жалғыз асылды.  
Болмасаң да, құлыным,  
Төсіме келіп тигізші,  
Мұрының мен басыңды.  
Өлгеннің оты сөнеді,
- 1510 Өлмеген адам көреді.  
Атасы мен баласы  
Бірін-бірі көреді.  
Жалғызын аман көрген соң,  
Кемеліне келеді.  
Бақырдың келді көмегі,  
Көктеді салған терегі,  
Қуаныш салған терегі.  
Қуаныш салып қыздырды  
Мұздап қалған денені.
- 1520 Ертеңгісін ел тұрмай,  
Едіге батыр жөнелді.  
Ертеңгісін Едіге  
Жолдастарын табады.  
«Мен Едіге келдім» деп,  
Халқына хабар салады.  
Жиылып қалды келгенше,  
Ханның ауылын шабады.  
Тұлымдысын күң қылып,  
Айдарлысын құл қылып,
- 1530 Қасқыр жеген тоқтыдай  
Шығармай, үйге қамады.  
Ханға ойран салады,  
«Олай емес, былай» деп,  
Ханның басын алады.  
Сөніп қалған Нұранның  
Оты қайта жанады.  
«Едіге қайтып кепті, — деп, —  
Өлтіріпті Есімді»,

- Халқына түгел тарады.  
1540 Нұранның келді басына  
Жасайтын қайта заманы.  
Есентай, Есен мырзаға  
Едіге малын баққызды,  
Телміртіп отын жаққызды.  
Нұранның көрген қорлығын  
Мырзаға әкеп тартқызды.  
Халқын жиып, той қылып,  
Бәйгеге атын шапқызды.  
Сағынып жүрген халқына  
1550 Қолынан тамақ тартқызды.  
Есен көрді Нұранның  
Неше жыл көрген қорлықты.  
Көріп еді неше жылдай,  
Қорлықты көріп зарлықты.  
Есімнің қалған тұқымын  
Тоздырып бұ да қаңғыртты.  
Халқын жиып Едіге,  
Айтты сонда жарлықты.  
Жиылған халқы хош алып,  
1560 Батырға берді хандықты.  
Басында жалғыз Едіге  
Аяғында он болды.  
Күш-қайраты мол болды,  
Бәрі де күшті, зор болды,  
Нұранда бала мол болды.  
Бәрінің Нұран бабасы,  
Бәрінің Әсем анасы.  
Тоғыз жігіт жолдасы  
Батырдың түгел ағасы.  
1570 Бір туысты он жігіт  
Алысы-жақын болмады,  
Бәрінің бірдей арасы.  
Едігенің күшінде  
Бәрінің олжа бір хандық  
Арасындағы таласы.  
Батыр сонда сөйлейді:  
— Шаруа жақсы бабада,

- Жігіттік жақсы балада,  
Ұнайды хандық ағаға,  
1580 Жасы үлкен адамға.  
Жасы үлкен адам тұрғанда,  
Бала да хан бола ма?  
Ханыменен келісіп,  
Хандықты берді Жапарға.  
Астына тақты мінгізіп,  
Басына төжді кигізіп,  
Жеткізді бақ атаға.  
Жапар батыр хан болды  
Өділетті нашарға.
- 1590 Биледі хан боп халықты,  
Қаділетті ер болды,  
Теңгерді нашар, қәріпті.  
Жалғызы аман келген соң,  
Шырағы шалдың жанышты.  
Жылағанды жұбатып,  
Жақсылық жолға салышты.  
Досының көңілін асырып,  
Дұшпанның көңілін басырып,  
Құмары ердің қанышты.
- 1600 Бір күні үйде отырып,  
Едіге батыр қамықты:  
«Аман көріп жетілдім  
Артымда қалған елімді,  
Өніп-өскен жерімді.  
Бәрін түгел көрген соң,  
Шат болып тұрмын көңілді.  
Мұхтарға бала болғанда,  
Бар ма едің, әкем, көңілімде,  
Көремін деп ойлап па ем
- 1610 Тұтқынға түсіп барғанда,  
Олжа қылып тоздырып,  
Бөліп-бөліп алғанда,  
Айырылып әкем қозыңнан,  
Болып едің арманда.  
Көремін деген ойымда  
Қайран елім болған ба?!

- Жалғанда көңілім болды хош,  
Сондағы сенің ізіңнің  
Бүгін маған бәрі дос.
- 1620 Жалғанда сені ойласам,  
Болады менің көңілім бос.  
Дос екенсің Жамал маған,  
Еріксіз жүрген екем, мүсәпір боп,  
Арманда өткен екен талай адам.  
Көңіліме қаяу салмасаң,  
Атамды анамменен қайдан табам?!  
Жамалжан, дос екенсің анық маған.  
Келмесем, қандай болмақ менің бабам?!  
Рахмет мың қайтара айттым саған.
- 1630 Пайдасы достығыңның осы емес пе?!  
Елімді сау-саламат таптым аман.  
Ойға-қырға қаңғыртып,  
Есімнен алдым кегімді.  
Қан сорғыш құртын жегімді  
Жылағанын жұбатып,  
Күлдірдім түгел елімді.  
Қатын боп қорқып жатқанша,  
Отының басын баққанша,  
Жаман күнде жар болған,
- 1640 Көрем қайран ерімді.  
Қалған шығар кейінгі ел,  
«Едіге қорқып кетті» деп.  
Білдірейін бір барып,  
Тірі жүрген жөнімді.  
Айдарлысын құл қылып,  
Жаулықтысын тұл қылып,  
Тұлымдысын күң қылып,  
Алайын сүйтіп кегімді.  
Барып сенің мықтаған,
- 1650 Талқандайын төріңді,  
Суалтайын көліңді.  
Әкелейін босатып  
Тұтқында жатқан ерімді.  
Тірлігімді білдіріп,

- Қуантайын Аңғысын  
Ниеті жақын ерімді.  
Өзібек, Қасым, Келгембай  
Көрсетейін сендерге  
Осы жолы көріңді» .
- 1660 Жүз батыр ертіп шаппақ боп,  
Шықты Мұхтар еліне,  
Қысырау ханның қаласы  
Көк теңіздің көліне.  
Алты ай жүріп сапарға,  
Келіп шықты Едіге  
Шөлқоңырдың беліне.  
Үстіне сауыт киеді,  
Ат құйрығын түйеді.  
Мұхтар ханның еліне
- 1670 Нұран да бала тиеді.  
Іздегенін табады,  
Қоңырауын қағады.  
Қаланың басын шаң қылып,  
Қақпаның аузын қан қылып,  
Мұхтардың елін шабады,  
Қасқырдай тиіп талады.  
Бірге барған өзімен  
Жылап жүрген пақырдың —  
Бәрін де тауып алады.
- 1680 Бір қамысқа тығылып,  
Мұхтар хан жатып қалады.  
Қарап жүріп қалың қол,  
Ханның өзін табады,  
Сол жерде басын алады.  
Хан менен бекті қырам деп,  
Құмары ердің қанады.  
Әркімде тәтті шыбын жан,  
Едігенің аузына  
Мұхтардың елі қарады.
- 1690 Ел шапты батыр мақтанып,  
Еліне келіп аттанды.  
Дұшпанын жеңіп жылатып,

- Ақ ордасын құлатып,  
Тасыды көңлі шаттанып.  
Едігеге бір адам  
Келмей қалды жасқанып.  
Бұрын көрген қиын-ды,  
Ұмытпайды Қырымды.  
Қастық қылған зұлымды,  
1700 Қас пен досы ұмытпас,  
Көңілде болған бұрынғы.  
Хан мен төре тұқымы  
Сол арада қырылды.  
Қорыққаннан бәрі кеп,  
Аңғысынға тығылды:  
— Айтқаныңа көндік, — деп,  
Халқымызға сен хан бол,  
Хандық саған бердік, — деп.  
Досыңды, батыр, сен тоқтат,  
1710 Паналап, батыр, келдік, — деп.  
Аңғысын кірді шатырға,  
Сескенбей кіріп батырға:  
— Жаныңа қинау келгенде,  
Кім бар еді қасыңда?!  
Бабаңды, батыр, көрдің бе,  
Артынан, досым, ердің бе,  
Емшегің анаң емдің бе?  
Аман, тірі қосылып,  
Қонды ма бақ басыңа?!  
1720 Амандасып көрісті,  
Қалмаған көңлі досына.  
Өлмегендерге атты таң,  
Бағынып отыр барлық жан.  
Тұтқында жүрген босанып,  
Жылағандарға жанды шам.  
— Әділетіңнен тайма, — деп,  
Күніңді өткен ойла, — деп,  
Мұхтар ханның орнына  
Аңғысынды қойды хан.  
1730 Жаңадан хан сайланып,  
Шығарды батыр сонда заң.

- Алып қайтты Едіге  
Тұтқында жүрген адамын.  
Қуантып батыр ап қайтты,  
Соққызып сары самалын.  
Ұмытпайды адамзат  
Жақсылық көрген адамын.  
Аңғысынды хан қойды,  
Мұхтардың қосты Жамалын.
- 1740 Аңғысынды хан қойып,  
Мұхтардың елін сұратты,  
Зәлімдерді уатты.  
Адамдарын ап қайтып,  
Бәрін де түгел қуантты.  
Екі ханның еліне  
Едіге батыр атанып,  
Тапты батыр мұратты.  
Осы сөздің аяғы,
- 1749 Осыменен тамамды.

# Едіге батырдың әңгімесі

Ертеде Тоқтамыс деген хан болыпты. Ханның он екі биі болыпты. Оның бірі Ебесей аталық деген екен.

Екінші, ханның бір балгер сыншысы болыпты, оның аты Кеңестің ұлы Кенжанбай деген адам болыпты. Он екі биінің біреуі Баба Түкті Шашты Әзіз деген адам болыпты. Ебесей аталықтың бесінші, алтыншы аталарының кезінде, Қырымның Сәтемір ханның түп аталарына бір бас бересілі болып қашып кеткен. Күндердің бір күнінде Тоқтамыс хан өзінің құс бегісін шақырып алып, қара шұбар деген құсы бар екен: «Мына қара шұбар қартайып келеді, енді балалатып, балапанын өсірмесек, өзінен қуат кететін уақыт жетті. Сен биыл түйеге қосын артып, қара шұбарды қолыңа алып, бір өзіңе ұнамды, шұбардың дұрыс балалайтын бір орманын тауып, биыл балалатып, жаз келерсің», — деп, Ебесей аталықты аттандырды дейді. Ебесей қасына кемпірін ертіп, қосын артып, азықтық малын айдап жөнелді дейді. Сол жүруден жүре-жүре бірнеше айлар жүріп, құсқа ұялатуына үйлесімді орман таба алмай келіп, бір орманға түсті дейді. Сол орманға қара шұбар тұқым салды. Тапқаны үшеу болды. Тұқымдардың түсі қызыл екен дейді. Ол кезде шұбар тарлан бидайық секілді алғыр түйғындардың тұқымы қызыл болады екен.

Күндердің бір күні Сәтемір хан «Тоқтамыс ханның құсбегісі, Ебесей аталық Жасқұс деген орманға келіп, Тоқтамыстың Қара шұбарын балалатып жатыр» деп естіп, қасына қырық жігітін ертіп, Ебесейді іздеп шықты дейді. Күндерде бір күн Сәтемір хан Ебесей аталықты тауып, танысып, қонақ болып, Ебесейдің қасында бірнеше күн жатады. Тап сол кезде қара шұбар үш жұмыртқа тауып жатыр еді.



Бірде қонақтар аттанатын болады. Ебесей аталық қызмет сұрайды. Сонда Сәтемір хан Ебесей аталыққа: — Қызмет айтсам, сенің түп атаңда менің атамнан ауысқан басым бар, сол басымды сұрай келдім, — дейді. Ебесей аталық бұл сөзге түсінді, не қыларын білмей састы, ақырында Сәтемірге келді: — Өзімді алсаң да ризамын, болмаса кемпірімді алсаң да ризамын, — деді. Сонда Сәтемір хан тұрып: — Жоқ, маған сендердің басыңды алып, тұқымдарыңды өшіріп кету, мақсат емес, менің қызметім сол, берсең, мына Қара шұбардың бір жұмыртқасын берсең болады. Және ақиреттік дос боламыз, — деді.

Ебесей аталық ойлады: «Көп болса, Тоқтамыс ханға бір сапар өтірік айтармын», — деп тұқымның бірін беріп, қоя береді. Қалған екі тұқымды балапандатып өсіріп, қанаты қатқансын, елге алып келеді. Тоқтамыс айтты: — Қара шұбардың биылғы жылы үшеу табатын жылы еді, болса да қартайғандығы, — деп қойды. Күндерде бір күні Тоқтамыс қасына аңшыларын ертіп, ит-құстарын алып, аң аулауға шығады. Бірнеше күн бойы ит жүгіртіп, құс салып жүрген таулардың етегінен көреді: бір құс аспанда бір топ қаршығаны жалғыздап, қиып тастап келеді. Тоқтамыс хан қарап тұрып: — Апырай, мына түйғын менің шұбарымның баласы болмаса игі еді. Егер де Қара шұбардың баласы болса, өзі басып шығарған болса, осы құстың бірінде жібермей, қиып түсіреді, егер тауыққа бастырған болса, біреуін жіберіп, өзі қонып қалар, — деді. Айтқанындай біреуін қоя беріп, өзі шоқының басына қонып қалды. Оны көріп, Тоқтамыс та шауып келіп, құсқа жабысып жатқан кезінде, бір жігіт шауып келіп: — Сәтемір ханың құсында не жұмысың бар?! — деп қолынан тартып алып, өз жөніне кетті. Сонда тұрып Тоқтамыс хан ашуланып, аң ауламай, аулына қайтты.

Үйіне келіп, жаллаттарын шақырып алып, Ебесей аталықты алдырды. — Ал, Ебесей, шыныңды айт, биыл қара шұбар неше балапан басты? Неше жұмыртқа тапты? Айт шыныңды!, — деп қылышын суырып алғанда, Ебесей аталық тұрып: — Хан тақсыр, мен енді шынымды айтсам да өлдім, айтпасам да өлдім. Тақсыр, оның мән-жайы былай, — деді:

— Менің арғы аталарымның тұсында Сәтемір ханның тұқымынан бір бас алыпты, сол бастың әлегінен қашып қоныс аударып кеткен екен. Біздің бергі аталарымыз айтатынды, бүгін

де сол тұқымнан үзілмей келе жатқан хандық бар. Күндердің күнінде басын даулап келе қалса, біздің қалған жұрағаттарға қиын күндер туады-ау, — деп күйзелуші еді, солардың айтқаны менің есімнен қалмаушы еді. Кешегі уақытта, Қара шұбарды балалатып, Жасқұс деген құмда жатқанымда, балшы-балгерлер бал ашып, бастап келіпті. Құтылуға амал таппадым, тақсыр. Сіздің шұбардың бір жұмыртқасын билеп беріп едім, ендігісін өзіңіз біл, алсаң басым мынау, ассаңыз мойным мынау, — деп жылап тұрғанда, мынадай үкім берді дейді:

— Баруыңа екі түйе берейін, кемпірің екеуің айдалаға кет. Сол түйені бағып-қағып, бөлен айдың ішінде қайтып кел, дарға тартамын, ұқтың ба? — деді. Ебесей аталық «ұқтым» деді. Екі түйені айдап, айдалаға барып, күнде бір торғай атып, күн көріп отырған кезде, бір күні тұзағына бір үйрек ілінді дейді. Қарт үйректі кемпіріне қуанып алып келіп: — Мен сонау кетіп бара атқан түйені қайырайын. Сен жүнін жайлап үйітіп, пісіріп қоярсың, — деп, түйеге кетіп қалады. Кемпір үйректің жүнін жұлып, үйітіп, етін пісіріп болғаннан кейін, қасына бір шал келеді. Басында ақ сәлдесі бар.

— А, ұй анасы, шаршап, шөлдеп келдім, нендей жәрдеміңіз бар, мүсәпірмін, — деді. Сонда кемпір тұрып:

— О, жолаушым, біз — бір ханның қаһарына ұшыраған адамбыз. Күнде бір тарғақтан артық жеуге қоспайды. Қартыма қойған құсымның еті бар еді, құдай қонақ сіз ғой, сізге берейін, — деп, аяқта тұрған құстың етін береді. Шал құстың етін жеп, бәрін бітіреді де, сүйек беріп, аяққа салып, бетін жауып қайта береді. «Сүйек-саяқ болса да, мүжір, қартың келгенсін берерсің,» — деп, қайырып береді де, көп кешігіп тұрмайды: — Ал, мен кетем, қартың келгесін айтарсың, мені іздесе, Үкір таудың басында, жұма күні жолығар, — деді де жүріп кетті.

Кешке таман екі түйені айдап, шаршап Аталық та қоса келді.

— А, кемпір, нең бар, шаршап келдім, қарным ашты, — деді. Кемпір тұрып: — Апырмай, енді не қылайын, бана түс кезінде, үйге бір ақ сақалды қолында аса таяғы бар, бір қарт кісі келіп: «Шаршап келе атырмын, шырағым, нең бар?» дегенсін, құстың етін соған беріп қойып едім, қалған-құтқаны болса, жеші, — деп, қарттың алдына аяқты әкеліп беріп еді. Қарты бетін ашып қараса, құстың еті аяқтың ішінде түгелімен тұрғанын көреді.

Кемпірден сұраса, кемпір түгелдей бәрін айтады: — Мені іздесе, Үкір таудың басына, жұма күні келіп жолықсын, — деді.

Сосын қарт та асын шала-мұла жей салып, іздеп жөнеледі. Іздеп жүре-жүре айтылған Үкір таудың басына жұма келіп, жолыққан жерде: — Ал, тіле, не тілейсің?, — деді. — Хан ұлына қаршыға болғандай бір перзент бер, — деді Ебесей. «Бердім» деді де: «Аты Едіге болсын» деді де, ғайып болды ақ шалма адам. Қарт та үйіне қайтып келді. Көрген баққанын кемпіріне айтты. Сол жерде біраз тұрып, қайта көшетін уақыт та жетеді. Сол кезде кемпірі екіқабат болып еді дейді. Көшіп ханға бара жатқан уақытында қарттың кемпірі ай десе аузы бар, күн десе көзі бар бір ұл туады. Баланың атын Едіге қояды. Сол күнде ханның ордасына жақындап қалған кезі еді. Ебесей аталық жаңа туған жас баланы ақ шүбірекке орап, «Түп бабаларыма тапсырдым», — деді де, бір теректің бұтағына іліп кетті. Сонсын өздері ханның ордасына келді. Келген бойында-ақ дарға тартты. Ел-халқына хабар егіп, жұртты жидырып, баяғы қара шұбардың балапанын Сәтемір ханға жолдан беріп жібергені үшін, Ебесей аталықты әйелі мен екеуін қабатынан дарға асты.

Бұдан бірнеше жыл бұрын: «Дүниеге Едіге деген адам шығады, хан тұқымын қоймайды, қырады» деген сөз ел аузында жүруші еді.

Бір күні ханның он екі биінің бірі, Баба Түкті Шашты Өзіз орман арасынан түйе малдарын қайырып келе жатса, бір теректің бұтағында ілулі тұрған ақ шүберекті көреді. Жақындаса, жылаған баланың даусын естиді. Сонан атына қамшы басып, екпіндетіп келсе, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, бір бала ағаштың бұтағында ілулі тұрғанын көріп, қамшымен іліп алып, үйіне келеді. Келе қатынына айқайлап:

— О, қатын, құдай берді, адам баласына бітпеген көрікті, арыстандай талапты, бір бала тауып әкелдім, баға көр, — деді. Сол кезде әйелі жас босанып, бесігінде бір ұл баласы бар еді дейді. Сонымен әйелі екі баланы бір бесікке салып, баға берді дейді. Сонымен бір күндерде ханның сыншы балгерлері сынап, кітапқа қарап, бал ашып: «Биылғы жылы — Едігенің туатын жылы, ауыр жыл. Биылғы жылғы туған баланың бәрін қыру керек және биылғы буаз қатынның ішіндегі баласын өлтіру керек», — деп үкім шығады. Хан айтқансын амал бар ма, жұрттың бесіктегі балары мен буаз қатындардың баласын қыра бастады

дейді. Бір күні Баба Түкті Шашты Өзіз әйеліне келді: — Апырай, қатын-ай, биылғы туған баланы қыруға айналды, — деді әйеліне. Не қыларын білмеді және «Биылғы буаз қатындардың ішіндегі балаларын өлтіруге де үкім етті. Енді не қыламыз, мына тауып алған бала өте жақсы еді. Едіге болса, осы бала болуға керек», — деп, әйелімен екеуі ақылдасып отырады. Бабаң тағы көп төзе алмайды, тағы да ханның ордасына кетеді. Сонда хан тұрып:

— А, Баба Түкті Шашты Өзіз, үйдегі келін де бір бала тапты деп есітіп отырмын, сол балаға біздің жалаттарымыз барғанда, әлен-пәлен деп, баланы бермей жүрме, егер де бірде-бір сылтау айтып жүрсең, өзіңнің басыңды алармын, — дейді. Баба Түкті Шашты Өзіз тағы да сасып үйге келеді. Көрген-баққанын әйеліне айтады, әйелі екеуі қиналып, жылап отырғанда, ханның жаллаттары да келеді.

— Ал, қатын, қайсысын береміз, өзің біл, мен білмеймін, — деді сонда қарт. Өзінен туған баланы алып, жаллаттардың қолына берді, найзаға шаншып, алып жөнелді дейді.

Сонан күндер өтеді, жылдар өтеді. Бір заманда бала төрт жасқа келеді. Баланы молдаға берді, бала бес, алты, жеті жасқа келгенше оқиды. Бір күндерде хан тағы да жар шақырады: «Оқудағылардан таңдап тоғыз бала әкеліңіз, ол балалар хан сақшылығын үйренеді», — дейді. Мектептен барып тоғыз бала әкелгенде, бірі Баба Түкті Шашты Өзіздің баласы Едіге еді дейді. Сонан балалар ханның аулының қасында, бір күні көп бала ойнап жүрсе, Едіге тұрып айтады: — Әй, балалар, біз текке ойнамайық, барлығың киімдеріңді маған жинап беріңдер, мен хан болайын, сонан соң менің айтқан әмірімді тыңдап отырарсыңдар, — деді. Күнде қой бағып, бұзау бағып, ханның ордасының төңірегінде ойнап жүреді. Бір күні бір-екі адам жанжалдасады. Екеуі ханға барып жүгінбекші болады. Келе жатса, жолдағы баланы көреді. Өлгі екеуі біріне-бірі айтады:

— Жүр, жолдан мына балаларға бара кетейік, — дейді. Бұрылып келсе, ішінде бір хан болып отырған баланы көреді.

— Ал, бала, біздер бір нәрсеге жанжалдасып келдік, соны саған айтсақ, сен үкімін берер ме едің? — дейді өлгі екі адам. — Айтыңыз, Құдай аузыма салса, беремін, — деді. Екі кісінің біреуі тұрып айтты:

— Мен жаңа мына өзеннің жағасынан келе жатсам, бір қоңыр қаз отыр екен. Өзім мерген едім, сол қазды көріп, мосым-

ды асып, отымды жағып, кішкене қазаныма суымды құйып, жалма-жан қолыма мылтығымды ала бергенімде, мына кісі келді де, дауылпазын қағып, түйғынын салып, құсымды алып кетті, — дейді. Ана кісі тұрып: — Мен құс алып, көл жағалап келе жатсам, осы судың ішінде бір қаз отыр екен. Дауылпазымды қағып, құсымды салып алып отырғанымда, келіп «құс менікі» деп, жанжал шығарып, сонымен сіздің алдыңызға келіп, жүгініп тұрғаным осы, — деді. Бала тұрып мергенге: — Мен бір бұйрық берейін, соны орындасаң, құс сенікі, — деді. — Егер де орындамасаң, өзіңнің басыңды алуға ризамысың, — деді. «Ризамын» деді. Бір жас баланы алдырып, төсінің үстіне бір тауықтың жұмыртқасын қойды да: — Ана баланың төніне дарытпай, жұмыртқаны атып түсір, — деп бұйрық берді. Мерген анадай жерге барды да, отыра қалып атып қалғанда, баланың ешбір жеріне оқ дарымастан, жұмыртқадан ағып өтті. Сонан соң «баяғы қазды мергенге бер» дейді.

Бұл үкімге құс салушы да, мерген де риза болып тарасты дейді. Бұнан соң бұл хабар Тоқтамыс ханның құлағына түсті. Бұған елең қылмай, жүре берді деді. Бір күндерде хан тағы да тоғыз баланы атқа мінгізіп, қолдарына қылыш, найза, саржа беріп, тау арасына жіберді деді. «Сендер түпкілікті ханның сақшысы боласыңдар», — деді. «Осы күннен бастап атқа шауып, тау жағалап, найза салып, саржа тартып үйренесіңдер және күніне бір мезгіл ханның ақ ордасына келіп, ханға тағзым етіп, ханымның қолынан дәм татып тұрасыңдар», — деді. Балалар тап сол күнде он екі жаста еді. Баба Түкті Шашты Өзіз баласына сол жылы қалың беріп қойып еді дейді.

Тоғыз бала айтқанындай атпен ойнап, тау аралап, аюменен алысып, арыстанмен күресіп, ат үстінде дөңгеленіп жүрген кезі еді. Күндерде бір күні ханым тұрып ханға: — Сіз ешнәрсе байқамайсыз ба, осы ойындағы балалардың ішіндегі Бабаның баласы үйге кіріп келгенде, сіз селк етесіз, — деді. Хан тұрып ханымына: — Не былшылдап отырсың, мен осындай баладан қорқам ба, сөйлеп отырғаның не? — деп ұрысып салды. Сонда ханымы айтты: — Ертең келгенде, баяғы етегіңе тебен ине шаншып қоямын, сол инеден өзің-ақ білерсің. «Жарайды, көрерміз» деп, хан қарқ-қарқ күлді. Ертеңінде, балалардың келетін уақытында, ханымы ханның етегіне тебеннің бір жағын төсекке шаншып түйреп қойғанда, балалар: «Алдияр» деп үйге

кіріп келгенде, хан селк ете түсті. Сонда етегіне түйреген ине сырт етіп ұшып барып, үйдің жабығына шаншылып қалды. Со-сын ханым тұра келіп, балаларға қатық әкелді. Едігенің аяғына сиіп берді. Едіге беті ашылмаған аяққа ұйытылып қатырған ай-ранды көріп отырды да, жанындағы қылышын суырып алып, қатықты төртке бөліп, жартысын қылышпен былғап-былғап жіберіп, көтеріп салды. Сонда ханым тұрып: — Қалай екен, қатық жақсы ма екен? — деді. Едіге тұрып: — Тәуір, жаман емес, тек ыдысы ескіріңкіреген екен, әлі де бір кісіге жарар, — деді де шығып кетті. Сонсын ханым тұрып ханға айтты: — Сен не білдің? — деді. Хан тұрып: — Мен түк білгем жоқ, — деді. Ха-ным айтты: — Мен әуелі сенің етегіңе тебен ине шаншып қойып едім, сол ине бала үйге кіріп келгенде, сырт етіп ұшып барып, ана жабыққа шаншылып қалды, екінші, сол баланың айраны-на сиіп беріп едім, еліңді төрт бөліп, ортасына ойран саламын дегені еді, ыдысы ескіріңкіреген екен, әлде де бір кісіге жарар дегені осы ханды қартайтарсың дегені еді. Мен білсем, бұл Еді-ге болады. Бұның өлтіру жабдығын көзде, — деді. Хан барлық уәзірлерін шақырып алып кеңесті, қалайда өлтіретін амалын таппайды. Сонда ханым тұрып: — Былай мен бір амалын тап-тым, — дейді. — Бір үлкен той қылып, алпыс ақ үй тіктіріп, қалдырмай жұртты жидырып, арақ-шарап беріп сыйла, — деді, сонда бұл баланы бал тасуға шығар, — деді. — Сол уақытта «Кел, батырға» шақырсаңдар, мас болады, мас болған күнінде өлтіруге болады, — деді. Бәрі осы сөзді мақұл көрді. Бұл хабардың бәрін естіп, Баба Түкті Шашты Әзіз бір күні баласын шақырып алып, осы әзілдің бәрін айтты деді. Сонсын Едіге бабасымен, әм шеше-сімен амандасып, Баба Түкті Шашты Әзізге айтты: — Ал, баба, мына келінің ұл туса, атын Нұрадин қоярсың, қыз туса, Шерін Жамал қоярсың, — деді.

Сонда Баба тұрып: — Ал, шырағым, ертең үлкен тойда сені «Кел, батырға» шақырады, сонда сақ бол, шырағым, бір уақыттарда мен бір қолыммен қағып жіберермін, сол уақытта шығып, қашып барарсың, — дейді. — Бәлі, Баба, Құдай қосса, істермін, — деді. Сонан соң хан үлкен той жасады. Елі-жұртын қалдырмай шақырды. Тоғыз қанат ақ ордаға хан мен билер отырды, арақ-шарап құя бастады, сол кезде Едіге қасындағы жолдастарын шақырып алып, барлық мән-жайды түсіндіріп тұрды: — Мен үйге кіргеннен кейін, сендер барлық аттың оң

жақ таралықы бауын кесіп қойыңдар, менің тарланымды жабықтың тұсына жақындатып ұстандар, Алла қосса, бір ойын болады, — деді. Сонсын Едігені үйге шақырды, той қызықтар болып жатыр. Ханның қырық жаллаты есіктің алдында тұрды деді. Едігені бал тартуға шығарды. Жұрт тамам қызған кезде «Кел, батырға» шақыра бастады деді.

Едіге де тамам қызып келе жатқан уақытында Баба Түкті Шашты Өзіз: «Әй, шіркін, неге мас боласың?!» — деп жағынан шапалақпен соғып жібергенде, «ақ, ақ» деп барып, ілулі тұрған балдың ыдысының үстінен басып, жабықты қылышпен тесіп жіберіп шыға келіп, тарланға міне жөнелді. Қасында сегіз жолдасымен кетіп бара жатқанда, ханның қуғыншылары аттарына міне алмай, әр жерде біреуі жығылып, қала берді дейді. Бұл тоғызы сол кеткеннен кетіп бара жатып, бір күн түнде бір үлкен дарияға келеді. Дарияның ортасынан тұра қалып, ат суарады, сол уақытта Едіге жолдастарына айтады: — Мына судың түбінде қолдарыңа ілінген нәрсе болса, алып жандарыңа салыңдар, — деді. Сонда біреуі салмайды, басқалары алады. Едіге айтты: — Ертең бұны алған да өкінер, алмаған да өкінер, — деді. Содан таң атты. — Ал, қалталарыңды қағыңдар, — деді. Қараса, ылғи гауһар тас, ылғи маржандар екен дейді. Сонан жүре-жүре, бір күні түнде бір таудың үңгіріне кірді деді. Сол уақытта бағанағы жолдасы тағы да шегініп, барғысы келмеді. Сонда да көптен қалмай, бірге жүрді. Сол үңгірдің ішінде бір зират бар екен. Соған отырып, дұға қылады. Жұма күн түнде зираттан аттанысып барып, бір от жерге түсіп, аттарын жайылысқа жіберіп, жатып ұйықтап жатса, Едігенің түсіне өзінің әкесі Ебесей аталық енеді. «Ал, шырағым, құлыным, мына зират еткен мола, біздің түп атамыздың моласы еді, бұны тауып келдің, енді сен осы барғаннан Жайықтың арғы бетіндегі Сәтемір ханға бар, шырағым. Ол — біздің дос адамымыз. Тап осы күні ол хандықта үлкен шабын болып жатыр, шырағым», — деді.

Содан Едіге ойланып тұрады, төңірекке қарады, жолдастарын шақырып алып айтады: — Ал, жолдастар, біздің Тоқтамыс ханның сақшылығында сегіз жасымыздан бері бір жүрміз, ақыреттік дос болдық. Ал, сен жолдас, сен кеше түнде Жайықтан ат суарғанда су ішіндегі қазынадан да алмадың, екінші, әрдайым жолда жортқанда бір адым артта жүресің, сенің шын көңлің тоқтамаса қайт, ұлықсат, — деді. Сонда

жолдасы тәубеге қайтып, бұның анық Едіге екеніне нанып, көңіліндегі қателігін тастады деді. Сонан бәрі бір тілекте болып, жүріп жөнеледі. Содан бірнеше күн жол жүріп келе жатқанда, жолда жерді қазып шапқан, жорықшының ізіне тап келеді, сонда Едіге: — Ал, жолдастар, тоқтаңдар, мына із қалмақтың ханы Қорғасын батырдың аса тұяқты тұлпарының ізі болады. Бұл Сәтемір ханның елін шауып, шаттанып қайтып келеді екен, бұл шабылған елге несіне барамыз. Жәні болса, мына қалмақты өлтіріп, ханның қызын алып қайталық, — депті де артынан қуа жөнеледі. Жүре-жүре бір күндерде жолдастарына айтты: — Мен озайын, бұл жауға көлденең көк аттылы болып жолығармын. Мен барғансын, олар тасып келе атқан адамдар ғой, мені қазаншы қылып алар, сонда мен жер ошақтың түбіне ас көміп кетермін, сендер біздің ізімізбен түстенген жерімізге, қонаға қонған жерімізге түстенуге келіп тұрарсыңдар, — деді де асып жөнелді. Содан барып қалмақтың қолына көлденең көк аттылы болып жолықты дейді. Сонда қалмақ: — Ал, көлденең көк аттылым, қайдан келесің, қайда барасың? — деп сұрады. Едіге тұрып: — Мен бір ханның кісісін өлтіріп, қашып келемін. Ұлықсат болса, сіздің қолыңызға қосылғым келеді, — деді. Сонда қалмақ тұрып: — Жарайды, кел, қазан ұстай аласың ба? — деді. Едіге тұрып «иә» деді. — Олай болса, мына қазанның билігі сенде болсын, — деді. Сонда қазанды ұстап, бірер уақыт жүргеннен кейін, қалмақтың сыншысы тұрып ханға айтты: — Ау, хан ие, сен не білдің, осы біздің көлденең көк аттымыз Едіге болмасыншы, — деді, — Неге десеңіз, ас әкелгенде, хан сүйегін ханға салады, би сүйегін биге салады, құл сүйегін құлға салады, — деді. Сонда хан тұрып: — Осындай Едіге болмас, алысса аяғымнан жеңіледі, бұдан қорықпаймын, — деді. Сонан жүріп келе жатқанда бір күні хан айтты: — Бүгінгі түстегі түстенетін жердің билігін көлденең көк аттыға берейік. Едіге болса, от пен суды тауып түсіреді, — деді. Сонан көк аттылыны шақырып алып: — Бүгінгі түстегі түстенетін жердің билігін саған береміз, — деген. Едіге: — Жарайды, мен барып, қоныс қарап, түсе тұрайын, — деп жортып жүріп кетті. Сонан кейін елсіз, су-сыз жердегі бір бозаңға қосын тігіп, малын сойып, етін асып жатқан уақытында, артынан қалмақтың қолы келіп жетеді. Ол көлденең көк аттылының түскен жерінен қарап: — Бұл Едіге емес екен. Едіге болса, от пен суды тауып түсер еді, бұл таба



алмапты, — деп жайға келді деді. — Ал, көлденең көк аттылым, түскен жерінде от бар да су жоқ қой, — деді. Сонда бұл тұрып: — Қарттардың айтқаны естерінде жоқ па? «Отты орып же де, суды сүзіп іш», — деген, сондай-ақ су алыс емес, түстік жерде, — деді. Соныменен бұлар да жайласып қала берді. Шатырларын тікті, киімдерін шешті. Батыр қызбен екеуі шатырда жатыр, қасындағы қырық жолдасы тұрып: — Біздер барып ат суарып келеміз, суға түсіп тазарамыз, ал, көк аттылым, атыңды жібересің бе? — деді. — Жоқ, менің атым су ішпейді. Сорпа, жуынды ішсе де жарайды, — деді. Сонан қырық жолдасы кеткеннен кейін, Едіге де қара көкке мінеді, қылышын беліне байлап, саржасын қолына алып, ақ шатырдың алдына жетіп келіп: — Шатырдың есігін аш! — деп, қызға айқай салады. Сонда қыз есікті ашып жібергенде, ұйықтап жатқан қалмақтың жүрегінің басынан тартып кеп қалады. Оқ тиген қалмақ гүрілдеп қолын сермегенде, қара көктің құйрығы қолына түсіп, ат шойырылып, құлай жаздағанда, қыз тұрып: — Жат жігіт, жаныңа қара, — деді. Сол уақытта есіне түсіп кетіп, жанындағы қылышпенен қалмақтың басын кесіп тастады дейді. Айналып қызға келіп: — Сен әзірлене бер, қазір қайтамыз, менің атым — Едіге, — деді де шауып жөнеле берді. Шауып бұрынғы суға кеткен жігіттерге келсе, жартысы хандық болып, жартысы Едігелік болып шығалық ойнап жатыр екен дейді. Едігелік болып ойнап жатқан жағын: — Сендер өз хандарыңа қайырлық етпеген, маған да қайыр етпессіңдер, — деп, қырып салады да хандық болып жатқан жағын босатып қоя береді. «Барындар, мен Едігемін, хандарың өлді, елдеріңе қайт», — деп қоя берді. Соныменен Едіге қайтадан қызға келіп: — Атқа мін, қайтамыз, еліңді қуантамыз, — деді. Сонан соң қыз да атқа мінеді. Баяғы кейінде қайтқан сегіз жолдасы бұлардың қонған жеріне түстенуге, түстенген жерге қонаға жетіп, жайлап келеді екен. Едіге мен қыздың қайтып келгенін көріп, қуанып қалады. Сонан соң бұлар барлығы қосылып, Сәтемір ханның аулына қарап бет алады. Келе жатқанда қыз тұрып Едігеге: — Мен нақ батыр екендігіңізге нандым, ендігі жерде менің мақсатымды етсеңіз, мен сізге ғұмырлық жолдас болғым келеді, — деді. Едіге тұрып: — Жоқ, мен әйел алмаймын, әйелім бар, бірақ та саған өкіл ата боламын, — деді.

Сонан жүре-жүре бір күндерде шабындыда қалған Сәтемір ханның елінің шетіне келеді. Сонда ел-жұрты бұлардың жауды

қырып, қызды қайтарып алып келе жатқанын естіп, елі-халқы жиналып, ханға хабар етіп, ханы, халқы жиналып, Едігенің алдына келеді. Сол жерде Едіге де өзінің Ебесей аталықтың баласы екенін білдіреді. Сонан соң Сәтемір хан өзінің Ебесей аталыққа барғанын айтты. Қара шұбардың бір тұқымын ертедегі сауысқан басы үшін алғанын айтты. Сонсын Тоқтамыстың сол тұқым үшін, көзін ойып, азаптап өлтіргенін есітті. Сонан кейін Едігені үлкен сыйлықпен құрметтейді, сонан кейін, Сәтемір хан Едігеге: — Мен сені күйеу еткім келеді, — деп сөз салады. Сонда Едіге: — Жоқ, менің әйелім бар, мен кеткенде жүкті болып қалған еді. Соның арасында бірнеше жылдар өтеді. Бір күні Едіге ханға келіп: — Мен Тоқтамыс ханға барамын, маған қол бер, — деді. Сонда хан тұрып: — Қанша қол керек? — деді. Едіге тұрып: — Жеті жүз қол берсең жетеді. Сонсын хан жеті жүз қолды ертеді.

Едіге Тоқтамыс ханға қарап, жол тартады. Сол уақытта Тоқтамыстың сыншысы тұрып, Тоқтамысқа: — Уақытың жетті, Едіге келеді, Сәтемір ханнан тоғыз мың қол алды, елді қырады, орданы ояды, керегені кеседі, туырлықты теседі, — деді. Сонан кейін Тоқтамыс хан қорқады, үркеді, үрейленеді, не қыларға білмейді. Ақырында қашуға қолайланады, елі-халқы қорқып үрейленеді. Сасып не қыларын білмейді. Сол уақытта Едігеге еріп шыққан тоғыз жүз қолдан болғаны тоқсан кісі қалды дейді. «Едігенің айтқанына ере береміз бе, қасымызда ханымыз жоқ қой, кері қайталық», — деп, жалғыздан тарап кетіскен екен дейді. Сонымен Едіге батыр қалған тоқсан кісімен Тоқтамыс ханның еліне жақын келгенде, алдынан бір аттының шапқанын көреді. Ол адам бір итпен бір ұрғашы киікті қуып келіп, тап сол Едіге батырдың қолының алдына әкеліп, киікті алып ұрады. Сол уақытта батыр шауып келіп, иттің жүйріктігіне ғажаптанып тұрғанда, жігіт те шауып жетіп келеді. Сол уақытта Едіге тұрып: — О, шырағым, аң басы жүйрік болсын, — деді. — Ә, олай болса, алдыңызға болсын, байланыңыз, — деді. Едіге түсіп киікті байлатады, сосын бала тұрып: — Ал, жолаушылар, жол болсын, қай жаққа сапар тартып келесіңдер? — деді. — Осы жаққа келеміз. Ал, шырағым, бұл қай ханның қол асты, — деді. Сонда бала тұрып: — Бұл — Тоқтамыс ханның қол асты, — деді. — Ә, олай болса, сен кімнің баласысың? — деді. Сонда бала тұрып: — Менің атам — Баба Түкті Шашты Өзіз деген адам екен. Ол адам

ханның он екі қартының бірі екен. Сол кезде баласы ханға қарсы болып, баласы қашып кеткен екен, мен — сол кісінің баласымын, — деді. Сол жерде Едіге атынан түсіп: — Шырағым, атың кім? — деді. — Атым — Итбай, — деді. — О, шырағым, сенің өкең, Едіге дейтін батыр мен, — деді. Мен кеткен уақытта: — Ер бала туса, атын Нұрадин қойыңыз, қыз бала туса, Шерін Жамал қойылсын, — деп кетіп едім, олай істемей, атыңды Итбай қойып жүрген кім екен? — дейді. Сонсын Едіге тұрып: — Келші, қарағым, иіскеп, мауқымды басайын, — дейді. Сол жерде баласымен екеуі жыласып, еңіреп көрісіп, мауқын басты дейді. Сонсын Едіге тұрып: — Ал, шырағым, Тоқтамыс хан қайда? Мен оны шабайын деп келемін, басын аламын, — деді. Баласы тұрып: — Тоқтамыс хан сізден қорқып, күтінгеніне он күн болды. Барлық әскерін жинап, бір жағынан, сізбен атысып, шабысуға, екінші жағынан, қашуға да әзірленіп отыр, — деді. Сізді тоғыз мың қолмен келе атыр деп, сыншысы Кеңестің ұлы Кенжанбайдың сөзіне нанады, — деді. Сонда Едіге баласына айтты: — Сен ханға барып, хабар ет: «Едіге келіп қалды, қасында тоғыз мың әскері бар» де. Сонда бір сыр білдірер, — деді. Дереу баласы шауып, ханға барып, хабар етті: — Едіге келіп қалды, тоғыз мың әскері бар, — деді. Сол уақытта хан тұра қашты деді. Қасқара тұлпарын мініп алып, қасына өзінің нанымды серігі Доспайды ертті. Сыншы Кеңестің ұлы Кенжанбайды, тағы да бірнеше адамдарды ертіп қашты деп, Нұрадин келіп айтты. Бұл хабарды есіткен соң ханы, халқы жиылды, нағыларға айла таппады, бар әскері жиналып күтуде болды. Сол күні түнде Едіге тоқсан қолды шақыртып алып: — Бүгін кешке дейін асудан түсумен болайық, — деді. Кешке дейін тоқсан кісі бірінің артынан бірі шұбырып, таудан асып түсумен болды. Түнде тоқсан жерге от жақты, тоқсан от жалау көтеріп тұрды деді. Тоқтамыс ханның әскері мұны көріп, төзе алмай қашуға айналды. Сол уақытта Тоқтамыс хан қасына сыншысы Кеңестің ұлы Кенжанбайды ерітіп, және өзінің ақиреттік досы Доспайды ертіп, тағы да бір неше ат қосшы алып, биінің туған жиендеріне, тағы палуан, сұлтан, батыр ханға қарап жол тартты деді. Ханның қашқанын Нұрадин Едігеге келіп хабар етті. Едіге ести сала ханды қуа жөнеліп еді, Нұрадин тұрып әкесіне: — Әке, мен қуайын, сіз ордаға барып, дем алып жата тұрыңыз, — деді. — Олай болса, бақытың ашылсын, бар, балам, Тоқтамыстың басын кесіп әкел, — деді. «Қап,

ата», — деп жөнеле беріп, қайта айналып тұра қалып: — Бәрісін алған кісінің олжасы не болады? — деді. — Бәрісін алған кісінің бөлтірігі сонікі, — деді Едіге. Сонымен Нұрадин байлаулы тұрған екі торы ала тұлпардың бірін жетелеп жөнелді. Сол уақытта ханның сыншысы бал ашып, қарап келіп: «Қашайық», — деп ас-су ішуге шықса, бермей кетіп бара жатқан кезі екен. Бір уақытта Кеңестің ұлы Кенжанбай тағы да бал ашып: «Ал, беті бұрылды, асықпандар, жау кері қайтты», — деді. Тап сол күні Нұрадин жете алмаған соң, ерінің артқы қасын алдына қаратып, мініп қуған екен. Ханның сыншысының беті қайтты дегені осы еді деді. Сол уақытта Тоқтамыс хан «Енді кішкене тоқтайық, асықпай, жайлап тынығып барғанымызды білдірмейік, «жиен ел болмас, желке ас болмас» деген, олар бізге ел емес қой», — деп, киімін шешіп, битін қарап жатыр екен. Кенжанбай тағы да бал тартып, қарап жіберіп: «Ойбай, менің ішім ауырып барады» деп, дөңбекшіп жата қалады. Сол уақытта ханның жолдасы Доспай тұрып: — Мына Кенжанбай дүние құртқан сүм еді, сенің де басыңды жұтар. Нұрадин келіп қалған шығар, ал, хан ие, сен басыңдағы тажыңды маған бер де, өзің анау қалың нуға кіріп, жасырынып қал, Нұрадин келсе, әуелі мені өлтірер, қылышты екі шаппақ жоқ, сен аман қаларсың, — деді. Сонымен хан сасып жүгіріп барып, қалың нуға кіріп кетті. Астында торы ала аты бар Нұрадин торала қаздай болып заулап келіп, қылышын суырып алып, Доспайдың басын кеспек болып жатқан жерде, Кенжанбай өлген болып, аяғымен қалың нуға қарап серпе береді.

Сол уақытта Нұрадиннің есіне түсіп кетіп, көлге шапты, көлге келіп, іздеп таба алмай жүрсе, бір жерде қызғыштың топтанып сабалаған жеріне келді. Келсе, Тоқтамыс сол жерде мына жырды жырлап отыр екен:

— Ай, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Сені көлден айырған  
Су бүркіт пен құладың.  
Мені елімнен айырған  
Едігенің ұлы Нұрадин.

— деп жырлап жатыр екен, Нұрадин жетіп ақырып: — А, алдаушы залым, қанішер, менің ата-бабамды неғып едің, міне,

соның жазасы, — деп, қылышпенен мойнынан кесіп алып, басын қанжығаға байлап алып, қайта шауып, банағы жолдастарына келіп, Доспайға: — Сен тірі кет, ханың үшін, басыңды қидым, — деді. Сол уақытта Кенжанбай жылап қоя берді: — Жоқ, сенен пайда болмас, сенде уәде жоқ, сені де өлтіремін, — деп ұмтылғанда, аяғына жығылып, оралып жатқан соң, мұны да қоя берді. Сонсын Нұрадин елге тартады. Кенжанбай бірге шығады. Біраз күн шыққансын, Кенжанбай тұрып: — Мен елге барып, батырды қуантсам қайтеді. Ұлықсат ет, мен асайын, — деп сұрады. Нұрадин ұлықсат етті. Кенжанбай шауып жөнелді. Еліне келе Тоқтамыстың ханымына ханды өлтіргендігін айтты. «Енді, — деді, — мына екі қыздың ішіне көпшік байлап, буаз қыл және ертең Нұрадин келгенде қыздарға айт: «Шырағым, қазір Едіге келер, төсек салып қой, арқасын сипарсыңдар, өзір тұрыңдар», — дерсің. Сол уақытта Едіге үйге кіріп келгенде, сендер тұра жүгіріңдер. Нұрадин келгенде қозғалмаңдар», — деді. Айтқанындай Нұрадин келгенде қыздар қозғалмайды және буаз болып қалған секілді, Едіге келіп еді, орындарынан ұшып тұра келіп, төсек салып, жалбақтап қоя берді. Бұл Нұрадиннің ішіне мұз болып құйылды. Енді Едіге баласына қарап: — Шырағым, не қылдың, жауыңды жеңіп келдің бе? дегенше болған жоқ: — Әй, бетпақ ата, уәдең қайда? — деді де, екі көзін қолымен ойып, шығарып жіберді деді. Со жерде Едіге зағип болды.

Едіге зағип болып кеткен соң, Нұрадин сол үйде отырып, әкесінен айырылып қалғанына өкінді. Ханның қызының буаз болғаны да өтірік. Едігенің араласқаны да өтірік. Әкесінің нақақ көзін шығарғаны есіне түскен уақытта, түн бойы ұйықтамастан, жылап жүретін болады. Сонан күндердің бір күні сол жерде ағайынды төрт жігіт бар екен. Қарт шешесі бар екен, төртеуінің ортасында жалғыз ешкісі бар екен. Бір күні төртеуі енші алыспақшы болады. Төртеуі ешкінің төрт аяғын алады, анасына сүтін беретін болады. Сүйтіп жүрген уақытта, бір күні, кенже інісіне тиген аяғы жаралы болады. Оны лампы жағып, шүберекпенен байлап қояды. Бір уақытта ешкі шыбыңдап жүріп, жер ошаққа түскенде, шүберегі жанады. Ешкі жүгіріп қораға кірсе, қораның іші жанады. Сонан бір уақытта қораның сырты жанады, сонымен үй жанады, сонан барып шаһар өртенеді. Ақырында бірнеше жүздеген үй жанады. Ақырында өрт басылғансын, сұрастырып қарағанда, әлгі жігіттің еншісіне

тиген, баяғы ешкісінің аяғы болып шығады. Ақырында төрт жігітті әкеліп жүгіндіреді. Үш ағасы тұрып: — Біздің үш аяғымыз сау аяқ, олар өртеген жоқ. Мына баланың ауру аяғы өртеді. Лампы жағып, шүберек байлап жүрген, осыдан болды, — деді. Ақырында баланың мойнына құйылып, балаға үкім берді: — Үш күнге дейін босатып жіберемін, үш күннен соң қайтып кел, дарға тартып өлтіремін, — деді.

Қарсы айтатын әлі жоқ, бала шықты да кетті. Сонан жүре-жүре бір таудың етегіне барады. Сол уақытта елеңдеген бір адамды көреді. Бала жақындаған сайын, ол адам бірде бар, бірде жоқ болып жүреді. Сол уақытта әлгі адамның сөзі жалғыз-ақ: «Қаралақтағы тоғызым», — дейді, содан кейін әлгі бала қуа-қуа әлгі адамға жолығады. Жолыққансын ол адам сұрайды баладан: — Неғып жүрген баласың? — деп. Бала тұрып: — Ханның қаһарына ұшырап жүрген адаммын, — деді. — Қалай ханның қаһарына ұшырадың? — деп сұрады. — Осылай ағайынды төртеу едік, мал дегенде бір ешкі бар еді. Менің еншіме тиген аяғы жаралы болған соң, май жағып, байлап қойып едім, сонан өрт шығып, шаһар өртенген. Сол менің мойныма ілінді, сол себепті, — деді. Қарт тұрып: — Жауап алған хан тентек пе, айыпты болған сен тентек пе? Сен айтпадың ба, менің ауру аяғым еш қайда бара алмайтын еді деп. Сен әлде болса ханыңа бар. Тыңдаушыдан қам қалмайды, айтушыдан қам қалады деген, «менің ұмытқан сөзім бар» де, міне, осылай деп айт, бірақ «Сені кім үйретті?» деп сұраса, айтпа, — деп тапсырды. Сонымен бала жүгіріп, ханға келді: — Осылай менің күнәм жоқ екен, менің ауру аяғым ешқайда бара алмайды екен, оны апарып жүрген сау аяқтар екен, соны қайта тергесеңіз екен, — деп өтініш етеді. Сонда Нұрадин тұрып: — Бұл кеңесті кім үйретті? — деді. Бала: — Өзім білдім, — деді. — Жоқ, өзің білгенің жоқ. Айтпасаң дарға асамын, — деп қорқытты. Сонда бала тұрып шынын айтты: — Пәлен таудың етегінде бір адамды көріп едім, сол кісі үйретті, — деді. — Тағы да басқа не айтты? — деп сұрады. — Жоқ, басқа сөз сөйлемеді, тек айтатыны «қаралықтағы тоғызым-ай» — дейді онан басқа ештебір сөз айтпайды, — деді. Сол жерде баяғы Едігенің сегіз жолдасын шақырып алып, қасына ертіп, тауға қарап бет алды. Сол уақытта, таудың етегінде, елестеген бір адам көрінді. Сегіз жолдас бұрын кетті, Нұрадин өзі жаяу еңбектеп, бірнеше жерге аяқ, қолы шөпке қажалып, бауырын

шөп жыртып, киімдерін шөп айырып, жылап-еңіреп, бір замандарда барып жетті. Сол уақытта Едіге бұрынғы өзінің сегіз жолдасын қимай, әрең келіп жолығып тұрған кезі екен дейді. Нұрадин келіп, атасына көрісіп-көрісіп жылап: «Жаздым, жаңылдым, кеш, ата» деп өтініш етіп тұрғансын Едіге кешіп, баласымен құшақтасып, жыласып тұрып айтты дейді: — Сенің атыңды өуелде Нұрадин қойып, қой сүтін емізсе, бұлай болмас еді, бұның бәрі — Кеңестің ұлы Кенжанбайдың ісі, соған не деп өкпелейсің?! Баласымен табысып, баласы шәрге жаяу арқалап, әкесін алып келе жатқанда, яғни әкесіне тартқан айыбы, жолда Тоқтамыс ханның нәсілдері екеуін де өлтірген дейді.

# Едіге

Тоқтамыс деген хан болған, өзі қаһарлықты хан еді, оның Қуқанат деген жақсы құсы бар еді, оны жеті кісі бағып, аңдушы еді. Біреу сол құсқа жем берсе, артынан тағы біреуі аңдушы еді, «бір жамандық істемесін» деп. Сөйтіп жеті кісі бірін-бірі аңдушы еді. Алдыңғы жем беріп жүрген біреуі өліп қалды, соның орнына Тоқтамыс хан: — Осы ноғайдың ішінен біреуді тауып беріңдер, — деп бұйрық берді. «Өзі құсымды жем беріп, жақсы бағатын кісі болсын», — деді. Үш жаққа үш адам жіберді, біреуі де тауып келе алмады. Тоқтамыс хан енді: — Ноғайда адам жоқ па? — дегенде, біреуі тұрып айтты: — Бір адам бар еді, оған айтуға бетіміз шыдамады, — деді. — Кім? — дегенде: — Құттықия деген бір бала бар еді, өзі жапанда жалғыз отыр, өзінің жалғыз қарасы жоқ, өзі хан баласы болған соң, оған: «Сен құс бағасың ба?» — деп айтуға бетіміз шыдамады, — дейді. Сонда Тоқтамыс хан: — Бар, айтыңдар, — дегенсін, келіп Құттықияға айтқанда, Құттықия айтты: — Менің жалғыздығыммен жарлылығым ғой, құс бақ дегендерің, шара жоқ, халім келгенше бағармын, артыңнан көшіп барамын, — деді. Сонда Тоқтамыс ханның жіберген кісілері «Құттықия осылай деп айтады» деп айтып келді. Тоқтамыс хан айтты: — Қанша болса да хан баласы ғой, шарбақты тазалаңыз, сонда келіп қонсын, — деді. Тоқтамыс хан ол құсты далаға, терекке отырғызып, соның басына ұялатып, жұмыртқалатып еді. Құттықия көшті де, тап сол теректің қасына қонып отырды, ханның шарбағына қонбады.

Сонда Сәтемір деген бір қалмақ бар еді, ол Құттықияның әкесі Барпариямен дос еді. Құттықия Қуқанаттың қасына келіп отырғансын Сәтемір оны естіп, Құттықияға бір кемпір жібереді: «Бір балапанын маған беріп жіберсін», — деді.



Құттықия оны адамға көрсетпеді, беріп жіберу үшін (құсқа жем берейін деп шыққанда қасындағы басқа бағушылар үстін қарап жіберетін еді, бір жамандық істемесін деп) басындағы телпегінің төбесіне бір тауықтың жұмыртқасын салып барып, оны ауыстырып алып келіп, кемпірге «жасырын Сәтемірге бер» деп жібереді. Телпектің төбесі сондан шұңқыр болып қалған деді. Бір күндері Тоқтамыс ханның әр елге жіберіп тұратын жансыздары бар еді, сонда Сәтемір ханның еліне барған бір жансыз Сәтемірдің үйінде Қуқанатты көріп келіп, Тоқтамысқа айтады: — Мен Сәтемірдің үйінде Қуқанат құс көрдім, — деді. Сонда Тоқтамыс: — Алда, қан жауғыр-ай, Сәтемір хан Барпарияның досы еді, оны мына Құттықия беріп жіберген екен ғой, бар, Құттықияны мұнда шақырыңыз! — деді. Тоқтамыс ханның алмасы өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, ешнәрсе айтпастан, басын кесіп тастаған. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберген: — Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен? — деп, барған кісілер айтып келді: — Қатыны буаз екен, — деп. Сосын Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойды: — Баласы түскен кезде ұл, қыз демей, осында алып келіңіз, — деп. Бұл екі кісі «Қатын қашан туар екен?» деп бағып жүрді. Сонда сол үйдің қасындағы үйде той болып жатыр еді, сол той болған үйдің қара қаншығы буаз екен. Сонда Құттықияның қатыны толғатқанда, бағып жүрген екі кісі анау үйде тойда отырғанда, Құттықияның қатыны баласын тауып, бір адамнан: «Жылқыбайдың үйінің сыртына апарып таста», — деп, беріп жіберіп, өзі көршідегі той болып жатқан үйдің қарала қаншығының күшігін әкеліп, астына сала салды. Оны, ана бағып жүрген екі адам білмей қалады.

Сосын қатынның қасындағы күшік баласын Тоқтамыс ханға әкеп береді. Тоқтамыс «Құдайдың құдіреті» деді де отыра берді.

Бір күн Жылқыбай далаға шықса, сыртта бір бала жылап жатыр екен, оны үйге әкеліп қараса, ұл бала екен. Қатынына айтты: «Осы баланы емізіп, өз балаңмен бірге бақ, бұны Құдай берді, бұл — елден келген бала, соның үшін, оның атын Едіге қоялық,» — деді. Тоқтамыс ханның ел қыдырып жүретін жансызы бар еді, бір күні сол далада ойнап жүрген Едігені көріп, Тоқтамысқа хабар етеді: — Мен Жылқыбайдың үйінен бір бала

көрдім, асылы Жылқыбайдың тұқымына біткен бала емес, жауырыны қақпақтай, шекесі шоқпақтай, мойны құрықтай, көзі жанған оттай жайнаған. Сонда Тоқтамыс айтты: — Бар, Жылқыбайдың баласын мұнда алып кел, — деп. Жылқыбайдың баласын алуға кісі келгенде, қатынына Жылқыбай сөйлей бастайды:

- Жас он бесте қосылған,  
Қынадай белім шешілген.  
Ибалықпен сөйлеп сөз,  
Наздықпенен көсілген.  
«Баласын алып келсін» деп,  
Тоқтамыс хабар етіпті,  
Ол тілеуі кесілген.  
Тілімді алсаң, бәйбіше,  
Хан баласы Едіге,  
10 Едігені бермейік.  
Мұның бетін көрмейік,  
Біздің бала не болар.  
Тірі болса Едіге,  
Дұспаннан басып кек алар.  
Едігеден айырылсақ,  
Хан тұқымы жоғалар.  
Тілімді алсаң, алғаным,  
Едігені алып қалып,  
Өз баламызды берейік.  
20 Сонда бәйбіше мұңайды,  
Өлімге кетеді дегенсін,  
Жалғыз туған баласы  
Жыламай қалай шыдайды.  
— Асыл бірдей, алғаным,  
Дүниенің білдім жалғанын.  
Тоқтамыстай зұлымның  
Басқа қайғы салғанын.  
Берем десең бер, — деді,  
Қайғыруға бола ма?!  
30 Жорға таңдап міндірші,  
Торқа таңдап кидірші.  
Мен мауқымды басайын,

- Бір сағат маған сүйдірші.  
Тоқтамыстай зұлымға  
Барса бала, келу жоқ,  
Енді тірі көру жоқ.  
Өксіп-өксіп жылайды,  
Жыламай қалай шыдайды.  
Басайын деп бұл мауқын,  
40 Бір сағат тұрып сүйеді.  
Омырауын кемпір ашады,  
«Жүрегім менің күйді», — деп,  
Бауырына басады.  
Бетінен сүйіп егіліп,  
Көзінің жасы төгіліп,  
Кемпір сорлы бұл қалды.  
Бала мінді атына,  
Баласын ертіп қасына,  
Тоқтамыс ханның үйіне  
50 Жылқыбай келіп кіреді.  
Суырып алды Тоқтамыс  
Төсекте жатқан алмасты.  
Сермей қалды басын-ай,  
Басы түсті кесіліп  
Жылқыбайдың қасына-ай.  
Етегіне бұл салып  
Баласының басын-ай,  
Төге берді Жылқыбай  
Көзінің аққан жасын-ай.  
60 Сонда Жылқыбай  
Тоқтамысқа сөйледі:  
— Әй, Тоқтамыс, Тоқтамыс,  
Құдай алсын басыңды,  
Қысқартсын сенің жасыңды,  
Иесіз ордаң бұл қалсын.  
Қатын менен балаңыз  
Екеуі де тұл қалсын.  
Иесіз қалсын қалаңыз,  
Мендей болып зар еңіреп,  
70 Сақалың жуып жылаңыз.

Сонда Жылқыбай баласын құшақтап алып, жылаумен шығып кетеді.

- Құшақтаумен баласын  
Жылқыбай үйіне кетеді.  
Атқа да мінбей уайыммен,  
Жаяу жүріп кетеді.  
Қатыны келіп қасына-ай,  
Көзінің төгіп жасын-ай,  
Ұстап тұрды Жылқыбай  
Жерге қоймай басын-ай.  
Сонда кемпір сөйлейді,  
80 Сөйлегенде не деді:  
— Әй, Жылқыбай, Жылқыбай,  
Ақылың болса жылама,  
Жылағанмен бола ма?  
Өлген адам тұра ма,  
Тоқтамыс дегеніңді қыла ма?  
Қаншама жылап айтсаң да,  
Тірілмейді өлгенсін.  
Тоқтамыс неге тірі жіберсін,  
Белгілі жауын көргенсін?!
- 90 Өлгеніне қайғы етпе,  
Ол қайғыдан пайда жоқ,  
Өлімге қылар айла жоқ.  
Жалғызы өліп зарлаған,  
Біздей сорлы қайда жоқ?!
- 100 Қанша айтсаң да келмейді,  
Енді қайтып бала да?!
- Еш жас алма көзіңе,  
Жылама босқа балаға.  
Өзің алып барғансын,  
Өлтірсін деп бөлеге.
- Тәуекел ет те көре бер,  
Ісіне Ақтың көне бер.  
Жалғыз туған балаңды  
Қонысына қондыр да,  
Тәуекел етіп жүре бер.  
Жылқыбай көзі көреді

- Жалғыз туған баланы,  
 Ақырда жерге көмеді.  
 Қайтып елге келгенсін,  
 110 Ұйқысын шала қылмасқа,  
 Едігені бағады.  
 — Айналайын, Едіге,  
 Қарағым, көтер басыңды,  
 Тұрып-ай ішші асыңды.  
 Қашан тиям, қарағым,  
 Көзімнен аққан жасымды?  
 Бұл ордада кім қалды,  
 Жасы жетіп қуарған?  
 Мен секілді шал қалды.
- 120 Мынандай бір бөле тап болып,  
 Қарағым, тұршы, Едіге,  
 Мен отырмын қасыңда,  
 Асыл туған ер, — деді.  
 Адыра болып Ақ орда  
 Иесіз болып, тұл қалды.  
 Ақ орданың ішінде  
 Ие болып кім қалар?  
 Иесіз қалаған қараға  
 Екі құбас бұл қалды.

Сонда Едіге тұрып, Жылқыбайдың қолынан ұстап алып,  
 жүре берді.

- 130 — Ата, бері жүрші, — деп,  
 Шығып алғансын далаға:

— Ата, сіз малым иесіз қалады дейсіз, мен сенен туған бала  
 емес пе едім?! Мен тірі тұрғанда, неге иесіз қалады дейсіз?! Сон-  
 да Жылқыбай тұрып толғады:

— Арғы атаңды айтайын,  
 Алатайлы Аңшыбай.  
 Аңшыбайдың екі қатыны  
 Артық еді ақылы.  
 Ол да жалғыз өскен жан еді,

- Жоқ еді туған жақыны.  
Екі әйелден, қарағым,  
Екі бала бұл туды.
- 140 Баба Түкті Шашты Әзиз  
Екі бірдей ұл туды.  
Біреуінен бала жоқ,  
Біреуінен туғаны  
Барпария деген ұл болды.  
Барпариядан, қарағым,  
Құттықия деген бұл туды.  
Ол Құттықияны қарасаң,  
Жарлы болып, бұл кедей  
Хандығынан айырылып,
- 150 Отырып еді жалғыз үй,  
Қуқанат еді баққаны.  
Бақташысы өлгенсін,  
Қуқанаттың қасына  
Қондырды Құттықия әкеңді.  
Сол уақытта сен өзің  
Іште қалған бала едің.  
Қуқанатты баққанда,  
Қалмақтың ханы Сәтемір  
Жіберген екен бір кемпір.
- 160 Барпарияның досы еді,  
«Баққаны болса Қуқанат,  
Бір балапан берсін» деп,  
Бұл кемпірді жіберді  
Балапанды аларға.

Сонда жеті кісі бірін-бірі бағып жүруші еді. Сонда Құттықия төбесі шошақ телпектің астына, бір тауықтың жұмыртқасын көрсетпей алып шығып, әлгі жеті кісіге Қуқанаттың бір жұмыртқасын алып, оның орнына тауықтың жұмыртқасын салып, жеті кісіге көрсетпей, кемпірге беріп жібереді: «Сәтемірге апарып бер», — деп. Сонда Тоқтамыс ханның бір жансызы бар еді, сол ел аралап жүргенде, Сәтемірдің үйіндегі Қуқанатты көріп келіп, Тоқтамысқа келіп айтады: «Мен Сәтемірдің үйінен Қуқанат көрдім», — деп, сосын Тоқтамыс: «Қап, Сәтемірдің досы еді Барпария, оған Құттықия берген екен», — деп, сол кез-

де Құттықияны шақыртып, басын кеседі. Сосын үйінде қалған буаз қатынына екі кісі қарауылға қойып: — Қыз туса да, ұл туса да алып кел, — деп жібереді. Сонда Құттықияның қасындағы бір үйде той болады, жаңа сол той болып жатқан үйдің бір қара ала қаншығы да буаз екен. Әлгі қатынды бақтырып қойған екі қарауыл қасындағы үйдегі тойға кеткенде, қатын толғатады. Сонда әлгі қара қаншық та бір туады. Сонда қатын туа сала, екі қарауылға көрсетпей, баласын бір адамға береді: — Соны Жылқыбайдың үйінің сыртына апарып тастандар, — деп. Сосын өзі әлгі қара ала қаншықтың күшкітерін алып келіп жатады. «Сонда сені даладан тауып алып, үйге әкеліп, «елден келді» деп, атыңды Едіге қойдық. Сені өз баламызбен бірге емізіп асырадық, сосын бір күндері болғанда, Тоқтамыстың жансызы сені далада асық ойнап жүргеніңді көріп, оны барып Тоқтамысқа айтып, сосын Тоқтамыс «Алып келіңдер» деп кісі жібереді, сонда мен сені өлтіруге қимадым, хан баласы болған соң, хан тұқымы таусылар деп сыйладым, оның орнына өзімнің жалғыз баламды бердім, оны да Тоқтамыс хан өлтірді. Оның орнына қалған қазір сен, — деді.

«Ие болсын, — деп — қараға»,  
Тоқтамыстай залымнан  
Сүйтіп қалдым пәлеге, — деді.

Сонда Едіге Жылқыбайға: — Баймын дейсің ғой, кәне, жылқыңды әкел, көрейін, — деді. Жылқысы жиналып келгенде: — Жылқың көп болғанмен, мұның ішінде мінітетіні жоқ екен, — деді Едіге Жылқыбайға. Маған басқа жылқы тауып беріңіз, — деді. Сондағы бір жарлының бір шұбары бар екен, «екі жылқыға ауыстырам» деп жүрген, Жылқыбай оны, екі жылқы беріп алып, Едігеге береді. Едіге «осы жарайды» деп, мініп алады шұбарға. Сол заманда Тоқтамыстың қырық нөкері бар еді, күнде кешкі салқынмен аңға шығатын, аңнан келіп, күнде Тоқтамыстың бағына түсетін нөкерлер. Сонда Едіге де Тоқтамыстың қырық нөкерлерімен бірге аңда жүріп, олар қайтқанда, солармен бірге Тоқтамыстың бағына түседі екен. Ол қырық кісінің біреуі Аңғысын деген кісі еді. Едіге мен Аңғысын екеуі құшақтасып, қияметтік дос болады. Ханның нөкерлері түс болғанда отырып шарап ішетін еді. Бір күні Едігені Аңғысын

«Шарап ішейік» деп шақырады. Едіге бармады: — Менсіз де ішіп жүрсіз ғой, іше беріңіз, — деп. Сонда қырық кісі шарап ішіп кеткесін, Тоқтамыс ханның қатыны қасына барып отырғанда, Едіге кіріп келіп: «Ассалаумағалейкум», — дегенде, Тоқтамыс селк етіп түсті. Сонсын қатыны үйіне барып, қара сиырды сауып, сүтін қатық қылып ұйытады. Бір тостағанға ұйытып, қатықтың үстіне қасық салады да, ішіне ұқсатып тұрып сиеді де: — Соңғы кеткен жігітке осыны апарып бер, — деді. Едіге қатықты алып, ішіндегіні қасығымен төртке бөліп, қақ ортасынан ішеді. Ішіп болған соң, — Мына аяқты иесіне апарып бер, — деп, қатықты апарған кісіге береді. — Қатығы тәтті, иесі ескі деп, апарып бер, — деді. Сонда қатын ойлады: «Алда, қан жауғыр-ай, менен үлкен болып кетті, маған тең емес», — дегені ғой, жаңағы қатықты төртке бөлгені «Еліңнің мына жағынан кіріп, мына жағынан шығам», — дегені екен, ортасын ойып ішкені, «Ордаңды бұзып алам», — дегені екен. Сосын тағы Тоқтамыс хан келіп отырғанда, қатыны және қасына келіп отырады. Сонда Тоқтамыс ханға: — Сіз осы соңғы келген жігіттен қорқасыз-ау, — деді. Сонда Тоқтамыс: — Атаңа нәлет, «қатын — дұшпан» деген ғой, жер-жердегі хан біткен маған басын ұрып, еңкеймей кетпейді, енді маған өзімнің қызметкерімнен қорқады деп, айттып тұрғанын қарашы! — деп, қатынын өлгенше сабайды. Сосын қатыны үйге барып, бір тебен инені бір ұстаға апарып: «Қатты сүріп берсін» дейді. Сонда ол ұста қатты сүріп береді. Едіге келетін уақытта қатыны тебен инені алып, Тоқтамыстың қасына келіп отырады, жаңағы тебен инемен Тоқтамыстың киімінің астындағы төсегіне түйреді де, қасына етегін баса отырады. Сонда Едіге келіп: «Ассалаумағалейкум» дегенде, Тоқтамыс хан селк еткенде, тебен ине шарт ете түсті. Едіге кеткенсін, Тоқтамыс ханға қатыны айтты: — Қорықтың ба, қорықпадың ба, мына инені қарашы, — деді. Сонда Тоқтамыс хан енді шошынғанын біледі. Сонда Тоқтамыстың Сыпыра жырау деген жыршысы, Кеңестің ұлы Кеңжанбай дегені бар еді. Тоқтамыс Едігеден басқа, бар жақсыларды жинап, кеңес құрады: — Осы Едігені өлтірейін, — деп, — соны қалай өлтіру керек? — деп. Жанбай би тұрып айтты: — Жиырма үй тіктіріп, үлкен той қыл, сонда Едігеге табақ тарттыр. Және Едіге табақ тартқанда, сол үйдегі кісілердің бәрі, Едігеге асатсын, сосын қымыз бергенде, қымыздың сарқытын Едігеге ішкізсін, сосын ең шеттегі үйге



Сыпыра жырауды қой. Сыпыра жырауға барғанда: — Мен сені танымаймын, қай баласың? — деп Сыпыра жырау сұрасын Едігеден, Едіге ер болса, қорықпай ата-бабасын айтар. Қорықса айтпас, қорықпай айтса, өлтіру керек, қорқып жасырса, өлтірмесе де ешнәрсе ете қоймас. Және сол үйдің есігінің екі жағына екі адам қою керек, екеуіне екі пышақ беріп, олар Едіге есіктен шығам дегенде, ішін жарып өлтірсін, — деді. Тоқтамыс хан Жанбай бидің бұл сөзін мақұл деді, жиырма үй тігіп, той жасады. Сол тойды жасайын деп әңгімелескенде, Аңғысын ішінде бар еді. Сосын Аңғысын Едігеге келіп: — Енді қызық болды, — деді, — енді тез үйге бар да бір мықты нарыңды сой, — деді. Оның мойнын бітеу ал, — деді. Сосын оның бір жағын тастай қылып тікті, екі бұрышына жіп тағып, бір шетін ышқырыңа, бір жағын тамағыңа байла. Тамағыңның астындағы шеті ашық болсын, сонда торсықтай болсын, ішің қабақтай болсын, — деді. Сонда Едіге торсықты байлап алып, табақ тартуға шықты. Отырған жұрт әрқайсысы Едігеге асатам деп ет берсе, Едіге оны асамайды, торсығына сала береді көрсетпей. Сосын ең шеткі үйге барып табақ тартқанда, Сыпыра жырау сол үйде еді. Сонда Аңғысын да тойға келген жігіттердің атының үзеңгісінің оң жағын қиып қойып еді, басса үзіліп кеткендей қылып, шеттегі үйге келгенде Сыпыра жырау Едігеден сұрай бастайды:

— Жасы жеткен қартыңбыз,  
 Біз — бір үлкен болған жан, — деді.  
 Табақ тартқан жас бала,  
 170 Аты-жөнің кім? — деді.  
 Танымай тұрмын мен, — деді,  
 Меңзетемін біреуге, — деді.

*Сонда Едіге тұрып сөйлейді:*

— Атам атын сұрасаң,  
 Ала тайлы Аңшыбай.  
 Баба түкті Шашты Әзиз —  
 Аңшыбайдың баласы.  
 Шашты Әзиздің баласы  
 Барпария сұлтан хан еді.  
 Өз әкемді сұрасаң,

180 Құттықия бек еді,  
 Өзім атым — Едіге, — деп айтып жатқанда,  
 Аңғысын жүгіріп келіп, есігінің алдында, ат үстінде тұрып,  
 Едігеге сөйлей бастады:

— Менің атым — Аңғысын,  
 Аңдашы сөзім соңғысын.  
 Едігедей ер, — деді,  
 Ажал жетті тез, — деді.  
 Келтірдік алып шұбарды  
 Жер болғанды жапыра.  
 Екі алмасты алуға,  
 Сіздерге тұр салуға.

190 Тәуекел Ақтың кісі еді,  
 Өлмей жаның қалуға.  
 Кідірме, батыр, сен, — деді,  
 Өзірледім мен, — деді,  
 Жылдам шығып кел, — деді.

Сонда Едіге үйден шыға жүгіргенде, есіктің екі жағында тұрған екі кісі Едігеге пышақты салып қалғанда, манағы жинаған еттер тарқатылып қалады.

«Ішін жарып салдық деп,  
 Өлтіріп мұны қалдық», — деп, есіктегі екі адам кейін шегінеді.

Атқа мініп алады,  
 Аңғысын мен Едіге  
 200 Шаһардан шығып барады.

Едіге мен Аңғысын қаша жөнелгенде, қуамын дегендердің оң жақ үзеңгісі қиылып, қуа алмай қалады. Сонда Тоқтамыс хан Сыпыра жырау мен Жанбай биді шақыртып алады: — Едігені қалайда маған ұстап әкеліп беріңдер, — деді. Сонсын Сыпыра жырау мен Жанбай би Едігеге келіп сөйлейді:

— Едіге сұлтан ер, — деді,  
 Артыңнан келдім мен, — деді,

- Кідірші, батыр, сен, — деді.  
Тоқтамыстай залымды  
Түсіріп тақтан қояйық.  
Тоқтамыстай залымның  
Басын кесіп алайық.  
Жоқ қылып оны жоялық,  
Орнына сізді қоялық.  
210 Қайта жүрші қалаға,  
Кетпе, — деді, — далаға.  
Талайды көрген бабаңмын,  
Ашуыңды, Едіге,  
Тілей келдім мен, — деді,  
Қайта жүрші сен, — деді.  
Жасы жеткен бабаңыз  
Бір тілегін бер, — деді.

*Сонда Кеңестің ұлы Кеңжанбай сөйлей бастайды:*

- Әй, Аңғысын, Аңғысын,  
Хан баласын қаңғыртып,  
220 Енді қайда барасың?!  
Кетірме мұны далаға,  
Қайта алып жүр қалаға.  
Қатын мен қалды балаңыз,  
Іні мен қалды ағаңыз,  
Ата мен қалды анаңыз.  
Тоқтамыс кеткесін далаға,  
Тұрғызбалық қалаға.  
Шақырып келдік біз, — деді.  
Қалаға қайтшы, сіз, — деді.

*Сонда Едіге сөйлей бастады:*

- 230 — Кеңестің ұлы Кеңжанбай,  
Ақылың жоқ, боқ Жанбай.  
Тыңдамаймын сөзіңді,  
Алма менің мазамды.  
Енді жауап сөйлесең,  
Тарттырамын жазаңды.

- Жеткіземін қазаңды,  
 Оярмын сенің көзіңді,  
 Өлтіремін өзіңді,  
 Тыңда менің сөзімді.
- 240 Сыпыра жырау, сен, — деді,  
 Екеуің де кейін қайт,  
 Енді кейін қайтпасаң,  
 Екеуіңді де өлтірем.  
 Мен кетермін, кетермін,  
 Сәтемірдей қалмақтың  
 Еліне іздеп жетермін.  
 Сәтемірдің елінде  
 Шұбарды үш ай бағармын.
- 250 Осы отырған қалаңды  
 Талқан қылып шабармын.  
 Тоқтамыстай ханыңның  
 Ордада басын алармын.  
 Үш ай, тоқсан күн болғанда,  
 Осы ордаға жетермін,  
 Келерде хабар етермін.

Едіге Сәтемірдің еліне барып үш ай, тоқсан күн болғанша Көкшұбарды бағып жатады.

Үш ай, тоқсан күн болғансын, Аңғысынды ертіп, Едіге елге қарай салады.

Сонда Сәтемір хан Едігеге: — Әскер берейін, ал, — деп еді, Едіге: — Әскердің керегі жоқ, мен өзім он ноғайға теңмін, — деді, — әскер алып қасыма, бүлдірмеймін ноғайды, — деп, ешкім алмайды қасына. Елге үш күндік жер қалғанда, алдынан Аңғысынды жіберіп, қоя береді. — Тоқтамысқа хабар бер, ел-жұртын жинасын, босаң болып тұрмасын, үш күн сәске болғанда жетермін, — деді.

*Аңғысын Тоқтамысқа келіп, сөйлей бастайды:*

— Ей, Тоқтамыс, Тоқтамыс,  
 Едіге ерің келеді,  
 Жолдас едім мен, — деді.  
 Қол астыңа жинашы,

- 260 Бейқам болып тұрмашы,  
Хабарға келіп мен, — деді.  
Үш күннен соң келеді,  
Едігедей ер, — деді.  
Шабайын деп қалаңды,  
Көрейін деп әлінді,  
Берейін деп саған өлімді.  
«Тез бар, — деді, — сіздерге»,  
Айттым хабар мен, — деді.  
Ендігісін өзің біл,
- 270 Тоқтамыс хан, сен, — деді.  
Аңғысын қайтып келеді,  
Едігеге жетеді,  
Келіп хабар етеді.  
Тоқтамыс салды хабарды,  
Ноғайға «Кел» деп бұйырды:  
— Едігедей ерменен,  
Ұрысуға ер, — деді.  
Тоқтамыстың сөзіне,  
Жалғыз ноғай ермеді,
- 280 Бір адам еріп жүрмеді.  
Тоқтамыс жаман торықты,  
Келмегесін бір адам,  
Өте жаман қорықты.  
Желмаяны алдырып,  
Кетер болды Тоқтамыс.  
Тұрмасын деп қалаға,  
Кетер болды далаға.  
Қатын менен балаға  
Тоқтамыс болды садаға.
- 290 Өрге қарай жөнелді,  
Тоқтамыс қашып далаға,  
Әрбір жерге барады.  
Бір тоғайға тап болды,  
Тоқтамыс хан қалады.  
Түйе де, кісі көрінбес,  
Сондай қалың, ну еді.  
Тоқтамыс хан ойлады  
«Қаша беріп нетем» деп,

Осы жерге қорғалап  
300 Жан айласын етем деп.

Сонда бір қызғыш құс тап болып, жұмыртқалап жатыр екен. Қасына адам жатқанын көргенсін, қызғыш құс шырылдап, түйілді, сонда Алланың қаһарымен гулеген қызыл жел қаптады. Едіге Тоқтамыс ханның еліне келсе, Тоқтамыс хан жоқ, қашып кеткен екен, артынан қуып кетеді. Сонда шалғын жапырылғанда Тоқтамыстың айтқан сөзі:

— Гулеме, желім, гулеме,  
Алладан үкім келсе, тынарысың.  
Жапырылма көк шалғын,  
Еліміздің ажары  
Баса қонса, сынарысың.  
Әй, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Отыңды оттап, суыңды іш.  
Сені көлден айырған  
Қаршыға құстың екпіні.  
310 Мені елден айырған  
Едігенің секпілі.  
Едігедей ер жетті,  
Қатын менен баланы  
Бір көрсетпей шөлдетті.  
Бір тоғайдың ішінде  
Қара жерге көлбетті.  
Енді болды өлгенім,  
Едігенің мен білдім,  
Жатқанда бағып көргенім.

*Едіге Тоқтамыстың артынан қуып жетіп айтқаны:*

320 Тоқтамыс, хан сен, — деді,  
Артыңнан келдім мен, — деді.  
Құттықия бабамды  
Өлтіргенің шын ба еді?!  
Бір торғайдың құны үшін  
Жылқыбайдың өлтірдің,  
Мен үшін жалғыз баласын,

Тастап иесіз қарасын.  
Екі адамнан артық көрдің бе,  
Бір торғайдың баласын?!

*Сонда Тоқтамыс сөйлейді:*

- 330 — Басымда бақыт тұрғанда,  
Кетпес деп едім дүниеден.  
Басыма қонған бағымнан,  
Айырдың мені тағымнан.  
Қулықтан туған құлаша  
Ат боларын білмедім,  
Жетектеп алып кетерге.  
Тумадан туған сұм бала  
Ер боларын білмедім,  
Жөргегіңді кесерге.
- 340 Бұл дүниеден мен болдым  
Енді шығып кетерге.  
Елім кетіп танғаным,  
Дүниенің білдім жалғаным.  
Қатын, балам аманат,  
Енді кетіп қалғаным.

Едіге алмаспен Тоқтамыстың басын кесіп алып, сақалынан қанжығаға байлап алып, Едіге елге қайтады.

Жетейін деп еліне,  
Ата-анасын көруге.

Тоқтамысты Едіге қуып кетті дегесін, Жылқыбай мен қатыны бір төбенің басынан түспеген екен, жеті күн тамақ ішпей, «Едігежан не істер екен?» — деп, «қандай күнді көрер» — деп.

- 350 Үйінен тамақ татпаған,  
Едігежан нетер деп.  
Үйінен тамақ татпаған,  
Қандай күнді көрер деп.  
Ол төбенің басында

Екеуі жылап қақсаған,  
 Көзінің жасын тия алмай,  
 Жылап тұрды-ау қия алмай.  
 Қасына келіп отырды  
 Өзінің туған анасы.  
 Ол да нағып шыдасын,  
 Ішінен шыққан жалғыз баласын.

Сонда төбенің басында тұрған Жылқыбайға келіп, Едіге Тоқтамыстың басын лақтырады.

360 Өзінің туған шешесі де  
 Бірге келіп тұрған екен  
 Жылқыбайдың қасына-ай.

*Сонда Тоқтамыстың басын етегіне салып тұрып,  
 Жылқыбайдың айтқан сөзі:*

— Артық едің, асылым,  
 Ертеден сені алғаным.  
 Жалғызың бүгін тірілді,  
 Едігені бере алмай,  
 Бүгін алып қалғаным.  
 Ризамын Құдайға,  
 Едігені бергенсін!  
 Басын алып жалғыздың,  
 370 Едіге алып келгенсін,  
 Ризамын Аллаға.  
 Бүгінгі күн осылай,  
 Тыңдашы менің сөзімді.  
 Бас қосып жастан алғаным,  
 Болар ма менің арманым!  
 Едігедей сұңқарым,  
 Келіп қондың, қарағым,  
 Ақ сұңқарым қолыма.  
 Осылай қайрат етер деп,  
 380 Кіріп еді ойыма.  
 Едігедей қарағым,  
 Тоғыз ай, он күн көтерген



Мынау тұрған анаңыз.  
 Ембесең де көріңіз,  
 Анаңа жауап беріңіз.  
 Ризамын мен саған,  
 Шешеңізге еріңіз!

*Сонда өзінің шешесі сөйлей бастайды:*

- Едіге деген ер еді,  
 Құлағың сал, Едіге,  
 390 Бір тұқым едің сен, — деді.  
 Жерге түскен бойыңда,  
 Емізбедім мамаңды.  
 Тоқтамыстай залымның  
 Пиғылы оның жаман-ды.  
 Жіберіп едім сыртына  
 Жылқыбайдың мен, — деді,  
 Жаның аман қалды енді.  
 Жылқыбайдың үйіне  
 Отын алып, от жағып,  
 400 Менен туған бала болсаң,  
 Жылқыбайды бағып жүр,  
 Өлгеніңше сен, — деді.  
 Бала емессің, шырағым,  
 Жылқыбайды бақпасаң.  
 Балам демен мен, — деді,  
 Атаға тартып тумасаң.  
 Атаңың жолын қумасаң,  
 Атаңа тартып сен тусаң,  
 Жылқыбайды бағарсың.  
 410 Не құлқын ойлап табарсың,  
 Сүтін берген мынау қарасаң.  
 Елік сүтін емген соң,  
 Көзіңді ашып, қарағым,  
 Жылқыбайды көрген соң.  
 Сонда Едіге сөйледі,  
 Сөйлегенде не деді:  
 — Асыл туған Жылқыбай,  
 Артық еді бабамыз.

- Келмеді деп жылайсыз  
 420 Перзент жалғыз балаңыз.  
 Балаңды берсең мен үшін,  
 Сүрегі біткен күніңіз.  
 Айтатұғын сөзім бар,  
 Жылқыбай, ойлап біліңіз.  
 Тоқтамыстың орнына  
 Хан етіп сені қоямын.  
 Тоқтамыстай хандардың  
 Қызын алып беремін.  
 Бетіңе біреу қараса,  
 430 Басын кесіп, жоямын,  
 Тұқымын құртып қоямын.  
 Өлгенімше бағармын  
 Екеуіңнің құлқыңды,  
 Тірі жүрсем, табармын.  
 Назарым саған салармын,  
 Қараған дұшпан бар болса,  
 Басын кесіп, жоярмын.  
 Ағайын, туған халқымен  
 Тұқымын құртып қоярмын.

Сонда Едіге Тоқтамыс ханның үлкен қызын алып беріп,  
 Жылқыбайды хан қылып, таққа отырғызып қояды, онан екі  
 бала туады. Бірінің аты — Сұлтан, бірінің аты Меңді болады.

- 440 Тоқтамыстың қызынан  
 Екі ұл туды, қарашы.  
 Сексен жасқа келгенде,  
 Балалы болды шамасы.  
 Ешкімнің жоқ Алланың  
 Еткен ісіне шарасы.

*Сонда Едіге бұрын атқа мініп, жауға шықпаған еді:*

Едіге атқа мінгенде,  
 Қалмақ деген ел еді.  
 Қанқожа деген қалмақ бар еді,

Абығай дейтін баласы бар,  
Тоғалай дейтін ері бар.

Сонда Едіге Қанқожаның еліне барайын деп, сапар шекті. Қасына екі жүз әскер алды ол күнде Ащыбасшат деген жер еді, ол — қалмақтың тұрған жері. Сонда Қанқожаның баласы Абығай мен ері Тоғалай ноғай келеді деген соң, екі мың кісі әскермен қарсы аттанады. Сонда екі жақтың әскері қарсы келеді. Сонда Абығайдың айтқаны:

- 450 — Аттанған ноғай ел, — деді,  
Қалмақ — едім мен, — деді.  
Мекен еткен қашаннан  
Мынау — біздің жер, — деді.  
Азғана ноғай сен, — деді,  
Көп қалмақпын мен, — деді.  
Қонысымда тұрғанмын,  
Сен секілді ноғайды  
Қашаннан-ақ алғанмын.  
Енді болар, ноғайым,
- 460 Кеудеңде сенің арманың.  
Сонда Едіге сөйледі:  
— Қалмақ едің сен, — деді,  
Ноғай едім мен, — деді.  
Ноғайға көзің салғаның  
Бар ма еді бұрын-соңды  
Ноғайды шауып, жесір алғаның?!  
Енді болар, Абығай,  
Өлгеннен соң арманың.  
Алмасам сенің еліңді,
- 470 Тыңда мені тый, қалмақ,  
Менің айтқан кебімді.  
Өзіме қоныс қылармын  
Сен отырған жеріңді.  
Сонда Абығай сөйледі:  
— Аттандырдым мың кісі,  
Алсын деп сенің қолыңды.  
Көруге ноғай шамаңды,  
Сен өзің қандай ел едің?!

- 480 Менімен қандай тең едің,  
Көрмеп пе едің бұрын сен,  
Біздей қалмақ баласын?  
Қайратыңнан көрдің бе,  
Сен ұрысып шамасын!  
Қайратыңа мақтанба,  
Алсаң, алып жүрген шығарсың  
Аз ғана қалмақ баласын.  
Тоғалайдай еріміз,  
Кеткен жоқ жауға кегіміз.  
Тыңда айтқан кебіміз,  
490 Басылды ма, ноғайлы,  
Кеудедегі жараңыз.  
Бізге бағи болады  
Астана мекен қылған жеріңіз.  
Біздің дінге кіреді  
Сіздің ноғай еліңіз.

*Сонда Едігенің айтқан сөзі:*

- Біз ноғай деген ел едік,  
Ежелден жатқан ер едік.  
Қалмақты көрсек алармыз,  
Талқан қылып, — деп едік.  
500 Аз ғана кісі қолымыз,  
Болушы еді жолымыз.  
Сен секілді қалмағың  
Болмаушы еді теңіміз.  
Әлі бар ма, қалмағым,  
Алдырман деген ойыңыз?!  
Соғысалық енді біз,  
Өңгімені қойыңыз!  
Едіге енді қарады,  
«Алла» деп ұран салады.  
510 Екі жүз кісі қолменен  
Едіге кіріп барады.  
Екі мың кісі қалмақпен  
Екі жүз кісі салысты.  
Неше күндей ұрысып,

- Қырғын болып қалысты.  
Сол ұрыстың ішінде Қанқожаның баласы  
Абығайды өлтірді.  
Қалмақ қашпай не қылсын,  
Екі мың кісі қалмақтан  
520 Бес жүздейі өліп қалады.  
Бес жүз кісі өлген соң,  
Мың бес жүз кісі қалмағың  
Ол да қашып жөнелді.  
Қашқан жауды қуа ма,  
Бір қашқан кісі тұра ма.  
Қанқожадай қалмаққа  
Барып хабар еткен соң,  
Алды қашып жетеді,  
Ханға хабар береді.  
530 Қалмақ сонда асарға  
Босып, қашып жөнелді,  
Көрінбей жаудан қашарға.  
Тоғалай деген қалмақтың  
Астында мінген боз еді.  
Қорықпайтын батырдың өзі еді,  
Тоғалай салды соғысты.  
Қызылқұмның ішінде  
Екі батыр тоғысты,  
Екі күндей соғысты.  
Тоғалайды өлтіріп,  
540 Қанқожа кеткен жер еді.  
Қанқожа қашты тұра алмай,  
Тұрғанменен не пайда,  
Жер қонысын қия алмай.  
Өлі қашты Қанқожа,  
Қара жерге сия алмай.  
Үш Бөкенбай жерлерде  
Қанқожа асты кетерге,  
«Жолықтым, — деп, — бекерге» .  
Қанқожа қалдырды  
550 Ноғайлыққа қаласын,  
Асырып қатын-баласын.  
Абығай мен Тоғалай

- Екі батырды өлтіріп,  
Қалмақтың көрді шамасын.  
Қанқожа қалмақ ер еді,  
Кетпестен бұрын мың кісі  
Ноғайлыққа аттандырып,  
«Оған барыңыз», — деп еді.  
Аттанған кісі мың болды,  
560 Ноғайлыққа кететін  
Қалмағыңның шын болды.  
Едіге құды артынан  
«Қанқожа қойман» деп.  
Оны қуып кеткенде,  
Бөкенбайда жатқанда  
«Ноғайға қалмақ жетті деп,  
Елге әлек етті» деп,  
Едігедей ерлерге  
Сонда хабар етеді.
- 570 Ердің көбі таныпты,  
Бір жүзі өліп ноғайдың  
Сол сапарда қалыпты.  
Қанқожаға жете алмай,  
Артынан хабар еткесін,  
Едігедей ер қайтты,  
«Елге қалмақ жетер» деп.  
Қашқанды қуып бұл жүрген  
Жалғанынша бекер деп.  
Жүз кісі әскер қасында,
- 580 Едіге жүріп келеді  
Елге бүлік салар деп.  
Ол қалмақтың бастығы  
Иманқара ер еді.  
Ол да Қанқожаның  
Бір баласы деп еді.  
Аттанып қалмақ келгенсін,  
Едігедей ерлерді  
Таппасын ба ол қалмақ  
Ерлердің жатқан жерлерін.
- 590 Шеттен келіп тоғайдан  
Қалмақ келіп ел алды.

Ел алғанда нені алды,  
Едігедей ерлердің  
Мекен еткен жерді алды.  
Ішінде келіп сол жерде  
Тоғанның елін шабады.  
Қиырдан іздеп табады.

Қатыны жау қолында қалады. Сонда Иманқара елсіз жұртты шауып алады. Сонда қалмақтар Тоғанның қатынын айдап кетіп бара жатқанда, жесірдің үстіне Едіге жүз кісімен Қанқожаны тастай беріп, бұған келеді. Сонда қалмақтың ханын өлтіріп, төрт күн соғысып, айырып жесірді алады:

— Едігедей ер еді,  
Едіге тірі тұрғанда,  
600 Жесірді қалай береді?

Сонда жесірді айырып алған соң, Тоғанның қатыны Едігеге келіп сөйлей береді, ол қатынның аты Мақпал сұлу еді.

— Едіге сұлтан, ханымыз,  
Кеудедегі жанымыз,  
Артық туған бегіміз.  
Сұлтаным жауға кеткесін,  
Бүлінді қатты еліміз.  
Жібектен тартқан ұзыннан  
Кесілді мынау желіміз.  
Жаяулық көрді басымыз,  
Есім кетіп мен деген,  
610 Тек жаным қалды-ау өлмеген.  
Сұлтаным едің, Едіге,  
Дүниеде жүзін көрмеген.  
Біз секілді бейшара  
Сыртыңнан жүріп шөлдеген.  
Айырылдық туған баладан,  
Жинаған дәулет, қарадан.  
Әйел құрсын ғаріп екен,  
Әйел ерден айырылса,  
Маңдайының соры екен.

- 620 Атаңа нәлет ит қалмақ  
 Жаяу айдап, бұл құды,  
 Басымызға күн туды.  
 Атаңа нәлет ит қалмақ  
 Көлікке де мінгізбей,  
 «Өлтіремін мен», — деді.  
 Ұрады бізді қамшылап,  
 Ризамын Құдайға,  
 Едіге сұлтан келдің бе,  
 Едіге сұлтан, ер, — деді.
- 630 Көрдім күнде қорлықты,  
 Қатты көрдім зорлықты.

*Сонда Едіге тұрып сөйлейді:*

- Қайғы етпеңіз, сіз, — деді,  
 Қалмақты қырдық біз, — деді.  
 Тауыстық қалмақ елдерін,  
 Қанқожадай қалмақтың  
 Өлтірдім екі баласын.  
 Тоғалайдай ерлерің  
 Талқандадым мекендеген қаласын.  
 Қанқожасын асырдым  
 Қайырылмастай бұл жерге.
- 640 Тоғалайдай ерін боздаттым,  
 Жылатып, қырып баласын.  
 Қыл жалаулы қалмақтың  
 Көрдім жүріп шамасын.  
 Көзің жасын тый, — деді,  
 Батыр Тоған келгенше,  
 Дидарласып көргенше,  
 Алладан бұйрық бұл болса,  
 Көрмессің қалмақ баласын.  
 Қайта айналып қонарсың
- 650 Мекен еткен жеріңе.  
 Алты қанат Ақ орда  
 Өз қолыңнан тіктірсең,  
 Неше түрлі тағамның  
 Ең тәттісін татарсың,



- Кең сарайда жүрерсің,  
Сабырлық қыл, бөйбіше,  
Бұрынғыдай боларсың.  
Қайтарамын еліңе,  
Апарамын жеріңе.
- 660 Тірі болса дүниеде  
Тоған батыр ол жетер,  
Тірі қоймай қалмақтың  
Талайларын меңдетер.  
Сіздей қылып шулатар,  
Қалмақты көрсе айдаған.  
Екі қолын артына  
Ит қалмақтың байлаған.  
Ер Тоғанның Мақпалы  
Көп еді артық ақылы.
- 670 Қалмақты сабап айдаған  
Кезекті дүние деген бұл  
Қалмақтың соры қайнаған.  
Қыбырлауға шама жоқ,  
Қайырып қолын байлаған.  
Баяғы кеткен жерінде  
Жеткенше қуып айдаған  
Артық туған ер еді.  
Қатын сабап қуғанын  
Едігедей ерлердің
- 680 Артынан жүріп қарайды.  
Қалмақты айдап қуғаны  
Едігеге жарайды.  
Қуып жетті еліне  
Тоғанның келіп қатыны.  
Қонып қалды орнына,  
Баяғы кеткен жеріне,  
«Тағы зарар қылар» деп,  
Едігедей батыр ер еді,  
Айдауменен қалмақты
- 690 Сол жерге алып келеді.  
Асауларын қалмақтың  
Сол жерге қойып қырады.  
Басын кесіп жояды.

- Ол қалмақтың нешесі  
Сол жерде дінге кіреді.  
Дінге кірмеген қалмақтың  
Сол жерде басы қалады.  
— Тоған батыр еріміз  
Елге қайтып бұл келсін.  
700 «Енді бізге келсін» деп,  
Қалмаққа хабар салайық.  
Келмей қалған қалмаққа  
Өзіміз іздеп барайық.  
Қанқожадай еркекті  
Таусылмай онан ел кетті.  
Артынан тауып алайық,  
Тірі келсе қалмаққа  
Біз аттанып барайық.  
Тұқымын құртып алармыз,  
710 Сол қалмаққа барармыз.  
Тоған ерге сәлем айт,  
Неше күн ылаң салғанын,  
Тұнық елді алғанын.  
Біз жетерміз деп едік,  
Осы хабар келгенсін,  
Бара алмай енді қалғаным.  
Құрытталық елдерін,  
Суалталық көлдерін.  
Артыңнан іздеп табармыз  
720 Қанқожадай қалмақтың  
Мекен қылған жерлерін.  
Қайда да болса барайық,  
Сол қалмақты алайық.  
Алыста болса арасын,  
Көрелік қалмақ шамасын.  
Тірі жерге қоймаспыз  
Қалмақ иттің баласын.

Сөйтіп Едіге батыр елге жөнелді. Едіге елге келгенсін, Тоған елге келе қоймады. Сонда Едіге Айсаұлы Ахметті шақырып, екеуі тағы Қанқожаның еліне жүретін болды.

- Іздегенін қарасаң,  
Қанқожаның елі еді.  
Ол бір қашық жер еді,  
730 «Нағылса да сол елге  
Бармай не етем» деп еді.  
Ахмет пен Едіге  
Екеуі көп жол жүрді,  
Жол жүргенде мол жүрді.  
Айсаұлы Ахметтің  
Кер тарлан еді мінгені.  
Ол шабыстан танбайды,  
Бір жылқының баласы  
Онан озам деп білмейді.  
740 Едіге мінген Шұбардан  
Жылқы озар ма бұлардан.  
Ахмет пен Едіге  
Екеуі бірдей жол жүрді,  
Асықпай жолда ол жүрді.  
Алыс жерге баруға,  
Қалмаққа соғыс салуға.  
Тоғанды шауып ел алған  
Қалмақ еді қашаннан,  
Ол ұрысып, кек алған.  
750 Қорлық көріп басынан,  
Ахметті ертіп  
Едіге кетті қасына.  
Бір күндері болғанда,  
Қалмақтың көрді қарасын.  
Білейін деп екеуі  
Қалмақтың азды-көпті шамасын.  
Екеуі де артық ер еді,  
Ерлігі қатар тең еді.  
— Тұрамыз ба жасқанып,  
760 Баралық енді кел, — деді.  
Тұрамыз ба бұл жерде  
Бұл қалмаққа жетейік,  
Барып, қайрат етейік, — деп Ахмет ұлы сөйлейді.

*Сонда Едіге сөйлей бастайды:*

- Шеттен хабар салайық,  
Әскерлерін шығарып,  
Сыртқа таман алайық,  
Сосын соғыс салайық.
- 770 Тосып жатқан байтақ ел  
Тап үстіне барайық.  
«Кім десең», — деп сұрайық  
Сонда Ахмет тұрып «ақыл» деп,  
«Бұл айтқаның мақұл» деп.  
Ел шетіне барғасын,  
Ноғайдың келеді ері деп,  
Ноғай келді еріңе  
«Жиналыңыз сіз», — деді.  
Қалмақ шіркін қамалды,
- 780 Таба алмады амалды.  
Жиналып қалмақ толады.  
Қойқара батыр бас болып,  
Көп әскер сыртқа шығып қалады.  
Жиналған әскер мың болды,  
Бастығы оның Қойқара.  
Ойлап тұрса бұл бөле,  
Ол — Қанқожаның баласы.  
Жиналғанын қалмаққа,  
Екі батыр келеді қасына.
- 790 Жалмауыздай емініп,  
Қойқарадай ханыңыз  
Шыға қалды алдынан,  
Ол да мықты ханыңыз.  
Сонда қалмақ сөйледі,  
Сөйлегенде не деді:  
— Тоғалайдай еріміз,  
Қалды сізге жеріміз.  
Иманқара ағамыз,  
Өлшеулі еді шамамыз,
- 800 Салайын соғыс мен, — деді,  
Ноғаймысың сен?! — деді.  
Солар үшін кек алуға

- Тұрмын көздеріңді оюға.  
Жанымда әскер, қолым бар,  
Екі бірдей қаңғырған  
Ноғайлы, сенің сорың бар.  
Жиналған әскер қаптаса,  
Басың кесіп алмай ма?!  
Ерлеріңді жоярмын,  
810 Қаныңды ұрттап, тоярмын.  
Олжаға атыңды алармын,  
Еттеріңді кескілеп,  
Сендерді итке салармын.  
Жасқанатын мен бе едім,  
Мен ноғаймен тең бе едім?!  
Ұрысатын менімен  
Сорлы ноғай сен бе едің?!  
Сонда Едіге сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
820 — Мен — ноғай деген ел, — деді,  
Екеуімізде де ер, — деді.  
Емеспіз саған тең, — деді,  
Сөзің емес жөн, — деді.  
Өлтіргемін мен сенің  
Толағайдай еріңді,  
Иманқара ағанды  
Өлтіргемін мен, — деді.  
Емессің маған тең, — деді  
Менің атым — Едіге,  
830 Қасымдағы — ер Ахмет,  
Бұ да қашаннан жатқан ер еді.  
Төбесі шоқты сен қалмақ,  
Едің бізге жем, — деді.  
Тұрмалық көп сөйлесіп,  
Соғысалық, кел, — деді.  
Ахмет пенен Едіге  
Аттың басын жөндеді,  
Сұр жебені қолға алды.  
Айсаның ұлы Ахмет  
840 Тебінгіден тебе атты,  
Үзеңгіден үзе атты.

- Суырып алып қорамсақ,  
Жауған қардай боратты.  
Біреу емес бәрінен  
Тепшіп сонда кетеді.  
Қамалып тұрған қалмақты  
Шүберектей көрмеді.  
Балдағы алтын алмасты  
Батырлар жауға сермеді.
- 850 Ақ сүңгі қолға алып,  
Келген әскер долданып,  
Неше күн салды соғысты,  
Қалмақпенен тоғысты.  
Жарағы қанға тояды,  
Сермесе кеспей қоя ма?!  
Кеудесіне жел беріп,  
Ақ сүңгі қолға алып,  
Тағы тиді-ау долданып.  
Қырылғаны көп болып,
- 860 Қалмақтар састы-ау қозғалып.  
Жақын екен қалмақтың  
Тек сол жерде қаласы.  
Екі батыр біледі  
Соғыстан қалмақ шамасын.  
Он екі күн болғанда,  
Қалмақтың алды қаласын.  
Шулатты қатын-баласын,  
Жинаған дәулет, қарасын.  
Қой секілді қалмаққа
- 870 Қойғасын бөрі қоя ма?!  
Ашығып жүрген бөрі еді,  
Артық туған ер еді.  
Қанқожадай қалмақты  
Жеңіп алған жер еді,  
Жинап алған ел еді.  
Адамның қырды ірісін,  
Тастады жаман сірісін.  
Жинағасын елдерін,  
Суалтқасын көлдерін,
- 880 Жинағасын қалмақты,

Жесір қылып шұбыртты.  
Едіге мен Ахметтің  
Бұ тауысқан жері еді.  
Ноғайға жинап келтірді  
Сол қалмақтың баласын,  
Тауысып алып шамасын.  
Екі ердің бірігіп,  
889 Алған жері осы еді.

# Мәулімнияз — Едіге

- Ассалаумағаләйкүм,  
Өзіретті, пірім-ай!  
Менің көрген түсімді,  
Отырмысың біліп-ай?  
Уағдадан тайды кеуілім,  
Жаңа бір түсті көріп-ай.  
Жолығып түсте періге,  
Соған болдым жерік-ай.  
Соны іздеп тапсам,  
10 Уақытым қош болмас,  
Бұл жалғанда жүріп-ай.  
Айырылып тұрмын әдеттен.  
Қалып тұрмын әдептен,  
Ісім болмай қызметпен,  
Күндегі жұмыс, дәретпен.  
Тақсыр-ай, өзің білесің,  
Мүридiңе көр етсең.  
Ықыласыңмен бата етсең,  
Көрсеткен түсті Құдайым.  
20 Ойлаймын пейіш-жәннеттен,  
Ықтиярым кетіп тұр.  
Сізге істейтін құрметтен,  
Жарымды көріп түсімде,  
Ұстадым оны білектен.  
Уағда қылдым сонымен,  
Табамын іздеп дерекпен.  
Ата-еке, рұқсат жауап бер,  
Кеземін жаһан себеппен.



- Дұғаға қарай көз тұттым,  
30 Шын ықылас, тілекпен.  
Тұруға болмай тұр тағат,  
Кідіре алмай бір сағат.  
Диуанаға айналдым,  
Ойдан кетіп инабат.  
Мен іздеймін, іздеймін,  
Кәнеки, Пірім, жауап қат?  
Сіз білмейсіз, мен көрдім,  
Көргенім анық асылзат.  
Қайтсемде іздеп табамын,  
40 Болмаса да перізат.  
Іздемей қайтып тұрайын,  
Көрсетті Құдай ақиқат.  
Түсімде көріп бір сұлу,  
Ғашық болдым соған-ай.  
Қайдан іздеп табамын,  
Қалайша адам болам-ай?  
Түсімде көрген сұлудың  
Айтқан сөзі мынадай:  
«Жауап ал, — деді, — бабаңнан»,  
50 Сұлу екен көркемді,  
Ажары асқан әлемнен.  
Қызыл ерін, ақша бет,  
Қасы сұлу қаламнан.  
Жазық маңдай, жаудыр көз,  
Шашы сұлу таралған.  
Тартқан сымнан жіңішке  
Белі нәзік бұралған.  
«Мені іздесең тап, — деді, —  
Тоғыз жолдан тоғысқан.  
60 Тұңғиықты қарасу,  
Төрт бұлақты аралдан.  
Көк бидайық, алтын тақ,  
Күн шығысқа барасың.  
Мені іздеп тапсаң,  
Сөзіме айтқан нанбасаң,  
Артық жерің сенің жоқ,  
Даладағы қабаннан».

- Табалмасам мен сонан,  
Мен болам, — деді, — қабандай.
- 70 Баба Өзірет, Пір едің,  
Халық тұтқан нұр едің,  
Мен қызметінде жүр едім.  
Бата беріп жіберсең,  
Жолына беріп жіберсең,  
Сізден болса жақсылық.  
Батылмен мен де білемін,  
Ұлықсат, ата, берсеңіз,  
Жолына соның кетемін.  
Сонда пірі айтады:
- 80 — О, уағалейкүмәүссалам,  
Не дейсің, Мәулім балам-ай?  
Енді саған сөз қонбас,  
Болыпсың мықты алаң-ай.  
Көрген түсті жорытсаң,  
Болмай ма еді маған-ай?!  
Перінің қызы көргенің,  
Қылар еді опа саған-ай.  
Бұрынғыдай түсің жоқ,  
Әдетің қалай, бұл қалай?!
- 90 Берер едім жорытсаң:  
«Қоса ағар!» деп дұғаны-ай,  
Енді жауап берейін:  
Өмірің болмас орнығып,  
Дүнианы осы кезгенің.  
Мақсатыңа жетерсің,  
Бірақ арманы көп пенденің.  
Қатесі болмас, ойға тұт,  
Осы айтылған сөздердің.  
Бұл кеткеннен, ау, балам,
- 100 Дүниені кезерсің.  
Қап тауына барарсың,  
Срогі біткен кезінде.  
Ұшырасып, табарсың  
Қайнаған бұлақ, қара су.  
Суынан ішіп қанарсың,  
Шөліккеп барған бойыңмен.

- Есіңнен ауып танарсың,  
 Тыңда, балам, бұл сөзді.  
 Қайсысын оның қаларсың,  
 110 Таптым ба, балам, түсіңді?!  
 Айтайын, балам, құлақ сал,  
 Көретұғын ісіңді.  
 Ұлықсат бердім мен саған,  
 Бітіре бер жұмысыңды.

*Енді Мәулімнің Пірінен ұлықсат алып, Кенжекейді іздеп шыққан жері:*

- Жауап алып Пірінен,  
 Қылды бала талапты-ай.  
 Пірінің айтқан сөзінен,  
 Бет алдына лағып-ай,  
 Ықтияр кетіп өзінен.  
 120 Күндер өтіп, ай бітті,  
 Айлар өтіп, жыл бітті-ай.  
 Қызды іздеп Мәулімнің,  
 Басынан талай өмір өтті-ай!  
 Үш жыл ұдай сандалып,  
 Шығып кетті бір шетке-ай.  
 Басында жазса амал не,  
 Ылаж бар ма құдіретке-ай?!  
 Бір күндері кез келді  
 Көлденең жатқан бір биікке-ай.  
 130 Оралатын шеті жоқ,  
 Асатын төске-ай беті жоқ.  
 Бір күндері бұл Мәулім,  
 Бір асқар тауға кез болды.  
 Өткізіп бастан күндерді-ай,  
 Ойына алып Пірлерді-ай.  
 Суыққа тоңып неше жыл,  
 Ыссыға талай шөлдеді-ай.  
 Таянғанда өлімге,  
 Осы таудың сайынан  
 140 Ағаш жейді қайыңнан.  
 Кез келді бөлек көлдерге-ай.

- Неше түрлі ағашты,  
Көк орай балқаш сабатты-ай.  
Қүдірет салған тегінде,  
Айналасы жар тасты.  
Шаршаған шөлдеп бейшара  
Осыдан келіп су ішті-ай.  
Суды ішіп болғансын,  
Бір ағаштың түбіне,  
150 Көлеңкелі жеріне  
Ұйықтап қалды тыныштай.  
Еті мұздап, шөл қанып,  
Көзін ашып оянып,  
«Болар ма, — деп, — осы ара»,  
Кеулі кетті қуанып.  
«Түсімде көрген нәрсені,  
Ояуда қайдан табам, — деп,  
Қайғыланып оянып,  
Пейішіне кірген адамдай.  
160 Әр ағаштың түбіне,  
Көзі кетіп жоғары,  
Жатқанында таңқалып,  
Бұлттан төмен қалықтап,  
Қанат қақпай шалықтап,  
Қиқу салып дыбыстап,  
Үш ақ сары бас қу ұшты-ай.  
Оянып жатқан Мәулімнің  
Осы қуларға көзі түсті-ай.  
«Айтқаны Пірдің осы, — деп,  
170 Болар кеулім қошы», — деп,  
Орынынан қозғалмай,  
Мықтап істеп қуысты-ай.  
Көзі түсті бұл қуға,  
Қудың көңілі бұл суда.  
Қанатын жайып қалықтап,  
Ойланды суға қонуға.  
Енді бұлардың жайын айтайын,  
Жатырған Мәулім бұл нуда.

Сол мезгіл салқын ауа, зауал ауған,  
180 Шілде емес, сарша тамыз, әсет болған.  
Аспанда аудан-аудан ақ бұлттар бар,  
Көгеріп, көк жүзіне сағым толған.

Ағаштың жапырағы жасаң тартып,  
Миуасы неше түрлі салбыраған.  
Адамның табиғаты тәтті көріп,  
Сол мезгіл көрген адам маужыраған.

Мәулім де бұл самалда жасырынып,  
Аңғарып жатыр бұғып, қорқып қудан.  
Айналып, қанат қақпай қалықтаумен,  
190 Бұл суға сол мезгілде құлар қонған.

Анықтап көре алмайды не болғанын,  
Қарасын қайтіп адам жасырынған.  
Миуалы бір бөйтерек суға жақын,  
Айрықша соның түбі көп құбылған.

Болмай-ақ қонған құлар әлгідей-ақ,  
Сөйлесіп, адам болды дабырлаған.  
Бір майдан\* Мәулім бұғып жатып еді,  
Су кешкен дыбыс шықты сыбдырлаған.

Арасын көк шалғынның Мәулім ашты,  
200 Көтермей нағыз тұрып, жерден басты.  
Қараса, көркем терек нақ түбінде,  
Тақ көрді тамашалы, гауһар тасты.

Жалаңаш осы тасқа киім қойып,  
Үш аққу үш қыз болды алтын шашты.  
Біреуі кейін қалып суға түспей,  
Екеуі шомылуға қадам басты.

Кідірмей жүгірумен суға түсіп,  
Салқындап, құлаш ұрып, сабырласты.

---

\* Бір майдан – шамалы уақыт даған мағынада.

- 210 Біреуі далада тұр тыр жалаңаш,  
«Сен неге түспейсің?» — деп жауаптасты,  
Судағы оған қарай қадам басты.  
Сондағы екі қыздың әңгімесін,  
Бұл Мәулім тыңдап жатып, құлақ асты,  
Екі қыз бастайд мынау әңгімесін,  
Аламан, қойып тыңда ықыласты.

Екі апасы суға түсіп рақаттанып, далаға қараса, Кенжекей шешініп болып, суға түспей далада тұрғанын көріп, екі апасының толғауы:

- Шырағым, неге түспей тұрсың кейін?  
Тұр ма едің сен далада әлге дейін?  
Бір жерің ауыра ма, жылдам айтшы?!  
Дұғамен соқтырайық саулық желін?
- 220 Көрсетіп беденіңді періштеге,  
Үстінде жоқ киімің, жалаңашсың.  
Тез шомыл, салқын суды денең сүйер,  
Зәуретің жасырынад һәм беденің.  
Мұны айтып екі апасы «түс, түс!» деді,
- Сөйледі қыз далада қозғап тілін:  
— Апалар, сендер мұны аңғармадың,  
Бір иіс шығып барады, аңдамадың.  
Иісі адамзаттан айнымайды,  
Келеді деп, адам қайдан таңқаламын.
- 230 Адамзат амалы көп, тәуекелшіл,  
«Қаңғырып жүрген-ау» деп ойланамын.  
Егер де көрсе, бізден болды үстем,  
Шомылмай тұрғанменен не қылайын.

Екі қыз сөз сөйледі сонда былай:  
— Кенжекей, сен ойлама, — деді, — олай,  
Бұл жерге адам түгіл, пері келмес.  
Үшса да қалыс оқып үш жыл ұдай,  
Бұл Қап тау — дүнияның нағыз шеті.

- Бұл жердің кім келеді бұлағына-ай?  
240 Не болса соны айтасың еркелікпен.  
Бұл жерді нәсіп қылған бізге Құдай,  
Ешбір жан келе алмайды бізден бөтен.

Періште, адам түгіл болса дағы,  
Егер де адам келсе бұл араға,  
Қиямет болад-тағы бұлан-талай.  
Ол ойды ойыңа алып, күн өткізбей,  
Кідірмей жолықсайшы, жолдан қалмай.  
Тыңдасын осы арада аз әңгіме  
Айтайын не боларын енді бұлай.

Сонан кейін Кенжекей де суға түсіп, шомылып кетеді. Аңдып жатқан Мәулім шалғын шөптердің арасымен жасырынып, киім қойған таққа келіп, үш қыздың киімдерін жинап, қолтығына қысып, кеулін білдіріп, судағы қыздарға қарап жүреді. Сонда қыздар Мәулімниязды көріп, суда тұрып, қыздардың толғауы:

- 250 — Әй, мырза, сен — адамзат, біздер — пері,  
Танымай «мырза» дедік, адам, сені.  
Бұл жерге ешбір мақұлық келген емес,  
Адамның, дию түгіл, ірілері.

Сен бізді әурелемей, киімді бер,  
Сен болсаң адамзатта ердің ері.  
Дүнияда не арманың болса дағы,  
Қылайық мақсұтыңды, жүрсек тірі.

- Жалғанда әрне болса қалауыңды ал,  
Жалаңаш зар жылатпа, мырза, бізді.  
260 Жалынып осылайша қыздар жылайд,  
Босамайды Мәулімнің қатты кеулі.  
Құлақ сал, барша халық, осы арада,  
Айтайын бір-екі ауыз әңгімені.

Қыздардың сөзін тыңдап, оған кеулі босап, киімдерін беру Мәулімнің ойында да жоқ. Киімдерді қайта жинап, құшақтап, Мәулімнің қыздарға қарап толғауы:

- Мен адамзат болғанмен,  
Ақ жаратқан адалдан.  
Түсімде көрген жарды іздеп,  
Жаһан кезіп сандалған.  
Осы бүгін кез болып,  
Тарқар деп тұрмын ойда арман.
- 270 Біз топырақ нәсілден,  
Сендер оттан жаралған.  
Менің ойым көп түсіп,  
Адам да болсам абзалдан.  
Кез келтірген сендерге,  
Басында жазған қаламнан.  
Түсімде көрген жарымды,  
Ұят болар танымаған.  
Кенжекей сұлу — қосағым,  
Менің кеулім соны алған.
- 280 Аяқты куә қылайық,  
Дүния кезіп сандалған.  
Уәдеден тайса кім бұрын,  
Тұрмайсыңдар сөзіңде.  
Пері де болсаң әйелден,  
Кенжекей сұлу — қосағым.  
Маған анық көрінген,  
Мен сол үшін бұл күнде,  
Безіп жүрмін елімнен.  
Бұл араны тапқаным,
- 290 Әуелі Құдай, екінші  
Дұға еткен Пірімнен.  
Риза болып іс бітір,  
Шынымды сұрап сөзімнен.  
Ықтияр болар деп тұрмын,  
Кенжекей сұлу сенімен.  
Тыңдамасаң сөзімді,  
Теңгермесең адам деп,  
Бойларыңа өзімді.  
Жылдам елге қайтамын,
- 300 Құшақтаумен киімді.  
Үш асылзат перісің,  
Сендер пері елісің.



- Құдай душар қылып тұр,  
 Адамның білем кемісін.  
 Кем де болсам теңгерді,  
 Асы болма, асылдар,  
 «Қисық» деп Хақтың бұл ісін!  
 Душар болған ғаріптің,  
 Бітіріңдер, қыздар, жұмысын.
- 310 Кәнеки, сендер, не дейсің?!  
 Құдайдан мен де сұрағам,  
 Сендер Хаққа жылаған.  
 Бұл жалғанды жаратқан  
 Сендер менен біз үшін.  
 Тыңдамай тұрмын жайыңды,  
 Айтып тұрмын ойымды.  
 Тез беріңдер жауабын,  
 Қанікей, маған да дейсің?!

Енді үш қыз ойланып, кебенекті Мәулімнің бермейтіндігін біліп, екі апасы Кенжекейді бермекші болып, Мәулімге үш тапсырма тапсырады: бірінші, «үйге дыбыстамай кірме», — дейді, екінші, «тамақты аяққа құйып жатқанда, назарыңды салып қарама», — дейді. Үшінші, «қасыңа жатқанда, әйелім деп тұла бойын сипама», — дейді. «Осы үш тапсырманы орындасаң, Кенжекей орнығады, егер орындамасаң, түбінде Кенжекей елге оралады», — дейді. Сонда Мәулім мақұл деп, екі апасына кебенектерін береді. Екі апасы кебенектерін киіп алып, елдеріне қайтып бара жатқандағы сіңілісіне айтқан сөзі.

*Сондағы біріншісінің айтқаны:*

- Шырағым, қош болып тұр көріскенше,  
 320 Әбзелде, Ақтың ісі осылайша.  
 Бұл уақта біздер пері — Ақтың құлы  
 Алланың адамының жеткен күші?!  
 Ата-анам әлпештеген, Кенже сұлу,  
 Сүт құртқан анасының, сен кенжесі.  
 Адамға сені жазған Ақ тағала,  
 Алланың ісі — қиын деген осы.  
 Атыңды көрмей-білмей айтып тұрған,

- Көрінеді адамзаттың өулиесі!  
 Қос ұя дүниеге перзент керек,  
 330 Бар шығар дүнияда бір жұмысы.  
 Бірақ та адамзаттың опасы жоқ,  
 Тез тасар, табылса егер, көңіл қошы.  
 Жар болса бір жасаған қор болмассың,  
 Жаратқан абзал пері біз пендесі.  
 Қарағым, әр жұмада қосылармыз,  
 Мекенің бола қойса дүние іші.  
 Біреуі мұны айтып көтерілді.  
 Кенжекей қала берді жылай-жылай.

*Енді бұл екінші апасының қоштасуы:*

- Кенжекей, қош болып тұр, қарағым-ай,  
 340 Жалғанда болмас, сірә, амалың-ай!  
 Перінің нәсілінен болғанменен,  
 Опасыз жұпты болдың адамына-ай.  
 Еш нәрсең, тірі болсаң, кетпес сенің,  
 Тұрмассың адамзатта ұдайына-ай.  
 Адамзат дүнияға опа қылмас,  
 Өзінің өзі қалар обалына-ай.  
 Өзі істеп, өзі ісіне өзі өкінер,  
 Сандалар күйеу бала талай-талай.  
 Жалғанда жабығумен өткен адам,  
 350 Мақсұты ойындағы орындалмай.  
 Қайғырма қапа болып, құдайлық іс.  
 Болдым деп адамзатқа ерлі-жұбай.  
 Кеудіңді әр жұмада қош қылармыз,  
 Көшіріп сауық-сайран, сәнді сарай.  
 Қош енді, уәде тұт, күйеу бала,  
 Жарыңның қалып жүрме обалына-ай.  
 Алланың қалаған бір адамзатсың,  
 Берік ұста, болма күйеу былайғыдай.  
 Сен жеттің жалғаншыда мұратыңа-ай,  
 360 Бейарман пенде болмас ойла соны-ай.

Мұны айтып екіншісі көтерілді,  
 Кенжекей қала берді жылай-жылай.

Мәулімнің қолтығында кебенегі,  
 Кисе егер, құс болармед осылардай.  
 Шын беріп ықыласты, жұпты болып,  
 Екеуі қадам басты елге қарай.  
 Бұлардың бірі — пері, бірі — әулие,  
 Жетуі елдеріне болады оңай.

Еліне келіп, бес-алты ай отасқаннан кейін бір күні ойлайды: «Осы екі апасы маған үш тапсырманы неге тапсырды?» деп. Соны жасырын түрде қарап көрейін деп, бір күні дыбыстамай есіктен қараса, Кенжекей басын алдына алып, қарап отыр екен. Сонда Мәулім мен мынаны «пері» деп алып едім, бұл «шайтан» екен деп, зәресі ұшып қорқып, не де болса екіншісін көрейін деп, тамақты аяққа құйып жатқанда назарын салып қараса, оң қолтығынан өкпесін суырып алып, аяққа былғап, қайтадан орнына салып жатырғанын көріп, тағы қорқады. Не де болса үшіншісін істеп көрейін деп, қасына жатқанда тұла бойын сипаса, қолтығы тесік, өкшесі айырық екен.

Сонда Мәулім былай дейді: — Мен сені пері деп алып едім, сен шайтан екенсің, — деп, кебенегін қолына береді. Сонда Кенжекейдің кебенегін киіп алып, Мәулімге айтқаны.

- Кенжекей сонда сөйлейді,  
 Сөйлегенде бүй дейді:
- 370 — Қадірімді білмедің,  
 Әй, адамзат, опасыз.  
 Рұқсат бердің еркіңмен,  
 Еш жазықсыз, жапасыз,  
 Кінә тақтың «шайтан» деп,  
 Жүр едім сізге қатесіз.  
 Уәдеңді бұздың, жалғаншы,  
 Азабымды тартарсыз!  
 Мен жайымды айтайын,  
 Шынымды сонан байқарсыз.
- 380 Нағыз, таза пері едім,  
 Құдай қосқан, қосағым.  
 Кінәңді қойып мойныңа,  
 Кідірмей, тез ұшамын.  
 Ақ жазуы осылай,

- Алты ай болды, қосағым.  
Әуелі, бұзып сертіңді,  
Сығалап, сырттан қарадың.  
Мені көріп, қорқып сен,  
Құсырылды танауың.
- 390 Алдыма басым алғаным —  
Менде жоқ жақын, ағайын.  
Басымды өзім қарадым,  
Амалым жоқ, сен көрдің.  
Басқа адамға беденді  
Көрсетпеуді ойладым.  
Менің жөнім білмедің,  
Өзіңді көріп алдандың.  
Екінші, бұзып сертіңді,  
Назар салып қарадың,
- 400 Қазан менен аяққа,  
Ас құйғанда табаққа.  
«Өкпесін салып былғад» деп,  
Ойыңа келді сол уақта.  
Түсіндіріп кетейін  
Сен сықылды ақымаққа.  
Дәрежесі перінің,  
Адамнан артық үлесі.  
Періштеден төменбіз,  
Біздер оттан жаралған.
- 410 Адал болад перінің  
Нағыз таза кеудесі.  
Оны ішкен кімде-кім,  
Тазармақшы денесі.  
Оны да өзің білмедің,  
Болсаң да адам әулиесі.  
Өмірің өтер сандалып,  
Жалғанның болып әуресі.  
Үшінші, сертті тұтпадың,  
Мен хабарсыз ұйықтадым.
- 420 Сен қиял ойлап жатпадың,  
Ұйықтаған мені оятпай,  
Қолтықтың көріп тесігін,  
Мәнісін ойлап таппадың.

- Өкшемнің көріп айырын,  
«Шайтан-ау?» деп парықтың.  
Алты ай отғас болған соң,  
Шынымды саған айтайын.  
Намаз оқып тұрсаң да,  
Бұл ойыңнан қайтпадың.
- 430 Кебенекті бердің де,  
Кеулімді суыттың.  
Кеуліме келіп тұр,  
«Шайтансың» деп айтқаның.  
Шығып тұрмын биікке,  
Өзің қалдың күйікке.  
Ұшуға тұрмын шалықтап,  
Түсіндіріп кетейін.  
Кебенек кесе құс болып,  
Пері халқы ұшады,
- 440 Өзгеріп beden, порымы.  
Қолтығымның тесігі,  
Шығатын қанат орыны.  
Білмедің, надан, оны да  
Және кеулің бұзылды,  
Айыр өкше көріп-ай.  
Ет өкшесі болғанмен,  
Құдай абзал жаратқан  
Қайымдап суға жүзуге.  
Уақыт бітіп заманның,
- 450 Ашылып кілті бүгін-ай.  
Адам мен пері жайғаспас,  
Асылы, сірә, түбінде.  
Сен секілді адамзат,  
Балалықпен байқамай,  
Сол үшін салды Құдайым  
Мені алты ай азапқа.  
Құтылып кетіп барамын,  
Срогі бітіп бүгін-ай.  
Айтайын саған сырымды,
- 460 Барлық шындық сөзімді.  
Бойыңда қасиет қалған жоқ,  
Алып кеттім нұрыңды.

- Бұл сөзіме құлақ ас,  
Әй, опасыз адамзат!  
Меніменен бір жүріп,  
Алты ай болды көңілің шат.  
Уәдеңде тұра алмай,  
Құдайдан қорқып, ұялмай,  
Өзің қылдың қиянат.
- 470 Менде кетіп бара атыр  
Алты айлық балаң-ай, аманат.  
Дүнияға жайылған,  
Сенен осы зүриат.  
Тоғыз жолдан тоғысқан,  
Жерінде болад тас бұлақ.  
Енді үш ай, он күнде  
Тас бұлақтың басында,  
Зәулім терек қасында,  
Аманатыңды, әй, мырза,
- 480 Кенжекей сұлу тапсырад.  
Осыны айтып болды да,  
Қанат қақты таранып.  
Көп тұрмады алданып,  
Пырылдап ұшып жөнелді.  
Мәулім тұрды ойланып,  
Өзінің қылған ісіне.  
Не қыларын білмеді,  
Бір от жанып ішінде.  
«Тұра тұршы, жаным! деп,
- 490 Ісім болды жазым!» деп.  
Бас киім жоқ, жалаңбас,  
Аяғы да жалаңаш.  
Асасын алып қолына,  
Ұшқан құстың соңынан  
Жүгіре берді сандалып.  
Домбыраны тоғарып,  
Бір азғантай дем алып.  
Бір өңгіме айтайын,  
Отырған, халық, құлақ сал,
- 500 Бұл ордада жиналып.

Кенжекей ұшып кетті. Мәулімнің екі көзі жоғарыда.  
Кенжекейдің артынан қуған жері.

- Мәулім сонда жүгірді,  
Төбетейшең, жалаңбас.  
Асасы бар қолында,  
Тек жадағай, жалаңаш.  
Жалаң аяқ, кеуіш жоқ,  
Ауғандай-ақ болып мас.  
«Күнәмді кеш, жарым» деп,  
«Тұра тұршы, жаным» деп.  
Жары қолдан кеткесін,  
510 Не болғанын білмеді.  
Күтініп киім кимеді,  
«Тоқта, жарым, тоқта!» деп,  
Үйден шыға жүгірді.  
Құс соңынан жүгіріп,  
Ұстайын деп үйінен,  
Алқынып, әбден терледі.  
Бір жерлерге келгенде,  
Демі құрып шөлдеді.  
Өлі кетіп меңзеді,  
520 Ақылы кетіп басынан.  
Жүргенін қайдан білмеді,  
Адамзат оны көрмеді.  
Миуа болса, үзіп жеп,  
Бұлақ болса, су ішіп,  
Күдерін елден үзеді.  
Әуре болды бейшара,  
Көз алдынан қу ұшып,  
Ғашықтықтың зарпынан  
Дүния жүзін кезеді.  
530 Есептемес күндерді,  
Өмірімен ісі жоқ.  
Кеулінің қошы жоқ,  
Болды анық жынды енді.  
Қысқартып айтып берейін,  
Бұл күндері бұл Мәулім  
Бір бәйтеректі көреді.

- Сол теректің басында  
Бір құс отыр таранып,  
«Жарым ба?!» деп кеуліне,  
540 Түбіне жақын келеді.  
Теректің келіп қасына,  
Екі көзі жоғары  
Қонған құсқа қарады.  
Сол уақытта қонған құс  
Адамзатша сайрады.  
Көп аламан, тыңдаңдар,  
Көп дабыра қылмаңдар.  
Сонда сол қыз сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
550 — Әй, бейшара, аман ба?  
Жылдамырақ қадамда.  
Жапан кезіп сандалдың,  
Бір опасыз әйелге  
Пері жолдас бола ма?  
Уәдесіз адамға,  
Аманатың, мінеки,  
Жылап жатыр балаң да.  
Әбден өзің баптасаң,  
Етер еді құрмет саған да.  
560 Қызығын өзің көрмессің,  
Тоқтамыстың құсбегі  
Апарып бер соған да.  
Қатынмен ісің болмасын,  
Диуана болды бір басың.  
Осыменен өтерсің,  
Мені іздеумен кетерсің.  
Бұл жалғаншы заманда  
Қызығын өзің көрмессің.  
Қадірін бала білмессің,  
570 Болар еді тұтқа ноғайға!

Меңгерген ноғай халқын Тоқтамыс хан,  
Тақ мініп, байтақ құрып, дүзетіп сән.  
Алаштан өнері асқан білімпаздың,  
Баршасын сайлап алған жолдас-жаран.



Сол күнді Құттықия — құсбегісі,  
Болмаған құсы көпте оңдай адам.  
Және де бір биі бар қасына алған,  
Данышпан, парасатты, ақылы озған.

580 Айтады оның атын Құттыби деп,  
Ол өзі құсбегімен бірге туған.  
Ханыммен кешке, күндіз бірге отырып,  
Мәслихат бір-біреуге бек жорыған,  
Өзі құсбегімен бірге туған.

Жоқ еді құсбегінің бір баласы,  
Бала үшін екеуі де қайғы басқан.  
Жақында Құттыбиің балалы боп,  
Той қылып, бала атын Құбыл қойған.

590 Осымен би мен ханың тұра тұрсын,  
Тыңдаңдар құсбегіден, көп аламан.  
Түктіаяқ қызыл шұбар сұңқары бар,  
Сол құстың Құттықия тілін біліп,  
Алдырады әр түрлі аң талғамай-ақ.  
Түлетіп жаз тоқсанда, күз семіртіп,  
Ішінде ақыр айдың құс баулыған.  
Жүйрік ит, арғымақ ат, тигіш мылтық,  
Бір күні шықты үйден тысқа таман.

600 Кеуілі құстың күйін байқамақта,  
Жан еді құс күйіне анық жетік.  
Бір өзі елден аулақ қонды кетіп,  
Жапанда, кешкі салқын уақытта.

Көрінді жанды қара ербең етіп,  
Құс көріп еш біреуі тілемейді.  
Тазылар жүгірмеді елең етіп,  
Астында арғымағы құлақ тігіп.  
Аяғын үркіп басты, тізгін керіп.  
Ойлады Құттықия «адамзат» деп,  
Түктіаяқ ұшпағансын талап етіп.

- Күн батып, қызыл семіп тұрғанында,  
 Қараға заулатумен келді жетіп.  
 610 Осындай келсе, жаяу адам екен,  
 Жалаңбас, жалаң аяқ, кейпі жаман.

Әпенде үсті-басы алба-жұлба,  
 Азығы қалтасында бар ораған.  
 Анадай жақын жерге келгенінде,  
 Жылайды бір жас бала, жаңа туған.

- Құсбегі бұны естіп қайран қалды,  
 «Бұл бала болар нәсіп енді маған».  
 Жұмғанша ашып көзін ұшырасты,  
 Алыстан сөлем берді жаяу бұған.  
 620 Сөлемін қабыл алып Құттықия,  
 Жаяудан сонда тұрып сөз сұраған:

— Аманбысың, өй, пенде!  
 Не қылып жүрсің жапанда?  
 Танымай, аттан түспедім,  
 Риза бол, қартым-ай.  
 Елсіз, аулақ далада  
 Кез келдім душар, атама-ай!  
 Ойдағы арман мақсұтым  
 Құдай беріп тарқамай.

- 630 Мен бір балаң перзентсіз,  
 Бір балаға зар болған.  
 Рахым қыл, ата, балаң-ай!  
 Кәнеки, ата, жол болсын,  
 Барасың қайсы сапарға?  
 Шаршасаң, ата, ат мынау,  
 Киемін десең, тон мынау.  
 Дұға қылып, қол жайып,  
 Жеткер мені қатарға-ай.  
 Мәулім еді бұл жаяу,  
 640 Баласын алып келе атқан.  
 Құттықия құсбегі  
 Танып бұған мұны айтқан.  
 Көп аламан, тыңдаңдар,

- Көп дабыра қылмандар.  
— Құттықия құсбегі,  
Кездестің елсіз далада-ай!  
Қолың жетпей жүр ме еді,  
Мен жөнінде дұғаға-ай!  
Ат пенен шапан, тоныңды  
650 Бала үшін бердің ағаңа-ай.  
Сататұғын балам жоқ,  
Сұрап алып берейін  
Атың менен тоның-ай.  
Беремін деп баланы,  
Басымды салман саудаға-ай!  
Басында Құдай жазбаған,  
Мені ондай жанжалға-ай!  
Бір бала бар қолымда,  
Осы саған жарар ма-ай?!  
660 Өзімнің балам болғанмен,  
Берейін саған жылама-ай.  
Тәрбия етіп бағуға,  
Басыма менің көп сауда.  
Осыны алып, ырза бол,  
Шүкір қылып Құдайға.  
Осыны айтып бұл Мәулім,  
Баланы жерге тастады.  
Ораған екен етекке,  
Жүре берді жөніне,  
670 Келмеді қайтіп еш кепке,  
Құттықия құсбегі  
Шүкір қылып Құдіретке.  
Аттан түсті «Аллалап»,  
Жеткерген деп ниетке.  
Бақырып жылап бұл бала,  
Құндақтаулы жөргекте.  
Құттықия құсбегі  
Шүкір етіп Аллаға,  
Баланы алып алдына,  
680 Аулына қарай жүреді.  
Жан-жағына қарамай,  
Түн ортасы болғанда,

- Жұрттың бәрі бұл күнде  
Ұйқыменен жатқанда,  
Үйіне келді құсбегі.  
Таң мезгілі болғанда,  
Тұр-тұрлады әйелін.  
Түрегеліп әйелі:  
— Не дейсің, — деді, — алғаным,  
690 Алаша төсек салғаным.  
Жарылып кетті-ау жүрегім,  
Дауысын естіп баланың.  
Құсбегі әсте сөйледі,  
Сөйлегенде бұй деді:  
— Бермен жақын кел, — деді,  
Еш дыбысты білмесін —  
Мына байтақ ел, — деді.  
Бала тапқан әйелдей,  
Бақанды құр сен! — деді.  
700 Құттыбидің үйіндегі  
Шақырайын келінді.  
«Абысының ұл тапты» деп,  
Қуантайын мен, — деді.  
Бұл баланың атасы —  
Мәулімнияз пір, — деді.  
Мұндай бала болмайды,  
Құдай бізге берген-ді.  
Жаман бала туғанмен,  
Ата-ағасын құрметтеп,  
710 Ата жолын білмейді.  
Күбірлесіп, сөйлесіп,  
Әйелменен жөндесіп,  
Жұмыстарын тездеді.  
Қоя тұрып өлеңді,  
Айтайын сөз, әңгіме,  
Көп жиылған, аламан,  
Құмартып сөзге қараған,  
Құлақты аудар сөзге енді.

Құсбегі Едіге деп баласының атын қойып, жақсылап той жасап, Аллаға сиынып, жүре береді. Сәтемір хан құсбегінің

балалы болғанын естіді. Түктіаяқтың бір балапанына зар болып жүрген Сәтемір былай деп: «Едігемен қатар туған қыз балам бар, аты — Қағаз. Екеуіміз құда болайық, сенің балаңа қалың малсыз қызымды берейін, сен тек Түктіаяқтың бір жұмыртқасын бер», — деп хат жазып, бас уәзірін диуана етіп, «осы хатты құсбегіге табыс етіп, жауабын алып кел» деп жазған хаты:

720 «Сәлем де Құттықия құсбегіне,  
Ер болсаң, құлағың сал бұл сөзіме.  
Тақ мініп, халық билеп тұрсам дағы  
Теңгердім ашықтықтан сені өзіме.

Дүнияда жанды мақұлық қаза тапқан,  
Көреді мың жасаса да бір өлімді.  
Бұл іске белді байлап, тәуекел ет,  
Қорыққанның Алла барда керегі не?!

730 Ақ куә бұл сөзіме, Құттықия,  
Боласың сен жәрдемші себебіне.  
Келмейді жатсам-тұрсам ойға шаттық,  
Дақ салып Түктіаяқ құс жүрегіме.

Жасырып, сәлем жаздым ақ қағазға,  
Пәні бар түсінерлік ер сабазға.  
Бар дейді жаңа туған жалғыз балаң,  
Артынан дұға етем әр намазда.  
«Болғай, — деп, — балаңыздың өмірі ұзақ»  
Пара-пар теңгермеймін шаһизатқа.  
Ер болып шықсын бала мақсұтыңа,  
Шен тағып, әскер ертіп, шықсын жолға.

740 Дүнияның ақырына аты қалып,  
Тұқымы қорған болсын бұл ноғайға!  
Тақ мініп, дұшпанның ішсін қанын,  
Айып іс істемесін бір Құдайға!

Балаңа Құттықия тілектеспіз,  
Жәрдемші, достық болады осындайда.

Достықтың дұрысы сол — шын ықылас,  
Құрбылар алған-берген болмас жолдас.

Қызым бар Қағаз атты бірге шыққан,  
Балаңмен бір жыл туған, жасы құрдас.  
Балаңа қалыс үшін атап тұрмын,  
750 Ақ куә бұл сөзімді айттым рас!

Мұнымды қабыл алсаң, Құттықия,  
Аяман не десең де жолыңа бас.  
Алладан жаринама жазып тұрмын,  
Шын маман болсаң, сөзге құлағыңды ас.

Күн өтті қапаменен қараңғылық,  
Басымнан өтіп барад бірталай жас.  
Ат үшін ата-ана алдым десең,  
Бітіріп мақсұтымды, райды аш.

Мақсатым — Түктіаяқтан бір жұмыртқа,  
760 Қапалық іштен сонда шығар сыртқа.  
Бастырып өз қолымнан асырасам,  
Мен құмар болдым сондай мұзбалаққа.

Қол жетсе себебіңмен, дос боламын  
Ақ шұбар, алтын көзді, ақиыққа.  
Тумады менен бала қыздан басқа,  
Перзентің ие болсын біздің таққа.

Жасырын диуанадан жаздым сәлем,  
Бұл сөзім білінбесін бөтен жаққа.  
Жалғаншы болады деп еш қорықпа,  
770 Жалғанда пенде ойлайды бала қамын.

Сөзіме бұл жазылған құлақ салсаң,  
Қызымды балаңызға қабыл алсаң,  
Бұл барған диуана да бас уәзірім,  
Жол шеккен жұмыртқа үшін болып сарсаң.

Тепкенің аяғыңмен барған бақты,  
 Қауіп етіп, бір жұмыртқа бермей қалсаң.  
 Мұнда кел амал тауып, бітсе жұмыс  
 «Болар деп қандай ақыр?» қайғылансаң.

780      Өзің біл бұл арасын, Құттықия,  
           Құдай бір, Алла өзір сөзге нансаң.  
           Сахидан, сауаптан да құр қалмассың,  
           Себеппен Түктіаяқтан тұқым жайсаң.  
           Өтіндім сәлем жазып ақ қағазға,  
           Қосайық екі жасты аман болса!»

Құсбегі Сәтемірдің жазған хатын оқып, жұмыртқаны беруге уайымдап жүре береді. Соның арасында екі жыл өтеді. Сәтемірдің бір уәзірін көріп, қалтасындағы хатын қайта оқып, тәуекелге бел байлап, «көп болса бала үшін өлермін» деп, Түктіаяқтың бір жұмыртқасын ұрлап беріп, бұл да хат жазады. Құсбегінің Сәтемірге жазған хаты:

          «Сәтемірге сәлем де,  
           Мен бітірдім жұмысын.  
           Мойныма алдым қалайда  
           Жалғанның қиынын.  
 790      Өмірде алған жоқ едім,  
           Біреудің ұрлап тиынын.  
           Дос боламын деген соң,  
           Ақиқат ашып кеуілін.  
           Арғы түбі Алланың,  
           Мойныма алып істедім  
           Ақиқат деп өлімін.  
           Сәтемір де «Ақ» деп айтыпты,  
           Маған жазған хатында.  
           Құда жолы қылдым жанымды,  
           Ұрлығым шықса далаға.  
 800      Пенделікпен көп ойлап,  
           Екі жыл өтті арада.  
           Патша білсе, дарға асар,  
           Тапсырғаным онда мен  
           Уәдені бір Құдайға.

- «Қауіп қылса өлімін,  
Келсін, — депті, — жаңа да».  
Қолмен қылған жұмысты  
Мойынға алмай бола ма?!  
Ойламаймын мен мұны,  
810 Тоқтамыс хан білмейді деп.  
Арада жүрген шағал көп,  
Ойыма келіп тұрған жоқ,  
Келіп хабар бермейді деп.  
Түктіаяқтың баласын,  
Халық айтпай ма ұшқансын.  
Жүгірген аңды ілмейді деп,  
Ақты куә қылыпсың,  
Айтқаным сенбейді деп.  
Мен де жаздым, Сәтемір,  
820 Саған арнап хатымды.  
Өзім өлсем артымда,  
Тапсырғаным баламды-ай.  
Жетім қалған балаға  
Бермеймін деп ойлама,  
Перзентің ханша Қағазды-ай.  
Менің балам Едіге,  
Төреден артық кеуліме.  
Адамға кегін жібермес,  
Сынауымша, тіріде.  
830 Қорған болар сау болса,  
Ноғайлының еліне.  
Өмірі болса құрметтер,  
Мені менен сені де.  
Лебіз айтып қыз бердің,  
Ие бол айтқан сөзіңе.  
Өзім барып, патша деп,  
Қызыққан жоқпын бағыңа.  
Аманат, саған тапсырдым»,  
— Сәтемірдің уәзірі,  
840 Тапсыр мұны өзіне!  
Сәтемірдің сөзі үшін,  
Байладым басты өлімге.  
Пенде білмейді өлерін,



- Ақ жұмысы келгенде!  
Осыны айтып құсбегі,  
Бұл уәзірге хат берді.  
Жұмыртқаны алып еліне,  
Енді уәзір де қайтады.  
Сәтемір менен құсбегі
- 850 Екеуі құда болғанда,  
Дәптерге жазған хат — белгі.  
Арада неше күн жүріп,  
Бұрынғыдай бөгелмей,  
Түн-түнімен шалт жүріп,  
Елге келіп бұл уәзір,  
Ханға берді жұмыртқа.  
Бұл дыбысты шығарып,  
Шығармады еш сыртқа.  
Хат жазумен құдалық,
- 860 Болды анық бірақ та.  
Жұмыртқаны шайқатты,  
Түлеген тоғыз қолында,  
Ақиық мұзды балаққа.  
Балапан қылып шығарып,  
Тілегі болды бұл уақта.  
Түрі-түсі бөп-бөлек,  
Ұқсады Түктіаяққа.  
Қайырып аңға салғанда,  
Арыстан, қабылан талғамай,
- 870 Түсті қара құлаққа.  
«Тоқтамыстың Түктіаяқ  
Алғыр сұңқар ақ шұбар».  
Халық сөз қылды сол күнде:  
«Келді деп анық бұяққа».  
Даңғаза болып жайылып,  
Белгілі болды бір жылда-ақ,  
Маңайдағы тарапқа.  
Ұрлығы шығып құсбегі,  
Қалар болды ұятқа.
- 880 Енді әңгімесін айтайын,  
Түсіндіріп азырақ.  
Бұл отырған аламан

Құмартып сөзге қараған,  
Салып отыр құлақты-ай.

Енді Сәтемірдің құсының хабарын естіп, Тоқтамыс хан аң аулауға шақырады. Тоқтамыс: — Жаңа шыққан құсың бар екен, соны алып кел, — дейді. «Жақсы», — деп, уәделі жеріне екеуі де келіп, құстарын аңға салыпты. Сәтемірдің құсы алып түсет те, Тоқтамыстың құсы қалып түседі. Екеуі енді еліне қайтып, Тоқтамыс Түктіаяқтың жұмыртқасына тексеру жүргізеді. Тексергенде бір жұмыртқа кем болады. Хан үкім етті: «Құсбегінің әйелін, баласымен дарға ас», — деп. Інісі Құтты би өз баласын ағасының баласының орнына салып, «ағамның көзі қалсын», — деп, Едігені алып қалады. Едігені Құбыл атандырады. Сүйтіп жүргенде ажалы жетіп, Құтты би әйелімен дүние салады. Сонымен Едіге әр үйде жүріп, он екі жасқа толады. Бір күні малы көп бір бай баланы көріп, сөйлесіп, балаға қойын бақтыратын болады. Енді баланың он екі жаста таяқ алып, қой баққан жері.

Пері баласы Едіге  
Қой бақты Құбыл атанып.  
Әкесі — Мәулім әулие  
Пірінен кеткен бата алып.  
Асыраған құсбегі  
889 Өлтірді жалдап мауыздап,  
Жұмыртқаны қата алып.  
Құттыби өтті жалғаннан,  
Өз баласын бұл үшін  
Өлімге қиған апарып.  
Пақырлық келді балаға,  
Жасынан бүйтіп шаталып.  
Қайқы таяқ қолында,  
Жүрді қойдың соңында.  
Тоқтылық, жандық ақы алып,  
900 Асыл тұқым қой бақты,  
Жетім болып атанып.  
Ертеңгісін өргізіп,  
Күн қыза қайтады өрістен.  
Он екіде жасы бар,

- Бірақ хабары бар әр істен.  
Аспан ашық, жел тынық,  
Бір күні жерге шық түскен.  
Мал түспеген соныға,  
Қой жайылып келіскен.
- 910 Маужырап бала отырды,  
Бір шуаққа күн түскен.  
Бала отырса шуақта,  
Дауыс шықты алыстан.  
Бір-екі адам керіскен,  
Жанжалдасып жүріскен.  
Бала есітті дауысын,  
Өзі қойшы жас бала  
Төбелесті не қылсын.
- 920 Қойы тоқтап жайылды,  
Жердің тауып сонысын.  
Келе жатыр екі адам,  
Керісумен келіспей.  
Құбыл қойшы білмеді,  
Керісінің мәнісін.  
«Барамыз ханға жүр» десіп,  
Айтып сөздің шалысын.  
Тек құлағы есітіп,  
Отыр бала қуыста.  
Қой шетінен бұрылып,
- 930 Бара жатыр екеуі.  
Кешіп жүрмей қой ішін,  
Бұл екі адам ашумен,  
Айырылған анық ақылдан.  
Ортасында бір түйе  
Басын сілкіп, бақырған.  
Тұсына келген уақытта,  
Бұл қойшыны екеуі  
«Бермен кел!» деп шақырды.  
Бармаймын десе, екі адам:
- 940 «Жылдам кел!» деп ақырған.  
Барайын деп соларға,  
Орнынан тұрды отырған.

- Жүз қадамдай жол жүріп,  
 Бара жатыр екеуі.  
 Осындай жуық-жақыннан  
 Бала сәлем береді,  
 Келгенсін жақын анадай.  
 Бұл екі адам баланың  
 Баланың сәлемін алады.
- 950 Бір жақсылық ой түсіп,  
 Екеуінің кеуліне,  
 «Осы бала жарады-ай,»  
 Жарағаны емес пе?  
 Қойын баққан қойшыға  
 Сөз айтыпты мынандай.  
 Тыңдағандар бұл жайды,  
 Енді әңгімесін айтайын.  
 Ашылған жері баланың  
 Он екі жаста талабы-ай.

Бұлар балаға төрелесіп, бала сол жерде екеуінің кеулін бітіріп, қанағатты төрелік беріп, екеуін тарқатып жібереді де өзі қойын бағып жүре береді.

- 960 Жиылған он-он бестей адам болған,  
 Ішінде жақсы менен жаман болған.  
 Мұны айтып, Құбыл қойшы жүріп кетті,  
 Қой ұзап, қойшылықпен алаң болған.  
 «Баласы Құтты бидің қандай жан!» деп,  
 Таң қалған мұны естіген адам болған.  
 Жайылып бұл төрелік көп халыққа,  
 Тамаша, таңқалғандай хабар болған.  
 Қосылса бір-екі адам осыны айтып,  
 Бір күні Тоқтамысқа хабарланған.
- 970 «Айтсаң да би баласы тек емес» деп,  
 Мәжілісте отырғандар ой ойлаған.  
 Бір күні және болды бір тамаша,  
 Болса дау «қайда қойшыға» даярланған.  
 Он бес күн өткенде — жарым айда,  
 Қой жайған Құбыл қойшы соны сайған.

- Бозқырау еріп, шөпке түсіп жатыр,  
Сарғайып, салқын тартқан шөптер майда-ай.  
Тоңазып, еті мұздап бұл баланың,  
Отырды ықтап барып қабақ жарға-ай.
- 980 Қой баққан, жыртық киім бала түгіл,  
Әркім-ақ түшіркенер ақыр айдай.  
Бүкшиіп, жарды ықтап отырғанда,  
Кез болды жақын жерде бір жанжалға-ай.  
Алжасып, қатты сөйлеп шаңқылдаған,  
Сөгісіп бір-бірімен ата-баба-ай.  
Қараса түрегеліп орнынан,  
Баланың көзі түсті мына жайға.  
Мойнында екеуінің мылтығы бар,  
Таласып, тартысады бір қоянға-ай.
- 990 Қия алмай бір-біріне қиқылдасып,  
Бармақшы болып еді патша, ханға-ай.  
Келе жатыр тау басынан төмен қарай,  
Алдында Құбыл қойшы тұрды бала-ай.  
Осындай бұл балаға жақын келді,  
Тағы да бір әңгіме болды және-ай.  
Бұларға бала сәлем бергеннен соң,  
Ой түсті екі адамға осы арада-ай.  
«Келдік, — деп, — би баласы осы шығар,  
Түйеге төрелік берген ақылы дана-ай.
- 1000 Не айтса, біз осыған тұрайық», — деп,  
Ой түсті қапелімде осыларға-ай.  
«Бұл қойшы екеуімізді танымайды,  
Әлі және дауды сүйеп, жемейді пара.  
Не салса Құдай аузына соны айтады,  
Ақиқат нағыз пақыр бұл бейшара».  
Екеуі осы сөзге дұрыстасып,  
«Әй, бала! — деді екеуі, — бермен қара».  
Қой бағып, қойшылықта жүрген Құбыл,  
Кездесіп, кез болды қайта дауға.
- 1010 Басында құдіреттің жазған ісі,  
Басына өлде залал, өлде пайда?!  
Өлеңді қоя тұрып осы арада,  
Азырақ қандырайын әңгімені.

Сонымен бала қоянға таласып келе жатқан екі адамды бітістіріп, төрелік беріп тарқатады. Бұл екі төрелік ханға естіледі. Сонда хан жасауылға барып: «Баланы алып кел», — дейді.

- Атанып қойшы Құбыл-ай,  
Төрелігі жайылды  
Тоқтамыс ханның еліне.  
Артықтығы басқадан  
Қойда жүріп білінді.  
Хабары ханға барған соң,  
1020 Хан жасауыл жіберіп:  
«Алып кел!» деп баланы.  
Өз көзімен көруге,  
Жасауыл жетті бір күні.  
Қой бақтырған адамға,  
Қойды баққан балаға  
Қимайды бай да баланы.  
Жасауылға амал жоқ,  
Жарамайды теріс келуге.  
Мінгестірді баланы  
1030 Байдың сөзін не қылсын,  
Қимаса да беруге  
Қойшысыз қалып сандалып.  
Бұ да атын ерттеді,  
Ізінен бала еруге.  
Бай, жасуыл, жас бала,  
Ханға қарай жол тартты.  
Шақырды деп ненің жөніне,  
Хан жіберген жасауыл  
Сыдырады, желеді.  
1040 Он екі жасар жас бала  
Ер артында келеді.  
Жасауыл мінген жалғыз ат  
Семіріп қайдан жүреді.  
Тесіп барад құйрығын  
Бел омыртқа сүйегі.  
Амалы бар ма сонда да,  
Әкімге әркім көнеді.  
Бір мезгілдей жол жүріп,

- Талма-тал түс болғанда,  
1050 Ордасын ханның көреді.  
Аттан түсіп жетелеп,  
Алып барып желіге,  
Байлады мықтап шылбырын,  
Босанып аттар кетер деп.  
Ордаға кетті жасауыл,  
Үшеуіміз барсақ жауапсыз,  
Есікте кейбір нөкерден.  
«Іштен хабар келгенше,  
Келіп хабар бергенше,  
1060 Олай-былай жүрмеңдер,  
Бейтәртіп болып секеңдеп.  
Ханға хабар берейін  
Бай менен бала екеуден.  
Не айтар екен әділ хан,  
Екеуің де кір дей ме,  
Шақыра ма жекелеп.  
Ханның ойын кім білсін,  
Екі кісіге болмайды.  
Келмесін бай ойына»,  
1070 Осы сөзді бекерден.  
Осыны айтып жасауыл,  
Ордаға қарай жүреді.  
Әсте басып төтелеп,  
Бай менен қойшы далада  
Көп кідіріп отырды.  
Бай айтады: — Әй, бала,  
Өміріміз осымен  
Далада бүгін өтер, — деп.  
Кетіп жатыр ордадан  
1080 Топ-топ болып жиылып.  
Далада отыр көп адам  
Реті тимей тоқталып.  
Қатар тіккен ордаға  
Біреуінен біріне  
Мырзалары өтіп жүр.  
Қағаз алып ақтарып,  
Намаздігер болғанша

- Бай менен бала отырды.  
Сол арада тоқталып,  
1090 «Бала келсін, бай қалсын» деп,  
Біреу келді қолына,  
Барысымен хатты алып.  
«Шақыртамыз байды да,  
Кетпесін, — деді, — аттанып».  
Бала кетті, бай қалды,  
Қайта алмай байың сандалды.  
Алтын тақтағы асылзат,  
Қашан байды шақырат?!  
Балаға сөйлеп шаталып,  
1100 Байға түсті пақырлық.  
Балаға қойын бақтырған,  
Арзан жалдап мақтанып.  
Тамақ, сусын татпастан,  
Ымыртқа дейін отырды.  
Қайтайын десе қайта алмай,  
Жазадан қорқып, сақтанып.  
Сөйлейін сөзді баладан,  
Көп жиылған, аламан.  
Байдың сөзін азайттық,  
1110 Қиюлап айтып, қысқартып.  
Кірді бала ордаға,  
Сөз сөйлейді есіктен.  
Сәлем беріп болды да:  
— Алдияр сұлтан, тақсыр хан,  
Не жұмысқа шақырдың?  
Күйекке бағып, ақы алып,  
Міндетке алдым қойды да.  
Қойшысыз қалып сандалып,  
Зәбір болды байға да,  
1120 Қайта алмай отыр аулына.  
Қарап жүрмей өзім де,  
Бітірдім екі дауды да.  
Төрелікті айтқанмен,  
Сіздікі деп айтқанмын.  
Алысқа салып ойды да,  
Хабарым ханға барар деп,



- Жөнімді сонда білер деп,  
Райына келіп әділ хан,  
Өтіп кеткен атамның
- 1130 Отырғызар орнына.  
«Келсін, — деп, — бала» шақыртып,  
Қуанышым аз, — деді.  
Ұмытпаймын сонда да,  
Алған ақы қойды да.  
Ақысын байдың ішіп-жеп,  
Қарыз болды мойынға.  
Күн кешкіріп, түн болды,  
Бір мүсәпір атамыз,  
Тақсыр, сізге кез болды.
- 1140 Мүсәпірді аясаң,  
Шақыр десең далада,  
Күні қараң байды да.  
Ордадан орын тимесе,  
Ісім жөнге келмесе,  
Қайтадан бақсам бай қойын,  
Соғармын деді санды да.  
Алдияр сұлтан, тақсыр хан,  
Бұл — өз басымның қамтығы».
- 1150 Сонда ишарат қылды падиша,  
Байды «Мұнда келсін, — деп.  
Бай мен бала екеуі,  
Қонақ жайда болсын, — деп.  
Аспазшыға айт, — деді,  
Әр түрлі тамақ берсін, — деп.  
Бұл — сыйлы қонақ біреуі,  
Солардан артық көрсін, — деп.  
Енді бүгін кеш болды,  
Қонақ болып жайланып,  
Ұйқысы қанып тұрсын, — деп.
- 1160 Ертең ерте ордаға,  
Бәршеден бұрын келсін», — деп.  
Басылды бала жүрегі,  
Қауіпте тұрған дүрсілдеп.  
Патшаның сөзін есітіп,

Көп отырған азамат,  
Сөз тыңдаған жамағат.  
Түсінсе сөзге болады,  
Тыңдаушының көңілі шат.  
Онда әңгімесін айтайын,  
1170 Түсіндіріп пішімдеп.

Түнде қалып, ертеңіне бай аулына қайтады. Бала ертеңгісін ордаға барып, түсте қайтады, түсте барып, кешке қайтады. Сөйтіп жүріп патшаның алдына барып, екі төрелік береді. Сонда балаға кеулі толып, бұл «бала ешкімнен кем болмас» деген ойға келіп, өзі бала қылам деп той жасап, қолына жілік ұстатып, халыққа білдіріп той жасаған жері.

Бұ күнде Құбыл келді он төрт жасқа,  
Бала жоқ Тоқтамыста мұнан басқа.  
Екі жыл қасына алып отырғанда,  
Көрсетті әрбір түрлі іс пен нұсқа.

Шығарды мағлұм қылып енді тысқа,  
Шешесі бұл баланың қалды өліп.  
Айтайын бұл баланың тұрмыс сөзін,  
Жариялап бұл күндегі алты Алашқа.

Шақыртып патша алған айналасын,  
1180 Танытты келген көпке бұл баласын.  
Қолына жілік беріп жариялап,  
Меңгеріп алма сағақ, хан қарасын.

Бес қару асындырып, алтын сайман,  
Оздырып тайпасынан даражасын.  
«Тағыма өзім өлсем, осы ие» деп,  
Төрт түрлі, қадап басқа һәм жығасын.

Шулады, «Құтты болсын!» айтты халық,  
Есітіп Тоқтамыстан сөз расын.  
Басқарды енді бала сырт жұмысын,  
1190 Тындырып сыртта ханның әр түрлі ісін.

Тындырып падишаны шаттандырып,  
Таппады бұл баланың ел кемісін.  
Төрт түлік дүнианы тәрбиелеп,  
Һәм және аралайды елдің ішін.

Бұл елде үлкен қартқа сәлем беріп,  
Сөйлейді «Шырағым» деп жол кішісін.  
Алыстан үлкен болса сәлем беріп,  
Тыңдайды қарияның әңгімесін.

1200 Болса да қанша қиын, қауырт жұмыс,  
Патшаға сәлем береді ертеңгісін.  
Екі жыл мұныменен жүрді сыртта,  
Атанып Құбыл төре барша жұртқа.

Жасаған үш жүз алпыс бір адам бар,  
Паш қылып бар сырын бәрше қартқа.  
Бұл елде мұнан бөтен жан білмейді,  
Баласы Құттыбидің деп түсінеді.

1210 Анасы пері, атасы пір әулиеден,  
Паш қылып қарт айтады барша жұртқа.  
Қайбыртты қарт айтуға падишадан,  
Бармады кеуіл аударып бұзықтыққа.

Шат болып Құбыл шығады күнде малға,  
Жүзі ыстық, дос секілді көрген жанға.  
Сонда да бір-бірінен жан аямас,  
Дос болды айрықша бір адамға.

Ол адам шайыр еді шалықтаған,  
Сөйлетейін келсе кезі қайбыртпаған.  
Аңғысын атын қойған ата-анасы,  
«Ақын» деп сырттан есіткен дабырасын.

1220 Тартады сырнай, керней, сыбызғыны,  
Сөйлетеді неше күймен домбырасын.  
Құбылдың дос болғаны осы адам,  
Зерек жан, ойы жетеді әрбір пәмға.

Біреу бар және мұнымен «доспын» деген  
Оны бұл Аңғысындай қош көрмеген.  
Халық оны Кеңесұлы Кеңжанбай дейді,  
Оны да бірақ бұлар білдірмеген.

Кез келсе бұл Құбылды «Төрежан» деп,  
Дос құсап, бөтен мінез білгізбеген.  
Құбыл да бұған қарай сырты сұлу,  
1230 Ішінде сүймегені шын мінезбен.

Аңғысын күндіз-түні бір жүреді,  
Бірақ бұл мұндай болып бір жүрмеген.  
Осымен шықты Құбыл он сегізге,  
Перідей тартты түрі түп негізге.

Көрген жан дидарына құмар болып,  
Сөйлескен ашық болды бір лебізге.  
Сымбатты, сырты сұлу, төрт Рүстемдей,  
Әркім-ақ қонатұғын ер дегенге.

Оқымай зор тақуа сұрап біліп,  
1240 Тік тұрады ислам жолы, дін дегенге.  
Осымен және екі жыл өтті бастан,  
Жарар еді болса елдің бірлігіне.

Жиырмаға жасы жетіп болды жігіт,  
Әйелге назар салмайды күндіз-түні.  
Жүргенде осынша артық табиғатта,  
Балаға бір оқиға кез келеді.

Құмартып көп отырған, азаматтар,  
Айтайын оқиғасын енді міне.  
Ей, тілім, көне, енді мұнан баста,  
1250 Тәрбие болсын, адам болса пенде.

Патшаның бір әйелі артық зерек,  
Біледі ақылменен әртүрлі өрнек.  
Құлқаныс пері порым, періште мысал,  
Ол күнде туған жаннан түрі бөлек.

Жасы бар жиырма үште, аты ханым,  
Ондай жан ол заманда жүдә сирек.  
Патшаның өз қасында отырады,  
Күндіз-түн дастарханнан ішіп қорек.

1260 Тоқтамыс бұл әйелді кем көрмейді,  
Өзінен ақыл пәмін жалғыз ширек.  
Құлқаныс ханымы да жұртқа мәлім,  
Балаға ана болған, тігіп көйлек.

Бұл — ана, Тоқтамыс хан ата болған,  
Басқа да көп әйелі неге керек?  
Құлқаныс мағлұм болған байтақ елге,  
Патшаның сонда екен тізгіні де.

1270 Сәлемге ертеңгісін Құбыл келеді,  
Тәрік етпей бұл әдебін күнде-күнде.  
Балаға осы ханым ғашық болып,  
Кеуілі бұл екі жылда өзгерілді.

Балаға неше назбен үрмет қылып,  
Жас жігіт айтады деп өзі сөзді.  
Қаншама оңашада отырса да,  
Бұл бала бір ауыз сөз үндемеді.

1280 Шыдамай бір күндері нәпсісіне  
Шайтанның асуасына рас енді.  
Шыдамай енді ханым өзі тиді,  
Емес пе тигендігі, тыңдаушылар,  
Құшақтап тұрып, барып бетін сүйді.  
Құшақтап, қысып тұрып бетін еміп,  
Шығарып аузынан тілін берді.

Құбылдың бұндай істен хабары жоқ,  
«Әй ана, — деп айтады, — болды-болды!  
Босатып ап екі қолын, енді ханым,  
Сөзбенен білдіріпті мына жөнін:

- Әй, шырағым, ақсұңқар!  
Артық туған ер едің.  
Сен — нағыз таза тұқымсың,  
Мен айтпасаң да білемін.
- 1290 Жүсіптен нұрлы түсің бар,  
Айтатұғын ісім бар.  
Болдым саған ынтызар,  
Сол түсіңнен сүймекке,  
Болған ғашық мен едім.  
Ақ сұңқар құсқа, шырағым,  
Таққа мінген хан ғашық.  
Адал ниет хан болса,  
Көрмекке оны ел асық.  
Түскен гүлге көл ғашық,
- 1300 Сұлу қызға ер ғашық.  
Екі құлын ойнаса,  
Болады сонда жарастық.  
Бура мен бота ойнаса,  
Болмай тұрар мінәсіп.  
Жас елуден асқасын  
Құдай қосса амал жоқ,  
Жүрмейді жасқа жанасып.  
Мен — бір тұрған тұрымтай,  
Жастай қалған адасып.
- 1310 Не қыласың, қарағым,  
Болып тұрмын мен ғашық.  
Ханға болдым ардақты  
Ойласатын бір зайып.  
Төсекте жатады Тоқтамыс,  
Ізатты жоқ қыңырайып.  
Ханға амал қылайық,  
Көрсең мені, шырағым,  
Өз бойыңа ылайық.  
Қатын болып патшаға,
- 1320 Тек әншейін жүргендік,  
Сөзіме сенсең шын, рас.  
Айырылатын ер кіндік  
Кеуліңді білдірші.  
Жүрмін саған іркіліп,

Күшпен тұрған жайым бар.  
Келтірейін бір түндік  
Сенен асар ноғай жоқ.  
Осы шалдан құтылсаң,  
Басыңа тиер еркіндік.

*Құбыл шешесінің сөзін тыңдап, тұла бойы мұздап, шошынып айтқан сөзі:*

- 1330 — Ау, қалайша, Құлқаныс!  
Сапарға жүрер пенде алыс.  
Миясар емес балаңа,  
Жылқыңды баққан малайға  
Болсам деген дүз таныс.  
Себепкер болсам күнәға,  
Қадам бассам арамға,  
Бұл халықта адам жоқ.  
Талап қылсам мен жөнсіз,  
Қылма бүйтіп надандық.
- 1340 Міндет болды сіздерден  
Аталық пен аналық.  
Парыз болды тойынға,  
Тұзыңды татып балалық.  
Құдайдың жүзін көрмеймін,  
Істесем бүйтіп арамдық.  
Ханға зайып ханымсың,  
Қылма бүйтіп жамандық.  
Миясар емес жылқышы,  
Сіздей асыл ханымға.
- 1350 Нәпсің қаулап жалындай,  
Төкпе бүйтіп арыңды-ай.  
Ата-аналық үрметің,  
Сүндет болды мойынға-ай.  
Бұзба бүйтіп кеуліңді-ай,  
Жалғаншысы құрысын,  
Өте шығар ойындай.  
Жақсы көрсең, ханым-ау,  
Жұмсама бүйтіп қиынға-ай.  
Қайғыменен қам қылсам,

- 1360 Кетпейді менің ойымнан.  
Босанып босқа шаттанбан,  
Атадан асып мақтанбан.  
Мен секілді малаймен,  
Шыға алмай жүрген жарыққа,  
Жылқың менен қойыңнан.  
Ақылы жоқ, шашы ұзын,  
Әйел халқы бұрыннан.  
Бұл не, Алла, не сұмдық?!  
Қарап жүрген адамға,
- 1370 Өзі келіп ұрынған!  
Себепкер болып бұл залым,  
Қозғайды екен орнымнан.  
Осыны айтып бұл Құбыл,  
Тыңдамай сөзін ханымның,  
Тұрып кетті орнынан.  
Қатын қалды қапада,  
Айтқаны болмай балаға.  
Бұзылды кеулі ханымның,  
Ойы кетті арамға.
- 1380 Айлакер адам ақылды,  
Ауды кеулі балаға.  
«Бұл баланың енді мен,  
Салайын басын зауалға.  
Ашықтығым паш болар,  
Кешіксем байтақ ноғайға.  
Мұнан артық не қылсын,  
Өзім барған уақытында.  
Тәкаппарлық, тасқындық,  
Келген екен бұған да.
- 1390 Қысқартайын жүрімін,  
Бұл ісі маған оңай ма.  
Жазықты қылып жаладан,  
Келтірейін орайға».  
Осыны ойлап бұл ханым,  
Мінді жігер, шын ойға.  
Пенде ойлап неғылсын,  
Істің еркі Құдайда.  
Бала кетті жылқыға,



- Ардақты ханым жұртында  
1400 Өкпеледі балаға.  
Шығармады сыртына,  
Паш қылмады бала да.  
Аңғысындай досына  
Болып жүрген бір тума.  
Өлтірмекке баланы  
Ой ойлады бұл ханым.  
Аш араз қылып ұлтына,  
Кінәсін тауып ханға айтты,  
Ханның кеулін қарайтты.
- 1410 Басын шарға салмаққа,  
Жазықты қылып қиюсыз.  
Әңгіме етіп айтайын,  
Қатынның сөзін азырақ,  
Тыңдаушылар, ал, тыңда.

Бұрын бала ертеңгісін патшаға сәлем бере келгенде, анасы жақсылап ұйытқан қатық беретін еді. Енді балаға кеулі қалып, қатыққа су орнына сідік қосып, ұйытып қояды және ханға айтады: — Балаң ертеңгісін кіріп келіп, сәлем бергенде, сен орныңнан қозғалып, шошып кетесің, — деді. Оған хан: — Шошымаймын, — деді. — Қазір көзіңе көрсетем, — деп, қатын патшаның етегін астындағы көрпеге инемен түйреп қояды. Сол уақытта бала сәлем беріп кіріп келіп, өзінің отыратын орнына отырады. Ханым күндегі беретін қатығын алдына әкеліп береді. Асқа қарап бала отырып, қалтасынан пышағын алып, қатықты төртке бөліп, қасықпен араластырып «анамыз батыма бергенсін ішпеске болмас» деп, көтеріп басына қағып салып, батасын істеп шығып кетеді. Енді ханым түйреген инені қараса, ортасынан сынған. Патшаға көрсетіп, патшаны уайымға түсірді және де: — Тамақты төртке бөліп араластырып ішті, осыған түсіндің бе? — деді. Патша: — Жоқ, — деді.

— Қатықты бөлгені, үйінді төртке бөліп былғағаны, ортаңа ойран салам дегені. Өлтіріп құтылмасаң болмайды, — деді. Сен баста өлмей, тақ бермеймін деп едің. Енді қартайдым, балама тақ берем де. Тоғыз үйді көтестіріп, тек төрдегі үйге тақ құр, елдегі кілең есерлерді жинап, баланы шақырып, арақты көп беріп, мас болған уақытта шаптырып өлтірмесең, ешкім өлтіре

алмайды, — деді. Патша осы айтқанның бәрін орындап «Баланы шақырып кел» деп адам жібереді. Шақырушы: — Өкең той жасап жатыр, саған тақ береді, соған жүресің, — деді. Сонда Аңғысын баланы оңаша апарып, жайын біліп, қауіптеніп, шақырғансын бармауға болмайды. Баратын болып, бет алып жүріп келе атып, ермек болсын деп, және бұған түсіндірейін деп Аңғысынның айтқаны:

- Дос болдым сеніменен, Құбыл төре,  
Кімде-кім құмар біздің әңгімеге.  
Азырақ жол қысқартып сөз бастайын,  
Құр бекер, бос жүрудің керегі не?!  
Жақсылық шақырушы айтып келді,  
1420 Орны бар көңіліңнің желденерге.  
Және де қиял түсіп, ой бітеді,  
Беймезгіл шақырады деп патша неге?  
Әй, Құбыл, атаң өлмей, алтын таққа  
Жалғыз-ақ мен риза сен мінгенге.  
«Бұл балам өзім өлсем хан болад» деп,  
Жаздырған патша баста кенепке.  
«Жақсы сөз — жарым ырыс» деген мақал,  
Өр істің болу керек мезгілінде.  
Тақ мініп, тақуа болып қалғаның ба,  
1430 Жас мезгіл, сайраңдайтын дер кезінде?!  
Төрежан, жол қысқартқан ермек сөзім,  
Әулие болар едім, жетсе көзім.  
Жақсылық шақырушы айтып келді,  
Ой түсіп осындайда бір мінезім.  
Жүрегім орныққанша ойлайтұғын,  
Сенбейтін әдетім бар өзіме-өзім.  
Егер де мініп таққа, патша болсаң,  
Қадірлі болар еді басқан ізім.  
Шалықтап мен саянда жүрмес пе едім?!  
1440 Сен сонда бермес пе едің маған тәжім?!  
Төрежан, бір баласың түрің бөлек,  
Ер едің ел ішінде маған керек.  
Тақ мініп, патша болып сен отырсаң,  
Сенімен бірге жүрмей, көрем сирек.  
Құсбегі, уәзір болып отыра алмай,

- Ас үшін денем жеңіл, кеулім зерек.  
 Мен қашан қырыққа толып толыққанша,  
 Мақсатым жақсы-жаман жүріп көрмек.  
 Азырақ айқай, әнге қостым кеуіл,  
 1450 Болсын деп қуанышты жолға ермек.  
 Төрт бөліп болды о да байлағаным,  
 Мынандай қиялменен жайнағаным.  
 Ордаға осыменен жақындармыз,  
 Төре деп бұл қызмет етіп сыйлағаным.  
 Сен енді патша болсаң мініп таққа  
 Сабырлық мінезді қой, шира, жаным.

Бұған жауап қайтарар деп дәмеленіп Аңғысын шамалы демалтып жүріп еді. Бұның бұл айтқанына жауап қайтару Едігенің ойында жоқ. Сонда Аңғысын бұл қалай деп уайымдап, Едігеге тағы толғағаны:

- Аңғысын мұны айтқанда,  
 Үндемейді төре қайырып.  
 Есіткенін айтуға,  
 1460 Аңғысын келеді айбынып.  
 Қапа болып бұл шайыр,  
 Келе жатыр қайғырып.  
 Әлде қандай болады деп,  
 Неше түрлі ойланып.  
 Үндемеді төре де  
 Қайырып бұған сөз қылып.  
 «Үндемеген несі?» деп,  
 Ой ойлады дал болып.  
 Осыменен жақындап,  
 1470 Келіп қалды ордаға.  
 Самсаған көп ат байлаған,  
 Талай адам жиналған,  
 Бұл мереке, тойға да.  
 Бұлар да байлап аттарын  
 Дөнеме келмей ойға да,  
 Есіктен кіріп бара атыр,  
 Хан отырған жайға да.  
 Алтын тақта падиша

- Тоғыз орда төрінде.  
1480 Көрмеген еді Аңғысын  
Мұндай орда тігуді.  
Хан түзеген секілді,  
Бір жаңалық порымды.  
Құбыл жүрді алдында,  
Аңғысын жүрді кейінде.  
Сан азамат, сардар бек  
Құралып отыр жиналып  
Бұл орданың төрінде.  
Көзін салса Аңғысын  
1490 Бәрінің жеңі киюлі,  
Бәрінің белі буулы.  
Дүрсілдейді жүрегі,  
Не екенін білмеді.  
Бұл жүректің себебі  
Осыменен төрдегі  
Патшаға енді көрінді.  
Аңғысын шайыр атанған,  
Айтқыш адам елінде.  
Құбыл барып отырды  
1500 Төрдегі тақтың шетіне.  
Аңғысын да отырды  
Жапсардағы беліне.  
Иегін қақты Тоқтамыс  
Есіктегі біреуге.  
Күміс құлақ, алтын саз,  
Алып келді бір адам,  
Аңғысынға беруге.  
Тоқтамыс сонда сөйледі:  
— Құбыл таққа мінеді,  
1510 Соның тойы — осы той.  
Тамаша болсын, Аңғысын,  
Сол дудардың күйіне.  
Сөйле, шайыр, сөйлеші,  
Көптен қорқып қалтылдап.  
Жүйрік дейді әркім-ақ,  
Құбыл төре жолдасың,  
Қанекей сөйле, сүрінбей.

*Сонда Аңғысын қолына домбырасын алып, құлағын бұрап,  
күйіне келтіріп, отырған көпшілікке қарап айтқаны:*

- Той бастайын тойлыққа,  
Отыр ма кеулім орнықпай.
- 1520 Құтты болсын айтуға,  
Хан тұрған жоқ қой бір нырықтай.  
Жолықтың, Құбыл, жолықтың,  
Мезгілсіз «қызық», сыйлыққа!  
Алдыңда арақ, шарап бар,  
Тақ мінем деген талап бар.  
Ішпесең айып бұл жұртқа-ай,  
Егер ішіп, мас болсаң,  
Жолығарсың қорлыққа-ай.
- 1530 Мен басымды байладым,  
Сен үшін көніп азапқа-ай!  
Адамның ісі әшкере,  
Қатын қылар ұрлықты-ай.  
Патша әмір етіп тұр,  
Сүрінде, ойлан, аблықпа!  
Сөзімді тыңдар мына көп,  
Орнынан тұрмас хан мен бек.  
Тойы рас егер де,  
Бола қойса «орнықты-ай».  
Қолыма бердің сазыңды,
- 1540 Көңілді бірақ суыттың.  
Қысқа аударып жазыңды,  
Ақ сұңқарды ұшырып,  
Бағарсың қоңыр қазыңды!  
Абайла, патшам, абайла,  
Болмасын ісің жазымды!  
Жаңа өспірім түлектің  
Не болды, ноғай, жазығы?!  
Едіге сұңқар түлеген,  
Алыстан тоят тілеген.
- 1550 Мәнісін білдір, ноғайлы  
Бұл тойларың не деген?!  
Сұңқарды қолдан ұшырып,  
Соң білерсің керегін?!

Мен де ноғай баласы,  
 Білдір тойдың дерегін?!  
 Нақақтан жария іс қылма,  
 Білдірші бұның себебін.  
 Өз жаныңа қас қылма,  
 Тойған етке мас болма.  
 1560 Не қыласың нарқы жоқ,  
 Залым ханның көмегін?!

Аңғысын көпке қарап мұны айтқанда, бір де біреуі үндемеді.

*Сонан соң бұрылып, Тоқтамыс ханға қарап айтқаны:*

— Ау, Тоқтамыс, отырсың  
 Алтыннан құрған тағыңда-ай.  
 Су шашпа сағымға,  
 Қолдан берме арыңды-ай!  
 Беліңнен туған балаң жоқ,  
 Кім арлайды арыңды-ай?!  
 Малыңды бағып бұл Құбыл,  
 Кенелтіп отыр жаныңды-ай!  
 1570 Қапыда қате іс қылып,  
 Соғып жүрме саныңды-ай!  
 Кереметті әулие  
 Бұл жанып тұрған жалыңды-ай!  
 Көзің көрді ақылды,  
 Төрелігі әділді-ай!  
 Тағыңды тәжіңмен бер  
 Өлеріңнің шағында-ай!  
 Желіккен шығар кеуілің  
 Арада айтқан сағымға-ай!  
 1580 Балаңыз сіздің ер деймін,  
 Елеулі ермен тең деймін.  
 Сен ақылыңнан алжаспа,  
 Қылыпсың патша тойыңды.  
 Білдім сенің ойыңды-ай,  
 Ойынның түбі қиынды-ай!  
 Тақ берем деп балаға  
 Жинапсың бүгін жиынды-ай!

- Отырған көпке көз салсам,  
 Бәрі де ылғи қызулы-ай.  
 1590 Белдері және буулы-ай,  
 Жеңдері және киюлі-ай.  
 Жақсылық тойға жараспай,  
 Пікірге салсам ойымды-ай.  
 Қалай тойды бастайын,  
 Аямаймын тілімді-ай.  
 Бастайын тойды қалайша?!  
 Айтқан сөзім тыңдалмас.  
 Адамның кеуілі қарайса,  
 Деп айтсайшы, хан ием:  
 1600 «Тойды баста былайша!»  
 Әлде сізден дөмем бар,  
 Сөзіңе болдым ынтызар.  
 Едіге өсіп, сыналса!  
 Тойыңның түбі болмасын,  
 Ұлайып кетіп ұлғайса!

Бұны айтқанда Тоқтамыс үндемей қалды. Хан да, халық та үндемеген соң, енді Аңғысын Құбыл досына қарап сөйледі:

- Сенің әкең — Тоқтамыс,  
 Құбыл, бүгін той қылған.  
 Тойың малды сойғызған,  
 Есерлерді жыйғызған,  
 1610 Той менен етке тойғызған!  
 Айырылмаққа бел буған  
 Қолындағы жалғыздан.  
 Көпке қару алғызған,  
 Ашытып боза құйғызған.  
 Нақақтан жаза құрғызған,  
 Ақ ісіне амал жоқ,  
 Мұны да Құдай қылғызған.  
 Ау, Едіге, Едіге!  
 Алмас будың беліңе.  
 1620 Шыныменен Едіге,  
 Құлақ сал менің сөзіме.  
 Сенің әкең құсбегі —

- Осыдан болған өлімі.  
Сенің қайның Сәтемір,  
Жүре бер соның еліне!  
Үндемейсің сен неге?!  
Не келіп отыр кеуліңе?!  
Жылқы бағып қас болдым,  
Құшақтасып дос болдым.  
1630 Сонан соң білдім жөніңді,  
Баланың жөні осылай.  
Бұл білгенім көбіне  
Айтты десе Тоқтамыс,  
Өлтіре берсін мені де!  
Құтқарып өлсем арман жоқ,  
Едіге досым, сені де!  
Сенің досың Аңғысын,  
Аңғысын жырау қаңғысын!  
Құшақтасқан, әй, досым,  
1640 Ойла істің соңғысын!  
Бірге өскен баладан  
Досым едің, Едіге.  
Досым жалғыз, дұшпан көп,  
Өлтіруге таялған.  
Көрмейсің бе әкеңнің  
Қойнындағы сүңгісін?!  
Жасыра алмай жартысын,  
Көрсетіп жатқан ұңғысын.  
Дұшпандығы болмаса,  
1650 Кімнің жайын кім білсін?!  
Қапысын тауып ата алмай,  
Қайымын тауып сала алмай,  
Ханнан басқа халықтар  
Ханға жалтақ қарады-ай!  
Қамданбасаң ертерек,  
Өлтіреді қалайда-ай!  
Сен құтылсаң есен-сау,  
Іс қылмас ноғай мағанда-ай!  
Мен де жағдай айтармын,  
1660 Байтақ жатқан ноғайға-ай.  
Неге отырсың қамданбай?!



Енді сөзге алданбай,  
 Мен бір лақ байлаулы-ай,  
 Өлтірем десе отырмын,  
 Ханың кессін басымды-ай!

Сонда Едіге: «Япырмай, бағана шақырушы барғаннан айтқан әңгімесін маған айтып отыр екен», — деп, жан-жағына қарайды. Еңселері түсіп, қипақтаған сардарларды көргенде, «Аңғысын досымның айтқаны рас шығар», — деп ойлайды. Енді Едіге: «Я, Алла, пірлер, құтқар мені мына пәледен!», — деп, піріне сыйынып еді, ақ сары бас құс болып шаңырақтың басына қонып, жерге түсіп, патшаның қарға бұтты Қаразбанына мініп, Тоқтамысқа айтып тұрғаны:

- Үйде отырған, Тоқтамыс,  
 Тыңда, айтайын әңгіме!  
 Мен періден туған құмаймын.  
 Әкем — Мәулім әулие,  
 1670 Бергі әкем — құсбегі  
 Атымды қойған Едіге.  
 Бұл әкемді өлтіріп,  
 Іс қылдың сыймас пендеге.  
 Нақақтан маған іс қылып,  
 Мас боласың сен неге?!  
 Құбыл деді атымды,  
 Ақылсыз жарым елдегі.  
 Кінәсіз халқым күйеді-ау,  
 Ұрысар едім ендігі!  
 1680 Мініп тұрмын «Алла» деп,  
 Қарға бұтты қара атқа.  
 Сәтемірдің еліне  
 Бармаққа тұрмын талапқа.  
 Атам қосқан жарым бар,  
 Сенде қалған арым бар,  
 Ұмытпай мұны бірақ та!  
 Қарға бұтты Қаразбан  
 Боларын біліп осы істің,  
 Қатырып едім біраздан.  
 1690 Меніменен жау болдың,

- Қатының салған араздан.  
 Артығың жоқ, әй, патшам,  
 Тілін алдың әйелдің!  
 Менің досым — Аңғысын  
 Артық туған ноғайдан!  
 Достығын айтты аянбай,  
 Себебі бұның Құдайдан.  
 Тоқтамыс, хан емессің,  
 Шынжыр атай, асылзат!
- 1700 Қаттауым бар үстімде,  
 Торқадан киген тоғыз қат.  
 Барамын кетіп ел асып,  
 Туған елім болып жат.  
 Үш жүз алпыс жасаған,  
 Жақ сүйегі босаған,  
 Қол алыспай, қоштаспай,  
 Сыпыра жырау қалды қарт.  
 Енді айналып келгенше,  
 Жүзіңді есен көргенше,
- 1710 Аңғысын Хаққа аманат!  
 Ноғайлы қылсаң қиянат,  
 Менен көрме жаманат.  
 Көресің менен жаманат!  
 Көріскенше күн қанша,  
 Сау бол, досым, саламат!

Енді Тоқтамыс ойлаған ойын орындай алмай, баладан айырылып қалғасын, өзінше ой таба алмай, елінде 360 жастағы Сыпыра деген қарт бар екен, сол қартқа келіп, баладан айырылғанын айтып, ақыл сұрап айтқаны:

- Ассалаумағаләйкум,  
 Жасаған шайыр қартайған.  
 Ақыл сұрай мен келдім,  
 Басыңды көтер жантайған!
- 1720 Аңдаусызда айырылдым  
 Алғыр бүркіт, сұңқардан!  
 Ілгері амал қыла алмай,  
 Бұған ақыл таба алмай,

- Ханыңның кеуілі ортайған.  
Артық туған Едіге,  
Мен білмедім лажын!  
Кетерде айтып білдірді  
Сөзінің шын, расын.  
Көпті көрген қарт едің,  
1730 Ер дізгінін аласың,  
Бұған ақыл табасың,  
Өлтірмедім баста,  
Бойға толмай жасынан!  
Немесе орын бермедім,  
Тақ мінгізіп, қасымнан.  
Ақылым айран, дал болды,  
Айырылып қалып асылдан!  
Өкпелеп кетіп бара атыр,  
Іс қылмай қоймас ашынған.  
1740 Ханның құсын ұшырып,  
Алаңдап тұрмын алжасып,  
Айырылып қалып құсымнан.  
Келсе қайтып осыдан,  
Қорқып тұрмын басымнан.  
Сыпырадай құлақтым!  
Су перідей жүректім!  
Ақылдың кені, жүректім!  
Әшейінде ойласпай,  
Қысылған жерде, керектім!  
1750 Халықтың қамы қалайша,  
Әлің келсе, ақыл айт!  
Аласы жоқ қай тілектің?!  
Толғашы,қартым, толғашы!

*Сондағы Сыпыраның сөзі:*

— Мен толғаймын, толғаймын,  
Аз ғана толғап қоймаймын.  
Құдай берген Құбылдан  
Айырылып қалыпсың.  
Ақылсыз хан маңдайың,  
Ол — пір баласы, киелі,

- 1760 Білмейтін бе едің жағдайын?!  
Маңдайыңа сыймаған,  
Айтқанда ақыл неғылайын?!  
Білмедің пірден туғанын,  
Қолыңнан кетті аңдамай!  
Құдай берген Құбылдан  
Айырылып қалыпсың,  
Ақылсыз хан, аңдамай!  
Мен хан атасын білемін,  
Шайқы Мансұр, диуана.
- 1770 Оларға салған салқынын,  
Қия тауып алыпты  
Сандыққа салған алтынын.  
Сол сықылды Едіге  
Қиқымы еді алтынның!  
Мен көргенімді айтайын,  
Боларын білмей артымның.  
Ақылсыз, ақымақ абайла,  
Сөзін тыңда қартыңның!  
Қазан атай, Қарғалтай
- 1780 Екеуін көрген қартыңмын.  
Сазан атай, Сарқыптай  
Бөден атай, Бөргелтай  
Алтауын көрген қартыңмын!  
Қартайғанда, Тоқтамыс  
Сені көрген қартыңмын!  
Мен кешегі жүрген баланы  
Неше рет көрген қартыңмын!  
Не дейсің маған балам-ай?!
- 1790 Жаушы жібер артынан,  
Кешегі кеткен балаға-ай!  
Келетін болса бұл елге,  
Тәжіңді бер аямай  
Қызыңды бер аяулы-ай!  
Малыңды бер санамай.  
Еліңді бер соған-ай!  
Айналып келсе бұл елге,  
Салмай қалмас бұлалай,  
Тозбай қалмас ноғайлы-ай!

- 1800 Есіткелі отырмын,  
Ойланып ақыл табалмай.  
Пормысына баланың  
Қартың жатыр қайғырып.  
Ақылым жетпей ортамын,  
Күндердің күні болғанда,  
Кіреукелі алтын тағыңды  
Сол мінер деп қорқамын!  
Қанікейдей текті қыз  
Сол сүйер деп қорқамын!
- 1810 Пұлы қымбат қырмызы  
Иығына жамылып,  
Сол киер деп қорқамын!  
Еңсесі биік ақ орда,  
Сол кірер дер қорқамын!  
Ернегі жұқа сары аяқ  
Сол ішер деп қорқамын!  
Сандал бұтты сары азбан  
Сол мінер деп қорқамын!  
Ажалы жетіп өлмесе,
- 1820 Жау болар деп қорқамын!  
Осының түбін айналып,  
Сөз қылар деп қорқамын!  
Байтақ жатқан еліңді,  
Балдырған, балқаш көліңді,  
Пайдалы, байтақ жеріңді  
Сол сорар деп қорқамын!  
Үш жүз алпыс жасаған,  
Жақ сүйегі босаған,  
Қартайған қартың мен болсам,
- 1830 Мен де содан қорқамын!  
Бұл сөзіме құлақ сал,  
Не бітірер сөйлеп шал.  
Кешегі кеткен Құбылды  
Алдап-сулап қолыңа ал,  
Қасыңа ал да, басын ал!  
Егерде басын алмасаң,  
Басыңа басың қосып ал!  
Тілімді алсаң, осыны ал.

Сыпыра мұны айтқан соң, хан ойланып: «Едігенің артынан адам жіберейік. Келсе, бәрінің ықтиярын соған берейік», — деді. Аңғысынды жұмсағанмен бармайды. Сонда Тоқтамыс: — Едігені қайтарып алып келетін адам бар ма? — депті. Кеңестің ұлы Кенжанбай: — Мен Едігемен дос едім, мен қайтарып алып келейін, — дейді. Сонда патша Кенжанбайға Саразбан атты ерттеп береді. Саразбанға мінген Кенжанбай Едігені қуып жетеді. Сонда оның Едігеге «қайтайық» деп тұрған жері:

- Хан жіберді хабарға,  
 1840 Келіп тұрмын артыңнан.  
 Пір баласы екенсің,  
 Ықпалың жүріп артылған.  
 Елің жаңа түсінді,  
 Кешегі өзің айтудан.  
 Мәні-жайың паш болды  
 Сыпыра жырау қартыңнан.  
 Артық туған, асылзат,  
 Қайда кетіп барасың  
 Өзіңнің туған халқыңнан?!  
 1850 Хан жіберді «келсін» деп,  
 «Тағыма менің мінсін» деп.  
 «Қанікейдей көрікті қыз,  
 Тінікейдей текті қыз  
 Қалағанын сүйсін» деп.  
 «Саралы тымақ, қос жыға,  
 Үстіне келіп кисін» деп.  
 «Саразбан атқа мінсін деп,  
 Сараман дәурен сүрсін» деп.  
 «Елімді келіп сорсын» деп,  
 1860 «Ернегі жұқа сары аяқ,  
 Сорпалы тамақ ішсін» деп.  
 «Білмеген күнәм көп шығар,  
 Рахым етіп кешсін» деп.  
 «Ел жіберді қайтсын» деп,  
 «Өкпесі болса еліне,  
 Өзі келіп айтсын» деп.  
 «Азары тиген ел болса,  
 Айыбын мықтап тартсын» деп.

- 1870 Халқың тегіс шақырды,  
«Міндетін бізге артсын» деп.  
Ер едіңіз қалаулы,  
Шақырып жатыр ноғайлы.  
Халық ортадан жіберді,  
«Алып кел, барып қайт сен» деп.  
Қарт жіберді Сыпыра  
«Келсін, — деді — Едіге» .  
Шақырып еді кеңеске  
Ханға қатты кейіді.
- 1880 Айып салды тоғыздан,  
Найза ұстаған еріңе.  
«Пірден туған құмай» деп,  
Түсіндірді биіне.  
Сәлем айтты «келсін» деп,  
«Болсын, — деп, — ие еліне» .  
Тағын алды патшаның  
Сенің кеткен кегіңе.  
Кәнеки, мырза, жүресің,  
Халық тілегін бересің.  
Бұның бәрі шын-рас
- 1890 Батылменен білесің.  
Қайтамын десең, әй, мырза,  
Менімен елге жүресің!

*Сонда Едігенің Кенжанбайға айтқан жауабы:*

- Қайта алмаймын жолымнан,  
Келдің, Жанбай, соңымнан.  
Тұрса желім оңымнан,  
Бергенін патша алмаймын,  
Ықтияр болып қолымнан  
Соларды Құдай оңдаса,  
Қасымда жоқ жолдасым.
- 1900 Ханға дұғай сәлем де,  
Қайтады деп алаң болмасын!  
Берген тағын мінбеймін,  
Маңдайым құтсыз болғансын!  
Жыға төжін ұрмаймын,

- Басым құтсыз болған соң!  
Берген тонын кимеймін,  
Иінім құтсыз болғансын!  
Мінбеймін тұлпар, жорғасын,  
Тақымым құтсыз болғансын.
- 1910 Қызын берген сүймеймін,  
Неғылайын айласын!  
Талаппенен көрермін,  
Келтірсе Құдай ыңғасын.  
Елге дұғай сәлемде,  
Қайта алмаймын талаптан.  
Қарайтын елде адам жоқ,  
Тоқтамыс көзін алартқан.  
Құсбегіні өлтіріп,  
Кеуілімді қарайтқан.
- 1920 Сонда қайда ноғайлы,  
Бір адам жоқ қой жөн айтқан?!  
Тыңдамаймын ел сөзін,  
Сен айтпай-ақ білемін,  
Елдің сырын мен өзім.  
Не қылайын мен бүгін  
Әңгімесін құр айтқан?!  
Қартқа дұғай сәлем де,  
Жата берсін дұғада.  
Бір шыққансын жөн тартып,
- 1930 Қайтып бару бола ма?!  
Ноғайлы мені жиырма жыл  
Түсіндірсе болмай ма  
Байтақ жатқан ноғайға?!  
«Жалғыз туған бір құл» деп,  
Ойлаған шығар олар да.  
Мұны ойласа Сыпыра,  
Тапсырғаным Құдайға!  
Соларды Құдай оңғарып,  
Талабым кетсе оңдалып,
- 1940 Сонда қартты көрермін,  
Ісім келсе орайға!  
Елге, Жанбай, қайта бер,  
Осыны барып айта бер.



- Атыңның басын тарта бер.  
Алдымда Қағаз жарым бар,  
Бір көрмекке ынтызар.  
Әлде қандай болады деп,  
Кеуілімде қауіп бар.  
Тоқтамыс хан дегенде,  
1950 Ішім мұздап, кеуілім қар.  
Орайым келсе көрермін,  
Ата қосқан қосаққа  
Болып тұрмын ынтызар.

*Жанбайдың Едігеге айтқаны:*

- Астымдағы Саразбан  
Бауырынан жараған.  
Бітірер деп жұмысты,  
Жіберіп еді хан ағам.  
Өз еліңнен кім жақсы,  
Не табылады даладан?!  
1960 Өсіп едің қолында,  
Қалайда болса баладан.  
Заманы қатар, құрбы едің,  
Тілекті бірге сұраған?!  
Ағайын, туған болғансын,  
Не өтпейді арадан?!  
Түбі бірге болғансын,  
Таудай өкпе тараған.  
Ел қайғырды сен үшін,  
Қайтсайшы, батыр, сол үшін!  
1970 Сандал бұтты Саразбан  
Терлеп келген тері үшін.  
Жолдаспенен барарсың,  
Жарамайды жалғыз жүрісің.  
Артыңнан келген, замандас,  
Тым болмаса қайтсайшы,  
Еңбек еткен мен үшін!

Сонда Едігенің «менімен замандас едің» дегеніне ашуы келіп, Жанбайға кейіп айтқаны:

- Едіге және сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:
- 1980 — Кеңестің ұлы Кеңжанбай,  
Тентіреген, сен Жанбай!  
Әкең сенің кім еді?  
Ат бергеннің құлы еді!  
Шешең сенің кім еді?  
Ас бергеннің күңі еді!  
Менімен бір деп заманым,  
Мен көргенде ата-анаң,  
Қайыр сұрап жүр еді.  
Мен — түнерген қара бұлт,
- 1990 Келіп жаумай, ашылман!  
Арғы атам менің — әулие,  
Шоқпар біткен бір ермін.  
Еліңді шаппай басылман,  
Ханыңды тақтан тайғызбай,  
Басылмаймын ашудан!  
Мен түгіл басқа іс қылады,  
Азар көріп ашынған!  
Қамшы тиер мойныңа,  
Қан сорғалар қойныңа,
- 2000 Шапшаң кет менің қасымнан!

Сол уақытта Жанбайдың зәресі ұшып, атының басын оңды-солды қамшылап бара жатты. Сонда Едіге Жанбайды қайта шақырып алып айтқаны:

- Едіге және сөйледі,  
Сөйлегенде бүй дейді:
- Сеніп тұрған үш Нияз  
Өткен ата, пірлерге.  
Мен періден туған Құмаймын,  
Жайымды менің білдің бе?!  
Желігіп жаңа сөз айттың,  
Ханның атын мінгенге.  
Ел қыдырып, сүт ішкен,
- 2010 Сенің әкең Кеңес еді.  
Мен бала күнде көргенде,

- Шешең сенің күң еді,  
Қап иіріп, жүн түткен.  
Өр есікте жүргенде,  
Қайда туып, қайда өстің,  
Білемісің, сен неме?!  
Ноғайлы қайда қалыпты,  
Менің әкем құсбегі  
Мен үшін ханнан өлгенде?!
- 2020 Шешем болған Құлқаныс,  
Сідік қосып қатыққа  
Біліп арам бергенде?!  
Әкем болған Тоқтамыс  
Өлтірем деп ойланды,  
Жайымды білмей, шерменде!  
Хан құрысын! Айта бар,  
Саған атын бергені,  
Басына өлім келгені.  
Алуға басын бұл себе,
- 2030 Сендей залым мінгені,  
Дос болып ханға ергені.  
Аңғысынға сәлем айт,  
Ашуменен ұмытып,  
Жаңа ойыма келгені.  
Ноғайлыға сәлем айт,  
Аңғысынға тимесін!  
Айтқан сөзі шын болса,  
Ешбір азар бермесін!  
Мен бұл кеткеннен кетпеспін,
- 2040 Осы араны серлесін.  
Шыбын жаным сау болса,  
Келмейді деп білмесін!  
Менің досым Аңғысын  
Алмасын бусын беліне.  
Ноғайлыға сәлем айт,  
Тимей жүрсін жөніне!  
Мен бұл кеткеннен барармын  
Қайын атам еліне.  
Қайта айналып соғармын,
- 2050 Қағаздың дүзін көргенсін.

Енді жылдам қайт деймін,  
 Атыңның басын тарт деймін!  
 Аңғысын болсын тілектес,  
 Бір соғармын өлмесем.

Осыны айтқаннан кейін Кенжанбай өзінің еліне қайтты. Едіге бірнеше күн жол жүріп, бір елге кез болады. Едіге мал ізі бар, қиы бар, бірақ адамдары көрінбегеніне қарап, ойланып тұрғанда, тезек теріп жүрген әйел көзіне түседі. Едігенің осы елдің жайын білейін деп, әйелден жөн сұрап тұрғаны:

- Бақтауытты болдырған,  
 Ортасынан жол салған.  
 Тағынан ханды тайғызған,  
 Сүйген жарын күң қылған.  
 Өлпештеген аруын
- 2060 Артына салып, мін қылған.  
 Жау шапқандай еліңді,  
 Шаңырағын күл қылған.  
 Жалындай түтін түтетіп,  
 Бас басына жер қазған.  
 Кәнеки, жеңгем, сөйлеші,  
 Осының бәрін кім қылған?!  
 Тоқтамыс ханның елінде  
 Мен жөнімді айтайын,  
 Менің атым — Едіге.
- 2070 Жетім қалып жасымнан,  
 Көп шерім бар көңілімде.  
 Құттықия құсбегі —  
 Қосқан әкем теңіме.  
 Әкем ед қосқан теңіме,  
 Шығып едім елімнен,  
 Жарымды Қағаз көруге.  
 Елі бар да, малы жоқ,  
 Шаңырағы бар да, үйі жоқ,  
 Халық билеген ханы жоқ.
- 2080 Сөйлесуге жөн сұрап,  
 Жолыға алмай мен тұрмын,  
 Атқа мінген ері жоқ.

- Кәнеки, жеңгей, сөйлеші,  
Бұл жұртыңның жайынан.  
Келе жатып көз салсам,  
Мұнартқан таудың бұлағы.  
Көрінбейді мал ішкен,  
Жағасында лайы.  
Жапырағы жайылған
- 2090 Қайың менен қарағай.  
Жайылып жүрген қара жоқ,  
Құлазып жатыр тоғайы.  
Аттың ізі аздырған,  
Жапырылып қалыпты,  
Көрсен шалғын, көк орай.  
Ел азығып қалыпты,  
Болғандай қатты лаң-ай!  
Ақылым айран дал болды,  
Сау шаңырақ таба алмай.
- 2100 Кәнеки, жеңгей, сөйлеші,  
Кім болады елдерің,  
Боласыңдар қай таптан?  
Халық ұстаған ханың кім,  
Алтын тағын орнатқан?  
Ту ұстаған ерің кім,  
Айбатынан жау қорыққан?  
Әділетті биің кім,  
Қамырды үзбей, қыл тартқан?  
Уәде айтқан қызың кім,
- 2110 Өтіл менен жөн тартан?  
Төрт түлікті байың кім,  
Бай атанып мал баққан?  
Рахымсыз дұшпаның  
Жау келді ме қалмақтан?  
Кәнеки, жеңгем, білсең айт,  
Бұл еліңді кім шапқан?!  
Келіспей тұр, жеңеше-ай,  
Бұл еліңнің ажары-ай.  
Көтеріңкі бір жан жоқ,
- 2120 Бәрінің төмен назары-ай.  
Байқауымша, халқыңа

- Дұшпанның өткен азары-ай.  
 Тәубесі қайтып еліңнің,  
 Болды ма Аққа жазалы-ай?!  
 Күнде думан, күнде той,  
 Болмай ма елдің базары-ай.  
 Дүния жинап сергіген,  
 Бірінің жоқ алаңы-ай,  
 Уатылған қазаны-ай.
- 2130 Жан екенсің туымды,  
 Ақылық болса мазалы-ай.  
 Білдірші, жеңгей, жөніңді,  
 Боласың кімнің әйелі — ай?  
 Еліңді бүйтіп бүлдірген,  
 Нақақтан елді күйдірген,  
 Қанекей, жеңгей, білсең айт,  
 Қай тараптың адамы-ай?!

Едіге мұны айтқанда, әйелдің көзіне жас келіп, иығындағы қабын жерге лақтырып тастап, қайтарған жауабы:

- Ау, Едіге сен бе едің?!  
 Біздің елге сөз бердің.
- 2140 Туасылы, қарағым,  
 Дидарыңды көрмедім.  
 Қай жерінен сынадың,  
 Базары кеткен жеңгеңнің.  
 Әлпештеген Ақ бибі,  
 Кербез кердей керіліп,  
 Ылғый қамқа киініп,  
 Салауатпен көрініп,  
 Шыға алмады алдыңнан.  
 Іздеп келген еліңнен,
- 2150 Ардақты туған бикешке,  
 Қолы тиді өзгенің.  
 Не қылайын, шырағым,  
 Келер күнде келмедің?!  
 Атыңды айтшы білдіріп,  
 Ойлаған ойға жете алмай,  
 Ішімді барады күйдіріп.

- Таққа мінген қайнағам,  
Өсіріп еді бикешті,  
Қымбат киім кидіріп.  
2160 «Қарағымның мүлкі» деп,  
Бөлек дүние жиғызып.  
Діні басқа бір залым  
Күшіменен көндіріп,  
Еріксіз атқа мінгізіп.  
Көре алмадық қызықты,  
Сау күнінде кез келіп.  
«Едіге бір күн келер, — деп,  
Ақ төсіңе мінер, — деп,  
Қызығыңды көрер», — деп,  
2170 Отырушы едік бикешті,  
Оңашада күлдіріп.  
Едіге мырза сен бе едің?!  
Қызықтан жеті кеш келдің,  
Жолың үлкен сірә да.  
Саулығыңды сұраған,  
Үлкен үйде отырған  
Сенің жеңгең мен едім!  
Жарың кетті дұшпанға  
Шер үстіне шер қосып.  
2180 Ақылың асқан Едіге,  
Бала күнде қой бағып,  
Жайылып еді бұл елге,  
Төрт төрелік бергенің.  
Елдің жайы жабыққан,  
Келе жатып сұрадың.  
Не мәнісін білмедің,  
Танығансын еңіредім.  
Бағана әрне дедің,  
«Дұшпандарың кім?» дедің.  
2190 Ана тұрған асқар тау,  
Хан шығатын бел еді.  
Бұл келгенің, шырағым,  
Қайын атаңның елі еді.  
Батыры құрысын бағылан,  
Халыққа қамқор болмаған.

- Әшейінде ашушаң,  
Әпербақан көп еді.  
Пірдің несін сұрайсың,  
Зекірейтіп шалма орап.
- 2200 Ел шабылып қуарып,  
Сонда да әлі жүреді-ай.  
Биі құрысын билеген,  
Пайдасы жұртқа тимеген.  
Жайшылықта сөйлеген,  
Әншейінде билікпен  
Тек тамағын кернеген.  
Байы құрсын мал баққан,  
Болмағасын дегені!  
Тарқайтұғын күн қайда,
- 2210 Іштің қайғы-шемені?  
Ыңырсыған мал кетті,  
Патшалықтан сән кетті.  
Алланың қандай шебері,  
Өткен іске опынсам,  
Болар ма екен келері?!  
Қайғыланып көп жатты,  
Болмағансын өнері,  
Балық аулау сарыпты.  
Біздің елдің базары —
- 2220 Бұл күндерде, шырағым,  
Қара өлкенің өзені.  
Түнеріп тұрған мұнартып,  
Хан жайлаған Қаратау.  
Жайылып жатқан қара жоқ,  
Құлазып жатыр Сары тау.  
Көл жағалай сабатқа  
Тігілуші еді ақ отау.  
Осылар еске түскенде,  
Болмайды елдің тағаты-ау!
- 2230 Қара тауды қақ жарып,  
Ағатын бұлақ мұнартып.  
Тоқтаған жері Қарасу,  
Су ішеді жылқы құмартып.  
Күндіз-түні мал кетпей,



- Жатушы еді лайытып.  
Біздей жеңген орданың  
Шығушы еді ішінен,  
Дүрия көйлек шұбалтып.  
Кешегі анау сау күнде,  
2240 «Едіге елге келді!» деп,  
Сүйінші сұрап ат мініп,  
Кетпес пе еді қуантып!  
Өткен іске не керек,  
Осылай деп құр айтып.  
Жаудың жөнін айтайын,  
Қабантиін қалмағың  
Елімді кеткен суалтып.  
Едіге сұңқар сен болсаң,  
Атаң қосқан сүйген жар  
2250 Кетіп еді мұны айтып.  
Кетерінде бикешжан  
Деп айтып: «Ағайын,  
Едігеге сәлем деп.  
Батасын алып бұл елдің,  
Көре қалса маңайын,  
Он екі жаста есіттім,  
Жайылған елге хабарын.  
Құдай қосқан жұбайым,  
Көре алмай барам жамалын.  
2260 Маңдайыма тап қылды,  
Қалмақтың мықты қабанын.  
Ішкі дертім — Едіге,  
Ағарса да самайым.  
Мен — ақ сұңқар, ақсүйек,  
Дінсізді неғып қалайын?!  
Іздесін мені ат қинап,  
Іс қылсын сүйтіп талайын.  
Тәуекел ерге қайғы жоқ,  
Жадына алсын Құдайын.  
2270 Төмен етек нашармын,  
Өшімді қайдан алайын?!  
Мырзаны көрсең айтыңдар,  
Шауып кетті ноғайын.

- Алып кетті олжалап,  
Мал түспеген «тоғайын!»  
Олжа болып барамын,  
Дін білмейтін кәпірге.  
Кім айтады мұңымды,  
Ақылы асқан еріме?!  
2280 Бір соғар деп айтып еді,  
Атасы қосқан жеріне.  
Едіге егер ер болса,  
Бір іздер мені тірімде.  
Іздемесе ат қинап,  
Тек жатпайды деп көрінде!  
Ата қосқан қосақты  
Ұмытпайды деп өмірде».  
Осылай бикеш жылады,  
Қан келтіріп көзіне.  
2290 Ақырып қалмақ кейіді,  
Ашуланып сөзіне.  
Көп жылатып қоймады,  
Бір сұмдықты ойлады.  
Мінгізіп күрең жорғаға,  
Кете берді жөніне.  
Ылғи жібек, қазына,  
Тоғанақтап жүк тайлап,  
Жүре берді жөніне.  
Құлағымда әлі тұр  
2300 Жылаған даусы ойбайлап,  
«Едігеге сәлем» деп,  
Бар дауыспен айқайлап.  
Өсіп еді-ау қарағым,  
Ханша болып, бой-бойлап!  
Нөкер ертіп жанына,  
Жүруші еді той-тойлап.  
Шылбырын алып біреуі,  
Артынан айдап біреуі.  
Таудан асты түнеріп,  
2310 Жорғаны ұрып борбайлап.  
Ішсем тамақ жүрмейді,  
Не қылды деп соны ойлап.

- Біздің елде көп еді  
 Сен сықылды сүр бойдақ.  
 Өшейінде жүретін  
 Өзіл айтып, құр ойнап.  
 Мен білмеймін сырыңды,  
 Пішімің бар bedenді.  
 Кемісің жоқ денеңде,  
 2320 Жас күніңде дабысың  
 Жайылып еді ел — елге.  
 Бес қаруды байлапсың,  
 Бір нәрсені ойлапсың,  
 Үстіңе киіп кебеңді.  
 Алма мойын шын тұлпар  
 Ер салыпсың бедеуге.  
 Батыр болсаң бикешті,  
 Тез іздерсің сен енді!

*Сонда Едіге бұл әйелдің айтқан сөзінен елдің жағдайын біліп, жеңгесіне берген жауабы:*

- 2330 Едіге сонда сөйлейді,  
 Сөйлегенде бұй дейді:  
 — Қарға бұтты Қаразбан,  
 Кішімішпен жем жеген.  
 Тартып едім ішімді,  
 Ел шетіне келгеннен.  
 Жарымның сөзін есіттім,  
 Туысқан, жақын жеңгемнен.  
 Хабарын Қағаз есітіп,  
 Ішім мұздап, шерленген.  
 2340 Көкірегім желденген,  
 Түспей ұят болып тұр,  
 Жеңгемді бұрын көрмеген.  
 Ата-енеме сәлем де,  
 Бір жасымда қыз берген.  
 Киіктің жетім лағы,  
 Маңырап тауда күн көрген.  
 Медет тілеп пірлерден,  
 Сүйген жарын іздеген,

- Қалған мирас ерлерден.  
2350 Біреу алса жарыңды,  
Аты жаман өлгенмен.  
Дұғада бол бұл, жұртым,  
Сапарланып, жол шектім.  
Дұшпанға жатқан көлденең,  
Тәуекел етсең-ақ қорғайды,  
Деген сөз бар көнеден.  
Бұйырған дәмім бар шығар,  
Бір жеті жаудан кем келген.  
Өзімнің атам үш Нияз  
2360 Қысылған жерде дем берген.  
Енді айналып келгенше,  
Тілеймін дұға сіздерден.  
Қалмақтың елін көрейін,  
Діні айналып, өзгерген.  
Анам — пері, атам — пір,  
Түсірме жауға дізгіннен.  
Тәуекелденіп көрейін,  
Жер қиырын кезейін.  
Тірі болса мен барып,  
2370 Қағаздың дүзін көрейін.  
Неге іздемей, әшейін,  
Бас амандап жүрейін.  
Қош болып тұр, жеңеше,  
Барасың қайда демеші,  
Дұшпанның сырын кім білген?!  
Талабым келсе орайға,  
Сеніп тұрмын Құдайға.  
Мен салармын тоғайға,  
Тақ құрармын ноғайға.  
2380 Бірақ ілгергіні кім білсін?!  
Қағазға қарап жол тарттым,  
Қалмаққа қарап жөн тарттым.  
Оңғармаса талапты,  
Арман болмас жолда өлген.

Едігенің кететінін білген жеңгесінің: «Ең болмаса бүгін қоныш, тынығып кет» деп толғап тұрған жері:

- Жеңгесі және сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Мінген атың астыңда,  
Алма мойын сабақты,  
Қиған қамыс құлақты,  
2390 От орындай тұяқты,  
Пейіште пырақ сияқты.  
Бүгін мұнда болып кет,  
Бұл еліңде болып кет.  
Дұшпанның алыс өрісі,  
Ертең ерте жүрерсің.  
Қапыда қалар ата-анаң,  
Көре алмай қалып жүзіңді.  
Айтқанменен бұл сөзді,  
Жете алмассың мұратқа.  
2400 Өздері және күйікті,  
Жатып кетсең қайтеді  
Ата-ананың үйінде?!  
Жүзіңді көрсін ата-анаң,  
Танып қалсын іні-ағаң.  
Тілектес жұртың және де,  
Саулығыңды сұраған.  
Сен аңыраған мұзбалақ,  
Қарап тұрсың қиядан.  
Бүгін мұнда болып кет,  
2410 Біздің үйге қонып кет.  
Ертең ерте жүрерсің,  
Жәрдем тілеп Құдайдан.  
Арқандалсын тұлпарың,  
Мына жатқан сабақта.  
Мініп тұрсың талапқа,  
Жеткізсін Алла мұратқа.  
Талап қылып сен тұрсың  
Алыстағы дұшпанға.  
Жүзіңді көрсін ата-анаң,  
2420 Көрініп кет халыққа.  
Түсіп кет енді қонаққа,  
Қол алысып, қоштасып,  
Танып қалсын халқың да.

- Түсіп кетсең қайтеді,  
Атаң тіккен шаңыраққа.  
Күн де төмен ауыпты,  
Жақындады бесінге,  
Көрсін халық түсіңді.  
2430 Дұшпаныңнан аларсың,  
Ерте жүрсең өшіңді.  
Дабысың кетті ел-елге,  
Білгесін, мырза, еліңді.  
Бүгін мұнда болып кет,  
Ел-жұртыңды көріп кет,  
Асығасың, мырза, несіне?

*Жеңгесі мұны айтқанда, Едігенің қайтарған жауабы:*

- Қон деме маған, жеңеше,  
Атыңнан түсіп, кідіріп.  
Түстеніп, қонып жайланып,  
Жүрген жоқпын қыдырып.  
2440 Іздеп келген ел атым,  
Қалыпты мұндай бүлініп.  
Ойға алған талабым,  
Өзір тұрмын сүрініп.  
Қағаздың сөзін есітіп,  
Тұрмын, жеңгей, күйініп.  
Атамның мінген тағы жоқ,  
Халқымның байтақ малы жоқ.  
Көрінетін сәні жоқ,  
Шығып тұрған қызы жоқ.  
2450 Құдайға тұрмын сиынып,  
Ата-анам деп айтуға,  
Қолында баққан қызы жоқ.  
Іздеп келген жарымның  
Сөзі бар да, өзі жоқ.  
Не қылайын көрініп,  
Падишаға сәлем айт.  
Айырылған жығадан,  
Ханыңа мына сәлем де,  
Айырылған баладан.

- 2460 Шайығына сәлем де,  
Хабар тартқан Құдайдан.  
Батырына сәлем де,  
Қолынан туы құлаған.  
Билеріне сәлем де,  
Сөзді оймен сынаған.  
Молдасына сәлем де,  
Басына сәлде ораған.  
Кітап алып қолына,  
Мағлұм берген Құраннан.
- 2470 Байларына сәлем де,  
Малы кеткен қорадан.  
Мырзасына сәлем де,  
Қонағасы ат мойын,  
Іркілмей беріп жараған.  
Әйеліне сәлем де,  
Көлдегі құдай таранған.  
Қыздарына сәлем де,  
Тоты құстай сыланған.  
Кешегі анау сау күнде,
- 2480 Алтын тарақ қолға алып,  
Талдап шашын тарған.  
Бәршесіне сәлем де,  
Ноғайлыға сұраған.  
Халқымның барам ары үшін,  
Тастамасын дұғадан.  
Өкпелеме, жеңеше,  
Кідіріп мұнда бола алман,  
Бүгін мұнда қона алман.  
Қалмаққа еттім талапты,
- 2490 Бұрын жаумен соғысып,  
Жоқ едім, жеңгей, сыналған.  
Танысуға елменен,  
Айырылып тұрмын шырайдан.  
Тағатым болмай менің тұр,  
Бір дұшпанның қолында  
Сүйген жарым жылаған.  
Енді айналып келгенше,

Жүзіңді есен көргенше,  
Жеңеше, өзің бол аман!

\* \* \*

- 2500 Осыны айтып Едіге,  
Қалмақтың кетті еліне.  
Жылап қалды жеңгесі  
Едіге ердің сөзіне.  
Қыйылдың қызыл жары деп,  
Жүре берді жөніне.  
Жолдасы жоқ қасында,  
Алмасы бар белінде.  
Атының басын қаратты,  
Құла мекен жүзіне.
- 2510 Айдалаға шыққансын,  
Өрнеме келіп кеуліне,  
Жас алды екі көзіне.  
Келе жатып толғады,  
Аты менен өзіне:  
— Қарға бұтты Қаразбан,  
Әсем басқан қораздан.  
Туған елден айырылдым,  
Құлқаныс салған араздан!  
Басымнан қайғы айырылмай,
- 2520 Келе жатырмын біраздан.  
Әуелі жетім қалыппын  
Өзімнің туған анамнан.  
Шапағат болмай жасымда  
Әкем Мәулімнияздан.  
Анам — пері, атам — пір,  
Мен туыппын ылайдан.  
Тәрбие еткен құсбегі  
Және айырылдым олардан.  
Бала болып патшаға,
- 2530 Қарным аз күн тоғайған.  
Себебі болып ханымнан,  
Қашып шықтым елімнен,  
Мен Шермішін деген ноғайдан.



- Досым — жалғыз Аңғысын,  
Айдалада бұл қалған.  
Мұнда келсем және де,  
Айырылыппын Қағаздан.  
Жау шауып, жұрты мұңайған,  
Қалмаққа кетіп барамын.
- 2540 Жалғыз басым шұнайған,  
Жазым болсам осыдан,  
Қаламын да көмусіз.  
Туысқан-туған менде жоқ,  
Кім іздейді қияннан?!  
Осыларды ойланып,  
Өткен пірге сиынып,  
«Тұттырма, — деп, — шылаудан».  
Осыны айтып Едіге,  
Келе жатып мұңайған.
- 2550 Атасы мен анасы  
Айқайлады дыбыстап:  
«Қайт, — деп, — балам, райдан!»  
Оң жағынан үн келді:  
«Жылама, жалғыз балам! — деп,  
Мен — жәрдемші бабаң, — деп.  
Болма, балам, алаң!, — деп,  
Осындай тарлық көретін,  
Басында қалам жазған, — деп.  
Қорықпа, балам, қорықпа,
- 2560 Бұл өуезді сөйлеген,  
Тірі қайып бабаң!», — деп.  
Жалт қарады Едіге,  
«Сөйледі қайдан адам?» — деп.  
Сол жағынан үн келді:  
«Қарағым, жалғыз құлыным!  
Ақ бетіңнен сүйейін,  
Тимеді менің ерінім.  
Қызығыңды көруге,  
Жарамады серігім.
- 2570 Қапа болып қайғырма,  
Сен жиенісің перінің.  
Еш адамнан қорықпа,

- Ұзақ, — деді, — өмірің.  
Қамалын бұзып қайтасың,  
Діні бұзық көпірдің.  
Сенің анаң мен едім,  
Менің қайғым сен едің.  
Бұйрығы жоқ көрудің,  
Бәрі тарқар асықпа,  
2580 Ішіңдегі шеріңнің.  
Атыңның басын аударма,  
Келе жатқан тура жолыңнан.  
Қорықпа, балам, қорықпа!  
Аударарсың шалмасын,  
Қабантиын қалмақтың  
Қайраты асқан бегіңнің.  
Жылыма, балам, жылама!  
Сенің пірлер серігің.  
Мұнан бұрын жақсылық,  
2590 Ұмыт болар қайғылы,  
Жабырқаған кеуілің».   
Мұны естіп Едіге,  
Бұрынғыдан тыңайды-ай.  
Көтерілді кеуілі,  
Қайғыланып мұңаймай.  
Пірлері жәрдем бергенсін,  
Не қылсын батыр тыңаймай?!  
Едіге баққан қазмойын,  
Еті семіз лайдай.  
2600 Қайтқаннан соң жол жүріп,  
Бұрынғыдай сынайды-ай.  
Неше адыр тау қалды,  
Неше тоғай жер қалды.  
Кейде шауып шоқытты,  
Жер дүрілдеп қозғалды.  
Құс ұшпайтын шөл қалды,  
Діні бұзық көпірге  
Тәуекелденіп жол жүрді.  
Ылдидан төмен түскенде,  
2610 Он алты өрме қамшымен  
Сипап келеді сауырға,

- Жақтырмайды ұрғанды.  
Күн қызылы батқанда,  
Бұрынғыдан жынданды.  
Жүрісіне қызығып,  
Ұмытты батыр қонғанды.  
Ол күні қонып жатпады,  
Қоржыннан дәмді татпады.  
Сыдырып жүрген жүрісі,  
2620 Басқа аттың шапқаны.  
Күміс жүген патшалық,  
Бес алқалы таққаны.  
Өмілдірік құйысқан,  
Ылғи алтын сап-сары.  
Алтын доға, үзеңгі,  
Бояған сары, қасқалы  
Бұл ер тоқым кімдікі,  
Өзі әкеден жас қалды?!  
Бала қылам дегенде,  
2630 Бөтен ой жоқ кеулінде,  
Істетіп еді Тоқтамыс  
Үкілі жүген патша еді.  
Құлқаныс айтқан шағымнан,  
Тоқтамыс қорқып сақтанды.  
Қарға бұтты Қаразбан,  
Он күн ұдай ұласа,  
Білер емес шапқан-ды!  
Алмас буып беліне,  
Қаттау киіп денеге,  
2640 Сырлы садақ, қырық кез оқ.  
Ай секілді аяулы,  
Төрт қырлап соққан көк найза  
Келеатыр көкке тіреулі.  
Қыйра қара пілтелі,  
Асынып шұбар иініне.  
Тоқтамыс хан істеткен  
Қауып жоқ күнде кеулінде.  
Қалмаққа қарсы жөн тартып,  
Келе жатыр елінен,  
2650 Алты күн жүріп осындай.

- Сол күндерде Едіге  
 Дәл жиырма жасында,  
 Жолдасы жоқ қасында.  
 Жетінші күн дегенде,  
 Суы аққан тас бұлақ,  
 Көк орай шалғын жағасы  
 Ер Едіге құлады,  
 Бір өзеннің басына.  
 Көк алалы көп жылқы
- 2660 Сабаттап жатыр жағасын.  
 Алып жатыр нұрасын  
 Ол шеті мен бұл шеті.  
 Көз жетпейтін қашықта  
 Жылқыны жүрді аралап.  
 Жолығуға жан сұрап,  
 Жылқы баққан жылқышы  
 Келді соның қасына.

*Едіге жылқышының қасына келіп, жөн сұрап айтқан сөзі:*

- Сонда Едіге сөйледі  
 Сөйлегенде бүй деді:
- 2670 — Кім бар деймін бұл қоста,  
 Тілдесемін шық тысқа?!  
 Малы болған қоныста,  
 Елі болған шығыста,  
 Жөн сұраймын, шық бермен!  
 Жау екен деп ығыспа,  
 Тигізер деп салқынын.  
 Жазықты болған қашақпын,  
 Қалтырамай, замандас,  
 Мән жайыңды айт маған.
- 2680 Сонда жігіт сөйлейді,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Қорқытты түсің бойымды,  
 Ашуыңа жолыққан.  
 Көрер сенің ойныңды,  
 Тез айтайын қысқалап.  
 Сұрағасын жөнімді,

- Қалмақ дейді елімді.  
 Қараман дейді ханымды,  
 Ақжол дейді биімді.
- 2690 Қабантиын деп айтады  
 Ту ұстаған ерімді.  
 Ерлігі елге сенімді,  
 Жолың болар, құрбылас,  
 Кез келтірген жолыңды.  
 Қашақ болсаң, қосқа түс,  
 Атыңның көтер белін-ай.  
 Келмейді ешкім бұл жерге,  
 Қос билігі өзімде.
- 2700 Бүркеніп қоста жата бер,  
 Бұйырған дәмді тата бер.  
 Көк-алалы көп жылқы,  
 Қабантиын жылқысы  
 Келмейді оның шеніне!

Сонда Едіге сол қоста үш күн болып, атын жылқыға жіберіп, қару-жарағын, киімдерін қоржынға салып, қосқа тығып қояды. Үстіне жаман киім киіп, байдың үйіне келеді. Келсе, бай төсекте жатыр. Қағаз қасында отыр еді. Келген балаға батырдың айтқан сөзі:

- Қабантиын жатыр еді,  
 Төсегінде қырындап.  
 Ояу еді бұрыннан,  
 Көзі түсті есікке.  
 Адам келген екен деп,  
 Тұрсын ба батыр орыннан.
- 2710 Алақандай ала көз,  
 Едігеге қарады.  
 Қайнаған қара бұлттай  
 Қарағандағы ажары.  
 Едіге төмен қарады,  
 Төсегінде назары.  
 — Қайдан жүрген баласың?  
 Бар ма, — деп — жаудың хабары?  
 Батыр жауап сұрады:

- Біздің жылқы көрдің бе?  
 2720 — Жүрдің бе, бала, сабаттан.  
 Жылқышыға соқтың ба?  
 Бар ма екен хабар жан-жақтан?  
 Қайдан жүрген баласың,  
 Келе жатырсың қай жақтан?  
 Күнелте алмай жүргендей  
 Қолайсыз екен жүрісің!  
 Жарағандай жұмысқа,  
 Тәуір екен тұрысың.  
 Не қылып жүрген баласың,  
 2730 Айтсайшы болса жұмысың?!

*Едігенің жауабы:*

- Сонда Едіге сөйлейді,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Жетім қалып жасымнан,  
 Кетпеді қайғы басымнан.  
 Үш күн болды келгенім  
 Жылқышының қосына.  
 «Байға керек адам» деп,  
 Айтып еді жылқышы.  
 Келіп тұрмын осыған,  
 2740 Халық біледі атыңды,  
 Жұрт біледі затыңды,  
 Талайға қылдым қызмет.  
 Атамды сөгіп ақырып,  
 Малай деп кеше ақырды.  
 «Қариялардан сұрасам,  
 Сізді айтып мақұлды,  
 «Аяйды, — дейді, — пақырды».  
 Келіп едім сол сөзбен,  
 Жемейді деп ақымды.  
 2750 Малың болса бағамын,  
 Отың болса жағамын,  
 Қалайда бабың табамын.  
 Есіткен жоқпын еш жерден,  
 Бөтен жаудың хабарын.

- Мал табуға жалданып,  
Ізденіп жүрген баламын.  
Айлап, күндеп жүрмеймін,  
Күйектеп ақы аламын.  
Қызметін қыламын
- 2760 Өздеріңдей ағаның.  
Сонда батыр көлбеді,  
Қағазға қарап бүй деді:  
— Ас құй, — деді, — табаққа,  
Тойғыз, — деді, — тамаққа.  
Олай болса, шырағым,  
Жылқыны барып баға бер.  
Жылқышымен бірігіп,  
Қатарыңнан кем қылмай,  
Ақыңды берем толтырып.
- 2770 Бұған кеуілің толмаса,  
Он екі айды толтырсаң,  
Мінерсің, — деді, — бір атқа.  
Жау келмесін қапыда,  
Құлағың сал жан-жаққа.  
Орнынан тұрды қыз Қағаз,  
Қолына алып аяғын.  
Тоятындай ас құйып,  
Береді оған тағамын.  
Танымайды ол күнде
- 2780 Едіге ердің жамалын.  
Қаңғырып жүрген біреу деп,  
Байқамайды сияғын.  
— Тойып алып малыңа,  
Жүре бер, — дейді, — шырағым.  
Берген дәмін Едіге  
Көтеріп салды басына.  
Қайта барды қыз Қағаз  
Қабантиын қасына.  
Құдайы жәрдем бермесе,
- 2790 Жүрегі иттен шошыды.  
Деп жатыр айтып екеуі:  
«Бейшараның ашын-ай!»  
Қайта қалмақ шақырды,

Шығып еді осындай.  
 — Келіп кет, — деген, — балам-ай!  
 Қайтып келді Едіге  
 Кетіп еді анадай.  
 Қайта келіп тұрғанда:  
 — Ұмытып жаңа кетіппін,  
 2800 Атың кім? — деп сұрады-ай.

*Сонда Едігенің Қабантиынға қарап, аты-жөнін айтып тұрғаны:*

Сонда Едіге сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Беретін болдың ақымды,  
 Жаратып бер атыңды.  
 Аясаңыз пақырды,  
 Бұл сөзің мақұлды.  
 Сұрасаңыз айтайын,  
 Құбыл дейді атымды.  
 Сіз — көпті көрген білімпаз,  
 2810 Кейбір надан, жаман бай,  
 «Малай» деп неше ақырды.

*Едіге жөнін айтқаннан кейін Қабантиынның Едігеге айтқаны:*

Қалмақ сонда сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Шырағым, Құбыл, ала кет,  
 Сыртта жатқан құрықты.  
 Жылқыңды жай өріске,  
 Мал түспеген тыныққа.  
 Саған айтам ақылды,  
 Мал семірткен қызық-ты.  
 2820 Көптен бері жолдасың,  
 Жылқы бағып шынықты.  
 Ұйқыменен ойнама,  
 Мінгеніңді қинама.  
 Бай білмейді деп ойлама.



- Жылқыны тастап далаға,  
Қыз-келіншек аулама.  
Айт пен тойды тойлама,  
Байдан күтпе жақсылық,  
Ертерек маған хабар бер.
- 2830 Едіге сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді.  
Қусырып қолды тұрады:  
— Айтқаның мақұл, батыр, — деп.  
Сызығыңнан шықпаймын,  
Мұның дұрыс ақыл, — деп.  
Алты ай мінсем астыма,  
Арымайды атым, — деп.  
Қарына іліп құрығын,  
Жылқыға қарай жүреді.
- 2840 «Болады қалай ақыр», — деп,  
Қосқа барды Едіге,  
Байдың алып құрығын.  
Жаңа нанды жылқышы  
Ісінің таппай бұзығын.  
Құлын байлап екеуі,  
Ашытады қымызын.  
Қызыл керек уақытта  
Құлынның сойып семізін,  
Қуырады шұжығын.
- 2850 Осыменен өткізді  
Бес-алты айдың қызығын.  
Ақырын ойлап түн болса,  
Жалбарынып Құдайға.  
Құрғамайды батырдың  
Күні-түні зарланып,  
«Талапты оңғар өзің», — деп,  
Жылаған жасы көзінің.

Сонымен, Едіге алты ай жылқы бағады. Бір күні бұрынғы тоғыз жылқышының біреуі батырға барып, еңбек ақысын алады. Қалмақ Құбылдың жайын, мінез-құлқын сұрайды. Сонда барған малшының Құбылды сипаттап толғағаны:

- Түйеші, қойшы, жылқышы,  
Соныменен он болдық.
- 2860 Білғи жалшы жиналып,  
Бір бөлек, біз де ел болдық.  
Бәрі сіздің малайың,  
Қызметіңді біз қылдық.  
Тоғызымыз отырып,  
Шаруасын Құбылдың  
Сырттан біз де сөз қылдық.  
Қызыметке, бай аға,  
Ақиқат адам туғандай.  
Жылқы бағады менімен,
- 2870 Біз екеуіміз бірыңғай.  
Өз малындай күндіз-түн,  
Сабыр қылып тұрмайды.  
Алты ай болды бір атқа  
Арнап мініп, ер салды.  
Келе жатыр әлі арымай,  
Еті семіз лайдай.  
Малға жақсы қарайды,  
Мінген атын жайлайды.  
Әр нәрсені ойлайды,
- 2880 Жылқыны жинап бір өзі.  
Көлігін мінген қинамай,  
Жай жүргені соншама,  
Жібереді сыпыртып,  
Мінген атын суытып.  
Сүт пісірім байлайды,  
Өзінің қандай көсемі,  
Сөйлесе қандай шешені.  
Даладағы жалшы да,  
«Мұндай жан жоқ» деседі.
- 2890 Азанда мініп атына,  
Мал бармаған соныға,  
Өзінің зерек ойымен  
Түндегі ізді кеседі.  
Зейлі алғыр бір адам  
Қоста отырып айтады.  
Қай үйірде аласы,

- Белгілі оған нешеуі.  
Ондай жан жоқ туымды,  
Жақсы үйренген иегені.  
2900 Кез келтірген бір адам,  
Үш жыл бақса жылқыңды,  
Онда жылқың өседі.

Малың семіз деп мақтаған соң, батырдың кеулі шаттанып, жылқыларын көріп қайтам деп, Қабантиынның атқа ер салғызғандығы:

- Жылқышы сырттай Құбылды,  
Батырға сондай мақтады.  
Мал семірді деген соң,  
Батырдың көңілі шаттанды.  
Үйінде алты ай болып еді,  
Жылқыны көрмей жатқанға.  
«Көремін, — деп, — көзіммен»,  
2910 Батыр бірге аттанды.  
Мініп алып «шу» деді,  
Қарала тұлпар беліне.  
Бастан-аяқ аралап,  
Жылқыны барып көруге.  
Жылқышының мінген аты,  
Жарамай келеді еруге.  
Жылқының келеді шетіне,  
Құландай таңдап адықтап.  
Осқырып жылқы елірді,  
2920 Осқырмай жылқы не қылсын,  
Бәрі тегіс семірді.  
Жылқыны түстеп жүреді,  
Келгенде батыр Едіге.  
Батырдың көріп қарасын,  
Әр неме келіп кеуліне,  
Қылайын талап десе де,  
Тау секілді көрінді  
Едіге ердің көзіне.  
Алдынан шығып ығысты,

- 2930 Құрметтеген кісідей  
 Қарсы жүрді өзіне.  
 Сәлем берді күні үшін,  
 Қалмақтың батыр бегіне.  
 Қылатұғын қайраты,  
 Орайы келсе кейінде.  
 Аямас еді Едіге  
 Істейтұғын жұмысын,  
 Келе қойса кезіне.  
 Айласыз батыр болмайды,
- 2940 Әр нәрсені ойлайды.  
 Артқы аяғы мерт болды,  
 Арыстан айға шабам деп.  
 Түйе жылдан құр қалды,  
 Зорлығымен алам деп.  
 Аплатон ол жаста,  
 Ескендір сөзін тыңдамай,  
 Құдайды өзім табам деп,  
 Әбужаһыл асы болды.  
 Пайғамбарға сенбеді,
- 2950 Қолымда жетім балам деп.  
 Әрнеме келіп кеуліне,  
 Сыйынып тұр ішінен,  
 Ертедегі бабам деп.  
 Алысып күші жетпейді  
 Сауыты бар үстінде  
 Атса оғы өтпейді.  
 Қыламын бұған қалай деп,  
 Бір болар ақыр орай деп.

Қабантиын келіп, жылқыны көріп кеулі толады. Едігенің қасында тұрып ойланып: — Құбыл балам, екеуіміз ана көрінген Қара таудың басына шығып қайтайық, — дейді. Едігені ертіп, Қара таудың басына шықты. Бір шөккен түйедей қара тас жатыр екен. Соның қасына барып, атынан түсіп: — Балам, сен ордаға барып, саржамды алып кел, мына тасқа оқ атып, қарымды жазайын, — деп Едігені жұмсайды. Сонда Едігенің ордаға келіп, Қағазға толғауы:

- Үйдемісің, бөйбіше?
- 2960 Бай жұмсады мені де.  
Орыныңнан жылдам тұр,  
Кербезденбе, керілме!  
Садақты жылдам алып бер,  
Жұмысыңа ерінбе.  
Қызметімен жағады,  
Әйел деген еріне.  
Көп кідірsem сөгеді,  
Сеніменен мені де.  
Қатты кеуіл бір адам,
- 2970 Кете берер жөніне.  
Ердің кеулін алмасаң,  
Жарымассың кеуліне.  
Бұрынғыдан нақыл бар,  
Баққа өзің көндің-ай.  
Біз де жүрміз мал бағып,  
Ардақты едім елімде.  
Сондай жақсы баласың,  
Құлақ сал менің сөзіме.  
Ықпалды туған бір жансың,
- 2980 Қосқан Құдай теңіне,  
Қалмақтың асыл бегіне.  
Бұл сөзімді абайла,  
Ханның қызы болсаң да,  
Қатын болдың бұл күнде.  
Азар берген адамға,  
Кейінгі байтақ еліңе.  
Ақылменен абайлап,  
Айдалап қарай өзіңе,  
Өтетіп көр күніңді.
- 2990 Алып бер жылдам кідірмей,  
Батырдың маған садағын,  
Қоламсалы бар оғын.  
Батырға қосып басыңды,  
Жадырады қабағың.  
Ашылыпты таланың  
Қаратуға, жеңеше,  
Байды өзіңе ойлай бер.

- Ақыл менен амалын  
Сіз түгіл біз де жақпаққа,  
3000 Жақсылап жылқы бағамыз.  
Асығып тұрмын, жеңеше,  
Кідірsem маған кейиді,  
Білесіз ғой батырдың  
Ашуыңның жаманын.  
Сен — сүйікті батырдың  
Болып жүрсіз әйелі.  
Біз білеміз сыртыңнан,  
Сұрастырып жайыңды.  
Сен хан баласы қашаннан,  
3010 Зайыбың келді кезіне.  
Әрі батыр, әрі бек,  
Көрсеткен жауға зайырды.  
Теңінді тапқан бір жансың,  
Аяма, жеңгей, жаныңды.  
Жоқ жоғалтқан жоқшы едік,  
Біз де бақтық малыңды.  
Садағын жылдам алып бер,  
Құдай қосқан қосағың  
Оқ атуды сағынды.  
3020 Келіп тұрмын жұмысқа,  
Садақты алып, шық тысқа.  
Ойға алғанға жете алмай,  
Осы күні қол қысқа.  
Ойда үлкен шерім бар,  
Шабылып қалған елім бар,  
Ессіз қалған жерім бар.  
Осыларды ойланып,  
Кірісіп жүрмін жұмысқа.  
Сұңқар едім басында,  
3030 Биік шыңда түлеген.  
Тұлпар едік көк мойын,  
Көлеңкеде жем жеген.  
Аса алмай жүрміз айбынып,  
Жолығып зорға көлденең.  
Тағатым болмай менің тұр,  
Алтайыны көргеннен.

- Іздегенім тапқасын,  
Жан аямай сөйлеген.  
Ұйқыда жатыр манаурап,  
3040 Хабарды менен сезбеген.  
Құмар болып құрдан құр,  
Мен екенмін іздеген.  
Сөзіне сұлу мәз болып,  
Жер жаһанды кезгенмін.  
Қосылғасын теңіне,  
Бұзылып түсі өзгерген.  
Бәйбіше, жылдам алып бер,  
Мен бір жоқшы шерленген.  
Көп кідірмей кейиді,  
3050 «Жылдам, батыр, кел» деген.  
Өмірімде көрмеген,  
Білдірмесе сөзбенен,  
Кімнің жайын кім білген.

*Қағаздың айтқаны:*

- Сонда Қағаз сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді:  
— Сен бе едің тауда ор балақ?!  
Неге жүрсің қорғалап?!  
Сен бе едің бұлбұл бақтағы?!  
Мен едім ашық қызғалдақ!  
3060 Сен бе едің асыл арғымақ?!  
Бәйгеде тұрған мен байрақ.  
Ел қыдырып, мал баққан,  
Аңдамадым көп қалмақ.  
Сөзіңнің айтқан ішінде,  
Маған салдың көп салмақ.  
Көргенім жоқ түсінді,  
Туасылы мен бірақ.  
Іздегенің мен болсам,  
Ақ бетіңнен сүйейін,  
3070 Берменірек кел, шырақ!  
Сабырсыз тұрмын, сақтанбай,  
Маған айтқан сөзіңнен.

- Сен — ақсүйек, келіп тұрған ізімнен,  
 Менің немді сұрайсың?  
 Сүйегім қалған теріммен.  
 Көрім жуық төрімнен,  
 Ішімдегі шерімнен.  
 Жақсылық күтіп жаным тұр,  
 Қашайын неге өлімнен?!
- 3080 Жаратушы Құдайдың,  
 Жәрдем беру өзінен.  
 Талап қылу өзіңнен!  
 Маған қойған қарауыл —  
 Мына жүрген он адам.  
 «Қандай нәрсе етеді?» деп,  
 Сұрайды құл мен күңінен.  
 Май тамызып қарауға,  
 Дұшпанбысың немене,  
 Алдап жүрген тіліңмен!
- 3090 Сені сұңқар деп тұрмын,  
 Құдайға нан шыныңмен.  
 Мұсылман деп мен тұрмын,  
 Өрбір түрлі сөзіңнен.  
 Алжастырмай шыныңды айт,  
 Ислам болсаң дініңнен!

*Сонда Едіге айтады:*

- Мұсылман атым, ноғайдан,  
 Құсым ұшқан тоғайдан.  
 Іздеп келдім қияннан,  
 Қиюын тапсам, аяман.
- 3100 Дидарыңды көргенде,  
 Сабыр, тағат қыла алмай,  
 Жолыңа басты байладым,  
 Кеудеде жанды аямай.  
 Дұрыс екен кеуілің  
 Сөзің шықты ойымнан.  
 Срогі бітіп жұмыстың,  
 Уақыты таялған.  
 Жалғыз басым қайта алмай,



- Топшыдан сұңқар шойырылған!  
3110 Іздегенді ойға алмай,  
Қалдырмай малды қолға алмай,  
Жалғыз басым сауғалап,  
Қайтып елге бара алман.  
Алып бер жылдам, шырағым,  
Қалмақтың қару-жарағын.  
Салулы тұрған масақпен,  
Ілулі тұрған садағын.  
Сен дұшпанда тұрғанда,  
Болмас менің тұрағым.
- 3120 Кеуліңді біле алмай,  
Орайын тауып тілдеспей,  
Алты ай болды шыдадым.  
Енді бір, еркем, жата бер,  
Өзі берген өзі алар,  
Жон қалтама салмастан,  
Алланың берген бұл жанын.  
Қарауыл құлмен күндер бар,  
Қыз Қағазды аңдыған.  
Мұнан артық сөйлеуге,
- 3130 Оңашасы болмаған.  
Үйге барып қыз Қағаз  
Садақпен оқты қолға алған.  
Ат үстіне беріпті,  
Едіге ердің қолына.  
— Құрбандық басым болсын, — деп,  
Қарағым, сенің жолыңа,  
Желің тұрсын оңыңнан.  
Батырдың алып садағын,  
Түсті Едіге жолына.
- 3140 Ұялы құйрық, қапа жал,  
Едіге ердің мінгені.  
Жүрісті атқа ере алмайды,  
Қысқа аяқтың желгені.  
Келе жатыр Едіге  
Саржаны көріп-ай.  
Ылғи сіңір, тарамыс,  
Терісі пілдің көрінді,

- Екі басын бүргені.  
Тартайын деп байқап ед,  
3150 Қозғауға әлі келмеді.  
Олай-бұлай қозғаса,  
Болар емес бұл бұған.  
Не екенін білмеді,  
Шамасын көріп оңаша,  
Енді бұған тимеді.  
Келе жатып Едіге  
Садақты тартып байқады.  
Күдерін үзді қалмақтан,  
Саржасын тарта алмай.
- 3160 Барарда шауып барған ат  
Азар желіп келе жатыр.  
Ауырлап мұны қайтарда-ай  
Келсе, батыр тұр екен,  
Манағы тастың қасында-ай.  
Алай-бұлай тайсалмай,  
Алып келіп Едіге  
Саржасын берді-ай.  
Қолына алып қарады,  
Сонан соң қалмақ қарады,
- 3170 Оңы менен солына-ай.  
Түйедей шөккен қара тас,  
Атпаққа тұр соны да-ай.  
— Шырағым, Құбыл, жарқыным,  
Шығып тұр! — деді, — оңыма-ай.  
Тартайын деп садағын,  
Қабантиын қол салды,  
Қорамсақтағы оғына-ай.

Қабантиын садақты атып жібергенде, түйедей шөккен қара тастан өте шығады. Сонан кейін саржаны Едігеге береді: — Сен де тасты ат! — дейді. Едіге шамалап тұрып атып жіберіп еді, оқтың ұшы тастың ар жағынан көрініп тұрып қалады. Сонда қалмақ Едігені ұстап алады: — Сен Едігесің, өлтіремін, — деді. — Мен Едіге емеспін, менің атым — Құбыл. Едіге келіп сенің жылқыңды баға ма? — дейді. Сонан кейін қалмақ Едігені қоя береді. Қалмақтың үйіне келіп толғағаны:

- Үйдегі беріп жібердің,  
Жылқышыдан қаруды-ай.
- 3180 Саржамды тасқа атып,  
Жаздым жаңа қарымды-ай.  
Шашы ұзын әйелдің  
Ақылы маған мәлімді-ай.  
Қуанып тұр ма кеуілің,  
Көріп сүйген жарыңды-ай?!  
Жасырып менен жүр ме едің,  
Жылқы баққан байыңды-ай?!  
Таныдың ба жаңағы,  
Садаққа келген жарыңды-ай?!
- 3190 Танысаң да айтпайсың,  
Жасырасың бірақ та.  
Тапсырайын деп едім,  
Жана оны бір оққа.  
Мұны ойлап тоқтадым,  
Жүрген ер деп талапқа.  
Қапыда Қағаз қайғырып,  
Түсер дедім және отқа.  
Саржамды апарған,  
Ноғайлыда Едіге
- 3200 Қағаз, оны білдің бе,  
Дидар жүзін көрдің бе?!  
Орданы жық, көшемін,  
Қызылжардың беліне!  
Өлтіруге далада-ай  
Сенің қарап кеуліңе,  
Қызметін істер деп,  
Атасы қосқан еріне.  
Теңгеріп бойға алғасын,  
Ханның қызы болғасын,
- 3210 Риза болып қоштассын, —  
Деп қайттым мен сені де.  
Шыққан екен сені іздеп,  
Жайымды білмей елінен.  
Дүнианы жасамақ,  
Ойы бар екен сенімен.  
Мені келіп көрген соң,

- Қауып қылып ол менен,  
Жылқымды бағып жүр екен,  
Ұрыса алмай менімен.
- 3220 Көріп келдім оны мен,  
Сенің байың шынымен.  
Іс қыламын өлтіріп,  
Тіріде көрсін көзімен.  
Едігенің суатты  
Аттандырып жол қылам,  
Қызылжардың белінен.  
Там салдырсам басына,  
Көмсем соның қасына.
- 3230 Шығармын деп ойладым  
Алдымда жатқан мұратқа,  
Сонда Қағаз кеуліңмен.  
Сонда Қағаз сөйледі,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Қалмақ, маған сенбедің,  
Қадірімді білмедің.  
Әлі сенбей жүр ме едің,  
Не қылғаның осынша?!  
Жылқыңды баққан малайды,  
Байың деп азар бергенің?!
- 3240 Бұл жерге келсе Едіге,  
Қалмақ, сен де ел ме едің?  
Тек мақтанып айтасың,  
Едігені көрмедің.  
Оған қарсы сөйлейтін,  
Дінсіз қалмақ, сен бе едің?!  
Сенің сөзіңді есітіп,  
Тұра алмаспын мен енді.
- 3250 Едіге сұлтан келгенде,  
Оймас па еді төбеңді?!  
Ұрмас па еді енеңді?!  
Сен Едіге деп пе едің,  
Әшейін жылқы баққанды?!  
Осыны айтып қыз Қағаз,  
Ойланады отырып,  
Жер тебініп, еңіреп.

- Қатын жанды неме екен,  
 Қолын салды мойынға-ай.  
 — Білейін деп айтып ем,  
 Қағаз сенің ойыңды-ай.
- 3260 Жылағаның, шырағым,  
 Кеуліме қиынды-ай.  
 Мен де есіттім Едіге,  
 Айтуыңа сыйымды-ай.  
 Айтқаныңдай туымды-ай,  
 Не қылар екен Қағаз деп,  
 Айтып едім ойынға-ай.

Қабантиын осыны айтып болғаннан кейін, үйді Ақ суаттың басына көшіреді. Орданы көшіріп барған соң, ол жеті күн, жеті түн ұйқыға кетеді. Енді бұл бұнысымен тұра тұрсын, ендігі сөзді Едігеден бастайық.

- Батыры үйге қайтқасын,  
 Едіге сен деп айтқасын,  
 Айтымымен молданың
- 3270 Сөздің шынын тапқасын,  
 Ұстап алды жылқыдан  
 Қарға бұтты қарасын.  
 Өлім деген жаман ғой,  
 Не қылып бұған шыдасын.  
 Жад етеді Алласын,  
 Ойына алып бабасын.  
 Сүйгені жүр дұшпанда,  
 Бұған қайтіп шыдасын?!
- 3280 Қосқа келіп ер салды  
 Қарға бұтты Қарға-ай.  
 Қостан ішіп жайланды,  
 Астырып әрбір тағам-ай.  
 Жылқышыға айтқаны:  
 — Батыр мені шақырды,  
 Аулына барам-ай.  
 Айырылып қалма жылқыдан,  
 Маған сеніп қарамай!  
 Ордаға қарай жол тартты,

- Ойына түсіп Қағазы-ай.  
3290 Жетіп келсе, орда жоқ,  
Ауып еді зауал-ай.  
Жұртқа келіп ойланды:  
«Болды, — деп, — мырза, бұл қалай?!  
Қашты ма, — деп ойланды,  
Менен қорқып ол қалай.  
Неге қашсын қайратты ер,  
Қайратын ол сынамай.  
Ол ту ұстаған туымды,  
Мен қасында баладай»!
- 3300 Осындай әрбір ойлайды,  
Не мәнісін біле алмай.  
Өз-өзінен толғанды,  
Іштің шері қозғалды.  
Қарады жұртты айналып,  
Қағаз сүйген жар болса,  
Бір белгісі қалғанды-ай.  
Осыны ойлап Едіге,  
Жұрттан белгі қарады-ай.  
Көштің ізін кеселеп,
- 3310 Жұрт қарады баладай.  
Қарап жүрсе алақтап,  
Үш түйіншек шүберек,  
Жерде жатқан көреді-ай.  
Мал тапқандай қуанып,  
Найзамен шаншып алады-ай.  
Қасында жатыр сызған жер,  
Қолымен сызған алайы-ай.  
Бір түйіншекте дұзы бар,  
Бір түйіншекте қамыр бар,
- 3320 Бір түйіншекте көмір бар.  
Қарап тұрып Едіге  
Түйіншекті көріп сөйледі-ай:  
«Бәрекедді, ханзада-ай!  
Бәтшағардың білгірі-ай!  
Осылай шығар мысалы:  
Үш түйіншек шүберек.  
Қарыс сүйем — сызық жер,

- Көштің жөні осылай,  
Кеткен екен сүрдеге-ай.
- 3330 Қабантиын қалмақты,  
Илеп жеңсем қамырдай,  
Тұздай тәтті болармыз,  
Дегені шығар өмірде-ай.  
Қалмақты жеңіп алмасаң,  
Дегені шығар Қағаздың  
«Бетіңе күйе, көмірдей!»  
Осыны айтып мысалдап.  
Қарап тұрып Едіге,  
Өзінен-өзі елірді-ай.
- 3340 Елірген емей немене  
Ізге түсіп жөнелді-ай.  
Тәуекел аққа көрем деп,  
Жаңа мінді ерлікке-ай.  
Бұлар ұйықтап жатқанда,  
Жақындады ордаға.  
Шыдасын ба кемдікке-ай,  
Салғанын көрер Құдайдың.  
Орнығып кеулі жөндікті-ай,  
Түсініңдер бұл жерге.
- 3350 Өлі Қағаз ұйықтамай,  
Жүр екен қылып еңбек-ай.  
Отырса Қағаз ұйықтамай,  
Ат дүбірлеп желеді-ай,  
Қағаз мұны сезеді-ай.  
Оянып кетер қалмақ деп,  
Жабдықты әсте түреді-ай.  
Анадайдан келе атқан  
Едігені көреді-ай.  
Едіге қарап ордаға,
- 3360 Не белгі бар деп қарады-ай.  
Қараса жабдық түрулі,  
Ақ күмістей жарқылдап,  
Қол көтерген Қағаздың  
Көрініп тұр білегі-ай.  
«Қолтықтан ат» деп айтқанын,  
Едіге сонда біледі-ай.

- Қолдың басын шайқады,  
Сонда Едіге қалмақты  
Ұйқыда деп байқады.
- 3370 Бұ да оянып кетер деп,  
Әсте жүрді жайымен.  
Атын тартып кейінге,  
Орданың келіп оңынан,  
Едіге жабдықты көтерсе,  
Ұйқыда жатыр қалмағың.  
Оянар емес пырылдап,  
Мұны Едіге көреді.  
Жатыр қалмақ шалқалап,  
Қолын қойып төбеге.
- 3380 Омырауы жарқырап,  
Шырт ұйқыда бырқырап,  
Оятпады қалмақты.  
Едіге ердің пірлері,  
Жәрдем беріп пірлері.  
Енді Едіге кідірмей,  
Саржасын кереді.  
Атуға оғын безеді,  
Атып келіп жіберді.  
Қылды Едіге жігерді,
- 3390 Қара тасқа кірген оқ  
Сауытсыз ерге енеді.  
Ұзатып айтып не етейін,  
Жөнелтіп айтып кетейін.  
Қабантиын қалмағың  
Осы атқан оқтан өледі.  
Түсіндірген айтушы,  
Әңгіме мен сөз енді,  
Онда әңгімесін айтайын.

Едіге атып жібергенде, Қабантиынның қолтығынан өтіп кетеді. Сол уақытта қалмақ жын екпінімен қолын сермегенде, үстінен орданы аударып жіберіп, тұсында тұрған Едігенің атының құйрығынан ұстап жоғары көтеріп тұрып, қалмақтың Едігеге айтқаны:



- Әй, Едіге, Едіге!  
3400 Алмас будың бөліңе.  
Ер екенсің Едіге,  
Құлақ сал менің сөзіме.  
Тоқталып тұрмын жерге ұрмай,  
Қиял түсіп кеуліме.  
Өзім өліп барамын,  
Сені өлтіріп не етейін.  
Сен-ақ тұлға бола ғой,  
Қараң қалған еліме.  
Ой ойласам осылай,  
3410 Қазір сені жерге ұрып,  
Өлтірер едім сені де.  
Жете алмай барам, ойға алған,  
Ішімдегі шеріме.  
Діні басқа деп ойлама,  
Райым қыл еріңе.  
Қарағаймен тақтайлап,  
Қоя гөр мені көріме.  
Құм құйылар деп қорқамын,  
Жаудыраған екі көзіме.  
3420 Сен ноғай да, мен қалмақ,  
Бұл сөзіме сал құлақ.  
Жұмысың бітті, өлтірдің,  
Ер емессің сен бірақ!  
Ажалым сенен болғасын,  
Мен қайтейін жұрнақ.  
Денемді көмбей тастама,  
Ұйқыда жаттым, өлтірдің,  
Құбаша бала, сұр қабақ.  
Он сан ноғай жинасаң,  
3430 Қарсыласып ойнасаң.  
Қара ала тұлпар қинасам,  
Сауыт киіп үстіме,  
Бес қаруды байласам.  
Ояу жүрген күнімде,  
Дін мұсылман келмес шақ.  
Кеше білдім мен сені,  
Шын Едіге екенің.

- Қиылдың қызыл жары еді  
Жеті атадан мекенім.  
3440 Тегістетіп бұл жарды,  
Қылуға суат ойладым.  
Жылқы ішіп кететін,  
«Едігенің суаты»,  
Атандырып қойсам деп.  
Бір мұсылман кез келсе,  
Басыңа дұға ететін.  
Там салдырып, тас өріп,  
Ақырзаман болғанша,  
Қалсын деп аты ойладым.  
3450 Жер жүзіне жететін,  
Бұны ойлатқан ажалым.  
Ойламасам осылай,  
Кешегі тастың басында  
Сонда-ақ атып кететін.  
Ер едім мен де елімнен,  
Қайраты асып, басы озған.  
Өкпелі еді өз елім,  
Келгелі алып Қағазды.  
Бес жүз қалмақ аттандық,  
3460 Ел шаппаққа ноғайдан.  
Сәтемірдің елінің  
Қыз Қағазды қоса алдық.  
Сол ноғайдың елінен  
Бес мың жылқы тағы алдық.  
Патшаның қызын алғасын,  
Қайсымызға атайды деп,  
Бүкіл қалмақ қамалдық,  
Көп сөйлеспей, жөндеспей,  
«Қыз қалағанын алсын» деп,  
3470 Қысқартып сөзді тоғарып,  
Қалауға түсіп қамалдың,  
Көреміз деп таланнан.  
Қалауға түскен қалмақтан  
Қағаз таңдап мені алған.  
Қағаз айтты сол күнде:  
«Елімнің малын бөлмеңдер!

- Дүниямды бүлдіріп,  
Үстеріңе кимеңдер!  
Мені ханша десеңдер,  
3480 Өлімнен артық ұят іс.  
Елімнің малын таланға  
Жіберуші болмаңдар!»  
Қағаздың сөзін қош көріп,  
Олжа бермей ерлікпен,  
Айырылып едім олардан.  
Қайда қалмас жалғыз бас,  
Жан ашырың болмаса.  
Арыңды арлап, жан қинап,  
Дауың болса даулайтын,  
3490 Бұрынғыдан келе атқан.  
Жек көрген шығар талайы,  
Сырттан әлсіз қарғайтын.  
Алалық болса еліңде,  
Бір біз емес әр елде,  
Өркім өзінің басын қорғайтын.  
Ер екенсің, Едіге,  
Ақылың асқан айлакер.  
Ерлікке сеніп жүрем деп,  
Көре алмадым пайданы.  
3500 Дос тұтыңдым мен сені,  
Сөзіңнің түбін ойламай.  
Саған айтқан ақылым,  
Патшаның қызы екен деп,  
Әйел итті сыйлама.  
Айтқаны рас екен деп,  
Сірә, сөзін тыңдама.  
Ханыша деп сыйласаң,  
Айтқан сөзін тыңдасаң,  
Түбінде салар ойранды-ай.  
3510 Менің айтқан ақылым,  
Атымды шығар тас өріп.  
Қияметке қалғандай,  
Мезгіл шағы болғанда,  
Кімнен өтпейді жалғаншы.  
Бөрекелді-ай қарашы,

- Айтқаны келді анамның,  
Өз қолымен қойғандай.  
Дүниядан кім өтсе,  
3520 Кеулінде болады арманы-ай!  
Осыны айтып әлсіреп,  
Бара жатыр қалмағың,  
Иманын қалмақ шақырды.  
Енді сөзге келмеді-ай,  
Бір күрсінді «үһі» деп.  
Кеудеден жаны шыққанша,  
Өкіреді, бақырды,  
Діні басқа демесең,  
Айтқан сөзі мақұл-ды.  
Кім арлайды арыңды,  
3530 Өкпелетсең халқыңды?  
Дүния шырын, төтті бал,  
Саушылықта пенденің  
Өткізеді ісін қапыда-ай!  
Едіге ердің кеуілі,  
Жайланып жаңа, жай болды.  
Өлтіріп дұшпан батырды,  
Пір тұтынбай Құдайды,  
Жаннан өлер жан емес.  
3540 Асылық айтып шайымды,  
Жаны шыққан уақытта,  
Едіге атын қаңтарып,  
Атынан түсіп отырды.  
Сол уақытта қыз Қағаз  
Алтайыдай жайнады,  
Белін буып сайланды.  
Қызмет еткен құл мен күң,  
Қабантиын өлгесін,  
Зәре, иманы қалмады.  
«Алып кел деп түйені»  
3550 Өңшең құлды жинады.  
Жігіттей болып сыбанып,  
Қазына, жүкті тайлады.  
Ол ойына жібермей,  
Сонда Едіге Қағазға

- Тіктіреді қайта орданы.  
Атына мініп Едіге  
Жүре берді ойланбай.  
Жылқыға барып Едіге  
Жылқышыға айтқаны:
- 3560 — Айда, — деп, — жылқыны,  
Ақсақ тайды қалдырмай!  
Қызылжардың беліне,  
Орданың қонған жеріне.  
Жылқышы жылқы айдады,  
Ойына келді Едігенің  
Діні басқа болса да,  
Айтқаны қалмақ арман деп.  
Қызмет маған етем деп,  
Қапыда өліп қалған деп.
- 3570 Әркімдерден өтеді,  
Мына шолақ жалған деп.  
Жаралған мына жандардың,  
Ойлап тұрсам түбінде,  
Бәрі өлімге барған деп.  
Жылқышылар ойланды,  
«Мына Құбыл құбаша  
Бір зор істі қылған деп».  
Келсе қалмақ өліпті,  
Қабантиын малшысы,
- 3580 Қызмет еткен бәршесі,  
Бәрі тегіс көріпті.  
Құл менен күндер, малайын,  
Бірін шашау шығармай,  
Бәрін тегіс жинапты.  
Кезеген өркеш астау бас,  
Жазылатып көлікті.  
Басында тұрып қалмақты  
Айтқанындай көр қазып,  
Қарағай қалың тақтаймен,
- 3590 Жақсылап оны көміпті.  
Жиырмадай екен құл-жалшы,  
Жинап алып бәрін де,  
Үш күн срок беріпті.

- Сол үш күннің ішінде,  
 Таудан тасты тасыпты.  
 Басына биік тас үйіп,  
 Тегістетіп суатқа,  
 Шегендеп тасты төгіпті.  
 «Қабантиын суаты»
- 3600 Атаңдырып Едіге,  
 Қызылжардың беліне.  
 Діні басқа қалмақтың  
 Ойлағаны болмады.  
 Бөтен жақтағы елінен  
 Бұл үш күннің ішінде,  
 Болмады пар өзіне.  
 Бұрынғы өткен алты айда,  
 Қызыл жалаулы қалмақтан  
 Ер Едіге көзіне
- 3610 Бір адам жоқ көрінген.  
 Халқынан шыққан қасарма,  
 Өзінің жүріп кеулімен,  
 Мұны жоқтар халқы жоқ.  
 Ер Едіге түсінген,  
 Өлерде айтқан сөзіне.  
 Бұл үш күннің ішінде  
 Бітірді Едіге  
 Терең қылып көр қазып.  
 Басына тастан там салып,
- 3620 Тегістетіп суатты.  
 Бұл жұмысы біткенсін,  
 Жалшыларға мұны айтты.  
 Жинап алып бәршесін,  
 Едіге былай сөз айтты:  
 — Мен — ноғайлыда Едіге,  
 Атаққа шыққан ханым бар.  
 Тоқтамыс деген елімде,  
 Сол ноғайдың елінде,  
 Жетім қалған жасымнан.
- 3630 Едіге десе біледі,  
 Жайық деген жерімде.  
 Білдіргенім жөнімді

- Біреуің емес көбіңе.  
Елдеріңде бар шығар,  
Жас баланы атастырып,  
Қосатұғын теңіне.  
Қалындығым — қыз Қағаз  
Қалмақ алды дегенсін,  
Сыя алмадым теріме.
- 3640 Тәуекел деп Құдайға,  
Жүре бердім жөніме.  
Келеатқанда осылай,  
Жылқы баққан Жиренбай  
Сен келіп ең кезіне.  
Қайтайын деп мен тұрмын,  
Біткесін жұмыс кеуліне.  
Бес-алты күн мал айдас,  
Көп мал жүрмес жөніне.  
Мал жөнделіп кеткесін,
- 3650 Жолдас, ақың алып қайт,  
Лайқатты өзіңе.  
Бәрің де сосын қайтасың,  
Еңбегіңді жемеймін,  
Есептеп берем күніңе.  
Бұл арада кім шықсын  
Едігенің сөзінен,  
Қауіп қылып тұрғанда,  
Аты түгіл, өзінен.  
Қуанып кетті барлығы,
- 3660 Күдерін үзіп тұр екен  
Өзінің туған елінен.  
Жырағайлап ат шауып,  
Жылқыны жиды бөлінген.  
Жылқы да жөнге жүрмейді,  
Аса артық көбінен.  
Сонан соң жықты орданы,  
Көшейін деп шынымен.  
Ер Едіге байлады  
Қабантиын қалмақтың
- 3670 Қылышы мен найзасын.  
«Ақ сауыттты, — деп айтты,

- Қыз Қағазға тайласын,  
 Жықсын, — деді, — ордасын».  
 Өзі аттан түспеді,  
 Қанша айтып келгенмен,  
 Дұшпанның жері болғансын.  
 Жылқыдан ұстап әкелді  
 Меруерт жалды Қағаздың  
 Мінетін күрең жорғасын.
- 3680 Тозаңдаған шаң болар,  
 Тоғыз мың жылқы жиғансын.  
 Бесіндікке бет қойып,  
 Жылқы ойнайды қуғасын.  
 Жер сағынып жүрген мал  
 Айдатып неге қинасын?!  
 Шаңнан қашып Едіге,  
 Беліне байлап алмасын.  
 Қағаз да көшті жөнеліп,  
 Жетектетіп құл, күнге.
- 3690 Көштің алып келеатыр,  
 Жел жақтағы жамбасын.  
 Осыменен жөн тартып,  
 Өлтіріп қалмақ батырын,  
 Келтіріп Құдай ыңғасын.  
 Жалшыларды қайырды,  
 Жарым жолдай қалғансын.  
 Қол ұстасып қоштасып,  
 Жиренбайға беріпті  
 Жылқының санап жүз басын.
- 3700 Қалмақтар қайтты келеатқан,  
 Есептеп алып ақысын.  
 Өмір қылды күндерге:  
 «Көшті тартып отыр, — деп,  
 Белгілеп күннің шығысын!»  
 Күндерді көшке мінгізіп,  
 Үдере көшіп жөнелді.  
 Ереулеп неғып отырсын,  
 Құлдарға беріп бір аттан,  
 Кигізді құлын жақсысын.
- 3710 Құлдарға жылқы айдатты,



- Бүйтпей ақыр неғылсын,  
Өзі оңаша жүреді,  
Дұшпаннан да қауіп көп,  
Таба ма деп қапысын.  
Осыменен Едіге  
Кісінетіп жылқы айдап,  
Жалғыз өркеш, жал құйрық  
Үш жүз нарға жүк тайлап.  
Ноғайдан кеткен дүние-мал,  
3720 Қалдырмай алып келеатыр,  
Ақылменен кең ойлап.  
Күреңді мініп қыз Қағаз  
Гүл бақшадай бұл жайнап,  
Жылқыны бұл да айдасып,  
Сөз қатар деп Едіге,  
Күлімдейді қолайлап.  
Үндемейді Едіге  
Жақындап бұған ыңғайлап.  
Күндіз-түні көш жүрді,  
3730 Жүрген жері бұлардың  
Кеуілінде тұр сайрап.  
Құл менен күндер қайғыда,  
Әлде қандай ел бар деп,  
Әлде қанша жер бар деп,  
Ақырын өсте сөйлесіп,  
Бір-біріне ойбайлап.  
Мұсылманды көрмеген,  
Хабары жоқ дінменен.  
Қолынан келер амал жоқ,  
3740 Жерлерінен келеатыр  
Уайымдап, қарайлап.  
Осыменен Едіге  
Отыз күн көшті үдеріп.  
Жайланбады, жатпады,  
Шешініп тамақ татпады.  
Аунатпады қара атты  
Ер-тоқым алып жіберіп.  
Бір күндері күн шыға,  
Хан жайлаған Қаратау

- 3750 Көрінеді түнеріп.  
Күз қонатын сары тау,  
Қалың ағаш, қарағай  
Көрінді көгеріп.  
Айдаған жылқы кісінеп,  
Қара өлкеге құлады,  
Су келеатқан керігіп.  
Үш мың қалмақ жылқысы  
Жеріне қашып жүргізбей,  
Келеатқан осы кідіртп.
- 3760 Күнбе-күн жолды шегеріп,  
Аз да болса малдар бар,  
Жусап тұрып қашатын.  
Үйренген жері ойынан  
Болмайтын ұмыт көнеріп,  
Алты мың жылқы ішінде.  
Ұялы құйрық, қапа жал,  
Керамат-ты малдар бар.  
Құты туған байлардың  
Құт құйғандай малы бар.
- 3770 Қарап тұрсаң қай малдың  
Жерінен ауған айуан,  
Мал да болса мұңы бар.  
Жер таныған уақытта,  
Жасаған бие, сақа айғыр  
Кісінеп келіп шұбырды  
Бауырына сайлардың.  
Кеткеніне жерінен  
Дүзі болып барады,  
Санасаң жеті айлардың.
- 3780 Ерісе шауып жөнелді,  
Өзі шауып тайлардың.  
Ноғайдан кеткен көп жылқы  
Алты мыңдай саны бар.  
Қалмай тегіс шұбырды  
Жерін тауып жануар,  
Қара өлкенің бойында.  
Су ішетін жайы бар,  
Айдау жеген көп жылқы

- Шөлдейтұғын жөні бар.  
3790 Жетеу-сегіз құлы бар,  
Басқасы көштің қасында  
Құлымен жиырма адамы,  
Сегіз-тоғыз күңі бар.  
Қалмақтың үш мың жылқысы  
Бөлініп жүрмей келеатыр.  
Жерінен ауған айуан  
Мал да болса мұңы бар.  
Сонда тұрып Едіге  
3800 Қасындағы құлдарға  
Қудырып қатты айдатты,  
Құрығымен сауырлап.  
Еті қашып айдаумен,  
Қазысын келеді ауырлап.  
Көп жылқының соңынан  
Бұлар да желіп шұбырды.  
Қазылы қартаң биелер  
Табандарын тас қағып,  
Қалған екен мамырлап.  
Осы екпінмен шұбырды  
3810 Қара өлкенің басынан,  
Құлады жылқы сабырлап.  
Қара құрттай көп жылқы  
Жабылды суға жапырлап.  
Ақ суаттан су ішті,  
Жатып суға бауырлап.  
Ақ қайраңға аунады,  
Кешіп суға бауырлап.  
Сәтемірдің көп елі  
Балық аулап қостанған.  
3820 Жылқыны көрді құлаған,  
Бөрі бірдей жүгірді.  
Жылқыға қарай жапырлап,  
Қара өлкеде қой айдап,  
Бөрі бірдей шулаған.  
Күн астына қараса,  
Көш келеді ыңырсып.  
Қазына, жүгін тайлаған

- Қапталында қыз Қағаз.  
Меруерт жалды жорға да,  
3830 Қырмызы киіп сайланған.  
Едіге оқшау келеатыр  
Пешенелі беденді.  
Биік асқар таулардан  
Орақ мұрын, шүңірек көз  
Құлдар келеді жалпақтап,  
Көп жылқыны айдаған.  
Қапталдан құлдар шапқылап,  
Жамбасында көшінің  
Бұрымдарын бір бұрған.
- 3840 Шуылдаған көп адам,  
Неше түрлі сөз айтып.  
Жабыла сөйлеп шулаған,  
Міне келді Едіге  
Бидай өңді, нұр жүзді.  
Алтайыдай жайнаған  
Қағаз да келеді қайырлап,  
Меруерт түсті жорғамен.  
Аман-есен айтысты,  
Талабына оңдаған.
- 3850 Бір құлды аттан түсіріп,  
Сонда Едіге айтыпты:  
«Сүйінші сұрап қуант, — деп, —  
Ханым менен хандардан!»  
Қуанышпен көп адам  
Мұны ұмытып кетіпті,  
Едіге мұны аңғарған.  
Баяғы уәзір баласы —  
Жиырма жасар жас жігіт.  
«Мен хабарға барам», — деп,
- 3860 Атқа мінді жалма-жан.  
Елге шапты екпіндеп,  
Астында аты қиналған.  
Сол уақытта Сәтемір  
Ханымымен екеуі  
Құтыла алмай қайғыдан,  
Құдайға күн-түні жылаған.

- «Қағазым қандай күйде?» деп,  
«Сақта Алла, құдірет!» деп,  
Едігедей ерді деп,  
3870 Үйге кірмей сандалған.  
Қол ұстасып екеуі  
Далада кезіп жүр еді,  
Мапағат алмай ордадан.  
Біреу шауып келеатыр,  
Хан ойлады: «Балықшы,  
Кісі өлген, — деп, — жанжалдан».  
«Анау не?» деп сұрады,  
Қасындағы ханымнан.  
«Келеатқан не адам?» деп,  
3880 Құлағын салып тыңдаған.  
Жағалай елге айғайлап:  
Едіге, Қағаз келді! деп.  
Қабантиын өлді! деп,  
Тілекті Құдай берді! деп.  
Жағалай елді шаң қылған,  
Айқайымен осының,  
Қара өлке бойы таң болған.  
Айдауменен келіп бұларға,  
Уәзірдің ұлы Әлидің  
3890 Сөзі мынау толғаған:  
— Ассалаумағаләйкүм,  
Алдияр сұлтан, тақсыр хан!  
Сүйінші, патша, сүйінші!  
Қараңғы тұман арылып,  
Жарқырап жаңа атты таң!  
Ханым менен падиша  
Болдың жаңа қуанышты.  
Аман-есен келеатыр,  
Сүйінші, ханым, Қағазжан!  
3900 Едіге сұлтан келе атыр,  
Адамнан артық данышпан.  
Кеткен мал мен дүния  
Түгелімен келе атыр,  
Алып кеткен ноғайдан.  
Үш мың жылқы олжасы,

- Жиырма бестей құл мен күң.  
Мұны көріп сөйлестік,  
Қара өлкеде көп адам  
Балық аулап қамалған.
- 3910 Елдің бәрі көрісіп,  
Халықтың бәрі қуанған.  
Өкпеден атып өлтіріп,  
Құлатышты Едіге  
Қабантиын арамды.  
Балығын тастап көп халық,  
Көшке еріп келеатыр.  
Көп болды адам ішінде,  
Сағынғаннан жылаған.  
Ер Едіге жұмсады
- 3920 «Біреуің ханды қуант!» деп.  
Халықтың иесі — падиша,  
Есітсін деп хабардан.  
Орынды істі ұмытып,  
Біз сол жерде ұялаған.  
Сонан соң сізге мен келдім,  
Көп ноғайдың ішінде  
Құдай оңдап мен келдім,  
Сүйінші, патша, сүйінші!  
Айып емес қарасаң,
- 3930 Патша сізден сұраған.  
Ел басынан түн кетті,  
Жарқырап жаңа таң атты!  
Қайғы кетті халқыңнан,  
Көзді алған мұнартып.  
Қарашаң еңбек етіп тұр,  
Сендерді келіп қуантып.  
Қараңғы тұман ашылған,  
Қуанышына бұлардың.  
Жер сілкініп қозғалған,
- 3940 Су қайнады бұлақтан.  
Бөйтерек қайта көгерді,  
Жапырағы қуарған.  
Періштелер сүйсініп,  
Зікір, тәсін көп айтқан.

- Бұл хабарды есітіп,  
Мұсылман жұрты ұнатқан,  
Дұшпанды залым өлтірген.  
Жалпы әулие тебіренген,  
Жәдігер жақсы тұяғы.
- 3950 Едіге неге тек болсын,  
Асылы абзал зүриаттан.  
Келе алмады алдыңа  
Атқа мінген азамат.  
Басындағы ұяттан,  
Кәйтiп келсiн алдыңа,  
Айырылғансын шырақтан.  
Бiз қарашаң қуантқан,  
Қара өлкеде көрiстi  
Халық алдында азамат.
- 3960 Жамыраған қойдай маңырап,  
Едіге сұлтан болмаса,  
Қалып ед халық қаңырап.  
Халық қайғыға кез болды,  
Ботасынан айырылған  
Түйедей болып аңырап.  
Қағаз елден кеткелі,  
Кезеген өркеш астау бас  
Жүктерін жүрді ауырлап.  
Топтан озған тұлпарлар
- 3970 Шабысынан айырылып,  
Баса алмады мамырлап.  
Аққу құстар ұша алмай,  
Бұл қайғыға тоқтаған.  
Жерде набат өспеді,  
Тынысы бітіп қуарған.  
Самал соқпай бір заулап,  
Көрінбеді асқар тау  
Бір мұнартып сағымдап.  
Киелі құстар жабырлап,
- 3980 Ойнамады сабырлап,  
Бәрі де бүгін жай болды.  
Едіге сұлтан болмаса,  
Тозуға халық келіп ед,

- Жан-жағына ыдырап,  
 Ақ жарылқап, күн туды,  
 Келіп тұрмын алдыңа,  
 Сүйінші, патша, мен сұрап.  
 Әуелі мұның айтқаны,  
 Ханым менен падиша
- 3990 Еркі кетіп жылаған.  
 Үміт үзген іс болса,  
 Осындай, міне, сірөдан,  
 Жыламай кімдер шыдаған.  
 Осыған келді тілдері  
 «Мал-дүния жөнінен.  
 Сүйіншіге ал, — деді,  
 Әр нәрседен қалаған».  
 Бұлар бүйтіп тұрғанда,  
 Орданың алды боз жалақ,
- 4000 Мұнда халық шулаған.  
 Жұрт жиылып қамады,  
 Бәрі тегіс қуанған.  
 Біреуді біреу көрмеді,  
 Орданың үсті шаң болған.  
 Орданы көріп Едіге,  
 Түсті өзі атынан.  
 Атының басын ел ұстап,  
 Қайырған қойдай шуласып,  
 Күннің көзі көрінбейд,
- 4010 Қыз Қағаздың жан-жағы  
 «Бикеш» деген қатыннан.  
 Айтса да асыл ханшаға,  
 Ханымымен падиша  
 Қуаныш қылып Аллаға,  
 Ордаға кіріп отырған.  
 Айтылған сөздер тыңдамайд,  
 Осындай халық жыққылдап,  
 Едіге жүрмей бұл тұрған.  
 Сонда Едіге сөйледі,
- 4020 Сөйлегенде бүй деді,  
 Ың-жың болған халыққа:  
 — Бейтәртіп мұндай іс болмайд.



- Мен де түстім атымнан,  
 Сыйлап байтақ әруақты-ай!  
 Сендер бүйтіп дулама,  
 Абайла, халық, тулама.  
 Адамы қайда бұл елдің  
 Ел түзейтін ардақты?!  
 Уәзірі қайда орнықты,  
 4030 Шақыр, келтір, жан-жақты?!  
 Қылыш пенен қайтарып,  
 Алсын дейді бұл көпті.  
 Күшпенен халық жөнделді,  
 Өркімнің жаны тым тәтті.  
 Мұның бәрі алалық,  
 Мұныменен жүргенде,  
 Жөнде дейсің қалмақты!  
 Ер Едіге сөйледі  
 Осылайша әр баптан.  
 4040 Бұл сөзбенен жұрт тоқтап,  
 Адамдар шықты айбатты-ай.  
 Бұзылып кеткен байтаққа  
 Қайтадан тақты орнатты-ай,  
 Сарбазға қылыш байлатты-ай.

Едіге Сәтемірдің еліне қайта оралып, Қабантиынды өлтіріп келіп, халыққа көрініп, жылап-сықтап болғаннан кейін, Сәтемір халқын жинап, Едігеге тақ беруді айтып, Едігені орнына сайлап, Сәтемірдің айтқан сөзі.

- Тақ мінді ер Едіге Құдай беріп,  
 Көп халық дәуір айтты шулап тұрып.  
 Арманы Сәтемірдің енді қалмай,  
 Баласын үміт үзген қайта көріп  
 4050 Астына тағы менен тәжін берді.  
 Сәтемір сонда көпке зауал айтты,  
 Сөзіне тұрды жұрттың кеуілдері.  
 — Оу, халқым, бұл Едіге бір жасында,  
 Сөзінен уағда еткен ер асар ма?!  
 Құсына Тоқтамыстың болып ғашық,  
 Бас уәзір екі жыл жүрді, ол бейшара.

- Атасы Құттықия құсбегі еді,  
 Көп сөзді айтқан екен қылып дұға.  
 Уәзірге бір жұмыртқа ұрлап беріп,  
 4060 Екеуіміз — хат жүзінде болдық құда.  
 Сонда мен Ақты куә қылып едім,  
 Тапсыр деп бөтен болса бір Құдайға.  
 Тағымды сонда бердім сәлем хатта,  
 Бұл айтқан мақсатыма жеткерді-ақ.  
 Етсе де олай-бұлай Ақ тағала,  
 Қалмады өлсем дағы менде арман.  
 Атасы қорған болар деп айтып ед,  
 Ішінде сәлемінің маған жазған.  
 «Балаға ата сыншы» деген сөз бар,  
 4070 Ақылды үлгі, нұсқа бұрынғыдан.  
 Қызығын көре алмады дәурен сүріп,  
 Адам жоқ онан артық сол ноғайдан.  
 Құдайым бізге нәсіп етті бұны,  
 Себебі, қанша айтса да бір Құдайдан.

Осымен Едіге хан болып, өткен жағдайларды ұмытып жата береді. Қағаз жүкті болып, бір ер бала туады. Оның атын Нұрадин қояды. Нұрадин туғаннан ердің кәдесін істеп, он екі жасқа толғанда әкесіне келіп, жаудың келер күні болмаса да, келер жолын сұрады. Сонда Едіге айтады: «Бөтен жау келмес», — деп. Баяғы Тоқтамыстан көрген азарын, Аңғысын досының сонда қалғанын айтып, Қағазға арқасын сипатып жата береді. Сонда Нұрадин Тоқтамысқа аттануға атасына келіп, ұлықсат сұрап толғағаны:

- Нұрадин сонда сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Құдірет Алла жаратты  
 Он сегіз мың әлемді.  
 Әмме жұртты пенде етіп,  
 4080 Арсы-күрсі әлемді.  
 Бір жасыма келгенде,  
 Еркелетіп, ермектеп,  
 Қуаныш көрдің балаңды.  
 Екі жасқа келгенде,

- Білдім жақсы-жаманды.  
Ерікті болып, бой билеп,  
Бастым жөндеп қадамды.  
Әлпештеді әркім-ақ,  
Болғасын атам таланды.
- 4090 Үш жасыма келгенде,  
Балдарменен ойнадым.  
Өз қатарлы адамның  
Мен айтқанын қылмадым.  
Өзімнен үлкен баламен  
Төбелесіп шыңдадым.  
Сотқарлық қылып балаға,  
Ойынға ата тоймадым.  
Төрт жасыма келгенде,  
Алып бардың мектепке.
- 4100 Молланың түсі сұп-суық,  
Мені салды «тек-текке» .  
Молда үйретті әдепке,  
Мен қашамын әдетке.  
Сөйтіп жүріп үйрендім  
Парыз, ғажап сүннетті.  
Құдай — біреу, Құран — шын,  
Мұсылман адам кіреді.  
Мұхамбетке үмбет боп,  
Оқу-білім көп екен,
- 4110 Түбіне оның кім жеткен?!  
Ата, сенің күшіңмен  
Молда төрт жыл қамады,  
Мені қойып бейнетке.  
Жеті жасқа жеткенде,  
Молдадан шығып еріктім.  
Балалықты тастадым,  
Бір қиялды бастадым,  
Азаматқа біріктім.  
Халқым «бала» демеді,
- 4120 Той-мереке тойладым.  
Көкпар шауып ойнадым,  
Орынсыз атты қинадым.

- Моңғол, қытай, ноғайлы —  
Бәрін көрдім бұл жұрттың.  
Сегіз жасқа келгенде,  
Серке санды ат бақтым.  
Саржа ойнап, оқ аттым,  
Бәйтерек атсам, құлаттым.  
Жерге тартсам оғымды,  
4130 Түндігінен жоғалттым.  
Тасқа тартсам қадалттым,  
Көп жиналған халқымды  
Тамашаға қараттым.  
Тоғыз жасқа келгенде,  
Тұйғын бақтым түлетіп,  
Ұйқысын алдым күзетіп.  
Құмайы тазы асырап,  
Аң ауладым, өшейін,  
Мінген атты жүдетіп.  
4140 Мұнан да біткен нәрсе жоқ,  
Бара жатыр күн өтіп.  
Он жасыма келгенде,  
Әдемі киіп қырындым.  
Әзіл айтып алыстан,  
Қыз көрінсе ұрындым.  
Хан баласы болғансын,  
Құрбыға ыстық көріндім.  
Ауызға ерте іліндім,  
Мұнан да біткен нәрсе жоқ.  
4150 Өткіздім босқа өмірді,  
Бұдан, ата, жеріндім.  
Он бір жасқа келгенде,  
Көкірегім желденді.  
Өзіме-өзім сенгендей,  
Қызық көрдім өзіме  
Палуан болып көргенді.  
Азаматпен күрестім,  
Аямай ұстап белдесіп,  
Көрейін деп күшімді.  
4160 Көп ішінде тірестім,  
Тамаша көрдім күш жетсе,

- Кеудесіне мінгенді.  
Күресіп, көпте сыналдым,  
Атақты палуан ерлерді.  
Қытай, моңғол, ноғайдан  
Шығарсам деп жоғары,  
«Қазақ» деген ұранды.  
Бәрі өзімнен кем келді,  
Қайратымды көргесін.
- 4170 Күреспеді ешбір жан,  
Салады деп шеңгелді.  
«Бұл салды, — деп, — шеңгелді»,  
Он екі жасқа мен келдім,  
Бұрынғы ойдан өзгердім.  
Енді дұшпан іздедім,  
Өз-өзімнен желдендім,  
Дұшпаның бар ма кек кеткен?  
Толығып балаң ержеткен,  
Жас екен деп ойлама,
- 4180 Күшім артық пендеден.  
Жетім болып жүріпсің,  
Жалғыз басың салт атпен  
Осы елге келіпсің.  
Жерің болса айт, ата,  
Бұрынғы азар көрсеткен?  
Алдыңа келіп мен бүгін,  
Арыз айтып сөйледім.  
Шамалы, шағын елің бар,  
Хан болып тұрсың сен деймін.
- 4190 Хан баласы қайратты,  
Қатарымнан мен деймін.  
Мен дұшпанға аттанбай,  
Дұшпанға кеткен кекті алмай,  
Жайыма қарап жүре алман.  
Тек әшейін боқ басып,  
Көрінгенмен боқтасып,  
Бос сөйлесіп оттасып,  
Тек жүрмеймін ауылды,  
Дұшпан тауып бер деймін!

*Сонда Едігенің баласына айтқаны:*

- 4200 Едіге сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Ой, балам-ай, балам-ай,  
Едіге деген мен едім,  
Менің балам сен едің.  
Мен де біліп жүр едім,  
Ерлігіңе сенемін.  
Сенен артық пенде жоқ,  
Қайратыңды білемін.
- 4210 Көп еді көрген азарым,  
Бірақ азар иесі Құдай деп,  
Кек сақтамай жүр едім.  
Қайтпады сенің назарың,  
Көп еді көрген азарым.  
Талантты туған бір жансың,  
Басыңда болар базарың.  
Жүреді жұртқа таланың,  
Таланыңа, шырағым,  
Батыл көзді саламын.  
Бірақ мұсылманның ұлына,
- 4220 Оқ атпасын деп едім.  
Аласат майдан тұрғанда,  
Құдай қаза болғанда,  
Маған азар бергенің,  
Мен берсін деп жүр едім,  
Құдай соның сазайын.  
Шырағым, балам, асықпа,  
Қайратыңа масықпа.  
Арманға сабыр қылғаным,  
Тілімді алсаң дұшпан бол,
- 4230 Діні бұзық пасыққа.

*Сонда Нұрадиннің атасына толғауы.*

Нұрадин сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Ой, ата, сенің ақылың,

- Қайратыңнан көп еді,  
Ұшан теңіз, көл еді.  
Ақылыңды алмасам,  
Біреуменен алжассам,  
Маған азар келеді.  
Өкеңнің кегін ала алмай,  
4240 Жайыңа қарап жүре алмай,  
Маған дәлел береді.  
Тіріде кекті алмасам,  
Азары тиген адамның,  
Басына зауал салмасам,  
Аласат майдан болғанда,  
Кім көзімен көреді?!  
Халықтың бәрі өледі.  
«Әлсіз адам ақыретшіл», —  
Бұрынғылар деп еді.  
4250 Бұл айтқанды ойласам,  
Пақырлыққа жөн еді.  
Мендей балаң қайратты,  
Өке, сіздей айбатты,  
Қорлыққа неғып көнеді.  
Халқыңды жинап жүр енді,  
Жалғаншы деген жаушылап.  
Жақсылық күні санаулы,  
Жамандық күні көп еді.  
Жақсының күні санаулы  
4260 Менің айтып тұрғаным,  
Есепті күннің бірі еді.

*Сонда Едігенің баласына екінші толғауы.*

Едіге сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді  
Нұрадин келіп айтқанда,  
Едіге тыңдап тұр еді,  
Қайтарып жауап береді:  
— Басымда көрген азарым  
Айта берсем көп еді,  
Ұмыт болып жүр еді.

- 4270 Кек аламын дегесін,  
Көкірегім желденді.  
Ұмыт болып кеткен кек,  
Қайнаған қара бұлттай,  
Қайталап және түнерді.  
Енді болмас Тоқтамыс  
Мен жөнінде тілегі.  
Саған мұны айтқанда  
Ерте қайрат таптырған.  
Көк жыланның өлген себебі,
- 4280 Аңғысын досым ардақты.  
Мен кей күнде қайғырам,  
«Келесің қашан?» деп еді.  
Бұл күнде ол да жүр еді,  
«Едіге қашан келеді?» деп.  
Азарды көрген басында,  
Қашан алып береді деп.  
Жақсы, жаман болса да  
Көретұғын ішінде,  
Қалуға болмас кейінде,
- 4290 Аттанайық кел енді  
Азарым көрген көп еді,  
Өзіме де тиеді.  
Сен — қайратты қосарма,  
Бір пендесің киелі.  
Отырғанмен іс болмас,  
Қайтарғанмен күш болмас.  
Асылым хан болар-ақ,  
Көрермін талай мен бірақ.  
Болмай қалмас болашақ,
- 4300 Не болса пенде көнеді.  
Аттанайық қол жинап,  
Істі Құдай біледі.  
Осыны айтып Едіге  
Жарлық қылды еліне.  
Ат шаптырып еріне,  
Хабар айтты бегіне.  
«Келсін!» деді биіне,  
— Аттанмын қол жинап,



- Ертеде кеткен кегіме!  
4310 Тоқтамыс ханның еліне,  
Шермішін деген көліне.  
Көп еді көрген азарым,  
Жатыр еді кеулімде,  
Мұсылманға оқ атсам,  
Қас болар деп дiнiме,  
Баламды ұстап тұра алмай,  
Барамын, — дейдi, — тiл алмай.  
Айырылып мұнан қала алмай,  
Өз ойым да желдендi.
- 4320 Ойыма түсiп тебiрендi,  
Аңғысын досым және де.  
Жүрген шығар асығып,  
Бiздiң тiлеп келудi.  
Тегiс атқа мiнуге,  
Кеткен кекке жүруге,  
Болашағы Алланың  
Болмай қалмас қай күнде.  
Жақындады срогi  
Едiге ханның қол асты,
- 4330 Төрт ұлттан құралған.  
Ханы жарлық еткен соң,  
Ел кiдiрiп тұра алмай.  
Аса халқы көп емес,  
Саны шағын шамалы-ай.  
Бөри тегiс аттанды-ай,  
Аздығына қарамай.  
Едiге жүрем дегесiн,  
Өрi өзi әулие,  
Айтқаны оның болады.
- 4340 Алмаған тiлдi адамға  
Батыл көздi салады.  
Назары түскен адамы  
Қалады екен табандай.  
Өркiмге де жан төттi,  
Қалайын десе тiл алмай,  
Амалсыздан жүредi-ай.  
Едiгеге қой деуге

- Батылдары бара алмай.  
Едігенің қол асты  
4350 Көбірегі ноғайлы.  
Қазақ та бар аралас,  
Ат мінгендей шығандап.  
Төрт ұлттан құралған  
Әзір аттан сайланған.  
Алты жүз адам болыпты,  
Санап еді шығарда-ай.  
Едіге ұлы аттанды,  
Аттанғансын Едіге,  
Нұрадин бала шаттанды.  
4360 Түнде ұйықтап жатпады,  
Қолдың атын күзетіп,  
Ертеңгісін шаңытады.  
Өлемін деген ойда жоқ,  
Қызық көреді Нұрадин  
Шулатып елді шапқанды.  
Осыменен қол жүріп,  
Түн ұйықтамай мол жүріп,  
Жақындадық елге деп,  
Орал таудың басына  
4370 Көтермекке ат белін,  
Бір мезгіл әскер тоқтады.  
Осы тұста Нұрадин  
Едігеге сөйледі.  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Ат үстінде толғады.  
Ерлігімен керіліп,  
Қызарып көзі жайнады.  
Ел жақында деген соң,  
Жалғыз өзі Нұрадин  
4380 Мақұл көрді озғанды.  
Қолменен бірге жүрмеймін,  
Ақиқат сеніп ерлікке,  
Әкесінің алдында  
Ат үстінен толғады.  
«Сөз айтамын, ата» деп,  
Алты жүз адам әскердің

- Едігенің алдына —  
Бәрін тегіс жинады.  
Нұрадин атпен келгесін,  
4390 Айтамын арыз дегенсін,  
«Не айтады бала?» деп,  
Жұрттың бәрі ойланды.  
Тамам адам жиналды,  
Нұрадин сонда сөйледі:  
— Құлақ сал, ата, сөзіме,  
Дұшпанның келдік көбіне.  
Ат үстінен түспеймін,  
Түстеніп тамақ ішпеймін,  
Сыймай жүрмін теріме,  
4400 Шыдамай тұрмын кегіме.  
Ұлықсат берсең өзіме,  
Жалғыз өзім барайын,  
Тоқтамыстың еліне.  
Бұл күндегі тілегім  
Жолықсам деп ойлаймын,  
Ұрысар жаудың көбіне.  
Мен барғасын бос қалар,  
Мал мен мүлкі, үйі де.  
Сендер ие боларсың,  
4410 Қалған малға кейінгі.  
Бір ой ойлап мен тұрмын,  
Тоқтамысты мауыздап,  
Жетсем деп соның түбіне.  
Сандал бұтты Саразбан,  
Баққан аты бар дейді.  
Кішіміш берген жеміне,  
Ұстатпайды дейді адамға.  
Мініп қашса көріне,  
Ойында шығар Тоқтамыс,  
4420 Саған берген азары.  
Аттың жолы жіңішке,  
Барған шығар хабары.  
Шақ келмес деп мен тұрмын,  
Ұрысуға менімен,  
Бұл жалғанның адамы.

- Қарауылы бар шығар,  
 Қауіп қылып адамы.  
 Ерте білсе хабарды,  
 Қашар деп тұрмын кеуліме.
- 4430 Меніменен ұрысып,  
 Тірей алмас табанды,  
 Балаңа жауап бер, ата.  
 Жалғыз өзі озады,  
 Таратпай елге хабарды.  
 Барып зауал салады,  
 Кеткен кекті алады.  
 Жауабыңды жылдам бер,  
 Көп екен деп қорықпан,  
 Көп болса арқам қызады.

*Сонда Едігенің баласына айтқан жауабы.*

- 4440 Едіге сонда сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 — Нұрадин бала қайратты,  
 Адамнан артық айбатты  
 Қырық кісі жолдас ал,  
 Ол өзіңнің айбатың.  
 Сеніменен ту ұстап,  
 Қарсыласып, ұрыспас,  
 Бірақ ұрыстырар ел атын.  
 Әй, балам, саған сөз қонбас,
- 4450 Жүрерсің өзің бетіңмен,  
 Қайтпайсың алған ниетіңнен.  
 Қырық кісі жолдас ал,  
 Өзім сенен өтінген.  
 Сен барғаннан соң тиерсің,  
 Жатқан елдің шетінен.  
 Жазықсызы көп еді,  
 Қолынан келмей, өкінген.  
 Мен келмейді деп ойламас,  
 Тоқтамыс өзі бекінер.
- 4460 Ұрыс деп елге сенімен,  
 Өзі қашар сауғалап.

- Қара теңіз басымен  
Бас амандап, Аллалап,  
Құтылам деген ниетпен.  
Болжауым келсе ақиқат,  
Шығарсың, бала, жарыққа.  
Сен адамның өлгенін  
Көресің қызық балықтай.  
Тілімді алсаң, ау, балам,  
4470 Тастама қырып халықты.  
Тоқтамыстың өз басы,  
Қасындағы жолдасы,  
Солар — маған жазықты.  
Қайратыңа мас болып,  
Нақақтан елді көп қырма.  
Тыңдамасаң бұл сөзді,  
Тұқымым онда азықты.  
Сен бұл кеткеннен кетерсің,  
Түсіре алмай дұшпаның  
4480 Тоқтамыстай бұзықты.  
Тастап кетіп барасың,  
Кейінге ауыр салмақты.  
Кетсеңде ұзап, әй, балам,  
Шаттанарсың жабықпай.  
Мен барармын артыңнан,  
Жабыққан елге, шабылған.  
Аңғысынға сәлем айт,  
Алдымнан шықсын сағынған.  
Сен озғасын осыдан,  
4490 Тоқтамыс қашар дабылдан.  
Кеулімдегі мақсатым —  
Аңғысынды хан қылып,  
Оздырмақ кеулін тобынан.  
Сен не дейсің, әй, балам,  
Білдірші айтып ойыңнан?!  
Түсірерсің барғасын,  
Тоқтамысты тағынан.  
Тайдырарсың бағынан,  
Құтылмас елі дабырдан.  
4500 Айырылған әйел көп болар,

- Атасы қосқан жарынан.  
Жылағандар көп болар,  
Айырылып бауырдан.  
Біздің әскер айналар,  
Ізсіз елдің маңынан.  
Қанікейдей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз  
Масатыдай құбылған.  
Арманым болмас деп тұрмын,  
4510 Жетелеп қойсам қолынан.  
Әкем — болған құсбегі,  
Малы түскен талауға.  
Қолыммен бұзсам сарайды,  
Халық мүлкі жиылған  
Алтындаған сарайды.  
Аңғысын досым сау болса,  
Мен үшін Аққа жалынған.  
Басын байлап өлімге,  
Тайсалмай жырын айтып ед.  
4520 Халық дұшпан жиыннан  
Алтын таққа мінгізіп,  
Халыққа әмірін жүргізіп,  
Түсіріп қайтсам деп тұрмын  
Тоқтамысты тұғырдан.  
Ұзап кетсең ұрыспен,  
Алысқа кетсең жүріспен.  
Ойында не бар, айтып кет,  
Айтып кет ішкі сырыңнан.  
Бірақ, көп қырма, балам, тіл алсаң,  
4530 Мұсылманды өлтірме.  
Құдайыңнан ұялсаң,  
Болмас еді арман кеулімде.  
Құсбегінің жолына  
Тоқтамыстай залымның,  
Желкесінен қия алсаң.  
Сандал бұтты Сары атқа,  
Қолың жетіп, міне алсаң,  
Мен арманым бітіп қайтамын.  
Қанеки, балам, не дейсің,

- 4540 Бұл кеткеннен ұзасаң?!  
Нұрадин сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бұй дейді:  
— Алдыңа келді балаң-ай,  
Атым тұр-ау жарамай.  
Маған берсең қайтеді,  
Қарға бұтты қараны-ай?!  
Тоқтамыстың еліне  
Салармын, ата, бұлалай.  
Сол залымды өлтірмей,
- 4550 Жер жүзінде қоям ба-ай.  
Серік қылып мен тұрмын,  
Тоқтамыс қолға түскенше,  
Өмірімді аямай,  
Байладым басты соған-ай.  
Айтпасаң батыл сөзіңді,  
Кете қойсам ұзап-ай,  
Басқасын өзің білесің.  
Тоқтамыстың екі қыз,  
Біреуін қой маған-ай.
- 4560 Құлақ салып тұрады  
Атасының сөзіне.  
Қырық кісі алып қасына,  
Бұл әскерден бөлінді.  
Таланды екен Нұрадин,  
Бұл бөлініп шыққан соң.  
Құбыладан жел тұрып,  
Бір қара бұлт көрінді.  
Сол уақытта Нұрадин  
Буырқанды, бұрсанды,
- 4570 Мұздай темір құрсанды.  
Сертін айтып Нұрадин,  
Тоқтамыстың еліне  
Басшы қылды алдына,  
Жауырыншы Ақпаңды.  
Нұрадин қолдан бөлінді,  
Кідіріп, жолда тоқтамай.  
Құбыладан жел шығып,  
Бір қара бұлт қаптады-ай.

- Қызық көріп келе атыр  
4580 Жылатып, елді шапқанды-ай.  
Сәскеде қолдан бөлінді,  
Ел шетіне кіреді-ай.  
Елдің алды жатқандай,  
«Едіге елге келер деп,  
Елге хабар берер» деп.  
Тоқтамыс та қауіптеніп,  
Үш жыл бұрын күтініп,  
Елші салып жүргенді.  
«Едіге кеткен келер деп,  
4590 Елге зауал салар» деп.  
Үш жыл бұрын Тоқтамыс  
Жүйріктерін баптады,  
Адамдарын тақтады,  
Азбырай құрал шақтады.  
Аттың жолы жіңішке,  
Едігенің баласын  
Емес деп адам мақтады.  
Көк арланша кезеніп,  
Тоқтамыс тастан өтеді,  
4600 Нұрадин оқты тартқанда.  
Осы хабар сол күнде  
Тоқтамысқа жақпады-ай.  
Айтуынша халықтың,  
Баладан адам қорыққандай.  
Есіткелі бұл сөзді,  
Түнде ұйықтап жатпады-ай.  
Қарауыл қойды халқына,  
Хабар айтты жұртына:  
«Ұйықтамаңдар түнде деп.  
4610 Келер күні болды» деп,  
Ер бола қойса баласы,  
Аттанар мезгіл толды деп.  
Дұрыс келсе ел сөзі,  
Баласы болса айтқандай».  
Осыны ойлап Тоқтамыс,  
Үш жыл бұрын қамданды-ай.  
Жинап еді құралды-ай,



- Қойып еді қарауыл.  
Ел шетінен шабар деп,  
4620 Ханның қойған қарауыл  
Күндіз көріп қараны-ай,  
Болжап біліп бұларды-ай.  
«Жау келді!» деп күн бұрын,  
Беріп еді хабарды-ай.  
Нұрадин келді бұл елге,  
Жатқанында ел бейқұт.  
Қатын-бала, қыз-қырқын,  
Елге келсе еркек жоқ.  
Кідірмеді Нұрадин
- 4630 Елден еркек таба алмай,  
Таң рауаны атқанда,  
Түнімен жүрді кідірмей.  
Әр жерінде туы бар,  
Кез келіпті қамалға-ай.  
Жау қарасын көргенсін,  
Жалғыз өзі Нұрадин  
Әскерден озды анадай.  
Екі көзі қызарып,  
Шаба берді шамданып,
- 4640 Жолдасына қарамай,  
Жүрегі тасып еріксіз.  
Қолға кірді Нұрадин,  
Ұрыс қылды былалай,  
Сала берді зауалды-ай.  
Кейінде қалып жолдасы,  
Бас паналап тұрыпты.  
Ұрысқан көпке бара алмай,  
Қоятұғын жан емес.  
Қолға салды ылаң-ай,
- 4650 Тоқтамыс сырттан көреді,  
Нұрадинді сынады-ай.  
Бесінге дейін ұрысты,  
Тоқталып тұрып шыдатпай.  
Қожа бесін болғанда,  
Қол ығысып, қашады-ай.

- Ұрысына шыдамай,  
 Қызыл-ала қан болды.  
 Қырылды халық кінәлі-ай,  
 Атса мылтық өтпейді.
- 4660 Қарсыласқан адамның,  
 Найзасы салған жетпейді.  
 Қасына барған адамның,  
 Біреуі сау кетпейді.  
 Қалып жатыр табанда-ай,  
 Тоқтамыс сонда сандалды-ай,  
 Не қыларын біле алмай.  
 Қол ығысты қашпаққа,  
 Алды қашып барады.  
 Қашқанын қолдың көргесін,
- 4670 Мықты дұшпан келгесін,  
 Тоқтамыс мінді бір ойға  
 Кіші бесін болғанда,  
 Қолдың алды қозғалды.  
 Жаны шығып асығып,  
 Мақұл көрді кімде-кім,  
 Қашқасын қолдан озғанды-ай.  
 Сол уақытта Нұрадин  
 Қашқандарды қуады.  
 Біреуін қолдың жібермей,
- 4680 Бәрін тегіс қырады.  
 Ығысып қашқан адамға,  
 Сарыжаны қолға алды.  
 Не қыларын біле алмай,  
 Жан шақ келер жан емес.  
 Табан тіреп, тұра алмай,  
 Осыны ойлап Тоқтамыс  
 Қашайын деп ертерек,  
 Жанының қамын ойлады-ай.

Тоқтамыс өзінің жолдас-жораларын ертіп алып, қашып кетеді. Нұрадин оның қашқанын сезбей қалады. Халықты қойдай көгендеп қойып, шетінен мауыздап жатқанын көріп, Аңғысынның Нұрадинге айтқаны:

- Ассалаумағаләйкүм,  
4690 Хан баласы Нұрадин!  
Сен — қара шұбар орбалақ,  
Маралға батқан тұяғың!  
Емен желке — ер жігіт,  
Ердің есін кетірет.  
Есек жанды, сұрғылт бұлт,  
Елдің есін кетірет.  
Мысал қылып байқасам,  
Сол сықылды сияғың.  
Мен жайымды айтайын,  
4700 Әкеңнің досы Аңғысын,  
Есіткен шығар құлағың.  
Дос баласы төресің,  
Ашулансаң бүрерсің.  
Рақым етсең еркің бар,  
Оны өзің білесің.  
Халық сыйлаған әкеңді,  
Хан баласы батырсың.  
Ойламай істің ақырын,  
Халықты қырып жатырсың.  
4710 Әскермен қашты Тоқтамыс,  
Бағана тауып қапысын.  
Алмай қоймас еш адам,  
Жеңген соң, жаудан ақысын.  
Аламын десең басым тұр,  
Айттың деп сөздің тақысын.  
Қастасың кетті құтылып,  
Мұнда не істеп жатырсың?!  
Жазықсыздарды өлтірген —  
Сен, отын шапқан қатынсың!  
4720 Менің атым — Аңғысын,  
Едігеменен дос болған.  
Ерлігіңе мінәсар,  
Дұшпаныменен өш болған.  
Қайырсыз қайрат не керек?!  
Тойғызып қанға мас қылған?!  
Мәртебеге бөленер,  
Ақылдасып, іс қылған.

- Көп қырыпсың халықты,  
Бірсауған қойдай қосақтап.  
4730 Сауға берсең, көңілім,  
Қосақты осы босатпақ.  
Сырыңды білмей мен тұрмын,  
Аздан сұрап, ұсақтап.  
Бұл тілекті бермесең,  
Айтқанды қылмай өрлесең,  
Алдыменен мені өлтір,  
Өз қолыңмен пышақтап.  
Халықтан қалып не болам,  
Қара басым қай жаққа,  
4740 Қаңғырамын қос аттап?!  
Көңілімдегі арманым —  
Әкеңді көріп, қош айтпақ!  
Досым еді Едіге  
Сол үшін талай байладым,  
Басымды да өлімге.  
Серке санды ат мініп,  
Сергелдең болып жүргенде,  
Есіттім сені сегізге.  
Мұсылманды мұнша қырмас ең,  
4750 Тартсаң Мәулім негізге.  
Ақылың ұшан болады,  
Ұқсасаң егер періге.  
Мынау қылған ісіңді,  
Ұқсатам жыртқыш бөріге!  
Халқымды қырып, Нұрадин,  
Іс қылдың жаман көріне!  
Көрсетер қайрат менде жоқ,  
Қарсыласар хал де жоқ,  
Сыймай тұрмын теріме.  
4760 Мен — бір тұрған торқамын,  
Айтуға артық қорқамын.  
Дос баласы болсаң да,  
Көңілім бітпей, ортамын.  
Тыңдасаң ақыл айтамын,  
Дұшпан тұтсаң қайтамын.  
Мен гүлі едім ортаның,

- Едіге елге келер деп,  
Кегімді алып берер деп,  
Медет қып едім көңілге.
- 4770 Едіге келмей, сен келдің,  
Ісіңнен қатты жиіркендім,  
Дақ салдың кетпес өмірде!  
Құрттың-ау елдің, шырағым,  
Бүкіл еркек тұяғын!  
Бұлардан артық емеспін,  
Мені де өлтір, Нұрадин!

Аңғысын мұны айтқанда, әкемнің «алдымнан шықсын деген досы осы екен ғой» деп кешірім сұрап, қосақтаған халықты оған сауғаға берді. Сонан соң Тоқтамыстың қалай кеткенін Аңғысынның сілтеуімен біліп алып, қырық жігітімен Тоқтамыстың ізінен қуып жөнелді. Аңғысынның себебімен, Тоқтамыстың баласы өлімнен аман қалды.

Тоқтамыс болса, қашып бара жатып, өзінің жаз жайлауы, мерекеде айнала ат шаптыратын жері — Шермішін деген биік төбеге шықты. Қара теңізге шығар жол соның үстінен асатын еді. Төбенің басына шығып: «Елім қалды, жерім қалды, мал-мүлкім мен қанша қазынам қалды. Қыздарым Қанікей мен Тінікей, балам Қожабай мерт болған жоқ па екен?» деп жылап, Тоқтамыстың толғанып тұрған кезі:

- Ау, Шермішін, Шермішін!  
Шермішін деген сенбісің?!  
Атандай бұтын талтайтып,
- 4780 Ат семірткен белмісің?!  
Қанікейдей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз,  
Бой жеткізген төрмісің?!  
Сандал бұтты сары атты  
Болжауға келген жермісің?!  
Қашып шықтым басыңа,  
«Қош, алдияр, аман бол,  
Жолың болсын!» дермісің.  
Шермішін деген жер едің,
- 4790 Биік біткен бел едің,

- Халық ұстаған мен едім.  
Қатын, бала елімді,  
Мекен еткен төрімді,  
Бір шыбындай жан үшін,  
Жауға тастап келемін.  
Мыңғыртып жазда мал айдап,  
Өзеніңді жайладым.  
Сабатты Балқаш көліне  
Жағалай бие байладым.
- 4800 Ордамды тігіп басыңа,  
Айт пенен тойды тойладым.  
Ардақты ханым Құлқаныс,  
Тілін алып, сыйладым.  
Едігені нақақтан  
Өлтірмек болып қинадым.  
Асыл текті тұқымды  
Қойға салып қорладым.  
Сол қорлықтың зарпынан  
Өзім бүгін сорладым.
- 4810 Жайықтың басы Қара өлке,  
Өзіңді шіркін қимадым!  
Амалсыз қашып барамын,  
Артымда қалып жиғаным.  
Нұрадиндей ұл туды  
Едігеден дауалы.  
Періден қызды алмаса,  
Мұндай сұңқар мұзбалақ,  
Мәулімнен қалай туады?!  
Айтып еді қайғы сөз,
- 4820 Сыпыра қарт дуалы.  
Қорқып жүрек шошыды,  
Ойыма түсіп солары.  
Қанікейдей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз,  
Он екі жасар Қожабай,  
Әлдеқалай болады?!  
Ау, Шермішін, Шермішін,  
Бауырайыңда боз көде,  
Кездейсоқ келіп басыңа,

- 4830 Ойыма түсті-ау әр неме!  
Тау бөктерлеп өседі  
Қайың менен қарағай.  
Үш ай тоқсан болса да,  
Тұратұғын борамай.  
Ықтасын болған малыма,  
Жидесі қалың ну тоғай.  
Қош болып тұр қасиетті,  
Ел қыстаған жерлерім!  
Алшаң басып жүретін,
- 4840 Асқар тау, қия белдерім!  
Қашып кетіп барамыз,  
Қолымызда қу жебе.  
Туған жерден айырылған  
Қиын екен пендеге!  
Соғысуға дәрмен жоқ,  
Ұшырағандай делбеге.  
Күнім туса көрермін,  
Қайырылып келермін.  
Тілектес бол, Шермішін,
- 4850 Сайран еткен жерлерім!  
Осыны айтып Тоқтамыс,  
Күн шығыс жаққа қарады-ай.  
Сақалын жуып көз жасы,  
Еңіреді баладай.  
«Жайықтың басы Қара өлке,  
Қашайық, — деді, — солай қарай!»  
Қашқанменен не істемек,  
Қуса ажал құтқармай.  
Жолдас болған жасынан
- 4860 Жаурыншы Қорғанбай.  
Айтқаны келеді қараса,  
Тап қолымен қойғандай.  
Ханның дағы бір досы —  
Кеңестің ұлы Жанбай да  
Қашып барып сол күні,  
Қондырған үйін бір сайға.  
Шақырып алып сарбазын:  
«Қайда, — деді, — Қорғанбай?»

- Жауырынға қарасын,  
4870 Мұнда келіп ойланбай?!»  
Хан қасында Жанбайдың  
Сөзінен ешкім шықпаған.  
«Жәкемдікі дұрыс» деп,  
Бәрі де одан ықтаған.  
Жарлығымен Жанбайдың,  
Жауырыншы Қорғанбай  
Ақ жауырын ұстаған.  
Қарай сала ойланбай,  
Кейіндегі халықтың,  
4880 Едігедей салықтың,  
Нұрадиндей алыптың  
Көзбен көрген адамдай  
Жайын айта бастаған:  
— Алдияр тақсыр, сұлтаным,  
Жауырынға қарадым.  
Шамасымен айтамын,  
Бұрынғы өткен жобаның.  
Айтуынша сүйектің,  
Аман жаны қалады  
4890 Қожабайдай баланың.  
Нұрадиннен артық дейді,  
Балаңыздың таланын.  
Біріншісі осылай  
Жаурындағы шаманың.  
Екінші бір тағы сөз,  
Әскері бар алты жүз,  
Едіге елге келіпті.  
Сарай толы қазына,  
Тілімдеп әскер бөліпті.  
4900 Қанікедей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз  
Кетіріп бастан ерікті,  
Едігеге беріпті.  
Шығыны халық шамалы,  
Ажалдысы өліпті.  
Біз қашқан соң бағана,  
Аңғысын келіп ауылға,



- Қосақтаған халықты  
Сауғаға соған беріпті.  
4910 Кіреукелі алтын тақ,  
Аңғысын жырау үмітті.  
Қашқаныңды, алдияр,  
Нұрадин сонан біліпті.  
Жақындап келеді бұл жерге,  
Ізіңізден қуыпты.  
Азанда мініп аттарға,  
Қылмасақ, тақсыр, жорықты.  
Бұл дәл солай көрінді,  
Жүрегім қатты қорықты.
- 4920 Ап-анық көрдім, хан ием,  
Үшінші түскен мынадай:  
Осы адамның ішінде,  
Біреудің аты озғандай.  
Кәдірменді болады,  
Өлгенінше жалғанда-ай.  
Қабағы тастай түйілген,  
Лашын құстай шүйілген.  
Нұрадин қуып келеді,  
Қашайық, тақсыр, ойланбай.
- 4930 Ізіңнен қалмай ереді,  
Қашқаныңды біледі.  
Жауырын солай айтып тұр,  
Күн шыға тырнақ іледі.  
Көрінеді оның да  
Жаурыншысы жанында.  
Біз сықылды ермекшіл,  
Сүйегі бар қолында.  
Не әулие, көріпкелі,  
Не ақ шүберек жайған ба?!
- 4940 Дегенде бұлай Қорғанбай,  
Көргендері айтыпты:  
— Мұның айтқан сөздері,  
Айнымастан келеді, — деп.  
Көрмегендер ойлады:  
«Ғайыпты қайдан біледі? — деп.  
Қарағаны қу сүйек,

- Елді қайдан көреді? — деп.  
 Өулие болса бұл өзі,  
 Ханға неге ереді?! — деп.
- 4950 Көпшілік түнде жүрмеді,  
 «Жауырын сөзі бөлек!» деп.  
 Хан ұйықтамайды қайғымен:  
 «Рас болса керек!» — деп.  
 Қойды атын қаңтарып,  
 «Бере гөр, Құдай, тілек!» деп.  
 Таңды көзбен атырды,  
 «Нұрадин қуып келед» деп.  
 Енді Едігеден сөйлейік,  
 Түсіндіріп, деректеп.
- 4960 Айтайын енді сөзді өлеңменен,  
 Кейінде босқын тауып қалған елден.  
 Айтармыз Нұрадинді кейінірек,  
 Өуелі бастайықшы Едігеден.  
 Кейінде асықпастан қалған батыр,  
 Аяңдап, әскер бастап, елге келген.  
 Ұмытқан Нұрадин әке сөзін,  
 «Алдымнан Аңғысынды жібер» деген.  
 Шашылған тарыдайын сансыз өлік,  
 Аңғысын қайғырып жүр мұны көріп.
- 4970 Қараса, жан-жағына көзін салып,  
 Көп әскер ту ұстаған қалды келіп.  
 Жинады есін жырау өзгер-өзер,  
 Тұрады: «Мынау кім?» деп самсоз болып.  
 Алдынан неде болса қарсы жүрді,  
 Туғаннан сөзге шебер, көңілі ер-ді,  
 Бір өзі жалғыз шапқан, тайынбастан.  
 Адамды сарбаздардың көзі көрді,  
 Танып қап жолаушыны ер Едіге,  
 Шақырып, жүзбасыға төртіп берді:
- 4980 — Аңғысын — бұл елдегі менің досым,  
 Ұмытып, Нұрадин танған есін.  
 Соң біліп, Тоқтамыстың қашқандығын,  
 Өткеріп, қуған шығар қожа песін.  
 Келе атқан шын Аңғысын болса досым,  
 Суырған алмасқа да бұзбайды түсін.

- Ол болса келе жатқан мені білмей,  
Білсе, егер, жаяу жүреді, атқа мінбей.  
Ол шауып, өзі мұнда келгенінше,  
Тұрыңдар сап түзетіп, шұбап жүрмей.
- 4990 Мұны айтып, ер Едіге оқшау шығып,  
Алдынан тұрды жалғыз көлденеңдей.  
Салт адам жіберіпті аттың басын,  
Өтердей таптап, жаншып қарсыласын.  
Тиер деп шетімізден сарбаздар да,  
Қолға алды садақ, найза, ақ алмасын.  
Көпшілік анау-мынау дегенінше,  
Ағызып келіп қалды, сұсы басым.  
Жақыннан Едігенің көріп жүзін,  
Еріксіз ат үстінен тастады өзін.
- 5000 «Достым!» деп, құшақтады жүгіріп кеп,  
Жылады, жаспен жуып екі көзін.  
Қалмаған, шіркін көңілі екі достың,  
Дидары несіп болды, жетіп төзім.  
Бұл көптің дұрыс болмады ойлағаны,  
Көз жетті достың қалай сыйлағаны.  
Құтқарып бір ажалдан Едігені,  
Өлімге басын сонда байлағаны.  
Халқынан содан бері шеттеп жүрді,  
Отына Едігенің күйді жаны.
- 5010 Жоғалтқан біраз жылдан досын көріп,  
Міне, енді Аңғысынның толғағаны:  
— Ассалаумағаләйкүм,  
Қолымнан ұшқан, мұзбалақ!  
Аспандап ұшып кеткенсін,  
Алақтадым жүз қарап.  
Бәйге қуып сен кеттің,  
Дүбірлі тұлпар, арғымақ.  
Көбейтті залал есепсіз,  
Тоқтамыстай зәнталақ!
- 5020 Үмітім сенде көп еді,  
Болар-ау деп көз-құлақ.  
Артыңнан барған Жанбайға,  
Өкпелепсің хандарға.

- Халық-қалия, қарындас,  
Жасы жеткен шалдарға.  
Сен кеткенсін бақ қонды,  
Жанбайдай тексіз мұндарға.  
Жанбай атқа мінген соң,  
Теңдік тиді құлдарға.
- 5030 Сол кеткеннен соқпадың,  
Бұл жақтағы ноғайға.  
Бүйтерінді білгенде,  
Бармас па едім ізіңмен?!  
Кетпес пе едім өзіңмен!  
«Қош, алдияр, аман бол,  
Келемін» деген сөз қайда?!  
Ұшырып өзім жібердім,  
Алғыр шұбар құсымды.  
Тоқтамыс сосын ұмтылды,
- 5040 Тауып зала ісімді.  
Ағайын алмай тілімді,  
Кеміді менің күшім де.  
Салт атты салбыр қамшылап,  
Жүрдім халық ішінде.  
Қатын, балам жат болды,  
Досың сөйтіп мат болды,  
Тұрғанда залым күшінде.  
Ұшырған шұбар сен бе едің,  
Сағынған досың мен бе едім?!
- 5050 Он бес жыл өтті аралап,  
Бір рет неге келмедің?!  
Қашан досым келеді деп,  
Сағыныштан сарғайғам.  
Қасірет шегіп, қан жұтып,  
Сақал-шашым ағарған.  
Сен жөнінен, Едіге,  
Бітпеді-ау, сірә, бір арман!  
Кейін келдің бұл елге,  
Өзің туған баладан.
- 5060 Көп халықтың ішінде,  
Бірі едім жаны сірінің.  
Қалыпқа келді, көңіл жай,

- Сүйген соң сені ерінім.  
 Сүйікті досым, аман ба,  
 Бұл — оннан бірі шерімнің?!  
 Осыны айтып Аңғысын,  
 Сөндірді өкпе алауын.  
 «Сөзіңнің бәрі дұрыс» деп,  
 Үдетті Едіге жылауын.
- 5070 — Бөтен ойым жоқ, — деді,  
 Істедім Алла қалауын!  
 Аңғысынды көргенде,  
 Қошеметін қылады.  
 Аттан түсіп түгелдей,  
 Бәрі де жаяу тұрады.  
 Көріскенде екі дос,  
 Бірі қалмай жылады.  
 Тоқтамыстың қашқанын,  
 Нұрадиннің қуғанын,
- 5080 «Қалайша ұрыс қылды?» деп,  
 Едіге өзі сұрады.  
 Сұраған соң Аңғысын,  
 Айтты осы жобада.  
 Көп жиналған ағайын,  
 Түсіндірмей бола ма?!  
 Көрмесек те көзбенен,  
 Сөйлейік анық ізбенен,  
 Өңгіме айтып құрама.  
 Сан түрлі сазға салмасақ,
- 5090 Құлақтың құрышы қана ма?!

Енді Едіге осы елде алты ай болды. Тоқтамыс қашып, Нұрадин қуып кеткен. Алты айға дейін бұлардан ешбір хабар болмады. Хабар болмаған соң, Аңғысынды сол елге хан қойып, баяғы әкесі Құттықия құсбегінің мал-мүлкін қайтып алды. Қанікей мен Тінікейді жүк теңдеген жайдақ түйеге мінгізіп, Едіге еліне қарай бет алып шықты. Түрмеден басқа кимеген, күймеден басқа мінбеген ханшалар жайдақ түйеге мініп мазалары кеткен соң, киімдерін басына бүркеп, әуреге түсіп егіліп жылайды. Сондағы кішісі Қанікейдің зары:

— Қызыл гүл қазан соғып, солғаны ма-ай?  
Бұлбұлды қанға қылды жаппар Құдай.  
Біз ханның әлпештеген баласы едік,  
Қызыл өң күрең тартты жылай-жылай.  
Қой бағып, отым жаққан құл-құтандар,  
Күң қылмақ білдіреді бізге сыңай.  
Заманның айнығаны осы дағы,  
Амал не, көндік тағдыр жазғанына-ай.  
Бас қамын ойлап қашқан патша, бектер,  
5100 Бұл елге бас болар ма бұрынғыдай?!

*Тінікейдің зары:*

— Шырағым, өткен екен заманымыз,  
Құдайдың бар ма ісіне амалымыз?!  
Біз нашар қайтсек жаудан кек аламыз?!  
Арқалап, әлдилеген бізді құлдың,  
Бұл күнде қойнындағы әйеліміз.  
Халқым-ай, Қара ойдағы хабардар бол,  
һәм жөне бірге туған аға-ініміз!  
Қожабай, ержеткен соң еске ал, бауырым,  
5110 Дұшпанға олжа болып барамыз біз!

*Қанікейдің айтқаны:*

— Әй, апа-ау, Тінікейдей текті болдық,  
Бұл күнде оймен толғап, күпті болдық.  
Заманы туған екен бір қойшының  
Екеуіміз жұлған гүлдей қурап, солдық.  
Дәурені өтті енді біздің елдің,  
Ойыңа неғып түспей отыр сенің?!  
Боз беткей, жылқы қуған жерлері еді,  
Қой баққан мына қойшы Едігенің.  
Қайттап қара басын қашқан қашақ —  
5120 Қожамыз осы болды сіздің, менің.  
Мінгізіп жүк теңдеген бір түйеге,  
Құдайдың көрдік, апа-ау, көп дегенін!

*Тінікейдің сөзі:*

— Бұл апаң Тінікейдей текті болды,  
Бұл күнде ойы толып, күпті болды.  
Өліпті Құттықия ұрлық қылып,  
Едіге сол себептен кекті болды!  
Уәзірге бір жұмыртқа ұрлап беріп,  
Сәтемір қызын содан жұпты қылды.  
Қыз Қағаз әлдекімнен жүкті болды.  
5130 Қалыңмал баста берген арам болып,  
Жан едік, пәк жүректі, ақ ниетті,  
Қызық күн, ел шабылып өтті-кетті.  
Туған жер жастайымнан еркін өскен,  
Қозғалды-ау қай-қайдағы ішкі дертті!

\* \* \*

Ханшалар түрме киген, күйме мініп,  
Екеуі жылап барады түйе мініп.  
Көл қылып көздің жасын кім жыламас,  
Кеткен соң Нұрадин жайпап, қырып!  
Бауыры бүтін қалған бір адам жоқ,  
5140 Қалың өрт ел үстіне кетті жүріп.  
Екі қыз зарлаған соң дауыс қылып,  
Қарады үлкен-кіші мойын бұрып.  
Сондағы Қанікейдің айтқан сөзі,  
Қоштасып ел-жұртына жылап тұрып:

— Қош сау бол, туып-өскен, қайран халқым,  
Сорлы атам қашып кетті-ау, көрмей артын.  
Аңғысын, халықты ұстап, хан болдың сен,  
Тапсырдым бір ақ болат балдағы алтын!  
Жерлерің жиде тоғай ел қыстайтын,  
5150 Шермішін, жайлау едің жазда салқын.  
Бұл жерде аққан өзен жазы-қысы,  
Аяғы Көк теңізге құйған айқын.  
Күймеге қоңыраулы мінген ханша  
Қымбаттың арзаныменен білген нарқын.  
Түйеге екеуімізді мінгестіріп,  
Едіге би, дегенмен білдік парқын!

- Біз бұның сатып алған пұлы емеспіз,  
 Бағуда талтаңдаған біз — бір шұнақ,  
 Болсақ та мұнысына түлемеспіз.
- 5160 Жылатқан мұсылманды абыройсыздық,  
 Саулығын мақшарда да тілемеспіз!  
 Ер болса, ол ұстаған ислам дінін,  
 Біз мұндай, түйе мініп, жүдемеспіз!

Қыздар осыны айтқанда, баяғы жұмыртқаға баратын уәзірдің баласы, Едігенің бас уәзірі, Әли сөздің астары мен салмағына түсініп, олардың күнделікті мініп жүретін күймесін алдыртып, сұлуларды соған мінгізеді.

Едіге еліне қайта берсін, ендігі сөзді Нұрадиннен айтайық.

- Көп жиналған азамат,  
 Қисса тыңдап, көңілі шат!  
 «Нұрадин қайда, не болды? деп,  
 Сұрауға батпай отыр дат!»  
 Жайын оның айтайын  
 Азды-көпті баяндап.
- 5170 Хикаясын Едігенің  
 Қоймасақ та тамамдап.  
 Шайырың өсте сөйлейді,  
 Бірте-бірте аяндап.  
 Тоқтамыс кеткен бір жолды,  
 Аңғысын қалған бұл аңдап.  
 Қара теңіз басы деп,  
 Қашыпты олар тыраңдап.  
 Ізіне түсті Нұрадин,  
 «Едігелеп!» ұрандап.
- 5180 Күн батқанша жол бойы,  
 Көрінбеді ешкім қараңдап.  
 Тоқтатып топты: «Қалай?» деп,  
 Көңілі тұрды алаңдап.  
 Ентігін басып шешініп,  
 Отырды батыр самалдап.  
 Жайқалып өскен бидайық,  
 Бейне бір кілем сияқты.  
 Жібермеді арқандап,



- Қосыннан қашық бір атты.  
5190 Тергізіп тезек, үйдіріп,  
Лаулатып отты жаққан-ды.  
«Келсін, — деп, — мұнда Нұрадин!»  
Шақырды сонда Ақпанды.  
— Жаурынға қарашы,  
Көп болды елден шыққалы.  
Тоқтамыс елі атама  
Қандай құрмет қылады?  
Қай жерге тоқтар қашқын хан,  
Белгілі ме тұрағы?
- 5200 Жаурынды ашқанды  
Көргенім, жоқ, сірә, әлі.  
«Жаурыншы Ақпан» деп,  
Жұрт бір емес мың айтты.  
Білгіш болсаң, ей, аға,  
Не болмақ енді соны айтшы?!  
«Төренікі дұрыс!» деп,  
Біреулері оны айтты,  
Біреулері мұны айтты.  
Сонан соң Ақпан отырып,
- 5210 Ақ мақтаға ораған  
Жауырынға қарапты:  
— Бұл сөзіме құлақ сал,  
Қайратты туған, төреміз!  
Келмесе айтқан жазғырма,  
Жазғанын Хақтың көреміз.  
Осындайда ерлердің,  
Мәжілісте билердің  
Айтқанынан шыға алмай,  
Қорқытса да бұға алмай,
- 5220 Әдет қылып келеміз.  
Құлағыңды сал, Нұрадин,  
Бірінші түскен балыма!  
Тоқтамыс қашып барады,  
Қарамай ұят-арына.  
Қашқанменен құтылмас,  
Біреу себеп ханына.  
Түспейді қолға өзірше,

- Қаша береді арыға.  
Қалыншылық орманды,  
5230 Күншығыстың тауына.  
Ол қашады асығып,  
Біз қуамыз масығып.  
Он екі айдай жүреміз,  
Тоқтамыстың жолына.  
Басын алып қайтамыз,  
Бірақ елге соңыра.  
Едігедей бабаңыз  
Қайтады енді еліне.  
Аңғысынды хан қойып,  
5240 Шаттық кірді көңіліне!  
Тоқтамыс қайтып жете алмас,  
Шермішіннің беліне!  
Жауырыншы Ақпанның  
Осылай деп тоқтады.  
Бұдан әрі созуға  
5246 Ақынның да зауқы соқпады.

# Едіге Батыр эпосы

Бұрынғы өткен заманда, Хорезмнің жұртында, Тоқтамыс деген бір хан болған. Ол ханның мекені Қоңырат елінде екен. Ханның қарауында қырық мың үйлі қоңырат, қырық мың үйлі қыпшақ, қырық мың үйлі маңғыт, қырық мың үйлі қазақ, қырық мың үйлі қарақалпақ, он мың үйлі қаңлы, қырық мың үйлі қытай, қырық мың үйлі Жаумыт, қырық мың үйлі Шаудыр, он мың үйлі үйсін, он мың үйлі ұйғыр, он мың үйлі найман т.б. бар екен. Осы айтылған рулардың әр қайсысынан бір адам сол ұлы ханның қызметінде болады екен. Бірі метр, бірі құсбегі және біреуі шайх, және біреуі наип, және басқалары да сондай бір амалда болған. Осы амалдардың ұлысы және замандағы ұлы рулардан саналған, тоқсан үйлі тоқмаңғыттан шыққан Тұлымби қожа екен. Тоқтамыс хан осы Тұлымби қожаны басқа билерінен жақсы көреді екен. Соның үшін Тұлымби қожаның ханға айтқан тілегі бітпей қалмайды екен. Бірақ Тұлымби қожаны басқа махаремлер, алпыс екі хамелдар, отыз екі мохирдар және басқа да билер қызғанып, оны ханға әр уақыт жамандайды екен. Бірақ Тоқтамыс хан олардың өсегін тыңдамайды екен. Бір күні сол билер ойласып отырып, Тұлымбиді өлтірмекші болғанда, ұйғыр бектерінен тым жақсылық ойламайтұғын Кенжебай көсе деген орнынан тұрып: «Ей, билер, Тұлымби ұлысыз, хан үшін ұлсыздың пайдасы болмас деп ханға айтып, Тұлымбиді хан сарайынан қудырамыз», — дейді. Басқа билер де осы пікірге қосылып, ханның алдына келеді. Тоқтамыс ханның сарайында үлкен мәжіліс болып, арақ-шараптар ішіліп, кеселер-кеселерге соқтығысып, мәжілістегілер қыза бастаған кезде, Кенжебай көсе орнынан тұрып, арызқойлардың кесімді қолдарын

қусырып, Тоқтамыс ханға қарап, осы сарайда отырған ұлы және кіші билердің арызы деп, мына жырды айтады:

- Бұл дүние дегеннің әсері қалады,  
Кезегімен әркім көшіп барады.  
Ұл болар — адамзаттың мұраты,  
Ұлсыздық қылған — ісі кесапат.  
Онан келер сарайыңа жаманат,  
Ұлсыздар бұл сарайда тұрмасын.  
Сенбеңдер ұлсыздардың сөзіне,  
Келсе оның, зер салыңыз көзіне.  
Қарап болмас ондайлардың жүзіне,  
10 Ондай адам бұл сарайда тұрмасын.

Тоқтамыс хан бұл жырды есітіп, уәзірлеріне қарап: — Бұл не деген сөз, Құдай біреуге ұл, біреуге қыз береді, кейбіреулерге бұның екеуін де бермейді, оны зорлықпен алып болмайды, — деп мына жырды айтады:

- Айта бермең, аузыңызға не келсе,  
Барлығы мұратына жеткен бар ма екен?!  
Сатып алып болмас, Құдай бермесе,  
Қайратпенен ұлды болу бар ма екен?!  
Бұл дүниенің әслі өзі жалған-дүр,  
Көне сарай барлығынан қалған-дүр.  
Мың жасасақ, тұрмас соңы ойран-дүр,  
Көңіл мұратына жеткен бар ма екен?!  
Қаншалардың мұнда көзі жаслы-дүр,  
20 Бір нешелер дайын көңлі қошлы-дүр.  
Нешелер арманда бауыры тасболур  
Бұл дүнианы толық тұтқан бар ма екен?!  
Нешелерді ұлпат қылар өзіне,  
Нешелердің күліп қарар жүзіне,  
Біреулердің құм құйғызар көзіне,  
Зарлатпай-ақ туры дүние бар ма екен?!  
Үмітпенен барлығы келіп жаһанға,  
Бір нешелер ұл көріп қуанса,  
Ұл-қыз-дүр адамзаттан нышана,  
30 Хақ бермесе, сатып алған бар ма екен?!

Тоқтамыс хан баршаңызға бас болған,  
 Көп адамдар қызметінде бойсұнған,  
 Кім ол өзі, сарайымда перзентсіз?  
 Арманмен дайым жүрген бар ма екен?!

Сонда Тоқтамыс хан уәзірлеріне қарап: — Сарайымда ұлсыз кім бар? — дейді. Сол уақытта Кенжебай көсе: — Ей, ханым, ол заманнан бұл заманға шекем Тұлымбидің баласыз екенін білмейсіз бе, Тұлымби — баласыз, — дейді. Бұл сөзден кейін барлық уәзірлер өз орындарынан тұрып: «Тұлымби баласыз» деп бақырады. «Оны жұрттан шығарып жіберу керек, болмаса оның кесірі жұртқа тиеді», — дейді. Көпшіліктен осындай бір сөз шыққан соң, Тоқтамыс ханның Тұлымбиден көңілі қайтады. «Тұлымби келсе, оның қолынан мохир жарлықты алып, сарайдан қуып, жұрттан шығарып жіберіңдер», — дейді Тоқтамыс хан. Бұлар осы мәслихаттың үстінде отырғанда Тұлымби қожа күндегі дәстүрімен хан сарайына сәлем беріп, кіріп келеді. Ешкім оның сәлемін алмайды. Сарайдан да орын берілмеді. Тұлымби бір өзгерістің болғанын сезсе де, не екенін анық білмей, аң-таң болып, Тоқтамыс хан мен басқа мохирлерге қарап мына жырды айтады:

- Баян етің, хан да, бектер, ағалар,  
 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым?!  
 Қазір тұрған барша сайыпқыранлер,  
 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым?!  
 Гүнахым не болды, кетті мдарым,  
 40 Енді болмас өткен күндей, шырағым.  
 Не себептен алмай тұрсыз сәлемім?!  
 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым?  
 Ашуменен қарайсыздар жүзіме,  
 Құлақ салмай менің айтқан сөзіме.  
 Жаулықты жаһан зындан болды көзіме,  
 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым?  
 Ғарышқа жетті Тұлымбидің садасы  
 Малы-жаным Тоқтамыс хан пидасы.  
 Айтың билер енді Алла ризасы,  
 50 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым.

Күндегідей көрмедіңіз бәріңіз,  
 Не себептен жасырдыңыз жүзіңіз?  
 Баян қылың, маған туры сөзіңіз,  
 Бүгін менің не болып-дүр гүнахым?  
 Тұлымбиден барша жүзін жасырып,  
 Шұғыл болып, қылмағанын қылдырып,  
 Бүгін мені жайсыз сыртта қалдырып,  
 Өзгергендей, не болып-дүр гүнахым?

Тұлымби бұл сөзін айтып болып, Кенжебай көсе бас көтеріп, орнынан тұрып: «Ей, қожам, бұл сарайда ұлдыға орын, қыздыға қырын бар, әркім я ұлсыз, я қызсыз болса, оған қорлық пенен зұлым бар», — деп, Тұлымбидің қасына барып, ханның әмірі бойынша мохир жарлығын алып: — Қожам, енді бұл сарайдан шығың, өзге жұртқа барың, болмаса көп қорлық көреді екенсіз, — деп, Кенжебай көсе Тұлымбиге бұл жырды айтады:

- Ей, қожам, Тоқтамыс хан бұйрығы,  
 60 Кеткін енді бүгін Қоңырат елінен.  
 Осы саған мохирдарлық жарлығы,  
 Тұрма енді, кеткін Қоңырат елінен?  
 Кетпесеңіз талан-тараж қылады,  
 Бүгін сені көп жазаға салады.  
 Хан бұйрығы бар, малыңды алады,  
 Кеткін енді бүгін Қоңырат елінен.  
 Ұмыт болды, сенің махрем болғаның,  
 Көпке өтті, мохирдарлық қылғаның.  
 Жұртқа тиер, тұрсаң кесір, зауалың,  
 70 Кеткін енді бүгін Қоңырат елінен.  
 Сенің ісің дәйім жәбір, қиянат,  
 Жұртқа жетер, сенен түрлі маламат.  
 Шүкір етерсің, шығып кетсең саламат,  
 Тезірек кеткін, қожам, Қоңырат елінен.  
 Көп тұрсаңыз, енді ғауға жетеді,  
 Басыңды көп жаман сауда етеді.  
 Хахаратлар беріп, рәсуа етеді,  
 Шығарады қуып Қоңырат елінен.  
 Кенжебай майремдер, тұтып райыны,  
 80 Түсіндірдім саған істің жайыны.

Қоңыраттан сен ала аламасаң райыңды,  
Енді тұрма, кеткін Қоңырат елінен.

Тұлымби қожа Кенжебайдан бұл сөзді есітіп, ханның сарайынан шығып, жол бойы жылап, боздап, әр көшеде сүрініп, үйіне барады.

*Наубахар бике Тұлымби қожаны бұл халде көріп, қожаға қарап бұл жырды айтады:*

- Сырыңды аңдайын мехрибан, қожам,  
Айтшы маған, не себептен жыладың?!  
Бетің жуыпсың көзің жасына,  
Айтшы маған, не себептен жыладың?!  
Фалек қол салды ма көңіл қоштыңа  
Ғарқ болыпсың көзден аққан жасыңа,  
Қартайғанда не іс түсті басыңа?!  
Сөйле, қожам, не себептен жыладың?  
90 Әр күні келер едің тым шады хұрам,  
Өзің едің ұлы хандарға махрам  
Саған кімнен болды бұл жәбір-азап?  
Сөйле, қожам, не себептен жыладың?  
Қолыңнан кетсе малы-дәулетің,  
Ұмыт болмас сонша көрген рахатың.  
Маған білдір, бар ма алда еңбегің?  
Сөйле, қожам, не себептен жыладың?  
Неге бүгін кетті сенің дәрменің?  
Көзден аққан мұнша тамшы көз жасың  
100 Не себептен, неден болды арманың?!  
Қожа қызы Наубахар дер не арман  
Құдай берді малы, дүния, паруана.  
Ахуалыңды маған айттың бұ заман,  
Сөйле, қожам, не себептен жыладың?

*Наубахар бикеден бұл сөзді есітіп, Тұлымби қожа оған қарап мына өлеңді айтады:*

— Есіт енді, сыр айтар, сырласым,  
Сізден-бізден дәурен өтті, найлейін.  
Сенсің — менің қияметтік жолдасым,

- Өркім бізге дұшпан болды, найлейін.  
 Қартайғанда еңбек түсті басыма,  
 110 Алла рахым етті көз жасыма.  
 Егер өлсем, ие жоқ-дүр малыма,  
 Малы-мүлкім талан болды, найлейін.  
 Жаман болды бүгін менің ахуалым,  
 Бізге қастық қылды тоқсан би, залым,  
 Жұрттан құды мені Тоқтамыс ханым,  
 Жүрер жерім шөлде болды, найлейін.  
 Барлық бектер маған дұшпан болдылар,  
 Өркім бір сөз айтып, жаным алдылар.  
 Ұлсыз деп, бізді жұрттан құдылар,  
 120 Дүния маған зындан болды, найлейін.  
 Қартайғанда енді қалдым майырылып,  
 Бір ұл деп қанаттарым қайырылып.  
 Өлмей тұрып, мен жұртымнан айрылып,  
 Қоңыратымнан шығып кеттім, найлейін.  
 Тұлымқожа айтар жақ-дүр хаятым,  
 Арманменен сынды қолы-қанатым.  
 Жоқ болған соң, намы-нышан зүриатым,  
 Малы-мүлкім талан болды, найлейін.

*Тұлымқожадан бұл сөзді есіткен соң, Наубахар бике ерінің көңілін алу үшін, бұл өлеңді айтады:*

- Не саудалар түсер адам басына,  
 130 Мәрттік қып, қожа жаным, сабыр етің.  
 Мәрт жігіттер қарар мудам досыңа,  
 Мәрттік қылып, қожа жаным, сабыр етің.  
 Жалғаншы дүнияның жоқ-дүр баяны,  
 Тәннен кетсе, келмес адамның жаны.  
 Сізге болса, қожам, ханның пәрмені,  
 Жыламай-ақ, қожа жаным, сабыр етің.  
 Не адамдар өтті жасар уақтынан,  
 Өркім көрер ықпалынан, бақтынан.  
 Не патшалар айрылады тақтынан,  
 Жыламай-ақ, қожа жаным, сабыр етің.  
 140 Жауыз дұшпандарың ризықты ала алмас,  
 Туры болсаң, саған шара қыла алмас.



- Жұрттан қуса, кең жаһаннан қуа алмас,  
 Оның үшін көп жыламай, сабыр етің.  
 Ажал жетіп, пайманаңыз талмаса,  
 Асыл тәннен шығып, жанды алмаса.  
 Жаһан кең-дүр, қожам, бұл жұрт болмаса,  
 Қапа болмаң, қожа жаным, сабыр етің.  
 Туры жүрген адам әрқашан қор болмас,  
 Патша ісі саған намыс, ар болмас.
- 150 Өзге жұртқа барсаң, жаһан тар болмас,  
 Наубахар дер, қожа жаным, сабыр етің!

Тұлымқожа Наубахар бикеден бұл өлеңді есіткен соң, тынышталып, белін бекем байлап, қазылардың алдында өз қарауындағы құлдарын азат етіп, малы-мүліктерін адамдарға таратып береді. Өзінің үй-жайын өлмей келсем берерсің, келмесем өзіндікі болар деп, бір адамға тапсырып, бірқатар алтын-күміс, ғалы паластарын түйеге артып, қызметкер қатарында екі құлы, екі күңін ертіп, Тұлымқожа жұрттан көшетұғын болады. Бұл хабарды көп халық есітіп, Тұлымқожамен қоштасып қалу үшін, оның үйіне келеді. Тұлымқожа олармен қоштасу үшін мына өлеңді айтады:

- Барша келген халқым, жұртым,  
 Мехрибандар, қош қалыңдар.  
 Дұшпандардан болды зұлым,  
 Мехрибандар, қош қалыңдар!  
 Көп дұшпандар жолымды алды,  
 Мені бәлелерге салды.  
 Бізге нәсіп сондай болды,  
 Қарындастар, қош қалыңдар!
- 160 Бұқараның ісін еткен,  
 Ғариптер кеуліне жеткен,  
 Бізді жұрттан аударған,  
 Хан-бектері, қош қалыңдар!  
 Бәйбішелер бар жанында,  
 Көп-дүр арман баршасында.  
 Істер қылың хан жанында,  
 Тоқсан билер, қош қалыңдар!  
 Біз кетерміз, қарындастар,

Қара көзден төгіп жастар,  
 170 Қазір тұрған ұлы жастар,  
 Қарындастар, қош қалыңдар!  
 Барар жерім ұзақ жол-дүр,  
 Тұлымбиге нәсіп сол-дүр,  
 Мекенім тау менен шөл-дүр,  
 Ағайындар, қош қалыңдар!

*Тұлымқожа мұны айтып болған соң, Наубахар бике де ел-жұртымен қоштасу үшін мына сөзді айтты:*

— Бас алып кетерміз шөлі майданға,  
 Келер-келмесіміз гүман, қош енді.  
 Қарындастар, біздер болдық руана,  
 Көрер-көрмесіміз гүман, қош енді.  
 180 Бұл кеткеннен біздер қайтып келмеспіз,  
 Қайтып келіп елден хабар алмаспыз.  
 Біздер де қаза жетпей өлмеспіз,  
 Дұшпан болған, хан бектері, қош енді.  
 Тоқсан биге Тоқтамыс хан бас болып,  
 Дұшпандарым тор құрдылар жаныма,  
 Қара қарға қондырдылар қолыма.  
 Бізден сәлем айтың туған еліме,  
 Аман болың, елі-жұртым, қош енді.  
 Разыласып, достар, келің жаныма,  
 190 Рахым қылың көзден аққан жасыма,  
 Дұшпандардан зиян жетті жаныма,  
 Михрибаным, дос-жараным, қош енді.  
 Наубахар деп кімсе мені жоқлағай?  
 Хақтың өзі панайында сақлағай.  
 Дохметли зорлықтан тәңірім мені хақлағой.  
 Аман болың, қарындастар, қош енді.

Наубахар бұл өлеңді айтып болған соң, келген адамдары Тұлымқожамен, Наубахармен қоштасты. Тұлымқожа бұдан соң, түйелерін жетелеп жолға түсті. Қоңырат елі бұларды көп жерге дейін шығарып салды. Тұлымқожа жолда кетіп бара жатып, өзінің мұндай ахуалға ұшырап, жұртынан шығып кеткеніне көңлі бұзылып, жылап бара жатып, мына өлеңді айтады:

- Мені неге мұнша қайран айледің?  
 Өз өмірімде не болыпты гүнахым?  
 Бұл дүнианы маған зиян айледің,  
 200 Өз өмірімде не болыпты гүнахым?  
 Бақытымның жұлдызы жерге ұрылды,  
 Малым талан болып, үйім бұзылды.  
 Бұл өмірімде не болыпты гүнахым?  
 Кеселмін деуге жоқ-дүр тәуібім,  
 Қартайғанда еңбек болды кәсібім.  
 Мүлкім ойран болды, не-дүр айыбым?  
 Бұл өмірде не болыпты гүнахым?  
 Қазам жетпей, жел суын ішіппін,  
 Өз қолыммен кепін тонын пішіппін.  
 210 Зұлым қуып, өз елімнен көшіппін,  
 Бұ өмірімде не болыпты гүнахым?  
 Өлгенім жақсы еді бұнда келгенше,  
 Зұлымменен жүрек-бауырым тілгенше.  
 Қорлықта мұнша еңбек көргенше,  
 Жоқ болмадым, не болыпты гүнахым?  
 Тұлымқожа жылар саған жалбарып,  
 Аға-іні туғандарға қол беріп,  
 Өлмей тұрып, елі-жұрттан айрылып,  
 Еңбек артты, не болыпты гүнахым?

*Жолда бара жатып, бұл өлеңді Тұлымқожадан есіткен соң,  
 Наубахар бике оған қарап, мына өлеңді айтады:*

- 220 — Қожам, күйіп көп еңбектер шекпегін,  
 Разы болың, басқа салған ісіне.  
 Көздеріңнен қанды жастар төкпегін,  
 Разы болың, басқа салған ісіне.  
 Бүгін онша айқай-сүрен салмаңыз,  
 Мәрттей боп, белді бекем байлаңыз.  
 Разы болың, басқа салған ісіне,  
 Малы, дүния сізге жетерлік бары-дүр.  
 Бұл малменен қайда барған қор болар?  
 Мәрт адамға жолалақылық ар болар.  
 230 Сабыр қылың, басқа салған ісіне,  
 Тұз несібе бар-дүр алыс қияда.

Аман болсақ, біз жетерміз мұратқа,  
 Шүкір етің, басқа салған ісіне,  
 Сізге айтар, қожа қызы, Наубахар.  
 Бұл істерге, қожам, болмаң бейқарар,  
 Қиын істер ақсат болар, уақыт бар,  
 Сабыр қылың, басқа салған ісіне.

Наубахар бұл сөздерді айтқан соң, Тұлымқожа: — Ей, мехрибан бауырым, мен де балалы болар ма екем деп, жылап келе жатырмын. Баламыз болғанда, бүйтіп өз жұртымыздан қуылмаған болар едік. Осы жүрісте бір шөлде өліп кетсек, бізді кім көміп, кім малымызға иелік қылады, басқа жұртқа барғанда да қорлық көреміз ғой, — деп жылап, мынадай депті:

- Сөзімді тыңдаңыз, мехрибан дос,  
 240 Жылаймын ба, бақтым қара болмаса?  
 Соның үшін фариад етіп жылаймын,  
 Не қылармыз, намыншам болмаса?  
 Бұл малдарым еңбек болды өзіме,  
 Жаһан дұшпан болды менің көзіме.  
 Не қыламын, қорлық келер өзіме?!  
 Барар жерім белгілі мақан болмаса.  
 Малы-дүние бір жаныма бөле-дүр,  
 Махаббат та бұл жанымды ала-дүр.  
 Егер өлсек, бұл мал кімге қала-дүр  
 250 Ұл-қыздан намы-нишан болмаса?  
 Фалек болур, менің сүйген арманым,  
 Разымын, егер, алса бұл жаным.  
 Елсіз-күнсіз шөлдер болды мекенім,  
 Не қылармыз, белгілі мақан болмаса.  
 Қартайғанда еңбектерге ұшырастым,  
 Жылай-жылай көз жасына бұлғастым.  
 Барар жерді білмей жолдан адастым,  
 Шыдармын ба менде дәрмен болмаса?  
 Тұлымқожа өз бауырын апшілегей,  
 Шөлде өлсем, кімім білмегей?!  
 260 Біреу келіп кепінімді пішпегей,  
 Егер киімдерім кебін болмаса.

*Тұлымқожа бұл өлеңді айтып болған соң, Наубахар бике оған қарсы мына өлеңді айтады:*

- Көп жылама сөзге түсіп, жан қожам,  
 Адам халін жаратқаны көрмес пе?  
 Әр адамның еңбек түссе басына,  
 Шыдай алмай, көзден жасын төкпес пе?  
 Бұл дүниядан шах та кедей өтеділер,  
 Қасіретпен басын алып кетеділер.  
 Бұл шөлдерде әзиз өлсе нетерлер?  
 Жылап-сықтап әуендері келмес пе?
- 270 Ғаріп келіп, шөлде өлсе жығылып,  
 Келер дейді барлық аруақ жиылып.  
 Өз қолынан күтсе жақсы су құйып,  
 Кепін тігіп, жаназасын қылмас па?  
 Болса кімнің осы күнде иманы,  
 Ғаріп болып, тәннен шықса бұл жаны.  
 Құдай әрміменен тұрып думаны,  
 Шамал келіп, өлігіңді көмбес пе?  
 Ғаріптердің сөзі — шынның санасы,  
 Әр кім ғаріп, жоқ-дүр өлсе күнәсі.
- 280 Ғаріптердің тәңірі болар панасы,  
 Хақ өзінің әуендері болмас па?  
 Наубахар дер, қожа жаным, пікір қыл.  
 Тәуба етіп, өткен күнге шүкір қыл  
 Жаратқанға келсе күндіз зікір қыл,  
 Пенде болған хақ зікірін қылмас па?

Мұнан кейін Тұлымқожаның көңлі тынышталып, сол кеткеннен тоқтамай кете береді. Бұлардың жолы Хакім атаның үстінен түсті. Бұлар сол жерде қой сойып, қонып жатты. Тұлымқожа Хакім атаның қабіріне қарап, бұл өлеңді айтты:

- Садағаң болайын, Хакім Сүлеймен,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.  
 Менің ахуалымды айлен намайан,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.
- 290 Ашылған қабірінде жаннаттың гүлі,  
 Маған түсті бұл дүниенің мүшкілі.

- Асқар, Махмұт, Сұлтан, Хубби ер Уәли,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.  
 Тоқсан би, залымдар — қылды көп жаза,  
 Жұртымнан айрылып болдым тым қапа.  
 Садағаң кетейін, Бұқрағаң ата,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.  
 Қартайғанда халім болды хараба,  
 Күйіп-жанып жүрмін хунба.
- 300 Сұлтан Уәйіс, пірім, я Занші баба,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.  
 Хақ өміріне бүгін болыпты қайыл,  
 Көп жылаудан ақылым болар зайұл.  
 Хасен ата, пірім Шайхжалил,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.  
 Хорезм жұртында қожа да Сейд,  
 Сиынып сіздерден етермін үміт.  
 Жер астында жатқан кұллан мұхасид,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.
- 310 Тоқсан би, залымдар дұшпан болдылар,  
 Мүшкіл күнді бұл басыма салдылар.  
 Тұлым биді бүгін жұрттан қудылар,  
 Мен ғаріпке медет берер күнің-дүр.

Ертеңіне бұлар артынып-тартынып жолға түсті. Наубахар бике көрген қорлық, азаптарына кейіп, мына өлеңді айтты:

- Тауда, шөлде қызыл жүзім қарайды,  
 Қарауыңда аман-аман Құдайым.  
 Мен білмеймін жолым неге тарайды,  
 Қарауыңда аман-аман Құдайым.  
 Аспанға жетісті менің бұл ахым,  
 Ойран болып қалды ұлы сарайым,
- 320 Сондай үлкен бе екен менің гүнайым?  
 Қалдырғайсың бізді аман, **Құдайым.**  
 Қайғы-ғамның күнө өбесін жұтармыз,  
 Жылай-жылай бұл дүниеден өтерміз.  
 Зар жыласып, сенен жәрдем күтерміз,  
 Біздерде жоқ белгі, мекен, Құдайым,  
 Жәрдем етіп, жатқыза гөр қораға.

330 Блаж жоқ-дүр сенімді жораға,  
 Бек те, беш те ешкім түспе араға.  
 Біздер үшін осы жаман, Құдайым,  
 Залым дұшпан мұратына жетпегей,  
 Ешбірінің күліп күні өтпегей.  
 Жылауымнан жер мен аспан тітірегей,  
 Фариад етсе жұмлажаған, Құдайым.  
 «Наубахар» деп жанды менің жүрегім,  
 Енді болды сенен менің тілегім.  
 Сол майданда өлсем енді көрейін,  
 Жеткізе гөр жарылқап шын, Құдайым.

Ендігі сөзді басқа жақтан естіңіздер. Хорезм жұртында бір Өзиз бар еді. Оның атын Түкті Өзиз дейтін еді. Оның жүрген тауында Жалил шайх дегеннің бұлағы бар еді. Түкті Өзиз күн сайын сол бұлаққа келіп тұрады екен. Қап тауында тұратын перілердің патшасының бір қызы бар екен. Оның атын Шашты Өзиз дейді екен. Ол да кей уақыт қыдырып, осы бұлаққа келеді екен. Бір сапарында Шашты Өзиздің жолы осы бұлақтың үстінен түсті. Күн өте ыстық болғандықтан, қыз шомылып тұрғанда Түкті Өзиз де келіп, осы бұлаққа таһарат қылмақшы болады. Суда бір перизат шомылып отыр екен. Перизаттың да көзі Түкті Өзизге түседі. Сөйтіп екеуі айтысады:

*Баба:*

— Хабарыңды бер бабаңа,  
 Қайда болар жайың, пері?  
 340 Бабаң құрбан-дүр жаныңа,  
 Мә, менің жанымды алар, пері.

*Пері:*

— Саған айтар хабарым жоқ,  
 Ондай сұрау берме, баба.  
 Менің белгілі мекенім жоқ,  
 Кейін тұрғын біраз, баба.

*Баба:*

— Сенсіз менің күнім өтпес,  
 Бабаң сені тастап кетпес.

Жолдасың-дүр дәйім қайтпас,  
Бабаң саған ашық, пері.

*Пері:*

350 — Сөйлеп тұрсаң марданасың,  
Ақылы қашқан беганасың.  
Ей, сен ғарры, диуанасың,  
Кеткін, тұрма бұнда, баба.

*Баба:*

— Бұл мезгілде жолда болған,  
Өз уақытыңда әзір болған.  
Жүзің көріп, ада болған,  
Бұл календер — болар пері.

*Пері:*

— Маған қарап сөз бастайсың,  
Көріп уақытыңды қоштарсың.  
360 Ғашықтықтан бой тастарсың,  
Қатты айтпа сөзді, баба.

*Баба:*

— Келдім бүгін сізге шағлап,  
Хижрингменен бауырым доғалап.  
Гүлдеріңнен шаммен бағлап,  
Бабаң бағбан болар бері.

*Пері:*

— Онсыз гүлі жоқ-дүр біткен,  
Өрбір адамдарға жеткен.  
Ей, ғарры, сен есі кеткен,  
370 Көрерсің көп зиян, баба.

*Баба:*

— Бабаң кетер жүз қиялға,  
Жетісіпшің бір осалға.  
Еріндеріңнен тамған балға,  
Бабаң құмар болды, пері.



*Пері:*

— Сен қуанба бұл шағыма,  
Қол ұзатпа сен бағыма.  
Қаларсың дертті дағыма,  
Салма ыстық шоқты, баба.

*Баба:*

— Бұл сағатта көрдім өзің,  
380 Қойғын, пері, өзге сөзің.  
Бізге көрсеткің ақ жүзің,  
Ышқың жаным алар, пері.

*Пері:*

— Шахтың қызы болармыз біз,  
Атым, баба, Шашты Әзиз.  
Қап тауында пері тамыз  
Хасылым баян етсем, баба.

Бұдан кейін Шашты Әзиз: — Ей, баба, менің киімдерімді әкеліп бер! — дейді. Түкті Әзиз перінің киімдерін апарып береді. Шашты Әзиз киініп, судан шығады. Шаштарын тарап, бетінің суын сүртіп, жасанып, он төртіндегі айдай болып сәлем беріп, бабаның қасына келеді. Періні жақыннан көрген соң, бабаның есі кетіп, сәлемін зорға алады. Пері бабаға қарап: — Енді мен саған бірнеше шарт қоямын, шартты қабыл етіп алсаң, мен де шарт та тұрамын, — деп мынаны айтады:

— Менімен, баба, көңілің қош болса,  
Сөйлесейік біз бір заман екеуіміз.  
Алла қосып, несібелер тұс болса,  
390 Кел қылалық ахд паймана екеуіміз.  
Көрген кісі жоқ-дүр менің іздерім,  
Адамзат көрмеген менің жүздерім,  
Достасыппыз осы заман екеуіміз,  
Сөзім бұл-дүр қылсаң ғұсұл таһарат.  
Денемді көрсең, жоқ-дүр шарапат,  
Көрмегейміз ұлы зиян екеуіміз.  
Күнәһар болармыз, жаман қарасам,  
Жауабым тұрды-дүр бір сөз сұрасам.

- 400 Шашым көрме, әр уақ шашым тарасам,  
 Көрмегейміз содан қайғы екеуіміз.  
 Лайық көрдім, баба, сені өзіме,  
 Бір-біреуге қонақ болып екеуіміз.  
 Шашты Әзиз саған болар хайкана,  
 Бұл шартпенен қылсаң уәде, паймана.  
 Шартты бұзып, қылма дағы хижрона,  
 Та өлгенше қылып арман екеуіміз.

Сөйтіп, пері қызы Шашты Әзиз бабаның алдына үш түрлі шарт қояды: бірінші шарты — суға түссем, қарама, екінші шарты — жүргенде ізімнен өкшеме қарама, үшінші шарты — шашымды тараған кезде, шашыма қарама. Осыларды орындасаң, әр уақыт сенімен бірге боламын, ал орындамасаң, менен айырылып қаласың. Дүниенің барлық жерін іздесең де мені таба алмайсың, — дейді. Түкті Әзиз: — Ондай болса, қалған өмірімнің ішінде айтқандарыңды орындаймын, — деп, пері қызға мына өлеңді айтады:

- Көрдім сенің ай жүзіңді,  
 Қиылған сенің қасың, пері.  
 Енді кетпе еш қиялға,  
 410 Қылма менен гүмән, пері.  
 Сөз келтірме қиялыңа,  
 Хақ жетірді уысыма.  
 Қансам ерініңнің балына,  
 Саған құрбан бұл жан, пері.  
 Бақтым бүгін ай жүзіңе,  
 Лайық көрсең сен өзіңе,  
 Құлақ салдым бар сөзіңе.  
 Сен демегін жалған, пері,  
 Шыдаймын мен көңіл берсем.  
 420 Ышқыңа мас болып кезсем,  
 Қайсы бір күн шартты бұзсам,  
 Тұрма сағат — заман, пері.  
 Біздерге де несіп сол-дүр,  
 Саған менің уәдем бұл-дүр.  
 Бабаң саған дәйім құл-дүр,  
 Қара қасы қиылған, пері.

Түкті Әзиз аман бұл дем,  
 Перизатқа болсам хамдам.  
 Сенімен болсам хурам,  
 430 Сүрсем бірге дәурен, пері.

Осылай уәде берісіп, бұлар қосылады. Арадан көп күндер өткен соң, Түкті Әзиз: «Осы періні бір сынап көрейін», — деп, перінің өкшесіне қараса, перизаттың өкшесі жоқ екен. Перизат бабаның қарағанын біліп, бабаға жаман көзбен қарайды. Тағы бір күні перизат суға шомылғанда баба қараса, перизаттың сұлулығына адам таң қаларлықтай екен. Шашты Әзиз бұнда да ешнәрсе демейді. Пері судан шығып, шашын тарайды. Сол уақытта Түкті Әзиз қараса, пері қызы басын қолына алып, шашын тарап отыр екен. Пері бабаның бұл ісін көріп: — Ей, баба, уәдеңді бұздың, енді мен саған жоқпын, сен маған жоқсың, қарнымдағы баламның обалына қалдың, — деп, пері қызы көзіне жас алып, бабаға қарап мына өлеңді айтады:

— Уәдеңде сен, баба, тұрмадың,  
 Айырылыстық бүгін, баба, қош енді.  
 Қойған шартқа, баба, көңіл қоймадың,  
 Айырылыстық Алла жарың қош енді.  
 Қайдан душар болдың менің бағыма,  
 Оттар салдың менің жалғыз жаныма.  
 Қалар болдың хамиламның қанына,  
 Уәде бұзған, бұзық баба, қош енді.  
 Қалдың енді айырылудың таңына,  
 440 Көп от салдың мен ғаріптің жанына,  
 Бойымдағы хамиламның жанына,  
 Қалдың, баба, Алла жарың қош енді.  
 Құлақ салмай перизаттың сөзіне,  
 Қан толтырып перизаттың көзіне,  
 Көздеріңді сүртіп оның ізіне,  
 Қалдың, баба, Алла жарың қош енді.  
 Жапа болып, баба, маған өзің де,  
 Сен тұрмадың өзің айтқан сөзіңде.  
 Қарап болмас енді сенің жүзіңе,  
 450 Менен айырылдың, баба, қош енді.

Болдың, баба, батып ғамның теңізіне,  
 Төзгін енді ханасына, заһарына,  
 Кеттім енді Қап тауының шаһрына  
 Сен айырылдың, баба, менен қош енді.  
 Перизатың кетті манзил — жайына,  
 Қалдын енді оның ахы уайына  
 Тілесек, жетесің теңі тойыңа,  
 Алла жарың, баба, бүгін қош енді.

Соны айтты да перизат зар-зар жылап, бір сілкініп, ақ кептер болып, ұшып кетеді. Баба түкті Әзиз пері қайтып келер деп, оның жолына қарап, соңынан мына өлеңді айтады:

— Перизатым, құлақ салғын сөзіме,  
 460 Көңіл құсым, перизатым, кетпегін.  
 Жас толтырып менің екі көзіме,  
 Мені көп жылатып, жарым, кетпегін.  
 Сенен қалып, екі көзім жас болса,  
 Кесіп алғын, саған керек бас болса.  
 Егер менен көңілің қалып, тас болса,  
 Тәуба қылдым, перизатым, кетпегін.  
 Кетпе, жарым, намыс пенен ар етіп,  
 Кең жаһанды көздеріме тар етіп.  
 Ғарра ғаріп, хам ханаңды қор етіп,  
 Мені тастап, перизатым, кетпегін.  
 470 Ашу етіп, жарым, қайда барасың?!  
 Қызып қаның бұндай істі қылмағын.  
 Сөзімді ал, перизатым, кетпегін,  
 Түкті Әзиз жылар таппай жолыңды,  
 Байқап, біле көрмес оңы-солыңды.  
 Беріп кеткін бойыңдағы ұлымды,  
 Ізіңе қайт, перизатым, кетпегін.

Пері сол кеткеннен кетіп, Астархан теңізінің жағасындағы бір шыңға барып қонады. Сонда жалғыз тұрып, қиналғанда мына өлеңді айтады:

— Қадыр Алла, өзің болғын панайым,  
 Жәрдем берің, жаман дертке ұшырадым.

- Дертiм жаман, мен кетермiн өзiмнен,  
480 Жас орнына қандар ағар көзiмнен.  
Мiне, қазiр мен қорқармын өзiмнен,  
Жәрдем бергiн, жаман дертке ұшырадым.  
Менi тағдырдың тұзағына жолаттың,  
Несiп сондай адамзатқа ұшырастым.  
Өлер болдым, бала туып шатастым,  
Жәрдем бергiн, жаман дертке ұшырадым.  
Бала емес, маған келген бөле-дүр,  
Жанымнан ызасы өтiп бара-дүр.  
Мысалы, жанымды тәннен ала-дүр,  
490 Жәрдем бергiн, жаман дертке ұшырадым.  
Бұл қайғылар қайдан түстi басыма,  
Қапа, фалек, заһар қосты асыма.  
Қарға-құзғын қонар болды лашыма,  
Жәрдем бергiн, жаман дертке ұшырадым.  
Құла түзде басып болыппын ада,  
Ғарiптiкке өзiм болыппын гада.  
Сенен басқа жәрдемшiм жоқ, Алла,  
Өзiң құтқар, жаман дертке ұшырадым.  
Мен бақты қараға жолықты бөле,  
500 Нашармын, қалыппын бұндай бөлеге.  
Бибi Мәриям, Айша және Сапура,  
Медет берiң, ауыр дертке ұшырадым.  
Бұл еңбектен бүгiн құтылсам, егер,  
Күмәнiм жоқ, өмiрiм ендi мегер.  
Қолым тұтқын, Бибiсара я Ажар,  
Жәрдем берiң, жаман дертке ұшырадым.  
Өзер күнде бақытым менiң сор болды,  
Сол майданда өзiз басым қор болды.  
Көздерiме кең жаһандар тар болды,  
510 Ей, Құдайым, жаман дертке ұшырадым.  
Шашты перi айтар жасым төгiлдi,  
Пешенеме нешеуi қасiреттер жазды.  
Ызасынан тұла бойым берiлдi,  
Бұл не бөле, жаман дертке ұшырадым.

Шашты Өзиз аман босанып, ұлын құндақтап емізіп, оның жүзіне, көзіне, сайыпқырандық белгісіне қарап қуанып,

көңілін басады. «Бұл баламенен мен перілердің арасына бара алмаспын, осы шынардың басына қойып кетейін», — деп ойлайды. Сөйтіп сол шынардың басындағы Самрұқ құстың ұясына баланы қойып, емізіп, бетінен сүйіп, мына өлеңді айтады:

- Саған болды жаратқанның бұйрығы,  
 Балам, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Саған тиді жан атаңның сұмдығы,  
 Қозым, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Анам дейтін менің балам болмадың,  
 520 Болған заман қан жыладың, күлмедің.  
 Жетім қалдың, сен сүтіме қанбадың,  
 Балам, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Та өлгенше болды менің арманым,  
 Бауырымның парасы, еті, дәрменім.  
 Жетім болдың бүгін менің, шырағым,  
 Қозым, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Құс ұясы болды сенің мекенің,  
 Атаңның мойнына қалды гүнахың.  
 Жаратқан Құдайым болсын панайың,  
 530 Балам, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Бір адам бар ма екен меніндей болған?!  
 Жылап, көздеріне қанды жас толған.  
 Тірі баласынан өлмей айырылған,  
 Қозым, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Қара күнде болдың, балам, атадан,  
 Жаман күнде тудың, балам, анадан.  
 Бұл іс болды, қозым, Алладан,  
 Балам, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Жетім болып, сен айырылдың атадан,  
 540 Атаң тапты бұл істерді қатадан.  
 Айырыламыз енді сендей баладан,  
 Балам, сені бір Аллаға тапсырдым.  
 Шашты Әзиз кетсін жоқ-дүр шарасы,  
 Енді бітпес жүрегімнің жарасы.  
 Түкті Әзиз — бұл гөдектің атасы,  
 Қозым, сені бір Аллаға тапсырдым.

Енді сөзді Тұлымқожадан есітің. Тұлымқожа бірнеше күн жол жүрген соң, бір күні кеште сол шынардың қасына жақын келіп қонады. Шаруаларын күндегідей отын, тезек теруге жібереді. Өзі қосын құрып, ауқат пісіруге қарайды. Гүлнахал деген шорасы отын іздеп жүріп, сол шынардың түбіне барады. Сол уақытта құлағына шынар басындағы баланың жылаған дауысы естіледі. Гүлнахал тез шынардың басына шығып, баяғы Шашты Өзиз перінің осы ұяға тастап кеткен жас баласын алып, етегіне салып қуанып, баланы емізеді. Қуанғаннан Гүлнахал мына өлеңді айтады:

- Не боласың жатқан құстың жайында,  
Шегіп тұрсаң неше азал маламат?  
Кім келтіріп қойды терек басына?
- 550 Қалған екен сенің жаның саламат.  
Ешбір адам мұндай істі қаламас,  
Қайғы болмай, екі көзін жастамас,  
Өз баласын ешкім бұлай тастамас.  
Жетімбісің, көрдің мұнша қиянат?  
Бірнешелер бала тілер Құдайдан.  
Келіп алдым қазір сені ұядан,  
Тапқан ба екен сені анаң зинадан?  
Көргенге ұқсар атаң елден маламат,  
Не ана-дүр сенің қасыңда болмас.
- 560 Сенің үшін нала қылып жыламас,  
Сенің жүзің қаралыға ұқсамас.  
Сен боларсың, ұлым, сайыпқыран,  
Артқа жетер фариад қылғанның наласы.  
Білмен кімнің жүрегінің парасы,  
Мегер болма шілтенлердің баласы,  
Атаң, я, балам, сайыпқыран.  
Он төрт күндік айға жетер жалалық,  
Болмас құстар ұясында қалмалық.  
Кімнен болды, кімге қалды обалың?
- 570 Кімдер шеккен азабыңда көп еңбек.  
Қожам айтар шоры келмес егіленді,  
Несіп болып бұл балаға келгенді.  
Сен баланы Құдай маған бергенді,  
Шүкір етейін дәйім Хаққа дауамат.

Гүлнахал баланы етегіне салып, қосқа қайтады. Қоста Тұлымқожа мен Наубахар бибі Гүлнахалдың кешіккеніне ашуланып отырғанда, «Гүлнахал келмеді» деп, Наубахар Тұлымқожаға қарап мына өлеңді айтады:

- Сөзімді есітің, Тұлымқожа,  
 Не болды білмеймін, келмес Гүлнахал.  
 Отын деп қалып-дүр соншама кешке,  
 Не болды білмеймін, келмес Гүлнахал.  
 Әуел бастан әдет еткен қылығы,  
 580 Еш қалмады оның жаман сұмдығы.  
 Кешке қалды, болған шығар ұрлығы,  
 Не болды білмедім, келмес Гүлнахал.  
 Кешке қалды, бір бөлеге ұшырасты,  
 Я болмаса, барған жолда адасты.  
 Бір сылтауды тауып, жұртқа қашты,  
 Не болды білмеймін, келмес Гүлнахал.  
 Басқа құлдар, шығып қараң жолдарға,  
 Көзі тұнып, кеткен тауы шөлдерге.  
 Я болмаса, батып қалған көлдерге,  
 590 Не болды білмедім, келмес Гүлнахал.  
 Тұра алмадым, онан көңілім қош болып,  
 Өлген шығар хайуандарға дүр болып.  
 Я кеткенді бір адамға дос болып,  
 Не болды білмедім, келмес Гүлнахал.

Наубахар осы өлеңді айтып болған соң, ұзамай Гүлнахал да келеді. Ашуы келіп, Наубахар бике Гүлнахалды ұра бастайды. Гүлнахал сонда мына өлеңді айтады:

- Сөзімді тыңдасаң нетті,  
 Әй, бибіжан, ұрма мені!  
 Мегер сенің есің кетті,  
 Әй, бибіжан, ұрма мені!  
 Таппадым мен ешбір отын,  
 600 Емес менің бауырым бүтін.  
 Кешке қалдым соның үшін,  
 Әй, бибіжан, ұрма мені!  
 Өз ісімді өзім білдім,



Қалды менің сенен көңілім.  
Бар еді менің амалым,  
Әй, бибіжан, ұрма мені!  
Барғанымда толғақ тұтты,  
Енді кезек сенен өтті.  
Дәурен кезек бізге жетті,  
610 Әй, бибіжан, ұрма мені!  
Гүлнахал дер көңілім таза,  
Мен жолықтым алғыр құсқа.  
Қыс күндерім төнді жаза,  
Әй, бибіжан, ұрма мені!

*Гүлнахал бұл өлеңді айтып болған соң, Наубахар Гүлнахалдың етегінен баланы алып, бұл өлеңді айтады:*

— Айтқын маған тура сөзің,  
Бұл қалай табылған ұғыл?!  
Бүгін енді азат өзің,  
Бұл-дүр нешік хораман ұғыл?!  
Бұл бала біл, сенен емес,  
620 Көрген адам сенен демес.  
Хор қыз шоры туды демес,  
Бұл — асылы пәк, сұлтан ұлы.  
Жүзі гүлді, хораман-дүр,  
Жанған жүрекке дариан-дүр.  
Бөлки бейіш, гүл бағы-дүр,  
Бұ-дүр, бөлки, күллан ұғыл.  
Перзент үшін күйді жаным,  
Осы болғай — күш — дәрменім.  
Жаным пида, жаным анам,  
Пида қылғай, ханым анам,  
630 Жаным болсын құрбан, ұғыл.  
Сахерлер жылап бірнеше,  
Қарар қылмай күндіз-кеше,  
Үмітім мен бұл бөлие.  
Дәулет бағы — болған бала.  
Наубахар дер бұл-дүр сөзім,  
Перзент үшін жылар көзім.

Бұл балаға түсті жүзім,  
Бұл-дүр маған дәрмен ұғыл.

Наубахар бұл баланың себебінен Гүлнахалды азат қылады. Гүлнахалдан бұндай баланың табылғанына Наубахар қуанып, Тұлымқожаға мына өлеңді айтады:

- Келді сенің бүгін кеткен дәулетің,  
640 Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Ұмыт болды енді көрген еңбегің,  
Көз жасыңды бір жаратқан көріп-дүр,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Қайта бастан кеткен дәулет келіп-дүр,  
Бұл баланы Құдай саған беріп-дүр,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Қыс күндері — енді болды лалазар,  
Шөл майданда енді жүрмек не керек.  
Бұл баланы бізге берген біреу бар,  
650 Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Дос-дұшпаның бұны көріп қуансын,  
Дұшпандарың іші күйіп, өрт алсын.  
Үйлері жығылып, малы талансын,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Тұрғын, қожам, бұл жерлерден көшейік,  
Жұртқа барып қазынаны ашайық.  
Ғаріштерге алтын-күміс шашайық,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Көрген қорлықтарың болды орынсыз,  
660 Шүкір етің, өз жұртыңа қолың соз.  
Жұртқа барып жеткін, болып армансыз,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.  
Арзы халін сізге айтар Наубахар,  
Қуан, қожам, енді болма дертке ер.  
Екеуімізге перзент берген біреу бар,  
Жүр кетейік, қожам, Қоңырат еліне.

Бұлар түйелеріне жүгін артып, неше күндер жол жүріп, Қоңырат еліне келеді. Үйіне келгендерге қарап, Тұлымқожа мына өлеңді айтады:

- Ойламастан менің бақытым ашылды,  
Шүкірім көп біреу барға, жарандар.  
Күнім қалды ахы-зарға, жарандар,
- 670 Тоқсан билер ғазауатын бастады.  
Жұрттан кетіп, екі көзім жастады,  
Алла перзент беріп, көңілім қоштады.  
Шүкір етем ығбалыма, жарандар,  
Дұшпандардың жаман өтті сөздері,  
Төмен қарап, қара болды жүздері.  
Достарым, келіп көрдім сіздерді,  
Шүкір етің ығбалыма, жарандар.  
Тыңдап Аллам, құлақ салды сөзіме,  
Жарық болды кең жаһан-дүр өзіме.
- 680 Рахип дұшпан қарай алмай жүзіме,  
Олар болды жүзі қара, жарандар.  
Жылай-жылай бүгін келдім бұл маңға,  
Және бес күн опат жетпесе жанға.  
Мінеки, қайтадан кеттім дәуренге,  
Өскен елім жақсы екен, жарандар.  
Тұлымби дер болдым перзент гадасы,  
Тауларды су етті ахым садасы.  
Малы-мүлкім болсын ұлым пидасы,  
Шүкірім көп-дүр енді бүгін, жарандар.

Тұлымқожа бұны айтып болған соң, Тоқтамыс ханның алдына барып, бұрынғы орнына отырады. Тұлымқожа ханға өзінің балалы болғанын айтады. Тоқтамыс ханның көңілі хош болып, Тұлымқожаға «той қыл» деп, мың тіллә береді. Тұлымқожа үйіне келіп, алтын қабақ арттырып, қырық күн той қылады. Бұл тойға барлық ұлы, кіші де жиналады. Тоқтамыс хан да келеді. Той бітер алдында Тұлымқожа барлық адамдарға қарап, мынаны айтады:

- 690 — Бұл ұлымның, әй, жарандар,  
Болсын аты Рахымберді.  
Тойға келген, қадірландар,  
Болсын аты Рахымберді.  
Екі көзім нұрлы болды,  
Еңбектерім дәнді болды,

- Құдай маған рахым қылды,  
 Болсын аты Рахымберді.  
 Қабыл болды шеккен зарым,  
 Кешірілді бар гүнайым,  
 700 Бұны берді Құдайым,  
 Болсын аты Рахымберді.  
 Өзімді өлерге шақладым,  
 Жүрек, бауырымды датладым.  
 Әулие түнеп мен жыладым,  
 Болсын аты Рахымберді.  
 Көз жұмып, дүниеден өттім,  
 Басым алып, шөлдер кеттім.  
 Бұл ұлды өліп таптым,  
 Болсын аты Рахымберді.  
 710 Кезіп келдім шөлстандар,  
 Бір неше бағы-бустандар.  
 Ұлы, кіші, дос, жарандар,  
 Болсын аты Рахымберді.  
 Бізге болды Хақ пәрмені,  
 Табылды дертім дәрмені.  
 Тұлымбидің жоқ арманы,  
 Болсын аты Рахымберді.

Барлық халық бұл ұсынысты қабыл алып, баланың атын Рахымберді деп қояды. Той біткен соң, халық тарқайды. Наубахар да баланы күтуге кіріседі. Арадан жеті жыл өткен соң, Рахымбердіні мектепке береді. Күндердің күнінде Рахымберді жұма күні мектеп балаларымен ойнап жүргенде, балалардың асығын алып, ұтып жүрген Қиқутаз дегенді көреді. Қиқутаз Рахымбердіге пұлдап, асық сатпақшы болып былай дейді:

- Сөзім есіт, бидің ұлы,  
 Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.  
 720 Ойнар болсаң, кімнің ұлы,  
 Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.  
 Мен ұтармын болса шорам,  
 Асық десең әне, балам.  
 Ұтып алдым бәрін тамам,  
 Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.

- Ұтылғанның көзі жайнар,  
Пұлды кісі асық ойнар.  
Асықсыздың іші қайнар,  
Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.
- 730 Пішін келді, ойын құрдым,  
Көздеген асықты ұрдым.  
Құмарпазға тура тұрдым,  
Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.  
Қиқутаз айтар бері келгін,  
Ойнар болсаң, бері келгін.  
Пұлың болса, сатып алғын,  
Әне асық, ғыжыр-ғыжыр.

Қиқутаз бұл сөздерді айтқан соң, Рахымберді ол таздың асықтарын басып алып, өзін де келістіріп ұрады. Таз қашады, Рахымберді қуады. Рахымберді тазға мына өлеңді айтады:

- Барғын енді қайда барсаң,  
Ей, таз аға, сазайың сол.
- 740 Асықтарды ұтып алсаң,  
Ей, таз аға, сазайың сол.  
Сенсің бе пұлды алатын?!  
Мойныңа түссін бір ошақ.  
Асық сатып бай болатын,  
Ей, таз аға, сазайың сол.  
Асық ойын құрарсың,  
Ұтып қалта толтырарсың.  
Кімнің көзін қыздырарсың?!  
Ей, таз аға, сазайың сол.
- 750 Бар баланы алдап ұтып,  
Тұрамысың асық сатып.  
Отырыппын енді тұтып,  
Тұрып кеттің сазайың сол.  
Сен ұтарсың алдап кімді,  
Ұтқан асықтарың қане,  
Және бір күн көрсем сені,  
Өлтіремін, сазайың сол.  
Рахымберді дер бұл ұят,  
Пұл беремін ізіңе қайт,

760 Ұрдым сені, атаңа айт,  
Ойнағыш таз, сазайың сол.

Рахымберді үйіне кетеді. Сол таз қашып бара жатқанда «Ед, Ед», — деп қашқан екен. Оның аты сол кезден бастап, Едіге болып кеткен. Едіге де ер жете келе жақсы, келбетті жігіт болады. Бір күні Тоқтамыс хан Тұлымбиге: — Ертең Едіге ұлыңды алып, менің қасыма кел, — дейді. Тұлымби Едігені алып, ханға баратын болғанда, Наубахар қарсы болып мына өлеңді айтады:

— Алып барып, жас баланы нетерсің?!  
Қойғын мұны, хан алдына бармасын.  
Бір іс болса, сосын пұшайман етерсің,  
Қойғын мұны, хан алдына бармасын!  
Бұны алып барма, бір жас ұғлан-дүр,  
Зиян, захмат көрер заман жаман-дүр.  
Барша билер хан алдында дұшпан-дүр,  
Қойғын, балам, хан алдына бармасын.

770 Барша билер бұған көзін тігілер,  
Алып қалып көз жасымды төгерлер.  
Қойғын, ұлың хан алдына бармасын,  
Білім алмас жақсы-жаман сөздерден.  
Барса, зиян көрер жаман көздерден,  
Алып қалып айырады біздерден!  
Бүгін балам хан алдына бармасын,  
Дұшпандардан дәйім ғайыл кезерсің.  
Алып барсаң мұнан үміт үзерсің,  
Өкініште жүрек, бауырым езерсің!

780 Бала дағы жүрегімде қалмасын,  
Сізге айтар қожа қызы Наубахар,  
Мен білмеймін хан алдында не гәп бар?!  
Алып қалып, пұшайман қылма бөлеге,  
Балам барып бір ғауғада қалмасын.

Тұлымби қожа Наубахардың бұл сөзін тыңдамай, Едігені Тоқтамыс ханның сарайына алып барады. Тоқтамыс хан Едігені көріп, көңілі хош болады. Бір күні тоқсан би кеңес құрып, Тоқтамыс ханға: — Тұлымқожаның баласын бала қылып

алыңыз, ол ер жеткен соң, батыр болады, — депті. Сол жөнінде Кенжебай көсе ханға мына өлеңді айтады:

- Хан аға, сөзім бар, құлақ салыңыз,  
Едігежан, ханым, сізге лайық.  
Тұлымбидің ұлын тілеп алсаңыз,  
Едігежан, ханым, сізге лайық.  
Тең болмас еш адам оның өзіне,  
790 Жандар құрбан болсын әрбір сөзіне.  
Бір сөз салып Тұлымбидің өзіне,  
Алсаң ұлын, ханым, сізге лайық.  
Гүл жүзіне ай да, күн де таласар,  
Барша жандар гүл жүзіне қарасар.  
Ондай бала, ханым, сізге жарасар,  
Едігежан, ханым, сізге лайық.  
Өзі жас жігіт-дүр — жақсы жан ана,  
Қызметінде болса асыл мардана  
Бүгін-ертең келер өзі ғайбана,  
800 Едігежан, ханым, сізге лайық.  
Едігені әркімдер де сұрайды,  
Атасының ахуалына қарайды.  
Ұлы болса, әрбір іске жарайды,  
Едігежан, ханым, сізге лайық.  
Арызын айтар сізге Кенжебай көсе,  
Тұлымби ұлын сізге бермесе,  
Разы болып, өзі алып келмесе,  
Басын алың, ханым, сізге лайық.

Хан: — Бұл пікір менің өзімде де бар еді, — дейді. Сол уақытта Тұлымқожа келеді. Сонда оған қарай Тоқтамыс хан мына өлеңді айтады:

- Тұлымқожа, құлақ салғын сөзіме,  
810 Бізге бергін Едігежан ұлыңды.  
Едігені ұл қыламын өзіме,  
Бізге бергін Едігежан ұлыңды.  
Едігежан болсын менің делбандым,  
Жанымның рахаты, көңілімнің хурсанты.  
Болсын Едігежан менің перзентім,  
Бізге бер Едігежан ұлыңды.

- Бізде болсын бір арзи жаккана,  
 Жолдастары болсын оның ғайбана.  
 Бізге перзент болып жүрсін соллана,  
 820 Бізге бергін Едігежан ұлыңды.  
 Енді сізге уәде-шартты қылайын,  
 Ұлым жоқ-дүр, көп-дүр көңілім арманы,  
 Едігежан болсын дертім дәрмені.  
 Бізге перзент болып жүрсін дәуренді,  
 Бізге бергін Едігежан ұлыңды.  
 Жұртымның жартысын сізге берейін,  
 Өрне болса, сенімен көрейін,  
 Бізге бергін Едігежан ұлыңды.  
 Тоқтамыс дер ғауғалы-дүр бұл басым,  
 830 Бір перзент деп, төкпе менің көз жасым.  
 Сенсің менің сыр айтысқан сырласым,  
 Бізге бергін Едігежан ұлыңды.

Тұлымқожа Тоқтамыс ханнан бұл сөзді естіп, лажсыздан разы болады. Тоқтамыс хан да қуанады. Тұлымқожаға ат және сарпай береді. Басына төж кидіреді. Тоқсан бидің балаларын Едігенің қызметіне береді. Тұлымқожа ішінен жақсы көрмесе де, сыртынан мына өлеңді айтады:

- Ей, жарандар, көресіз бе,  
 Ұлым жұртқа төре болды.  
 Қуаның, жарандар, достар,  
 Ұлым жұртқа төре болды.  
 Қытай, қыпшақ, достым, келің,  
 Маңғыт, найман дәурен сүрің.  
 Бізге рахип дұшпандардың,  
 840 Жүрек, бауыры жара болды.  
 Қуаныңдар барша, қоңырат,  
 Едігежан тапсын мұрат.  
 Рахиптерге болды ұят,  
 Дұшпан жүзі қара болды.  
 Нахиспенен ұйғыр, найман,  
 Кімдер қылды ахді найман.  
 Тұлымбиге жетті дәурен,  
 Дұшпан жүзі қара болды.



*Тұлымқожа үйіне келген соң, Наубахар Едігені сұрап мына өлеңді айтады:*

- Баян қылғын, Тұлымқожа,  
 850 Едігежан ұлың қайда?!  
 Қайда қойып келдің оны,  
 Ал, қожам, ұлым қайда?!  
 Жан баламнан көп күмәнім,  
 Құрып қалды бар арманым.  
 Тезірек айт, шықты жаным,  
 Едігежан, ұлым қайда?!  
 Маған айтқын не сөз болды?  
 Айырлықтан жүзім солды.  
 Мегер ойнап, кешке қалды  
 Едігежан ұлым қайда?!  
 860 Баян еткін әрне ісін,  
 Өртенермін балам үшін,  
 Келер еді әр күн пешін.  
 Баян еткін, балам қайда?!  
 Қандай істі бастап келдің,  
 Екі көзің жастап келдің,  
 Едігежан ұлым қайда?!  
 Наубахар дер қалдым талып,  
 Не іс болар сізден қалып.  
 Алып келейін мен барып,  
 870 Едігежан ұлым қайда?!

*Мұнан соң Тұлымқожа мына өлеңді айтады:*

- Тоқтамыс хан зорлықпенен  
 Алып қалды Едігені.  
 Беріп келдім қолымменен,  
 Алып қалды Едігені.  
 Хан алдында жеке басым,  
 Тынбай ақты көзден жасым.  
 Балам еді көңілі қошым,  
 Алып қалды Едігежан.  
 Жолымды дұшпандар тұтып,  
 880 Өмірім өтті қандар жұтып.

- Тоқтамыс хан перзент егіп,  
 Алып қалды Едігені.  
 Еш болмады менің шарам,  
 Ұзақ болды одан арам.  
 Бел қуатым, жаным балам,  
 Алып қалды Едігені.  
 Онда қалды таза гүлім,  
 Қолымнан ұшты бұлбұлым,  
 Алып қалды Едігені.
- 890 Шара таппай Тұлымқожа,  
 Болды күйе шаққа-пожа.  
 Бермесем, бермек хан жаза,  
 Алып қалды Едігені.

Тоқсан би кеңесіп: «Едіге соңырақта біздерге қорқынышты болар», — деп, оны алты айшылық жердегі бір қалаға жібермекші болады. Барлығы Тоқтамыс ханға барып, тілектерін білдіреді. Өтеген би сонда ханға мына өлеңді айтады:

- Алты айлық жерде қалмақ шаһарынан  
 Қазір барып, хабар алмақ керек-дүр.  
 Ләшкер тартып, Төке шахтың үстінен  
 Бажы, қаржыны алмақ керек-дүр.  
 Төке қалмақ сізге бойсынбаса,  
 Сіздікпін деп өзі сізге келмесе,
- 900 Бұрынғыдан қалған бажды бермесе,  
 Қолынан жұртын алмақ керек-дүр.  
 Барғанда, бермесе бажы, қаржы,  
 Өзінің мойнында қалсын обалы.  
 Малың талап алсын барып көп зари.  
 Соның үшін ләшкер бармақ керек-дүр.  
 Даусыңнан қорқып күллі жаһан,  
 Неше қала басып берді ғайбана.  
 Кеулімізге Төке болды бегана,  
 Онан бір хабарды алмақ керек-дүр.
- 910 Оны өз халіне қойдық, болмады,  
 Қарсы болып сізді еске алмады.  
 Қырық бір жылдан бері қаржы бермеді,  
 Зорлықпенен басып алмақ керек-дүр.

Өтеген би айтар ондай болмаса,  
 Ләшкер алып белді кісі бармаса.  
 Қырық бір жылғы қаржыны бермесе,  
 Басып қаласын алмақ керек-дүр.

Бұл сөзді есітіп Тоқтамыс хан: — Кім оған барады? — деп билерден сұрады. Кенжебай орнынан тұрып: — Бұл іске, ләшкер тартып баруға Едігежан лайық, — дейді. Басқа билер де Едігені жіберуді лайық деп тапты. Сонда Тоқтамыс хан Едігені шақырып, мына өлеңді айтады:

- Едігежан, көп ләшкерге бас болып,  
 Барармысың, балам, қалмақ жұртына.
- 920 Ынжылмайын барша көңілің қош қылып,  
 Барармысың, ұлым, қалмақ жұртына.  
 Төке көпір өзі келмес ғайбана,  
 Ләшкер алып, енді барғын руана.  
 Бір әуезе қылып күллан жаһанға  
 Барғын, балам, енді қалмақ жұртына.  
 Қалмақ Төке мені, сірә, білмей-дүр,  
 Я болмаса, бізді көзге ілмей-дүр.  
 Қырық жылдан бері қаржы келмейді,  
 Барғын, балам, көпір қалмақ жұртына.
- 930 Сенсің енді менің рухи рауаным,  
 Тағымның иесі — шахи жаһаным.  
 Я, Рүстем ұлым, сайыпқыраным,  
 Барғын, балам, Төке шахтың жұртына.  
 Балам, саған бердім күллі ықтияр,  
 Алғын қазынадан саған дархор.  
 Кетсең, балам, болсын саған Алла жар,  
 Барғын, балам, көпір қалмақ жұртына.  
 Тоқтамыс хан айтар ол және де,  
 Ләшкер алып, енді, болғын руана
- 940 Барғын, балам, Төке көпір жұртына.

Тоқтамыс хан бұл сөздерді айтқан соң, Едіге қалмақ жұртына баруға келісім береді. Сөйтіп Едіге қаруларын алып, көп әскерге бас болып, қазынадан алтын сапты қылышты бөліне байлап, Тоқтамыс ханның аттарының ішінен Сандал ат

деген атты таңдап алады. Едіге Төке ханның еліне кететін болды. Сол кезде Тұлымқожа оның жанына барады. Едіге: — Ата, мен кәпір еліне кететін болдым, енді маған рұхсат берің, — деп, мына өлеңді айтады:

- Ләшкер алып кәпір қалмақ еліне,  
Сапар қылып бүгін кетпекші болдым.  
Сіздер енді батаңызды беріңіз,  
Сапар қылып бүгін кетпекші болдым.  
Фаләк желі жалдарымды қайырды,  
Мені сенің қызметіңнен айырды.  
Хан атамыз «бар» деп бізге бұйырды,  
Жауап берің, мен енді кетпекші болдым.  
Сабыр етіңдер, басқа келген бөлеге,  
950 Пенде разы болар әрне қазаға,  
Ата-анам мен сіздерден садаға.  
Жауап берің, мен енді кетпекші болдым.  
Хан атамыз айтқаннан соң жоқ шара,  
Дұшпандарым болсын ахад менен уахда  
Менің үшін сіздер болмаң әуре,  
Рұхсат берің, енді кетпекші болдым.  
Салып ауада келдім жаһан  
Және қайтып келермін аман.  
Сіздерді тапсырдым қыдыр сұлтан  
960 Рұқсат берің, енді кетпекші болдым.  
Едіге дер енді сіздер қалыңдар,  
Кеше — күндіз дуаменен болыңдар.  
Ықыласпенен батаңызды беріңдер,  
Екеуіңізді көріп кетпекші болдым.

*Бұл сөзді есіткен соң, Тұлымби қожа албырап, баласына мынаны айтады:*

- Бұндай сөзді, балам, неге айтасың?!  
Кетпе, жаным, кәпір қалмақ еліне.  
Кең жаһанды маған зындан етесің,  
Кетпе, ұлым, кәпір қалмақ еліне.  
Кетемін деп ақыл-құшым қашырып,  
970 Жаңа жанған шырағымды өшіріп

- Маған бүгін жел заһарын ішіріп,  
 Кетпе, балам, көпір қалмақ еліне.  
 Тоқтамыс хан адамдардың жүзі-дүр,  
 Ақылды да бұл жаһанда өзі-дүр.  
 Сені бұйырғаны дұшпан сөзі-дүр,  
 Кетпе, балам, көпір, қалмақ еліне.  
 Жете алмассың, алты айлық жолы бар,  
 Арасында қырық күншілік шөлі бар.  
 Оның залым, көззап қалмақ ханы бар,  
 980 Кетпе, балам, Төке ханның еліне!  
 Анаң айтар «барса келмес» қала-дүр,  
 Оған әркім барса, тұтып ала-дүр.  
 Тұтылғанды зынданына сала-дүр,  
 Кетпе, балам, көпір қалмақ еліне.

*Мұнан соң анасы Наубахар Едігежанға мына өлеңді айтады:*

- Рақым қылғын, балам, менің жасыма,  
 Сүйер қозым, алғыр құсым, кетпегін.  
 Мені қойып қайғы-дерттің қасына,  
 Лалазарым, бахар жазым кетпегін.  
 Сенсің бағрымдағы жалғыз гүлім,  
 990 Қош ауазым, нама сазым, бұлбұлым.  
 Арқа таянышым, рулы елім,  
 Көңіл қошым, бұлбұл құсым кетпегін.  
 Балам, енді менің есіткін дадым,  
 Көкке жетер, кетсең менің фариадым.  
 Сарби бойлы балам, маңдайда барым,  
 Саябаным, кетпегін  
 Қамыңменен қалар менің бұ басым,  
 Қасіретіңнен ағар көзімнен жасым.  
 Жанымның қуаты, қозым, сырласым,  
 1000 Көңіл қошым, лалазарым, кетпегін.  
 Балам, кетсең, өзіз басым қор болар,  
 Көздеріме кең жаһаным тар болар.  
 Сен болмасаң, дұшпандарым зор болар,  
 Дәулет құсым, алғыр бозым, кетпегін.  
 «Балам» деп зар етер анаң Наубахар,  
 Кетер болсаң, көңілім болар бейқарар.

Та келгенше мен болармын ынтызар,  
Балам, жаным, сөзді тыңда, кетпегін.

— Мен ұлы кісілердің алдында барамын деп, уәде беріп келдім, енді бармасам болмайды, қалсам, нәмарттік болар, — деп, ата-анасына қарап мына өлеңді айтады:

- 1010 — Жаным аман тұрса төнімнен шықпай,  
Мен келермін, ата-анам, қынжылмаң.  
Қайтпаспын қалмақтың қаласын жықпай,  
Қарарым жоқ, ата-анам, қынжылмаң.  
Көп қайғырма бүгін, айғарры, анам,  
Көз жасыңды жылап төкпе сен мудам.  
Сіздер менің — Мекке менен Мединем,  
Ата-анам, меһрибаным, қынжылмаң.  
Менің үшін жүздеріңіз солмасын,  
Көздеріңіз қанды жасқа толмасын.
- 1020 Қайғыңызды дос-дұшпандар білмесін,  
Мен келермін аман, атам, қынжылмаң.  
Тәуекел қылармын Қадір сұбхан,  
Тамаша қылармын күллі жаһан.  
Ата-анам, сіздер етпең күман,  
Мен келермін, сіздер енді қынжылма.  
Бұл сапар саудасы түсті басыма,  
Кетпе демең келіп менің қасыма.  
Сіздер қараң менің көңіл қошыма,  
Мен келермін, ата-анам, қынжылмаң.
- 1030 Есітіңдер Едігенің арызын,  
Біткеріңіз бір Алланың қарызын.  
Әр күн оқып бес уақтылы намазды,  
Дуа қылың, ата-анам, қынжылмаң.

Ата-анасына жауап берген соң, Едіге Тоқтамыс ханның берген киімдерін киіп, тоқсан бидің ұлдарын, он екі мың әскерді ізіне ертіп, қырық түйеге азық артып, қаруланып, Тоқтамыс ханның алдына келіп, сандал атына мінеді. Сонда шығарып салуға жиналған ұлы кісілерге қарап, Едіге мына өлеңді айтады:

- Бұнда тұрған ұлы, кіші жарандар,  
 Мен кетермін Төке ханның еліне.  
 Ұлы-кіші — бәрі сайып қырандар,  
 Мен кетермін Төке ханның еліне.  
 Сіздерге халімнен берейін хабар,  
 Сау келермін, қорықпаң, өзім бұл сапар.
- 1040 Тоқсан би мен алпыс екі мөһірдар,  
 Мен кетермін Төке ханның еліне.  
 Қатарларым, бәрі ұлпат болғандар,  
 Дос, жараным, бірге ойнап күлгенім,  
 Руласым, қарындасым, туғаным,  
 Мен кетермін Төке ханның еліне.  
 Мен кетермін тұтып жолдан жақтыны,  
 Аллаһ әрқой әр пенденің бақтыны.  
 Барып алсам Төке ханның тақтыны,  
 Деген ойда кеттім оның еліне.
- 1050 Едіге дер Тұлымқожа баласы,  
 Жанымның рахаты, жүрегімнің панасы.  
 Барша, білің енді Қоңырат қаласы,  
 Мен кетермін Төке ханның еліне.

Едіге он екі мың әскерге бас болып, жолға түскен уақытта Кенжебай көсе алдынан шығып: — Жолың болсын, алдыңнан түкті шошқа шығып, жеп қоймасын, — дейді. Едіге оған: — Ұзақ жолға кетіп бара жатырмын, болмаса, тіліңді кесер едім, — дейді. Атын секіртіп ойнатып, Қоңырат қаласынан шығып кетеді. Тұлымқожа ізінен қарап тұрып, мына өлеңді айтады:

- Бар болсаң, тыңдашы жаратқан Жаппар,  
 Едіге ұлымды саған тапсырдым.  
 Жәрдем бер әркез, ия, Паруардигар,  
 Едіге ұлымды саған тапсырдым.  
 Құдіретпен сен тарттың ұлымды,  
 Есіт менің фариадымды, дадымды.
- 1060 Белімнің қуаты — жалғыз баламды,  
 Көзімнің қарасын саған тапсырдым.  
 Жәбірейіл, Мекайыл екі періште,  
 Баламды тұтыңдар баршаңыз есте,  
 Едіге ұлымды саған тапсырдым.

Тұлымқожа айтар, не-дүр гүнайым,  
 Менің арзымды есіт, Құдайым,  
 Сенсің менің әуел-ақ панайым,  
 Едіге жанымды саған тапсырдым.

*Бұдан соң анасы Наубахар мына өлеңді айтады:*

- 1070 — Қадір, Құдірет, сенен соны тілеймін,  
 Жан баламды аман сақта, Құдайым.  
 Бүгін саған көкірек ашып жылаймын,  
 Қарауыңда аман тұтқын, Құдайым.  
 Ғапыл болып алғыр құсым ұшырдым,  
 Дауысымды мен жеті көктен асырдым.  
 Енді бүгін жылап саған бас ұрдым,  
 Қарауыңда аман қылғын, Құдайым!  
 Сапар кетті ашқын оның жолыны,
- 1080 Әулиелер болса, тұтсын оның қолыны.  
 Жеңіп алсын барып қалмақ еліні  
 Қарауыңда аман тұтқын, Құдайым!  
 Балам кетті, мен болыпшын бейқарар,  
 Жәрдемшісі болсын хайдары Қаһар.  
 Жалғыз балам сақта енді, бір уа бар  
 Қарауыңа аман сақта, Құдайым!  
 Еш адам болмасын мендей жарадар,  
 Келер-келместігі болды гүмөнда,  
 Аман-есен болсын болса да қайда,
- 1090 Қарауыңда аман сақта, Құдайым.  
 Қайғым болмас еді, жетілген болса,  
 Дағлы арман болар, күні бітілсе.

Едіге сол жүргеннен жүріп отырып, он екі мың ләшкерімен бір жерге келіп қонады. Ләшкердің жағдайын білейін деп, Едіге қостарын аралап жүргенде, ләшкерлер арасынан Құлман бидің мына сөзі естілді:

— Жаңа келдік жолдың жарым жеріне,  
 Бұл жолдарда өлер болдық, жарандар.  
 Бара атырмыз ұлы жолдың өріне,  
 Бұл жолдарда өлер болдық, жарандар.



- Бізден бұрын онда ешкім бармаса,  
 Ешкім барып, онан зекет алмаса,  
 Оған барған адам қайтып келмесе,  
 1100 Біз өлерміз онда барып, жарандар.  
 «Барсакелмес» болса оның қаласы,  
 Жақын жол деп айтып болмас арасы.  
 Біздерменен Тұлымбидің баласы,  
 Жүрсе не қыламыз енді, жарандар.  
 Жетіп болмас алты айлық жол болса,  
 Өсімдіксіз, құры тақыр шөл болса,  
 Шөлде қалып біз өлерміз, жарандар.  
 Тұлымбидің ұлы бұған не айтар,  
 1110 Бұл жолдардан қандай адам сау қайтар?!  
 Ассыз-сусыз біз өлерміз, жарандар.  
 Құлман би дер әрне болса көрерміз,  
 Жүре берсек, біз де аштан өлерміз.  
 Бұл сұмдықты Едігеден көрерміз,  
 Бөріміз де өлер болдық, жарандар.

Бұл сөзді естіп, «адамдар бұзылған екен» деп, Едіге өз қосына барып отырады. Жанына барған жігіттерге Едіге мына өлеңді айтады:

- Ләшкерім, сөз айтайын, есітің,  
 Қауіптенсеңіз, жұртқа қайтың, бектерім.  
 Тоқтамыс хан, атам бізді сұраса,  
 Барып бізден сәлем айтың, бектерім.  
 1120 Рахаты жоқ жолда еңбек көп болар,  
 Енді мен сіздерге болмайын дархор.  
 Мен көрейін не де болса душақар,  
 Енді сіздер қайтпағайың, бектерім.  
 Кім мүсәпір болса, ғаріп құл болар,  
 Жатқан жері таулар менен шөл болар.  
 Алла не қаласа, бектер, сол болар,  
 Артық өсек болмас білің, бектерім.  
 Бұл дүние жалғаншы біліп сөйлесең,  
 Өзі бір жәду-дүр, аты не десең,  
 1130 Ақыры өлмек-дүр неше жасасаң,  
 Өлмей кім қалар білің, бектерім.

Едіге дер шықтым жұртты алмаға,  
 Көзім жетпес және қайтып келмеге.  
 Сіздер қалың елде дәурен сүрмеге,  
 Мен келгенше жұртта жатып, бектерім.

Мұнан соң Едіге жігіттеріне қарап: — Сіздерге жұрт құтты болсын, бізге жол құтты болсын, енді ізімнен келмеңдер, — деп қоштасады. Олардың алтын-күмістерін алып қалады. Жігіттердің ішінде Кенжебай көсенің дұшпандықпен қосып жіберген адамдары бар еді. Олар ләшкерлердің арасында жүріп, әртүрлі қауесеттер таратады: «Едігені «барсакелмеске» жіберген, біз де келмеуіміз мүмкін, одан да қайтайық, жігіттер», — деп жігіттерді уағыздайды. Едіге бұны сезіп, қайтып бара жатқан жігіттерге қарата былай дейді:

— Ләшкер болып шықтыңыздар, жігіттер,  
 Сөйлесейік, ерлер, сізге жол болсын.  
 Жолда бұзылдығыз қандай пахм болып?  
 Әй, қатын, ерлер, сізге жол болсын!  
 1140 Қоңыраттан шыққан ерміз дедіңіз,  
 Неше ұрыстарда болған едіңіз?!  
 Енді бүгін уәдеңізді жедіңіз,  
 Әй, қорқақ ерлер, сізге жол болсын!  
 Жол ортада бұзылдығыз не үшін?  
 Жігіттіктің жолда етпей құзырын.  
 Еш болмаса бір көрместен ұрысып,  
 Қорқып қайтсаңыздар, сізге жол болсын.  
 Мәрт жігіттер етер ісін ойламас,  
 Мақсатына жетпей, тойын тойламас.  
 1150 Әр уақ тынық сөйлер, сөзді байламас,  
 Әй, қатын, ерлер, сізге жол болсын!  
 Едіге дер бұзылсаңыз, қайтыңыз,  
 Кенжебайға қуаныш сөз айтыңыз.  
 Елге барып, көп билерді байытыңыз,  
 Әй, бұзық ерлер, сізге жол болсын!

Сонымен, барлық ләшкерлер келген жолдарымен қайтып кетеді. Ал, Едіге жалғыз өзі алға қарай жүріс жалғастырады. Едіге көп күндер жол жүреді. Бір күн келе жатырғанда аты

жолдағы жатқан ақ дәудің иісін сезеді. Жүрмей, тұра қалады. Сонда Едіге атына қарап, мынадай дейді:

- Көп күн жолдас болған, пырағым,  
 Қарыдың ба, не себептен жүрмейсің?  
 Қол қанатым, қолға тұтар, шырағым,  
 Не себептен күндегідей жүрмейсің?
- 1160 Келген ләшкер кетті бізден айырылып,  
 Біз де кеттік қарамастан қайырылып.  
 Сен жүрмесек, қанаттарым майырылып,  
 Ауыр болар халім, неге жүрмейсің?  
 Ұзақ жолдар келіп бұндай шөлдерге,  
 Нәсіп тартты таныс емес елдерге.  
 Әй, жануар, келіп сенде тілдерге,  
 Сөйле, жаным, не себептен жүрмейсің?  
 Білсем деймін ішіндегі ойыңды,  
 Қуанғаймын көріп қадір бойыңды.
- 1170 Жануарым, білмей тұрмын жайыңды,  
 Шөлдедің бе, не себептен жүрмейсің?  
 Меңземес ешбір атқа сияғың,  
 Шаршады ма көп талпынған аяғың?  
 Ауырды ма тасқа тиіп тұяғың?  
 Не себептен, қол қанатым, жүрмейсің?  
 Едіге дер шықтым ұлы сапарға,  
 Сойыл етіп жүрмедім гүлі-гүлзарға.  
 Түсіне гөр менен шыққан бұл зарға,  
 Жан жолдасым, не себептен жүрмейсің?

Едіге атының алдында ақ дәудің барлығын, сол себепті атының жүрмей тұрғанын аңдап, атына біраз дем беріп, ары қарай жүріп кетеді. Көп жер жүрген соң, ақ дәудің қарасын көреді. Сол уақытта көз алдына Баба Түкті Әзиз келіп: «Балам, дәумен алысқанда шашынан тұт, болмаса ол саған жеңдірмейді», — дейді. Сол жерде баба менен Едіге төмендегіше сөйлеседі:

*Баба:*

- 1180 — Сенің атаң мен болармын,  
 Құдай жар болсын, балам.

Тарыққанда бар болармын,  
Ойындағы болсын, балам.

*Едіге:*

— Тарыққанда келдің маған,  
Шөлде нетіп жүрсің, баба?  
Қалай бала болдым саған?  
Маған аңлат істі, баба.

*Баба:*

— Ананды мен алған едім,  
— Көп уәделер қылған едім.  
1190 Айырылып та қалған едім,  
Құрсағында кеткен, балам.

*Едіге:*

— Анам қайда менің туған?  
Сізді кім-дүр шөлге қуған?  
Көз жасыңыз жүзің жуған,  
Не себептен айтың, баба?

*Баба:*

— Туған анаң алыс жайда,  
Сенің қазір жайың қайда?  
Ұл болдың ба ұлсыз байға,  
Қайда болдың айтқын, балам?

*Едіге:*

1200 — Тоқтамыстың еліндемін,  
Хан сұраған жеріндемін.  
Төке ханның соңындамын,  
Мекен жайым — Қоңырат, баба.

Түкті Өзиз баба: «Ақ дәудің қайымын тауып, атына мініп алсаң, оған үстем боласың, соны естен шығарма», — деп, ғайып болды. Едіге ақ дәудің қасына жақындап келсе, ақ дәу ұйықтап жатыр екен. Осы уақытты пайдаланып, Едіге атына мініп алады. Аттың дүрсілінен оянған дәу қарсысында тұрған 14 жасар Едігені көреді. Дәудің аты кімнің астында болса,

жарақтары соның қолына түседі. Дәу Едігеге жалынып, мына өлеңді айтады:

- Қайсы елдің, қайсы ханның ұлысың?  
Сен мәрт болсаң, бергін менің атымды.  
Ұйықтап жатқанымда мініп алыпсың,  
Батыр болсаң, бергін менің атымды.  
Мәрт жігіт тұтысар қылмайтын өнер,  
Майданда алысар, қызыл қан төгер.
- 1210 Осыдан бермесең атымды егер,  
Ер емессің, бергін менің атымды.  
Өз атыңа мініп, атымды босат,  
Сен де өзіңді бір батырға ұқсат.  
Қылайын өзіңді тиместен азат,  
Көп иеленбей, бергін менің атымды.

Едіге атын бермеген соң, дәу Едігеге қарай жүгіреді. Едіге дәудің мойынан ұстап алып, жанын алқымына тығады. Сол уақытта дәу Едігеден: — Не үшін бұл жаққа шықтың? — деді. Едіге: — Мен Төке ханның алғасы үшін келе жатырмын, — дейді. Сонда дәу өзінің Төке ханның жолға қойған қарауылы екенін білдіреді. Ат алдына түсіп келе жатып, ханға арнап мына өлеңді айтады:

- Жұрт сұраған, әй, қалмақтың ханы,  
Бұл батырдың беріп жібер бажыны.  
Шайтан тұста шығар дәудің жаны,  
Алыстым, тұтыстым, пісент қылмады.
- 1220 Осы сапар менің жолым болмады,  
Барса бергін, бұл жігіттің бажыны.  
Бұл ақ дәуің түсті ердің қолына,  
Ұшырамадым мұндай адам ұлына.  
Керектерін тез шығарып жолына,  
Төке ханым, бергін бұның бажыны.  
Ақ дәу дер, мен айтамын сөзімді,  
Жылар едің, қазір көрсем өзіңді.  
Қан жылатып, сарғайтпастан жүзімді,  
Келіп жолға, тезірек бергін бажыны.

Бұл ахуалды Төке ханның және бір қарауылы жасырынып тұрып біліп алып, Төке ханға барып, хабар беріп қояды. Едіге Төке ханның жеріне келген соң, ақ дәуден ханға керек мал-мүліктердің қайда екенін сұрайды. Ақ дәу де Төке ханның бақтырып қойған мың жылқысының, қазынасының бірқатарынан ел шетінде сақталып қойылғанын, олардың қайда екенін айтады. Бұл хабарды біліп алған соң, Едіге ақ дәуді өлтіріп, басын кесіп алады. Төке ханның қырық мың жылқысын өз еліне қарай айдайды. Сахарадағы ханның қазынасындағы қарауылдарды өлтіріп, көп түйелерге арттырады. Бірнеше қалмақтарды зорлап, түйеге жектіреді. Төке ханның әскерлері келіп, Едігенің қылған істерін көріп, Едігеге қарай жабыла ат қоймақшы болады. Сонда Едіге оларға қарап мына өлеңді айтады:

- 1230 — Ат қойыңдар, маған барлығың келіпсіз,  
Төке ханнан келген, ұлы палуандар.  
Мен жалғызбын, барлығың бұны біліпсіз,  
Алыңыздар, мал да тояр, палуандар.  
Келіп тұрсыз менің оңы-солымнан,  
Ерте болың, мен қалмайын жолымнан.  
Өзім өлмей, мал бермеймін қолымнан,  
Мені жеңіп, мал алыңдар, палуандар.  
Тауға жетер менің кеткен ауазым,  
Бұл жерлерде жетпей өтсе бір қадам.
- 1240 Өлтірсеңіз, болар көк атым адам,  
Керек болса, мал алыңдар, палуандар.  
Қылышымды алып тұрмын қолыма,  
Қарамаймын еш уақыт оңы-солыма,  
Қайратпенен келіпсіздер жолыма,  
Жылқыларды алып қайтың, палуандар.  
Едіге дер, түспең менің ізіме,  
Жүз мың әскер келмес менің өзіме.  
Барлықтарың құлақ қойың сөзіме,  
Керек болса алың малды, палуандар.

Кәпірлер Едігеге жабыла ат қоя бастайды. Едіге де қойға шапқан аш бөрідей қыра бастайды. Әскерлер қашып, Едіге қуып, оларды ұлы қырғынға ұшыратады. Өр ұрғанда он-он бесін жығар еді. Төке хан тағы да әскер жібереді. Едіге бұларды

да бірін-біріне қоспай қыра бастайды. Арадан бірнеше уақыттар өткен соң, Едіге жалғыздық қылып, мына өлеңді айтады:

- 1250 — Қадір Алла, өзің болып панайым,  
 Бүгін маған медет берер күнің-дүр.  
 Өрне болса өткін менің гүнайым,  
 Бүгін маған медет берер күнің-дүр.  
 Айқайымды бүгін таудан асырдым,  
 Аң-таң болып, ақылымды қашырдым.  
 Мен өзімді енді саған тапсырдым,  
 Бүгін маған медет берер күнің-дүр.  
 Түсті бүгін менің басыма матам,  
 Сендім саған, хазіреті Аллам.
- 1260 Шиш нәби және Исада Мәрия  
 Бүгін маған жәрдем берер күнің-дүр.  
 Бұл әскер көзіме болды аламан,  
 Бұдан құтылмағым болып тұр гүмән.  
 Өткен пірлер менен Дәуіт, Сүлеймен,  
 Бүгін маған жәрдем берер күнің-дүр.  
 Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,  
 Мұхаммед Мұстафа — дүниеге саруар.  
 Әбубәкір, Омар, Осман, хан Хайдар  
 Бүгін маған жәрдем берер күнің-дүр.
- 1270 Едіге дер, басым қалды думанда,  
 Енді менің құтыларым гүмөнда.  
 Түкті Әзиз, атам болсаң жаһанда,  
 Бүгін маған жәрдем берер күнің-дүр.

Едіге қаруларын асынып, атына мініп, қалмақ әскерлеріне қарай ұмтылады. Қылышымен түйреп, найзасымен шаншымаққа ұмтылады. Қалмақтың әскерлері де Едігені қоршап алады. Төке ханның жіберген палуанын Едіге өлтірген соң, әскерлер серпіліп, кейін қайтады. Едіге Төке ханға баруды тоқтатпайды. Көп күндер өткен соң, атының аяғы жүруге жарамай, мамырлайды. Бұған Едіге қапа болып, мына өлеңді айтады:

— Жас басымнан сауда түсті басыма,  
 Жүрер болсаң жүр, жануар, жүр енді.

- Ғарқ болыпшын көзден аққан жасыма,  
 Жүрер болсаң жүр, жануар, жүр енді.  
 Мен келермін жеке басым, бір өзім,  
 Бұлақ болып ағып көзімнен жасым.
- 1280 Сенсің менің шөл майданда жолдасым,  
 Жолдас болсаң, жануарым, жүр енді.  
 Фалек айналдырды менің басымды,  
 Еңбек қоршап алды, гүмән тұсымды,  
 Шөл майданда тастап кетпе лашымды.  
 Құйрығыңа лағыл-маржан тағайын,  
 Аяғыңа алтын нәлді қағайын.  
 Қайтып келсем, кішміш беріп бағайын,  
 Жүрер болсаң жүр, жануарым, жүр енді.  
 Мен айтамын, менің асылым — адамзат,
- 1290 Атаң — дүлдүл, анаң — тұлпар, сен — зүриат.  
 Қолтығыңда бар-дүр сенің қос қанат,  
 Ұшар болсаң үш, жануар, үш енді.  
 Қартайдың ба, жаман болды сияғың?  
 Неге жанбас көзіңдегі шырағың?  
 Тасқа тиіп, қайырылды ма тұяғың,  
 Жүрер болсаң жүр, жануар, жүр енді.  
 Есіт енді Едігенің сөздерін,  
 Сол майданда телміртпегін көзіні.  
 Төкенің тағына жеткер өзіңді,
- 1300 Жетер болсаң жет, жануар, жет енді.

Ат-жануар бір сілкініп және жүріп кетеді. Көп жолдар жүрген соң, бір таудың үстінен асып түседі. Таудың бауырында отырған бір бабаны көріп, Едіге сәлем берді. Баба Едігеге қарап былай дейді:

— Хабарыңды беріп кеткін бабаңа,  
 Сөйле, балам, қайсы жерден келесің?  
 Ұшып шықтың қайсы баудың ішінен?  
 Әй, бұлбұлым, қайсы гүлге қонарсың?  
 Жаспенен толтырыпсың екі көзіңді,  
 Жолдың шаңы басып айдай жүзіңді,  
 Маған айтқын, балам, туры сөзіңді,  
 Айтқын, балам, қайсы жерден келесің?



- Киіпсің үстіңе алтын зерлерді,  
 1310 Беліңе байлапсың алтын кемерді.  
 Бұл майданда жүрер адамның мәргі,  
 Сөйле, балам, қайсы елден келесің?  
 Жүрегіңде жан-жағына қараса,  
 Қайдан шығып, қайсы жерге барасың?  
 Жолды білмей я адасып жүрмісің?  
 Не ойың бар, балам, қайдан келерсің?  
 Бекпісің, ханбысың яки шахзада,  
 Елің қайда, жұртың қайсы қияда?  
 Жаным, балам, жеткін мұрат-мақсатқа,  
 1320 Сөйле, балам, қайсы жерден келесің?  
 Баба айтар, менің өртенді жаным,  
 Сенсің менің балам, намы-нышаным.  
 Жас жігітім, қозым, сайып қыраным,  
 Баян еткін, балам, қайдан келесің?

*Едіге атын тұрғызып, бабаға қарап мына өлеңді айтады:*

- Мен де, баба, Хақтың құлы,  
 Елім менің Қоңырат болар.  
 Нәсілім болса, қоңырат болар,  
 Менің елім Қоңырат болар.  
 Нәсілім — Хаққа пенде,  
 1330 Үмітім көп, жаным, пенде.  
 Сапар қылдым осы күнде,  
 Баба, жерім Қоңырат болар.  
 Қоңырат елім әжеп жер-дүр,  
 Сиынғаным бір Құдай-дүр.

*Баба бұл сөзді естіп «Сен шын атыңды айт.»—деп, мына өлеңді айтады:*

- Аңладым айтқан сөзіңді,  
 Ырас атың кім бола-дүр?  
 Кімнің ұлы, кімсің өзің?  
 Ұлым, атың кім бола-дүр?  
 Садақ пен найза — жарағың,  
 1340 Жанымды өртеп пырағың,

Бабаң сенің шегер дағың.  
 Балам, атың кім бола-дүр?  
 Жолыңды алдым бұл заман,  
 Сөзің болды бізге күмән.  
 Менің жаным — саған құрбан,  
 Ырас атың кім бола-дүр?  
 Айтып өзіңді баян ет,  
 Нәсіліңді бізге аян ет.  
 Бабаңды таныс гүман ет,  
 1350 Балам, атың кім бола-дүр?

*Сонда Едігенің айтқан жауабы:*

— Атам аты — Тұлымби-дүр,  
 Менің елім Қоңырат болар.  
 Күннен күнге еңбек артып,  
 Және дағы бауырым жыртып,  
 Мен келермін нәсіп тартып,  
 Келген жерім Қоңырат болар.  
 Едіге дер, баба, атым,  
 Есіттің бе қылған дадым?  
 Орындалсын бұл мұрадым,  
 1360 Баба, жерім Қоңырат болар.

Едіге жеті күн жол жүріп, шаршап келе жатқанда, алдынан бір қарауыл болып, қара дәу көрінеді. Ол Ақ дәудің інісі екен. Егер ол қарсыласса, оның шашынан тартсаң, еш ылаж болмас дейді. Едіге тағы жол жүріп кетеді. Жеті күн жол жүрген соң, ат, түйелер дәудің иісін сезіп жүрмейді. Едіге көз алдына қараса, тұла бойын түк басып кеткен бір қара дәуді көреді. Мұны көріп, сасып мына өлеңді айтады:

— Мен келіппін ақылым шошып,  
 Кете алмаспын аман енді.  
 Дәу қолында өлер болдым,  
 Құтылуым гүмән енді.  
 Жастар ағып көздерімнен,  
 Құмдар толар көздеріме.  
 Бүгін менің көздеріме,

- Барлық жаһан тұман енді.  
Бұның үшін көп арманым,  
1370 Бұл зұлым дәу төгер қаным.  
Тәннен алар шырын жаным,  
Дүние маған зындан енді.  
Мен кетейін, емеспін шат,  
Дат естірмін, шегіп фариад.  
Аға, іні я бір зүриат,  
Қалып болмас нышан енді.  
Ажал жетіп, толды күнім,  
Көкке жетті, шыққан үнім.  
Атам, анам, елім, күнім,  
1380 Қош қалыңдар аман енді.  
Едіге дер жаман кездім,  
Жүрек, бауырымды да ездім.  
Бұл дүниеден көңіл үздім,  
Маған керек не-дүр енді.

Бұл сөзді айтып болып, Едіге атынан түседі. Аттар мен түйелерді ағашқа байлап қояды. Найзасын қолына алып, қылышын беліне байлап, Қара дәуге қарап бара жатырып, мына өлеңді айтады:

- Қадір Алла, арызымды есіт,  
Жәрдем бергін бүгін маған.  
Жаман екен дәуі малғұн,  
Болды жара жүрек, бауырым.  
Рахым еткін, Қадір жайхун,  
1390 Жәрдем бергін бүгін маған.  
Келіппін мен қылып қате,  
Мен көрермін енді жапа,  
Сарандипте Адам ата,  
Жәрдем бергін бүгін маған.  
Бұл басыма түсті мүшкіл,  
Мүшкілімді оңай еткін.  
Халилдің ұлы Ысмайыл,  
Жәрдем бергін маған бүгін.  
Маған қазір түсті сауда,  
1400 Тор тауында кезген Мұса,

Мариям ұлы хазірет Иса,  
 Жәрдем бергін бүгін маған.  
 Едіге дер бұл не күндер,  
 Дәурен бізден өтті мегер.  
 Жер жүзінде болған пірлер,  
 Жәрдем бергін бүгін маған.

*Едіге барып Қара дәудің атын мінген кезде, Қара дәу оянып кетіп былай дейді:*

— Әй, жігіт, қайдан келерсің?  
 Ұрымысың, тұрымысың?  
 Білдіргін енді өзіңді,  
 1410 Жасырма туры сөзіңді.  
 Маған білдіргін өзіңді,  
 Әй, жігіт, қайдан келерсің?  
 Қайсы бір баудың гүлісің?  
 Қайсы шахтың сен ұлысың?  
 Әй, жігіт, қайдан келерсің?  
 Жүздерің айдың парасы,  
 Сен өзің — таудың лаласы.  
 Айт өзің кімнің баласы?  
 Әй, жігіт, қайдан келерсің?  
 1420 Тауларда кезген шермісің?  
 Жаһанда жалғыз ермісің.  
 Иә, өзің әлде пірмісің?  
 Әй, жігіт, қайдан келерсің?  
 Қара дәу айтар не-дүр қарың?  
 Не қылсаң да ықтиярың.  
 Енді болдым қызметкерің,  
 Әй, жігіт, қайдан келерсің?

*Қара дәу сұрауларына Едіге мынадай жауап айтады:*

— Білдірсем саған сөзімді,  
 Мен өзім қоңырат болармын.  
 1430 Есіткін туры сөзімді,  
 Мен өзім қоңырат болармын.  
 Сүйгенім менің Изед-дүр,

- Әр мүшкіл ісім аңсат-дүр.  
 Асылы задым да қоңырат-дүр  
 Мен өзім қоңырат болармын.  
 Ашылған баудың гүлімін,  
 Жаратқан Тәңір құлымын.  
 Тұлымбидің мен ұлымын,  
 Мен өзім қоңырат болармын.  
 1440 Мұнда келді жалғыз басым,  
 Осы — менің қылған ісім.  
 Сеніменен бар сауабым,  
 Мен өзім қоңырат болармын.  
 Ел, руым ұзақ жол-дүр,  
 Баршамыз Аллаға құл-дүр,  
 Келген ісім менің сол-дүр,  
 Мен өзім қоңырат болармын.

*Қара дәу қулық қылып, Едігеге мына сөзді айтады:*

- Едігежан, білдім асыл затыңды,  
 Енді бүгін мінгін менің атымды.  
 1450 Жаратқаның берсін мұрат-мақсатты,  
 Едігежан, бергін менің мінген атымды.  
 Нөкерлерім Төкеханға гүманда,  
 Қашам десем, таба алмадым баһана.  
 Саған нөкер болдым көріп ғайбана,  
 Едігежан, бергін менің мінген атымды.  
 Үмітім бар еді ақыр келер деп,  
 Төкенің қолынан мені алар деп.  
 Қызмет қылсам, қадірімді білер деп,  
 Едігежан, бергін менің атымды.  
 1460 Неше күндер жатып қалдым мұнда мен,  
 Жүре алмаймын, жан ағажан, кеселмін.  
 Жолды көрсетпекке жақсы ұстамын,  
 Едігежан, бергін менің атымды.  
 Атымды бер, мен атыма мінейін,  
 Мен де саған жолдас болып ерейін.  
 Төке ханды саған тауып берейін,  
 Едігежан, бергін менің атымды.  
 Қара дәумін нанғын менің сөзіме,

- Қызметімді ылайық көрдім өзіңе.  
 1470 Өтірік айтсам, қандар толсын көзіме,  
 Едігежан, бергін менің атымды.

Дәу Едігені алдап, «Төке ханның қызын саған алып беремін» деген соң, Едіге Қара дәудің атын береді. Қара дәу қашып кетеді. Ол қаруларын алып, тауға шығып тұрып, мына өлеңді айтады:

- Жалғыз басың бұнда келіп,  
 Сен бұнша шаппа қоңыратты.  
 Ғапылдықта атым алып,  
 Қадірімнен аспа қоңыратты.  
 Қоңыраттылар жайын жұртты  
 Қыс азығы — қауын, құрт — ты.  
 Посытыныңды шағал жыртты,  
 Сен бұнша састың, қоңыратты.
- 1480 Үйлері дария бойында,  
 Табылмас бақсы тойында.  
 Әр қайсы үйлі үйінде  
 Сықпыты сұлтан, қоңыратты.  
 Қайық мініп суда жүрген,  
 Баршалары балық жеген,  
 Азығы — балық, қоңыратты.  
 Қамыс-құрақ дейді жерін,  
 Жері ызғар, бермес егін.  
 Азығы-дүр тары-талқан,
- 1490 Қадіріңнен аспа, қоңыратты.  
 Қара дәу айтар, мен білгін,  
 Ұрысты сен енді көргін.  
 Ұрыспақ болсаң, бері келгін,  
 Өне деп бардым қоңыратты.

*Қара дәу тағы да бақырып, Едігеге мына өлеңді айтады:*

- Әй, қоңыратты, сенің неде қиялық?  
 Өне барып алдым сенің жаныңды.  
 Енді құтылмассың менің қолымнан,  
 Өне барып алдым сенің жаныңды.

- Білмей қалдым, жатқанымда алыпсың,  
1500 Ғапылдықта атымды да алыпсың.  
Қазақ жетіп, мекеніме келіпсің,  
Енді, ұғыл, алдым сенің жаныңды.  
Тұтқан екен сені тағат заманың,  
Төніңнен алармын бұл шыбын жаныңды.  
Мұсылмансың қазір осы иманың,  
Әй, қоңыратты, алдым сенің жаныңды.  
Қоршап алдым енді тұмлы тұсыңды,  
Кеудеңнен алармын кесіп басыңды.  
Қарға-құзғын жерлер бүгін лашыңды,  
1510 Қоңыратты, және алдым жаныңды.  
Ұлы дәулер назарымда тұра алмас,  
Әр кімсе тұтылса, менен құтылмас.  
Әне, ұғыл, алдым сенің жаныңды,  
Өлтіремін бақпай оңы-солыма.  
Қаза жетіп, түстің менің қолыма,  
Есіт, ұғыл, туры келдің жолыма,  
Қара дәу айтар, алдым сенің жаныңды.

*Бұл сөзді Едіге есітіп мына өлеңді айтады:*

- Кәпір малғұн, сен білмейсің Құдайды,  
Лап ұрмағын, өне майдан, бері кел.  
1520 Биөдеп шықпай-дүр пешененің жаны,  
Керек болса, өне бұл жан, бері кел.  
Ұзақ жолдан келдім сенің қасыңа,  
Ұрармын қолыңды сенің дәстіңе,  
Қорыққан адам келмес сенің үстіңе,  
Сұрасармын, өне майдан, бері кел.  
Ал, малғұн, мен қорықпаймын өзіңнен,  
Мен қорықпаймын сенің айтқан сөзіңнен.  
Дәу болсаң да мен қорықпаймын өзіңнен,  
Лап ұрмағын, өне майдан, бері кел.  
1530 Сендейлерді көп көрдім мен дүниеде,  
Қорыққаныңнан өзің жүзің мұңлы, қайғыда.  
Уақ-уақ сөйлеп тұрма, бейқұда,  
Ұрыспақ болсаң, өне майдан, бері кел.  
Қайғырмаймын бүгін мен де жанымды,

- Шарап етіп ішкін қызыл қанымды,  
 Мен разымын жығып алсаң жанымды,  
 Алар болсаң, әне бұл жан, бері кел.  
 Едіге дер қылған енді таласа,  
 Бұл майданда болсын Рүстем садасы.
- 1540 Күшің жетсе, бұрап алғын бұл басым,  
 Бас алармын, әне майдан, бері кел.

Бұдан соң, қара дәу Едігеге қарап көздеп, оқ атады. Ол оқ атының астынан өтіп кетеді. Едіге де кезегімен дәуге қарап оқ атады. Бұл дәудің маңдайына тиеді. Дәудің Едігеге қарап атқан оғын, Едігенің аты өзі үстінен өткеріп жібереді. Ақыры дәу бұған қанағаттанбай, Едігеге қарай ат қояды, Едіге қашады, дәу қуады. Едіге сонда мына өлеңді айтады:

- Қарауыңда жүріппін мен бір уа бар  
 Құтқар мені осы дәудің қолынан.  
 Шөл майданда өлер болдым, көріп зар,  
 Бұл майданда өлер болдым мен жүдеп,  
 Құтқар мені осы дәудің қолынан!  
 Көңілім кетер қазір жүз-мың қияға,  
 Күнім толды, басым кетті зауалға.  
 Уа, дариға, мен жетіп ем қамалға,
- 1550 Құтқар мені осы дәудің қолынан!  
 Едіге дер балалықты қоймадым,  
 Ол бабаның сөздеріні қылмадым.  
 Жігіт болып бұл дүниеге тоймадым,  
 Әй, Жаратқан, құтқар дәудің қолынан!

*Бір шетте Едігеге қарап тұрған Баба Түкті Әзиз мына өлеңді айтады:*

- Жастық етпе, қозым, болғын мардана,  
 Қашпай, қозым, дәуді өзің өлтіргін.  
 Бір ауаз қылып күллан жаһанға,  
 Қашпай, қозым, дәуді өзің өлтіргін.  
 Мәрттің ісін қылып неше өзіңе,
- 1560 Қашпа, ұлым, жастар толып көзіңе.  
 Нанбасаң, қарап көргін ізіңе,



- Тұрғын, балам, дәуді өзің өлтірдің.  
 Атқан оғың дәу малғұнға қадалды,  
 Бір өзіңнен жүрек, бауыры қан алды.  
 Өліп әсб қашан аттан жығылды,  
 Тұрғын, балам, дәуді өзің өлтірдің.  
 Садаға болайын, сенің өзіңнен,  
 Жастар толған мөлдір қара көзіңнен.  
 Сенен кейін мен де келдім ізіңнен,  
 1570 Қашпа, балам, дәуді өзің өлтірдің.  
 Қорықсаң болмас, асылы — менің қарарым,  
 Бармаймын десең де жетпес қарарым.  
 Сенсің менің жүрек бауырым, мадарым,  
 Қашпа, ұлым, дәуді өзің өлтірдің.

Едіге артына қараса, бұрын тиген оқтарынан дәу өліп, аты бос келе жатыр екен. Едіге Баба Түкті Шашты Әзиздің жанына барып көреді: «Бұл баба маған әр уақытта жәрдем береді, бұның кім екенін анық білейін» деп, Едіге мына өлеңді айтады:

- Баба, сізден мынау менің тілерім,  
 Айтың маған, кім боласыз өзіңіз?  
 Сізді көріп езіледі жүрегім,  
 Айтың маған, кім боласыз өзіңіз?  
 Көзді ашып жүзіңізге қарадым,  
 1580 Биәдептік қылдым, сізден сұрадым.  
 Сізден бітер бар ма менің мұратым,  
 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?  
 Баян етің өзіңізді білдіріп,  
 Жылағанда бердің жәрдем келіп,  
 Жол көрсетіп, білмегенді білдіріп,  
 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?  
 Мехрибанмен жүздеріме қарайсың,  
 Көргенімде, жанды отқа жағарсың.  
 Әзір болып әр көшеден шығарсың,  
 1590 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?  
 Тауда кезген арыстанбысың, шермісің?  
 Я, болмаса, шөлді кезген пірмісің?  
 Жаратқанда артық туған ермісің?  
 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?

- Жұртымнан шыққалы болдым мүсәпір,  
 Сіз боларсыз әр дем жолымда әзір.  
 Тауда жүрген шайтанбысыз, я қыдыр?  
 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?  
 Едіге дер сая болып басыма,  
 1600 Рахым етің көзден аққан жасыма,  
 Мехрибандық қылып қасыңа.  
 Баба, айтың кім боласыз өзіңіз?

Бұл сөздерді есіткен соң, Түкті Әзиз де мына әңгімені айтады:

— Балам, саған ашығын айтайын, мейірімділік етіп жүрген, мына қарсыңда тұрған сенің әкең мен боламын. Бір кездері сенің анаңмен танысып, екеуіміз бас қосқан едік. Анаң маған үш шарт қойды: суға түскенде, арқасына, өкшесіне және шашын тарағанда қарама деп өтініш етті. Бірақ мен сол өтінішін орындамай, оның шартын бұзып қойдым. «Шарт бұзылса саған жоқпын» деген еді, сол айтуы бойынша ол ашуланып кетіп қалды. Ол кеткенде, сен анаңның қарнында кеттің, жолда перизат босанып, сені самұрықтың ұясына қойып кеткенде, Тұлымби тауып алыпты. Тұлымбидің перзенті болмаған, сені тапқанына өте қуанып, қырық күн той беріпті. Міне, содан бері сен Тұлымбидің ұлысың. Негізінде, әкең мен боламын. Менің атым — Түкті Әзиз, анаңның аты — Шашты Әзиз еді, — деп, барлығын баяндап береді.

Бұл хикаяны есіткен соң, Едіге кешірім сұрайды. Баба Едігеге: — Төке ханның жұртына барып көресің, ақ дәудің бала дәу деген інісі бар, шашынан ұстасаң, ол да лаж қыла алмас, соны Төке ханның қасына бармағанша жіберме. Сөйтсең, Төке хан саған қызын береді. Одан болған баланың атын Нұрәзиз қой, ол бала Хорезм жұртына белді бала болады, — деп, баба жөніне кетеді. Едіге ақ дәудің басын түйенің үстіне байлап жүреді. Үш күн жүріп, Төке ханның қаласына келеді. Қаланың дуалының биіктігі қырық кез екен. Бұны көріп Едіге мына өлеңді айтады:

— Қате қылып бұл қалаға келіппін,  
 Мен өзімді, Аллам, саған тапсырдым.  
 Мұнан аман шығуымды білмеймін,  
 Мен өзімді, Аллам, саған тапсырдым.  
 Өлмегіме бұл іс болды баһана,

- Бұл қалада опат жетті жаныма.  
 Бұдан қайтіп шығуымда гүман,  
 1610 Мен өзімді, Аллам, саған тапсырдым.  
 Фалекпенен шатранж ойнап ұтылдым,  
 Бұл қалаға өзім келіп бант болдым.  
 Қайтып шығуымды тахқиқ мен білдірдім,  
 Иә, Жаратқан, өзімді саған тапсырдым.  
 Бойы қырық кез қалмақтың қаласы,  
 Сенсің енді ғаріптердің панасы,  
 Иә, Жаратқан, өзімді саған тапсырдым.  
 Не деп келдім бақытым бұнда шар болып,  
 Барша дұшпан маған мұнда зор болып,  
 1620 Өлер болдым бұл қалада қор болып,  
 Енді өзімді, Аллам, саған тапсырдым.  
 Едіге дер саған тұттым жүзімді,  
 Жас толтырып, жылап екі көзімді,  
 Бұл қалаға кірсем қазір өзімді,  
 Мен өзімді, Аллам, саған тапсырдым.

Едіге қаруларын алып, қалаға кіреді. Алдынан бала дәу шығып, ақ дәудің басын көріп:— Өй жігіт, ағамды неге өлтірдің? — деп мынаны айтады:

- Өй, жас бала, жауап бергін өзіме,  
 Не себептен сен ағамды өлтірдің?  
 Жақсы дүние тар болып-дүр көзіме,  
 Не себептен сен ағамды өлтірдің?  
 «Жас ұл» деп, мен өзіңе қиял қылдым,  
 1630 Өл, залым, қан құйылсын көзіңе!

*Едіге:*

— Нан, аға, мен — бір ұғыл отыншы,  
 Мен, ағажан, ғаріп қожа болармын.  
 Көрдім түйелерді, жүгірдім, бардым,  
 Жетіп ізінен мен тұтып алдым.  
 Иесі алсын деп қалаға келдім,  
 Алып келген надан ұғыл болармын.  
 Жас ұғылмын көрсең өне, шырағым,  
 Ағанды өлтірсем жетпес бір ақым.

- 1640 Мен, ағажан, жоқ-дүр менің гүнайым,  
 Нан, ағажан, ғаріп ұғыл болармын.  
 Кімнің малы болса танысын, алсын,  
 Оның үшін кидім оның лапасын.  
 Мен өлтірсем, қаны мойныма қалсын,  
 Нан, ағажан, ғаріп ұғыл болармын.  
 Едіге дер балалығым алуым  
 Мен ғаріппін, ешкім бермес сұрауым,  
 Не сөйлесең, керең ұғыл болармын.

Бұнан соң қала адамдары жиылып, бала дәуге: «Ақ дәуді өлтіру бұл баланың қолынан келмейді», — дейді. Бала дәу оған қарап таң болып тұрғанда, Едіге оның шашынан ұстап, бір қолымен қылышын алып, тұрған адамдардың төрт-бесуін өлтіреді. Бала дәуді алдына салып, Төке ханның сарайына барады. Едіге ат-түйелерін жайғастырып, ақ дәудің басын қолтықтап, бала дәуді сүйреп ханның қасына барады. Төке ханның өзі де, бұл ахуалды көріп қорқысады. Едіге Төкеге қарап мына өлеңді айтады:

- Паруайым сендей жүз мың кәпірден,  
 1650 Ал кәпір, Төке ханым, біл бүгін.  
 Қорыққан адам келмес сенің қолыңа,  
 Бұл сөзімді жақсы аңдап, біл бүгін.  
 Қаларсыңдар қызыл қанға бұлана,  
 Қаһрім келсе өлтіремін жаулана.  
 Қылыш жалаңдатып кірсем майданға,  
 Төке кәпір, құлағыңа ал бұны.  
 Мен келгенмін сенен бажды алуға,  
 Сені тұтып, зынданыңа салуға.  
 Жұртты алып, өзім сұлтан болуға,  
 1660 Соның үшін мен келіппін, біл бүгін.  
 Маған бергін енді бүгін тажыңды,  
 Даяр еткін қырық бір жылғы бажыңды.  
 Хош тапсырып маған тақты-тажыңды,  
 Өзің шығып бір көшеде бол бүгін.  
 Сауаш қылсаң, Рүстем кабир күшім бар,  
 Сен кәпірсің, мен мұсылман өшім бар.  
 Қырық бір жылдан бері келген бажым бар,

- Тұрма енді, барып даяр қылғын бар бүгін.  
 Едіге дер көрдім оңы-солымнан,  
 1670 Қош жігітпін әр іс келер қолымнан.  
 Мен келермін Хорезмнің елінен,  
 Тұлымбидің ұлы-дүрмін, біл бүгін.

Едіге бала дәудің шашынан ұстап, бір шапалақ ұрады. Бала дәу Төкеге: — Сен бұның бажын бер, болмаса жақсылық болмайды, — дейді. Төке хан Едігеге қырық түйе алтын-күміс береді. Едіге бала дәуді ханның алдында өлтіреді. «Енді әр жылы осындай алтын беріп тұратын болғын», — деп, ол аттанып кетеді. Төке хан Едігенің артынан көп әскер жібереді. «Алтындарды алып қалың», — дейді. Едіге ізінен келген көпірлердің он-он бесін легімен өлтіреді. Қалғандарын қуады. Төке ханның ашуы келіп, көп палуандарын жиып, мына өлеңді айтады:

- Әй, палуандар, ол ұғылдының ізінен  
 Барып тезірек, алып қалың алтынды.  
 Алмағанша келмес тұтып өзіне,  
 Енді, бектер, тұрмаң, басыңдар ізі.  
 Мәлім болмас бұның жаһанға сөзі,  
 Көп алтынды алып кетті бір өзі,  
 Тез барыңдар, алып қалың алтынды.  
 1680 Барып ол ұғылды тұтып алыңдар,  
 Қолын байлап, ат алдында салыңдар.  
 Келгенінше көп таяқты ұрыңдар,  
 Барып, бектер, алып қалың алтынды.  
 Көтермеймін оның берген ызасын,  
 Тұтып алып, келің беріп жазасын.  
 Зынданға салайын, тапсын жазасын,  
 Барып, бектер, алып қалың алтынды.  
 Жас басынан маған зорлық қылып,  
 Адамнан қорықпастан қалаға кіріп,  
 1690 Сарайыма келіп, сойқандар салып,  
 Кеткенді тұт, алып қайтың алтынды.  
 Төке хан дер «барсакелмес» қаламыз,  
 Енді бұл қалада қалай тұрамыз?!  
 Сіздер барың, біздер кейін барамыз,  
 Бектер, барып алып қайтың алтынды.

Төкенің палуандары Есқай махремнің бастауымен Едігенің ізінен аттанады. Жолда кетіп бара жатып Едіге бұларды көріп, ат, түйелерін жайғастырып, қылышын қолына алып, бұларға қарсы тұрады. Сонда Есқай палуан мынаны айтады:

- Әй, жас ұғыл, бос көрдің бе қаланы,  
Тастап кеткін ханның берген алтынын.  
Мен қылармын саған нетүр бәлені,  
Тастап кеткін ханның берген алтынын.
- 1700 Менімен шатранж ойнап ұтылсаң,  
Арман қылма, алтын беріп құтылсаң.  
Зындандарға түсіп, бұнда бант болсаң,  
Жақсы болмас, ханның бергін алтынын.  
Алтынды көріп хурам боларсың,  
Мұнша малды алып қайда барарсың?  
Алтынды қайтып бер, яки өлерсің,  
Тастап кеткін ханның берген алтынын.  
Әй, ұғыл, енді ойын ойнама,  
Мені бұлар не қылар деп сынама.
- 1710 Бергін енді мені мұнша қинама,  
Тастап кеткін ханның берген алтынын.  
Есқай айтар енді, алтынды сен бер,  
Мен бір палуан, маған жоқ-дүр барабар.  
Төке ханның алтындарын қайтып бер,  
Тастап кеткін ханның берген алтынын.

*Есқайға Едіге мына өлеңді айтады:*

- Ал, кәпірлер, есітіндер сөзімді,  
Алтын керек болса, алып кетіндер.  
Өлтірмесең жоқ-дүр менің өзімді,  
Алтын керек болса, алып кетіндер.
- 1720 Қырық бір малмен болдым баз ұрған,  
Ұрыс қылсаң, өне ашық кең майдан.  
Күшті болсаңыздар алың малы-жан,  
Алтын керек болса, алып кетіндер.  
Барлықтарың келіп оңы-солымнан,  
Тез болыңдар, мен қалмайын жолымнан.  
Өлсемде бермеймін малды қолымнан,

- Алтын керек болса, алып қалыңдар.  
 Тау жаңғырар қазір ахы сададан,  
 Мен жалғызбын, маған жәрдем Құдайдан.
- 1730 Майданға кіріңдер, қылайын жаулан,  
 Алтын керек болса, алып кетіңдер.  
 Бiқтиярды алдым өзім қолыма,  
 Қарамай кетермін оңы-солыма.  
 Малды бермей зар болыпшын өлімге,  
 Алтын керек болса, алып кетіңдер.  
 Едіге дер құлақ салың сөзіме,  
 Ей, кәпірлер, көп түспеңдер ізіме.  
 Мың кәпір тең болмас жалғыз өзіме,  
 Алтын керек болса, алып кетіңдер.

Көпір қалмақтар Едігенің үстіне ат қояды. Едіге де қылышын жалаңаштап ұрысқа кіріседі. Едіге көп қырғындар қылады, қалмақтар қаша бастайды. Төке хан Едігенің үстіне және көп әскер жібереді. Төкенің бір палуаны келіп, Едігеге мынаны айтады:

- 1740 — Әй, жас ұғыл, құлақ салғын сөзіме,  
 Ұрыспаққа келдім сенің үстіңе.  
 Бір мың қоңырат тең келмейді өзіме,  
 «Барсакелмес» дейділер қалмақ қаласы.  
 Саған болар түрлі-түрлі бәлесі,  
 Қашпай тұрғын, сен — қоңырат баласы.  
 Біздер келдік, ұғыл, сенің үстіңе,  
 Бұл келген адамдар әскер азы-дүр.  
 Бұнша думан білсең әскер тозы-дүр,  
 Ол көрінген қалмақ ханның өзі-дүр.
- 1750 Әскер келді, ұғыл, сенің үстіңе,  
 Ханнан тілеймін сенің гүнайың,  
 Ұрыс қылсаң, кетпес еш дымың.  
 Малды бер, қолдан кетпей айбарың,  
 Келіп тұрмын енді сенің үстіңе.  
 Бахадырбек дерлер менің атымды,  
 Бүгін ешкім жетпес сенің датыңды.  
 Сені жеген қарға бармас жұртыңа,  
 Көбініңді пішіп кеткін үстіңе.

Бұл сөздерді есіткен соң, Едігенің ашуы келіп, палуанға бір оқ атады. Палуан қашып кетеді. Сол уақытта Түкті Өзиз атасы мен Шашты Өзиз анасы келіп, баласымен көріседі. Бұлар да көмекке әскер алып келген екен. Түкті Өзиз Едігеге мынаны айтады:

- Ат ойнатып кіргін, балам, майданға,  
 1760 Пірлер келді, балам, майдан сенікі.  
 Кәпір қалмақ келер өзі амана,  
 Әскер келді, балам, майдан сенікі.  
 Заһар қосқын қалмақ ханның асына,  
 Рахым қылма көзден аққан жасына.  
 Жерлерді толтырғын кәпір лашына,  
 Аттан, балам, бүгін майдан сенікі.  
 Бұл әскерді сен көрмесең дүбара,  
 Қалмақ әскерін қылған ауара.  
 Бастарынан қылып ұлы мұнара,  
 1770 Екіленбейін ат қой, дәурен сенікі.  
 Саған жәрдем үшін мен де барайын,  
 Қалмақтарға қара күндер салайын.  
 Қалмақ ханды өзім тұтып берейін,  
 Ат қой, қозым, бүгін дәурен сенікі.  
 Ығбал келді саған, балам, қош болдың,  
 Себеппенен жаңа жанға дұшпан болдың.  
 Айсұлудай перизатқа қосылдың,  
 Несіп болса, енді дәурен сенікі.  
 Түкті Өзиз, балам, атаң келіп-дүр,  
 1780 Қап тауынан көп әскерлер келіп-дүр.  
 Шашты Өзиз анаңыз да келіп-дүр,  
 Ат қой, балам, бүгін дәурен сенікі.

Едіге сонда атына мініп алып, ата-анасымен бірге қалмақ әскерлеріне қарай ат қояды. Көп қырғындар болады. Көп уақыттан соң, ауа ашылып, тозаң көтеріледі. Нәтижеде қалмақтың қырық мың әскері қырылады. Төке ханның әскерлерімен қашқаны білінеді. Арада көп уақыт өткен соң, Төке хан жеңіліп, қол қусырып, Едігеге келіп мына өлеңді айтады:



- Ырас екен батырлығың,  
Едігежан, аман-аман.  
Бұл уақытта тартқын қолың,  
Едігежан, аман-аман.  
Мен өзімді бердім аман,  
Сен қылмағын менен гүмән.  
Мен де сенің бір атаңмын,  
1790 Жаным, ұлым, аман-аман.  
Кетті менен қайғы-күлпат,  
Ада болды, менде дерді еңбек.  
Болдың, балам, маған дәулет,  
Өткен істі жөнге салдым.  
Мен қызымды саған бердім,  
Батыр ұлым, аман-аман.  
Тілегі сол Төке ханның,  
Балам, болсын Алла жарың.  
Харж қылайын дүния-малын,  
1800 Қойғын, ұлым, аман-аман.

Төке хан бұл өлеңдерді айтып болған соң, өзінің қырық та-  
нап бауында той қылып, Едігені сол бауға алып бармақшы бола-  
ды, Айсұлу деген қызын Едігеге бермек болып тұрады. Едіге де  
разы болып, барлығы бірге бауға барады. Айсұлу өзінің Гүлсару  
деген қызметкерінен есітеді. Ол Айсұлуға Едіге жайында мына  
өлеңді айтады:

- Әй, бикежан, қоңыраттың жұртынан  
Сіз үшін жақсы жігіт келіпті.  
Жүзінің сәулесі айдан да аян,  
Екі көзі аң-таң қылар келіпті.  
Өзінің бар екен әруақ панасы,  
Әркім көрсе жанын қылар пидасы.  
Жүзін көрсе, жандар болар гадасы,  
Мысыр елінен Жүсіп ханға келіпті.  
Барша ұлыс құрбан болар өзіне,  
1810 Көз қамасар, қарар болсаң өзіне.  
Шырын-шекер, балдар тамар сөзінен,  
Шырын тілді жана, жаным, келіпті.  
Аң-таң болдым, оның қадірі бойынан,

- Маза алды періштелер бойынан.  
 Мегер шыққан болғай жәннет үйінен,  
 Мазалы пейіштен гүман келіпті.  
 Ешкім жоқ-дүр дерді халін сұрасқан,  
 Жүздеріне нұры ғаламат таласқан.  
 Көкшелері белдеріне таласқан,  
 1820 Нәзік белі ғұнша дархан келіпті.  
 Гүлсару деп есіт менің сөзімді,  
 Назарына тұтып келдім өзімді.  
 Перизатқа ұсатамын жүзіні,  
 Өзі жалғыз, күшті палуан келіпті.

Бұл сөздерді естіген қыз Едігеге ғашық болады. Төке хан қырық күн той қылып, Айсұлуды Едігеге қосады. Махремдер Едігені алтын сарайға кіргізіп, Айсұлуға қосады. Тақта отырған Айсұлуды көріп, Едіге де ғашық болады. Қыз Едігені өз тағына отырғызып, мына өлеңді айтады:

- Сапар қылып қоңыраттың елінен,  
 Қош келіпсіз, өне манзил, сұлтаным.  
 Құтты болсын енді бұл — бау, сарайлар,  
 Қош келіпсіз, өне манзил, сұлтаным.  
 Мен үшін келген гүлді қырманым,  
 1830 Енді жоқ-дүр менің зәрре арманым.  
 Жары, ұпа — апа, өзіз мейманым,  
 Қош келіпсіз, ана мәнзил, сұлтаным.  
 Сізді көріп, ығбалыма қуандым,  
 Құдай қосқан сіз боларсыз жананым.  
 Құрбаның қылайын бұл шыбын жаным,  
 Айсұлу дер Төке ханның қызымын,  
 Білер болсаң белді қыздың өзімін.  
 Шорыңыз болайын сізге өзім мен,  
 Қош келіпсіз, өне мәнзил, сұлтаным.

*Бұл сөзді есіткен соң, Едіге Айсұлуға қарап мына өлеңді айтады:*

- 1840 — Мен құрбан болайын шырын тіліңе,  
 Мүбәрак жамалың көрмекке келдім.

- Бұлбұл болып қонсам сенің гүліңе,  
 Бағбан болып, гүлің көрмекке келдім.  
 Жолыңа төгермін қызыл қанымды,  
 Құрбан қылып саған шыбын жанымды.  
 Харж етсем және дүния, малымды,  
 Шырын жанды пида қылмаққа келдім.  
 Құдайым айырды менен еңбекті,  
 Өзім таптым ада болмас дәулетті.
- 1850 Несіп болса, сүрсек дигар рахатты,  
 Сеніменен дәурен сүруге келдім.  
 Едіге дер енді жоқ-дүр арманым,  
 Сенсің менің дерттеріме дәрменім.  
 Сүйер жарым, кеше, күндіз, сұлтаным,  
 Сеніменен ойнап-күлуге келдім.

*Айсұлу бұл сөзді есітіп мына өлеңді айтады:*

- Едігежан, сенсің менің жананым,  
 Аман болсаң, енді дәурен сенікі.  
 Саған пида болсын бұл шырын жаным,  
 Едігежан, жарым, дәурен сенікі.
- 1860 Кімдер жетер менің ахы дертіме,  
 Жан берерлер менің қойған шартыма.  
 Ғашықтықта хауас болып хан тиме,  
 Несіп болса, мендей жаным сенікі.  
 Біліп болмас бұл дүнияда пендені,  
 Қаны соғып еріндерімнің қаны.  
 Ақ көкірегімде алтын түйме бәндіні  
 Шеше гөр, Едіге, дәурен сенікі.  
 Айсұлу дер, Едігежан шырағым,  
 Шахзада-дүр менің асыл құмарым.
- 1870 Сайыр қылсаңыз, өне бағы-шарбағым,  
 Бау қызығы, барлық дәурен сенікі.

Айсұлу мен Едіге қосылып, уақыттарын қызықты өткізеді. Ендігі сөзді Қоңырат қаласынан есітің. Едігенің кеткеніне алты ай өткенде ата-анасы, ағайын-туғандары бұның хабарын білмей қиналады. Атасы Тұлымқожа, анасы Наубахар қатты қиналады. Сонда Наубахар мына өлеңді айтады:

- Қожам, есіт болды алты айдың жүзі,  
 Не болды білмедім, балам келмеді?  
 «Барсакелмес» жұртқа кетіпті өзі,  
 Не болды білмедім, балам келмеді?  
 Көздерімнен ағар жасымның бәрі,  
 Балам үшін жылап, көп қылдым зарны.  
 Алты айдан бері келмес хабары,  
 Не болды білмедім, балам келмеді?
- 1880 Жан баламның қызыл жүзі солды ма?  
 Иә, болмаса өмірі бітіп, өлді ме?  
 Кәпір қалмақ бекем тұтып алды ма?  
 Не болды білмедім, ұлым келмеді?  
 Енді ағар болды көзімнен қаным,  
 Қасіретінде шығар болды бұл жаным.  
 «Барсакелмес» жолға кетті, құлыным,  
 Не болды білмедім, ұлым келмеді?  
 Наубахар дер енді менің керегім,  
 Түні-күні бір Алладан тілегім.
- 1890 Көңілімдегі сенсің, менің жүрегім,  
 Не болды білмедім, ұлым келмеді?

*Мұнан соң Тұлым қожа Наубахар бикеге қарап мына өлеңді айтады:*

- Ұлың үшін көп қайғылар қыларсың,  
 Аман-есен келер бір күн ұлыңыз.  
 Көздеріңнен жасты бекер төгерсің,  
 Аман-есен келер бір күн ұлыңыз.  
 Қызыл жүзің қайғыменен солдырма,  
 Досыңды жылатып, дұшпан күлдірме,  
 Аман-есен келер бір күн ұлыңыз.  
 Едіге-дүр көңіл қошым, арманым,
- 1900 Көрсем, қалмас еді ешбір арманым.  
 «Барсакелмес» жаққа кеткен ұлым,  
 Көп жылап, қылмағын ахы пияда,  
 Тілегі бола-дүр баланың яры.  
 Бүгін-ертең келер ханның бұл ері,  
 Аман-есен келер бір күн ұлыңыз.

Енді сөзді Едігеден есітің. Едіге өмірі қоштықпенен өмір сүре береді. Бір күні ата-анасы, елі есіне түсіп қайғырады. Сонда Айсұлу Едігеге қарап мына өлеңді айтады:

- Себеп не-дүр, көп уайымдар етесің,  
Едігежан, жарым, сізге не болды?  
Бүгін неге күндегіден бетерсің,  
Едігежан, жарым, сізге не болды?
- 1910 Бір адамның сөзі сізге өтті ме,  
Иә, атамнан сізге бір сөз жетті ме?  
Қиялыңыз өзге жарға кетті ме,  
Баян қыл, ділдарым, саған не болды?  
Басыңды көтеріп, қара жүзіме,  
Құлақ салғын менің айтқан сөзіме.  
Жаһан сенсіз көрінбейді көзіме,  
Баян қыл, ділдарым, саған не болды?  
Сөйле, жарым, қиялыңды білейін,  
Не мұратың болса, соны қылайын.
- 1920 Саған келген дертті сатып алайын,  
Айт сөзіңді, жарым, саған не болды?  
Айсұлу дер не-дүр сенің арманың?!  
Менің жаным — болсын сенің құрбаның,  
Орындайын болса әрне пәрменің,  
Баян еткін, сүйген жарым, не болды?

*Бұдан соң Едіге Айсұлуға қарап, мына өлеңді айтады:*

- Саған құрбан болсын, бұл — шырын жаным,  
Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.  
Сен болыпсың менің жақсы жананым,
- 1930 Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.  
Біздіңменен жолдас болып бөріне,  
Жолдың төзгін жәбірі мен заһаріне.  
Біздіңменен жүргін қоңырат еліне,  
Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.  
Қысы-жазы қырау түспес гүліне,  
Үйрекпенен сонда келер көліне.  
Көңілің бітер, барсаң менің еліме,

- Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.  
 Көп қызық-дүр көрсең қоңырат қаласы,  
 1940 Қалар болсаң, артар бастың жапасы.  
 Сен боларсың менің көзім қарасы,  
 Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.  
 Сөзімді қабыл ет, сен маған қара,  
 Қоңырат барсаң, маған боларсың халилім,  
 Та өлгенше қызмет қылар Едіге,  
 Жүр кетейік біздің елге, сүйіктім.

*Бұл сөзден соң, Айсұлу Едігеге мына өлеңді айтады:*

- Жақсы болар, хайра болып барғаным,  
 Сенен қалып, реңі соры болғанша.  
 Сенен қалып, болмас менің қарарым,  
 1950 Кеткен жақсы, сенен мұнда қалғанша.  
 Сенен басқа жоқ-дүр менің сырласым,  
 Сенен қалсам, тынбай ағар көз жасым.  
 Құдай қосқан екі дүние жолдасым,  
 Айырылмаспын денем түзде қалғанша.  
 Екеуімізді аман қойса Құдайым,  
 Көрінбес көзіме кешкі айуаным.  
 Сенімен жоқ-дүр болса арманым,  
 Айырылмаймын тәннен жаным шыққанша.  
 Сөзім осы аяқ жағы замана,  
 1960 Сырым айтар сізге пері долана.  
 Мені не қылар деп етпе гүмөна  
 Мен қалмаймын өмірім тамам болғанша.  
 Сүйер жарым, сенен неге қалайын,  
 Өлгенімше сеніменен болайын.  
 Сеніменен бірге Қоңырат барайын,  
 Мен қалмаймын тәннен жаным шыққанша.  
 Суық ұрып, бегім, гүлім солмасын,  
 Сенсіз маған ешбір дәурен болмасын,  
 Айырылмаспын тәннен жаным шыққанша.

*Едіге Төке ханның алдына келіп, еліне кету үшін рұхсат сұрайды:*

- 1970 — Рұхсат берің, өз еліме кетейін,  
Шыншыл ханым, рұхсат болар ма?  
Амандықта ағайынға жетейін,  
Төке ханым, бізге рұхсат болар ма?  
Енді қарамаймын оңды-солыма,  
Бұлбұл болып қонсам өзім гүліме,  
Жауап берсең, мен кетермін еліме.  
Кетейін, ханым, рұхсат болар ма?  
Шыдамаспын енді мұнда тұруға,  
Көңілім тілер еліме баруға,
- 1980 Келіп тұрмын сізден жауап алуға.  
Төке ханым, сізден жауап болар ма!  
Менің үшін ата-анам зар болып,  
Жылаған-дүр екі көзі көл болып,  
Мені келмеді дер, қарап телміріп.  
Тұрған шығар, ханым, рұхсат болар ма?  
Менің үшін қызыл жүзі солмасын,  
Ата-анам жаман дертке қалмасын.  
Екеуі де маған қарап тұрмасын,  
Ұлы ханым, сізден рұхсат болар ма?
- 1990 Көкке шығар біздің ахлы садамыз,  
Неше күндер елі-жұрттан жұдамыз.  
Едіге дер бар-дүр ата-анамыз,  
Кетер болдық, бізге рұхсат болар ма?!

Төке хан Едіге мен Айсұлуға қырық түйеге зері жүктеп және қырық шорыны қосып, екі жүз нөкер беріп жауап береді. Сонда Едіге барлық ұлы-кішілерімен қоштасып, мына өлеңді айтады:

- Кетер болдық енді Қоңырат еліне,  
Ата-анасы, дос-жарандар, қош енді.  
Мен қалмайын өз елімнің қаһріне,  
Кетер болсақ, барлық достар, қош енді.  
Құдай ашсын менің мақсат-мұратым,  
Сізден оқып, ашылды көп сауатым.
- 2000 Ал маған білім үйреткен, ұстазым,  
Кетер болдық бүгін міне, қош енді.  
Көп, ұзақ болды елі, жұрттан жұдамыз,  
Ырза болың, көлі жақын атамыз.

Мейірімді де қадірлі ел, қош енді!  
Едіге дер елден кеткен жаман-дүр,  
Көргендерім ғам отынан болған-дүр.  
Қайтып көрмек енді сізді гүмән-дүр,  
Қайын атам, қайын енем қош енді.

Едіге мен Айсұлу ел-жұртымен қоштасып, жолға шығады.  
Сонда Айсұлудың анасы ізіне еріп, мына өлеңді айтады:

- Мен қайтейін, тағдырда сол жазылса,  
2010 Қош аман бол, жаным балам, қош енді.  
Көп жылама, жүрек, бауырым езілді,  
Кетер болсаң, жаным қызым, қош енді.  
Енді өтер сенің дағы пырағың,  
Енді кімнен мен алармын хабарың.  
Дүниеде бір жалғыз қызым, шырағым,  
Жақсы балам, кетер болсаң, қош енді.  
Көзін сүзіп анасына наз еткен,  
Сен едің ғой қыс күнімді жаз еткен.  
Шарбағымда гүл өсіп, бау еткен,  
2020 Жаным қызым, көп жылама, қош енді.  
Алтын тарақпен шашын тараған,  
Мен ғаріптің ауыр халін сұраған.  
Жүздері — гүл, шашы — сүмбіл, қош енді.  
Анаң айтар, балам, шарап ішілсін,  
Күндеріңіз қуанышпен өтелсін.  
Қайда барсаң, балам, баытың ашылсын,  
Қайғырмаймын, балам, қозым, қош енді.

Төке хан Едіге мен қызын біраз жерге шейін шығарып салып, мына өлеңді айтады:

- Жолың болсын, жаным балам Едіге,  
Алла жарың сүйер, қозым, қош енді.  
2030 Жолға салып, аз уақыт болдым хамра,  
Барғын балам, сүйер қозым, аман бол.  
Бұл дүниеде азап істер көрдіңіз,  
Менен көпір шынжырыны үздіңіз.  
Неше күндер менің бауымда кездіңіз,



- Алла жарың болсын, қозым, аман бол.  
Кетер болсаң енді шаһ жаһанға,  
Сені тапсырамын Қадір Сұхбанға.  
Менен сәлем айтың Тоқтамыс ханға,  
Айсұлужан, Едігежан, аман бол.
- 2040 Бүгін сені биік таудан асырдым,  
Сол себептен ақыл-күшім қашырдым.  
Перизат қызымды саған тапсырдым,  
Жаным балам, Едігежан, аман бол!  
Мен болармын басыңызға паруана,  
Және көрмек үшін болып диуана.  
Тапсырдым сіздерді Қадір Сұбханға,  
Төке хан дер, Едігежан, аман бол!

Едігелер сол жүргеннен қырық күн жүріп, бір шөлге барып қонады. Едіге қатты ауырып қалады. Сонда Айсұлу қорқып мына өлеңді айтады:

- Жерді, көкті жаратқан, сен бір уа бар  
Сұлу жарды сүйдірдің, Құдайым.
- 2050 Жаман іске мені қылдың сазуар,  
Сұлу жанды сүйдірдің, Құдайым.  
Жүзіндей болмайын, жарым, кедейің,  
Тастарды су қылар ахым садасы.  
Молда жаным — болсын жарым пидасы,  
Сұлу жарды сүйдірдің, Құдайым.  
Жақып пайғамбар да өтті қонғанда,  
Жүсіп неше күндер жатты зынданда.  
Олардың құрметіне тұтқын амалда,  
Сұлу жарды сүйдірдің, Құдайым.
- 2060 Бұл жақсылық болсын бізге бұл заман,  
Бұл шөлдерде халым болды тым жаман.  
Сізден көп тілермін дерттен дәрмен,  
Бұл жарымды сау қалдырғын, Құдайым!  
Басымыздан кетер осы еңбегі,  
Еш қалмасын бұл жолдардың құлпаты.  
Асан, Үсен — имандардың құрметі,  
Сұлу жарды сау қалдырғын, Құдайым!

*Бұдан соң Едіге өзіне келіп, мына өлеңді айтады:*

- Шүкір қылып Аллаға, гүл жүзді жарым, жылама,  
Хақ өзі бергей дауасын, лалазарым, жылама.
- 2070 Рахметі көп-дүр оның, сен болма асылы бейхұд,  
Рахим етіп бергей дауасын, лалазарым жылама.  
Қасты болғанмен, қайбір адам жоқ болмағай,  
Көздеріңнен жас төгіп, мейрибаным, жылама.  
Әр нәрсе қылса тақдыр пенде оған риза болар,  
Жарым, халыңды жаман қылып, сен жылама.  
Сен бүйтіп жыласаң, халім болар және жаман  
Ақыл құшым қалмады, сабыры қылар үміт,  
Хақ өзі берер дауасын, лалазарым, жылама.

*Бірнеше уақыт өткен соң, Едіге тәуір болып, мына өлеңді айтады:*

- Тұрдым мен жақсы болып,  
2080 Сүйген жарым, бұны есіт!  
Қалмады нышан кеселден, гүл жүзді жарым,  
Менде жоқ еді кеселден бұрын, жанымнан үміт.  
Хақ маған қылды қарасып, сабыры,  
қарарың сенен кетпей,  
Қалмады дерттен бір белгі,  
Сүйікті жар, мұны есіт!

*Сол уақыт, жол жүріп бара жатырғанда, Айсұлу күйменің пердесін ашып, мына өлеңді айтады:*

- Алдымдағы жол бастаған, қарағым,  
Аман-есен баруыңа пендемін.  
Сізді көрмегенше жоқ-дүр қарарым,  
Рүстем кебі барысыңа пендемін.
- 2090 Біздің жарға мақпал шекпен,  
Шырайына күн жарысар, ай таласар.  
Жүзіңе қарасам, көңілім қамасар,  
Ай жүзіңе паруа пендемін.  
Айналайын сенің қара көзіңнен,  
Күміс нұры әр уақ тамар жүзіңнен.

- Жаным ләззат алар айтқан сөзіңнен  
Ат үстінде баруыңа пендемін.  
Айсұлу дер, қарап тұрмын ізіңнен,  
Мен айналсам қасыңменен көзіңнен.  
2100 Ақырын жүр, мен жетейін ізіңнен,  
Ұзақ жолда баруыңа пендемін.

*Бір күні Айсұлу Едігенің ізінен қарап кетіп баратырғанда мына өлеңді айтады:*

- Қызыл шекпен жар бойына жарасар,  
Айналайын атыңменен өзіңнен.  
Ізіңнен қарасам, көзім қамасар,  
Айналайын атыңменен өзіңнен.  
Жар барады тегіс, тегіс жолменен,  
Қызметінде нұры ғаламат гүлменен.  
Жақсы жарды сатып алсаң пұлменен,  
Айналайын атыңменен өзіңнен.  
2110 Жар беліне не оратылған кәмәрі,  
Жанында бар қызметкері, нөкері.  
Қанттан тәтті еріннің шекері,  
Айсұлу деп жарым бір маһы табан.  
Көрген адам болар ессіз де аң-таң,  
Жарыма қылайын жанымды құрбан,  
Айналайын атыңменен өзіңнен.  
Ер жүреді биікпенен, сайменен,  
Ойын етіп, найзаменен, жайменен.  
Екі жақсы бір қосылса айменен,  
2120 Айналайын атыңменен өзіңнен.

Ендігі сөзді Едігенің ата-анасынан есітің. «Балам келмеді» деп, олар көп қапа болады. Бір күні Тұлымқожа Наубахарға қарап, мына өлеңді айтады:

— Қожа қызы, есіт бүгін айтқаным,  
Не болды білмедім, балам келмеді.  
«Барсакелмес» елге кеткен сұлтаным,  
Не болды білмедім, балам келмеді.

- Көздерімнен ағар жасымның бәрі,  
 Бір жыл болды, еш келмеді хабары.  
 Не болды білмедім, балам келмеді,  
 Жан баламның қызыл жүзі солды ма,  
 Иә, болмаса өмір күні толды ма?  
 2130 Төке кәпір өзі тұтып алды ма?  
 Не болды білмедім, балам келмеді.  
 Енді ағар болды көзімнен қаным,  
 Қасіретпенен шығар тәнімнен жаным.  
 «Барсакелмес» жерге кетті қаруаным,  
 Не болды білмедім, балам келмеді.  
 Белімнің мадары, күші, көмегім,  
 Неше күндіз бір Алладан тілерім.  
 Тұлымқожа айтар менің керегім,  
 Не болды білмедім, балам келмеді!

*Наубахар бике мына өлеңді айтады:*

- 2140 — Қожам, неге бұнша әбігер қыларсыз?!  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.  
 Көздеріңді қанды жасқа толтырма,  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.  
 Едіге-дүр көңілімдегі арманым  
 Жанымның дархоры, дертке дәрменім.  
 «Барсакелмес» жолға кеткен қаруаным,  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.  
 Орынды-дүр Едігежан демегің,  
 Беліңнің қуат күші көмегің.  
 2150 Енді пайда бермес, қамын жемегің,  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.  
 Қыла берме бұнша ахы фариад,  
 Жаратқаным — болар баламның жары.  
 Бүгін, ертең келер оның хабары,  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.  
 Сізге айтар қожа қызы Наубахар,  
 Аман тұтсын оны жаратқан Жаббар.  
 Көп қайғырып, қожам, болма биқарар,  
 Сабыр қылың, қожам, келер ұлыңыз.

Бұнан соң Тұлымби қожа мен Наубахар айуанға шығып, Едігенің жолына қарап отырады. Сонда Наубахардың мына өлеңді айтады:

- 2160 — Қадір Алла, құдіретіңе сиындым,  
Арзы арманымды тез маған жеткер.  
Баламның кеткені мені өртеді,  
Дертке дәрменімді тез маған жібер.  
Бір жыл болды «Барса келмеске» кеткені,  
Айырылықта мені мұнша зар еткен.  
Жас басынан мұнша саудалар өткен,  
Кеткен каруанымды тез маған жеткер.  
Бақытымның жұлдызы жерге ұрылды,  
Бүгін маған ақыр заман құрылды.
- 2170 Келмес бұрын ұлым менен айырылды,  
Бір шыбын жанымды тез маған жібер.  
Жалғыз балам менің дертке дәрменім,  
Жүзін көрмей, шығар болды жаным.  
Мүлкімнің иесі, ханым, сұлтаным,  
Тахтылы ханымды тез маған жібер.  
Айтып ада болмас, есепсіз дардым,  
Кіші айуанымда жанған, шырағым.  
Бағы-бустанымды тез маған жібер,  
Наубахар дер менің көңілім мадарым.
- 2180 Мүлкім, инабатым, бауым, гүлзарым,  
Бір жыл болды еш болмады хабар,  
Арзу-арманымды тез маған жібер.

*Бұнан соң қызметкер қыз кеп мына өлеңді айтады:*

- Балам деп, бикежан, көбірек жылама,  
Сабыр етің, Едігежан тез келер.  
Көп сағынып жүрегінді дағлама,  
Аман-есен келер ұлың тірі-дүр.  
Едігежан қош жігіттің бірі-дүр,  
Суат көрген көп ерлердің дүрі-дүр.  
Сабыр етің, Едігежан тез келер!
- 2190 Көп жыламаң, бибіжаным, жаман-дүр,  
Келер, келместігі сізге күмән-дүр.

- Аман-есен батыр ағам келе-дүр,  
 Сабыр етің, Едігежан тез келер!  
 Ағамның дертіне өртенді жаным,  
 Жалғыз балаң сенің дертке дәрменің.  
 Сенің балаң білсең маһы табаның  
 Сабыр етің, Едігежан тез келер!  
 Ашылар бауыңның гүлі, гүлзары,  
 Көп дерттің ішінде өтпесін дағы.
- 2200 Бүгін-ертең оның келер хабары,  
 Сабыр етің, Едігежан тез келер!  
 Қызметкерің айтар ісің кешілді,  
 Сөздеріңнен алтын, гауһар шашылды.  
 Екі жүз қызыл гүлдей ашылды,  
 Сабыр етің, Едіге тез келер!

Ендігі сөзді Едігеден есітің. Олар тағы да он төрт күн жол жүреді. Жол азабы жанына батқан соң, Айсұлу Едігеге қарап мына өлеңді айтады:

- Айтқын маған, қияметтік жолдасым,  
 Жақын ба, ұзақ па қоңырат еліңіз?  
 Сенсің менің сыр айтысқан жолдасым,  
 Жақын ба, ұзақ па қоңырат еліңіз?
- 2210 Еш білмедім, қайда оңы, солымыз?  
 Неден мұнша ұзақ болды жолымыз?!  
 Сүйер жарым, қайда біздің үйіміз?!  
 Жақын ба, ұзақ па қоңырат еліңіз?  
 Айсұлудың енді жоқ-дүр шарасы,  
 Қайда болар, айтың қоңырат қаласы?!  
 Тура сөйле, иә, қоңырат баласы,  
 Жақын ба, ұзақ па қоңырат еліңіз?!

*Едіге Айсұлуга мына жауапты айтады:*

- Сөзім тыңда, шырын сөзді, ғашығым,  
 Өне келдік, жақын қоңырат қаласы!
- 2220 Сен боларсың менің нұрлы гүлбағым,  
 Өне келдік, жақын қоңырат қаласы!  
 Өмірімнің бағында ашылған гүлім,

- Гүлге қонып, сайрап тұрған бұлбұлым,  
 Сабыр ете тұр, қара шашты сүмбілім,  
 Өне келдік, жақын қоңырат қаласы!  
 Сенің үшін артты менің азарым,  
 Бұл сөзіңнен кетті сабыр, қарарым.  
 Қызыл жүзді, қалам қасты нигарым,  
 Өне келдік, жақын қоңырат еліне!
- 2230 Жүріп тұрсақ, бесін уақта жетеміз,  
 Ұзақ жолға не ылаж етеміз,  
 Амандықта дәурен сүріп өтерміз,  
 Өне келдік, жақын қоңырат қаласы!

*Бұнан кейін Едіге бір адамын оздырып жіберіп, атасынан сүйінші сұратып, мына өлеңді айтады:*


- Бұнан барсаң, егер, қоңырат еліне,  
 Келгенімді жан әкеме баян ет.  
 Атам, анам шығар менің алдымнан,  
 Келгенімді хан атама баян ет.  
 Михрибаным есітіп көп қуансын,  
 Дұшпандар кепінге оранып алсын.
- 2240 Менің келгенімді ел, халқым білсін,  
 Ол Тоқтамыс атама баян ет.  
 Мәлім болсын менің жақын келгенім,  
 Бұл құсаған іске ұлпат болғаным,  
 Елім, жұртым, қарындасым, туғаным,  
 Барлығына барып, хабар ет.  
 Досым, барғын Тоқтамыс хан жанына,  
 Оттар түссін тоқсан бидің жанына.  
 Сүйінші ал, бай бол дүния-малына,  
 Келгенімді жан атама баян ет.
- 2250 Едіге дер жүрек-бауырым панасы  
 «Келді, — дегін, — Тұлымбидің баласы».  
 Келгенімді білсін қоңырат қаласы,  
 Барғын енді көргенінді баян ет.

Едігенің жіберген адамы қоңырат қаласына кіреді. Ол Тоқтамыс хан мен Тұлымқожаға қарап, мынаны айтады:

- Келдім, болып мен сіздерге хабаршы,  
Ұлың келді, сүйінші бер, сұлтаным!  
Еш қалмады сенің көңілі — арманың,  
Тілеген табылды дертке дәрменің.  
Өміріңнің шаттығы, гүлі, қырманьң,  
Шық алдынан, ұлың келді, сұлтаным!
- 2260 Ал, қожа, енді сойғын қойыңды,  
Алдынан шық, сен көтеріп бойыңды.  
Баста енді балаң үшін тойыңды!  
Шық алдынан, өне келді, сұлтаным!  
Қой, қошқарды көбірек қылып сойдырып,  
Ел атыңның көңілін қоштап, тойдырып.  
Айналаңа тойшыларды қондырып,
- 2267 Шық алдынан, өне келді, сұлтаным!


Бұдан соң Тоқтамыс хан сүйіншіге бой теңді зер беріп, ол адамды қуантыпты. Тоқтамыс хан уәзірлерімен аттанып, Едігенің алдынан шығады. Қырық күн той береді. Едіге де Айсұлумен бақытты жасап, мұрат-мақсаттарына жетеді.





Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р





## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Ғасырлар бойы ел аузында айтылып келген аңыз — жырдың бірі — «Едіге батыр» Қазақстан мен Орта Азияны, Сібірді, Еділ бойын, Кавказ бен Қырымды жайлаған көптеген халықтар арасында Едіге батыр жайындағы жыр аңыздар ерте кезден кең тараған.<sup>1</sup>

Едіге — тарихи тұлға. Ол — XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әлсіреп, хандыққа таласушы билеушілердің өзара қырқысуынан ел іргесі босап, бір кездегі күшті мемлекеттің ыдырай бастаған кезінде тарих сахнасына шықты. Алтын Орданың қайтадан нығаюына күш жұмсап ел тізгінін ұстаған беделді би әрі қол бастаған батыр болған.

Ол — есімі көзінің тірісінде аңызға айналған даңқты ер. Едігені қазақтар ғана емес, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрімен, татар, ноғай, башқұрт халықтары да өздерінің «батыр бабасы» ретінде ардақтайды.

Ноғай мырзасы жайындағы жыр-дастандар мен түрлі аңыз әңгімелерге зерттеушілер XIX ғасырдың басында назар аударып, жазып алып, жариялай бастаған.

Едіге туралы жыр алғаш рет 1820 жылы «Сибирский вестникте» жарияланды. Бұл — Сібірде туып өскен жазушы Г.И.Спасский ел арасынан жазып алған Едіге туралы қазақ жырының қарасөз түріндегі орысша мазмұндамасы. 1830 жылы А.Ходзько Астрахань маңындағы ноғайлардан Едіге жайында бірнеше жыр жазып алады. Бұлар ағылшын тіліне аударылып, 1842 жылы Лондонда шыққан «Парсының халық поэзиясы»<sup>2</sup> деген кітапта басылды. 1841-1842 жылдары

<sup>1</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. — Л. 1974. — С. 351

<sup>2</sup> Chodzko A. Specimens of the Populer of Persia. London. 1842. — С. 348-362.

Шоқан Уәлиханов әкесі Шыңғыспен бірлесе отырып, Қыпшақ Жұмағұл ақыннан және басқалардан естіген бірнеше жыр варианты жазып алған. 1904 жылы ғалым достары құрастырып, профессор Н.И.Веселовскийдің басқаруымен шығарылған I томдық жинаққа «Едіге» жырының Шоқан жасаған орысша аудармасы енгізілді<sup>3</sup>. Орыс ғалымы П.М.Мелиоранский жырдың Шоқандар хатқа түсірген түпнұсқасын өзі алғысөз жазып, 1905 жылы Санкт-Петербургте «Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз» («Сказание об Едигее и Тохтамыше») деген атпен кітап етіп шығарды.

1895 жылы шыққан «Туземцы северо-восточного Кавказа» атты кітабында Н.Семенов «Едіге» жырының 1880-1881 жылдары Астрахань маңындағы ноғайлардан жазып алған нұсқасының аудармасын келтіреді<sup>4</sup>. Осы және басқа да ноғай нұсқалары Османовтың «Ногайские и кумыкские тексты» деген хрестоматиясында<sup>5</sup> 1883 жылы Санкт-Петербургте басылып шығады.

1896 жылы Әбубөкір Диваев қазақ арасындағы Едіге туралы аңыздың бір нұсқасын, «Мырза Едіге батырды» орыс тіліне аударып, Ташкентте бастырып шығарады<sup>6</sup>. Кейін осы аңыз татар тіліне аударылып, «Шора» журналында (1917, №15-16) басылды. Содан соң аталған «Мырза Едіге батыр» аңызы қазақ тілінде 1922 жылы «Батырлар» сериясымен қайта жарияланды<sup>7</sup>. Сондай-ақ 1897 жылы Г.Н.Потанин «Тюркская сказка об Идыгэ» деген аңыз-ертегіні «Живая старина» атты журналда жариялады<sup>8</sup>.

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін ыждағаттылықпен жинап, кезінде көп том етіп шығарған академик В.В.Радлов та Едіге тақырыбына ерекше көңіл бөлген. Ол 1866-

<sup>3</sup> Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб. 1904. — С. 224-225.

<sup>4</sup> Семенов Н.А. Туземцы Северо-Восточного Кавказа — СПб. 1895 г. С. 469-481.

<sup>5</sup> Османов М. «Ногайские и кумыкские тексты». — СПб 1883 — С. 32-49.

<sup>6</sup> Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского статистического Комитета. Т.5 под редакцией, и.п. Секретаря Комитета И.И.Бейсера. — Ташкент: — 1896. — С. 12-33.

<sup>7</sup> Мырза Едіге батыр // Батырлар. Жетінші жинақ. — Ташкент республикасының баспасөз шығарушы мағамасы. 1922.

<sup>8</sup> Потанин Г.Н. «Тюркская сказка об Идыгэ» — «Живая старина» 1897 — вып. III-IV. С. 320.

1872 жылдар арасында Барабы, Омбы татарларынан үш, телеуіттерден бір нұсқа жазып алған. Сонымен қатар, ғалым 1896 жылы Қырымның далалық өңірінде тұратын ноғайдан тағы да төрт нұсқа тапқан. Барабы жазбасы мен Қырым нұсқасын өзінің «Образцы народной литературы северных тюркских племен» кітабында жариялаған<sup>9</sup>.

1903 жылы И.А.Беляев Қарақалпақстанда «Едіге төре» жырын жазып алады. Орысша аудармасымен қоса, бұл нұсқа 1917 жылы Ашхабадта басылып шығады<sup>10</sup>.

Едіге туралы жыр, аңыздардың кеңес дәуіріне дейінгі жазып алу, жариялану тарихы бұл көрсетілгендермен шектелмейді. Едігеге қатысты мұраларды жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары Қазан төңкерісінен кейін де жалғасты.

Қазақ арасына неғұрлым кең тараған «Едіге» жырының Шоқан нұсқасы кеңестік жылдарда бірнеше рет басылды. Атап айтқанда, 1927 жылы Қ.Сәтбаев, 1933 жылы — С.Сейфуллин, 1939 жылы — С.Мұқанов қайта бастырды<sup>11</sup>.

Көшпелі өзбектер арасында да Едіге туралы аңыз (1920-1930) белгілі болған. Солардың бірі «Тұлымби» деген атпен 1939 жылы Хади Зарифовтың «Өзбек хрестоматиясында» жарияланған<sup>12</sup>.

Башқұрттарда бұл эпос «Идукай мен Мұрадым» деген атпен мәлім болған. Жырдың жеке бөліктері Қазан мен Уфа баспаларында Кеңес өкіметінен бұрын да жарық көрген. Кеңес Одағы жылдарында башқұрт шешені М.Боронғұловтан жазып алынған нұсқа 1940 жылы «Октябрь» журналында басылған<sup>13</sup>.

<sup>9</sup> Радлов В.В. «Образцы народной литературы северных тюркских племен». ч. VI, VII. 1866-1872. С. 35-55; 99-121.

<sup>10</sup> Сказание об Едигее и Тохтамыше. Каракалпакская народная поэма. Сообщение И.А.Беляева. — В кн. Протоколы заседаний и сообщений членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. Вып.3 Ашхабад. 1917. С. 95-125.

<sup>11</sup> Ер Едіге (араб әрпімен жазылған). Жинаған Қаныш. — Москва: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. 1927; Ер Едіге // Батырлар жырының жинағы (латын әрпінде). Жинаған Сәдуақас Сейфуллаұлы. Екінші жинақ. Қазақстан баспасы. 1933. 1-39 — бет; Едіге // Батырлар — Алматы — ҚКӘБ, 1939. — 25-59 — бет.

<sup>12</sup> *Ozbek folklori. (Ўзбекский фольклор. Хрестоматия для пединститутов):* Т.1. сост. Х.Зарифов — Ташкент, 1939 (на узбек. яз.)

<sup>13</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос — Ленинград: 1974. С. 353.

Түрік ғалымы Сағадат Шағатай «Едігенің» бір көлемді нұсқасын жас кезінде Қырым даласынан Түркияға ауып барған бір ноғай айтушысынан жазып алған. 1953 жылы ғалым бұл жырды неміс тіліндегі аудармасымен қоса жариялады.

1939 жылғы басылымнан кейін «Едіге» туралы жырларды жариялауға тыйым салынып, бұдан соң елу жылдан кейін ғана қайта жарық көрді.

1989 жылы «Ер Едіге» «Жұлдыз» журналы (№7) басылды. 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Батырлар жырының» 5-томында жарияланды<sup>14</sup>.

Ел аузынан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинап хатқа түсірген үлгісі ақынның «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» және «Қазақтың батырлық эпосы» атты жинақтарында басылды<sup>15</sup>.

Сондай-ақ, жырдың Шоқан жазып алған нұсқасын Е.Мағауин өзінің осы тақырыптағы зерттеу еңбегінде жариялады<sup>16</sup>.

1927 жылы Мәскеуде Қ.И.Сәтбаевтың алғы сөзімен жарияланған басылым — «Ер Едіге» жыры 1995 жылы қайта басылды<sup>17</sup>.

Едіге есіміне байланысты жырлардың таңдаулы нұсқалары екі рет жеке кітап болып екі рет шықты.

Жыр нұсқалары әлі де жинақталып, қолжазба қорына түсуде. ҚР Білім және ғылым министрлігі орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында А.В.Васильев тапсырған «Тоқтамыс хан мен Едіге мырзаның хикаясы» деп аталатын Ізім Қибетұлының қолжазбасы, 7 бет, 1935. (1307- тізбе); Аякеш Өмірзақұлының «Ер Едіге» аңызы. Араб әрпінде. (1307-тізім); Нәсимолла Биханов 1940 жылы хатқа түсірген «Едіге батырдың әңгімесі». Араб әрпінде 31 бет, (1307- тізбе); Ғабит Ахметовтен Қазақстан зерттеу қоғамына 1941 жылы түскен «Ер Едіге» жыры. Латын әрпінде (1307- тізбе);

<sup>14</sup> Едіге // Батырлар жыры Т.5. (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғандар: Қ.Сыдықов, О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Жазушы, 1989. — 70-96 — бб.

<sup>15</sup> Ер Едіге // М.Ж.Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған: С.Дәуітов) — Алматы: Ғылым, 1992. 77-83 бет; Ер Едіге // Қазақтың батырлық эпосы. (Құрастырушы — С.Дәуітов) — Алматы: Рауан, 1992. — 14 -20 — беттер.

<sup>16</sup> Мағауин Е. Едіге — халық эпосы — Алматы, Айқап. 1993. — 64 -74 — бб.

<sup>17</sup> Ер Едіге (құрастырушысы — Ғ.Батырбеков) — Алматы, Ғылым, 1995.

Мұрын Сеңгірбаевтан 1942 жылы ақын Мәриям Хакімжанова жазып алған «Едіге» жыры. Араб әрпінде. Көлемі — 20 бет (1307- тізбе); Қалқа Жапсарбаевтың орындауында 1939 жылы Жасбала Елікбаев жазып алған «Едіге — Нұран» жыры. Латын әрпінде. 90 бет (687-тізім, 9 дәптер); Қ.Шаңғытбаев 1940 жылы жазып алған «Едігенің елмен қоштасуы» деген аңыз (1307- тізбе, үзінді); 1941 жылы жазылған «Қырымның қырық батыры» (79-тізбе). Неміс тіліне аударылған «Едіге батыр» жыры. 28 бет; 1920 жылы Ә.Диваев жинаған латын әрпінде «Едігенің әңгімесі» (140- тізбе) бар. Ал, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Нұртуған жыраудан 1989 жылы Ақанжан Келімбетов жазып алған «Едіге» жыры — кирилл әрпінде (1029-тізбе, 1-4 дәптер); Нұртуғаннан 1987 жылы зерттеуші Асқар Тұрғанбаев жазып алған «Мәулімнияз — Едіге» жыры, кирилл әрпінде, 135 бет (949-тізім, 1-дәптер); Жәмет жыраудан 1949 жылы жазылған «Едіге» қиссасы (1029- тізбе, 6 дәптер); 1922 жылы Ә.Диваев бастырып шығарған «Мырза Едіге батыр» жырының көшірмесі (100-тізім); Қылышбайұлы Қартбайдан Қ.Саттаров пен Ж.Әбдрахманова жазып алған «Едіге батыр» эпосы. 122 бет, кирилл әрпінде (920/46-тізбе); Белгілі жырау Тұрлан Бейсенбаевтан Қ.Саттаров жазып алған «Едіге батыр» жыры. Аяқталмай қалған. (920/37-тізбе); Төребай Алланазаровтан жазып алған «Едіге батыр» жыры. Аяқталмай қалған (920/49-тізбе).

Сирек қорда сақталған «Едіге жыры» немесе Едіге мен Тоқтамыс жайында аңыз, әңгіме, мәліметтер, жазбалар көп. Аталған шығармалардың жарық көргендері бар. Олар: «Едіге» (Мұрын жырау нұсқасы), «Мырза Едіге батыр» (Диваев нұсқасы), «Ер Едіге» (М.Көпеев нұсқасы), «Мәулімнияз — Едіге» (Нұртуған жырау), «Едіге батыр эпосы». Өкінішке орай, бұл шығармалар біраз қысқартумен, өзгерістермен, жөнсіз түзетумен редакцияланып жарияланған, тіпті тұтас сөйлемдер мен шумақтар қалып қойған. Мәтіндерге көркем өңдеулер де жасалған. Сондықтан «Едіге» жырының әр нұсқасына жеке — жеке тоқталып, оларды түпнұсқамен салыстыруды жөн көрдік.

«Едіге жырын» өзінің айтуы бойынша, Шоқан алғаш рет 1841 жылы күрлеуіт қыпшақ Жұмағұл ақыннан естиді.

Жырдың ең ескі нұсқасын Жұмағұл Шыңғысқа тарту етеді<sup>18</sup>. Шыңғыста бұл жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан әкесімен ақылдасып жырдың бір нұсқасын жасайды. Ал, зиялы сұлтан Ахмет Жантурин оны таза қағазға жазып шығарады<sup>19</sup>. Осы игілікті істері жайында Шоқан:

«...Первый список с рапсодии Идыге сделан был султаном Чингисом Валихановым со слов Керлеузем Кыпчака Джумагула, второй список сделан им же с добавлением из устных преданий разных лиц, третий список был со слов Арсланбая, и , наконец, из этих трех стихов вместе с Чингисом мы составили 1842 году свод переписанный Ахмед Жантуриным, с которого уже переведена настоящая рапсодия....»<sup>20</sup>, — деп жазған болатын.

Шоқан қайтыс болған соң, көп жылдардан кейін, 1904 жылы ғалымның достары құрастырып, профессор Н.И.Веселовскийдің басқаруымен шығарылған «Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова» атты бір томдық жинаққа «Едіге» жырының Шоқан жасаған орысша аудармасы да енгізілген болатын. 1905 жылы П.М.Мелиоранский өзінің алғы сөзін қосып, Шоқан нұсқасын түпнұсқа ретінде шығармалар жинағына қосымша етіп Санкт-Петербургте жариялады<sup>21</sup>.

Кейін осы «Едіге» жыры бірнеше рет баспа бетін көрді. 1927 жылы Қ.Сәтбаев «Ер Едіге» деген атпен Мәскеуде, 1933 жылы Сәкен Сейфуллин, 1939 жылы С.Мұқанов Алматыда шыққан жинақтарға енгізді<sup>22</sup>.

Салыстыру барысында аталған басылымдардың мәтініндегі кейбір редакторлық түзетулері болмаса, Шоқан нұсқасы екені анықталды. 1995 жылы Едіге Мағауин өзінің зерттеу еңбегінде Шоқан нұсқасын қайталап бастырды<sup>23</sup>. 1996, 1999

<sup>18</sup> Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985. — 320 — бет.

<sup>19</sup> Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб. 1904. С. 224-225.

<sup>20</sup> Сонда, — 224-225 — беттер.

<sup>21</sup> Сказание об Едыгее и Тохтамыше. Киргизский текст по рукописи, принадлежавшей Ч.Ч.Валиханову. издал П.М.Мелиоранский, СПб. 1905.

<sup>22</sup> Ер Едіге (араб әрпінде). Жинаған Қаныш — Москва. Күншығыс елдерінің кіндік баспасы, 1927. Батырлар жырының жинағы — Алматы: жинаған Садуақас Сейфоллаұлы. Екінші жинақ. Қазақстан баспасы. 1933, 1-39-б. Батырлар. — Алматы: ҚКӘБ, 1939. — 25-59 — беттер.

<sup>23</sup> Мағауин Е. Едіге — халық эпосы — Алматы: Айқап баспасы. 1993.



жылдары аталған нұсқасы «Едіге жыры» деген атпен тағы екі рет жарияланды<sup>24</sup>.

Шоқан нұсқасына (1905 ж. басылым) келетін болсақ, қолжазба араб әрпімен, қара сөзбен, өлең аралас жазылған. Жырдың Мелиоранский бастырған кітаптағы аты — «Едіге би». Бұған байланысты Мелиоранский алғы сөзінде: «Қолжазбаның қазақша ешқандай тақырыбы жоқ. «Едіге би» деген тақырыпты мен қойдым»<sup>25</sup>, — дейді.

Қолжазбаның бірінші парағында, яғни мәтін жазылмаған алғашқы бетінде мынандай жазу бар: «Едіге. 1841 жылдың декабрі<sup>26</sup>». Шоқанның өзі жасаған орысша аудармада жырдың аты — «Едіге». Демек, жырдың тақырыбы Мелиоранский басылымындағыдай «Едіге би» де, «Едіге батыр» да емес, жай ғана — «Едіге»<sup>27</sup>.

Мелиоранский бастырған түпнұсқада Едігенің баласы Нұрадын бір-екі жерде Нұралын, бір жерде Нұрадын деп, енді бірде Нұралы деп жазылған. (Жырдың басқа халықтардағы нұсқаларында Нүредін, Нұрадын, Нұралын, Мұрадын, т.б.). Мелиоранский мұны байқағанмен, түзетпеген. Ол Шоқанның нұсқасының бірнеше көшірмесі болғанын растайды. Шоқан осы қолжазбаларды алмастырып пайдаланғаны көрініп тұр.

1841 жылы жазылып алынған Шоқан нұсқасы «Едіге» жырының қағазға ерте түскен үлгілерінің бірі. Мелиоранский жырдың Шоқан хатқа түсірген түпнұсқасын өзі алғы сөз жазып, кітап етіп шығаруы өте маңызды болды. Бұл басылымның маңызы мен құндылығы жырдың ең көркем де, толық дерлік вариантының тұңғыш жариялануында ғана емес, сонымен қатар жырдың тарихи шындықты елестету дәрежесі жөнінде, оның пайда болу, қалыптасу кезеңдері туралы айтылуы мен көркемдігінде. Шоқан нұсқасы түркі халықтары арасындағы

<sup>24</sup> Едіге жыр. (Алғы сөзін жазған. Р.Бердібаев, жауапты шығарушы — С.Медеубеков, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Ғылым, 1996. — 51-83 — беттер; Едіге жыр // Едіге батыр (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Шегә-Тас баспасы. — 49-81 — беттер.

<sup>25</sup> Сказание об Едыгее и Тохтамыше // Киргизский текст по рукописи принод-лежащей Ч.Ч.Валиханову. издал П.М.Мелиоранский. СПб. 1905. С.3.

<sup>26</sup> Сонда., 1-б.

<sup>27</sup> Мағауин Е. Едіге — халық эпосы. Алматы: Айқап, 1995, — 67-бет.

Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы деп танылған. Ғылымда бұл жыр Шоқанның классикалық нұсқасын деп аталған. (Классический текст Валиханова). Жыр сюжеті Едігенің әулие атасынан басталады да, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс суреттеліп, батырдың құсадан өлуімен аяқталады.

Едіге — таза тарихи жыр емес, оның сипатында ежелгі батырлық эпостарға тән белгілері жеткілікті<sup>28</sup>. Жырда таза фольклорлық сарындар көп. Қай-қай эпоста да батырдың дүниеге келуі ерекше жағдайда өтеді. Бұл — батырлар эпосына тән басты белгінің бірі (Шоқан нұсқасында батыр әулие мен пері қызынан туады).

Едігенің би ретіндегі даналығы түрлі дауларға әділ төре беруі арқылы танылады. Бұл мысалдар дәстүрлі қазақ фольклорының үлгісімен берілгенімен, мұндай сюжеттік сарын әлемнің әр түкпірінде тұратын халықтардың фольклорында да кездеседі. Мысалы: жырдағы Едіге шешіп беретін төрт даудың бірі — (баланы екіге бөліп беруі) Інжілде кездеседі. Осындай дауды Інжілде Соломон (Сүлеймен) шешіп береді<sup>29</sup>.

Сақтандыру сарыны. Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, оны сақтандыратын досы — Аңғысын. Ол Едіге ордадан қашарда тойдағы адамдардың аттарының үзеңгілерін қиып қояды. Осындай сарын басқа халықтардың фольклорында да бар. Мысалы, Жирмунский шотланд тарихи жырында Роберт Брюс осындай жолмен жауларынан құтылып кеткендігін айтады<sup>30</sup>.

Осы эпикалық жырда қысылғанда жөн табатын, адасқанда жол табатын Сыпыра жырау бар. Сыпыра жырау атты кейіпкер басқа да көптеген қазақ эпостарында кездеседі. (Мысалы, «Ер Тарғын», «Телағыс», т.б.) Қазақ аңыздары мен батырлар жырында Сыпыра жырау ел бірлігін көздеген дана қарт болып сипатталады. Сыпыра жырау бейнесі — ноғай, қарақалпақ, башқұрт, барабы, қырым татарларының эпостарына да тән.

<sup>28</sup> Бердібаев Р. Эпостанудың әдістемелік мәселелері // Қазақ фольклорының тарихилығы — Алматы: Ғылым, 1993. 48-бет; Е.Мағауин. Едіге — халық эпосы — Алматы: Айқап, 1993. — 15-бет; Алпысбаева Қ. Шоқан Уәлиханов — фольклортанушы — Алматы: Ғылым, 2001. — 61-бет.

<sup>29</sup> Мағауин Е. Едіге — халық эпосы — Алматы: Айқап, 1993. 16-бет; Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы өңгіме жанры. — Алматы: Ғылым, 2001. 84-бет.

<sup>30</sup> Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос — Ленинград. 1974. С.358.

Батырлар жырының бәрінде кездесетін тағы бір ортақ сарын — «батырдың қалыңдық іздеуі». Жырда бұл көрініс Едігенің Сәтемір ханды іздеген жорығымен сәйкес келеді.

Эпостарда көп тараған сюжеттің бірі — «батыр күйеудің өз қалыңдығының тойында» кездесетін көрініс. Айталық, Едігенің шатырға таз көбеген болып жасырынып келіп, Қабантиынның хан қызын зорлықпен алып келе жатқанын біледі. Бұл — Алпамыстың аулына диуана болып жасырынып келіп, Гүлбаршынды Ұлтан құлдың зорлықпен алып жатқанын көретін эпизодқа ұқсас.

Жырда ертегілік дәудің кездесуі, батырдың оны ұйқыда жатқан кезінде қыздың көмегімен өлтіруі — ертегілік сарын.

Дүниежүзі халықтарының ертегілерінде жиі ұшырасатын сарынның бірі — баланың әкесінің кегі (не басқадай бір сырын) туралы бөтен адамнан естуі. («Ер Төстік» ертегісінде, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында, «Әзірет Өлі мен Дариға қыздың күресі» дастанында т.б. кездеседі.)

Шоқанның түпнұсқасы есепті «Сказание об Едыгее и Тохтамыше» (Киргизский текст по рукописи, принадлежавшей Ч.Ч.Валиханову. издал П.М.Мелиоранский СПб., 1905 ж.) басылымы мен 1996, 1999 жылы жинақтағы мәтіндерді салыстырғанда аталған басылымдарда қалып кеткен сөйлемдер мен кейбір түпнұсқадағы жеке сөздердің өзгертілгені анықталды. Дәлел үшін төмендегі мысалдарды келтірейік:

Едіге мен Нұралынның Сәтемір елінен кек алу үшін келгенін естіген Тоқтамыс жұртымен қоштасып, қашып кетеді. Тоқтамыстың ізінен қуып кеткен Нұралынның іс-әрекетін баяндайтын жерінде төрт сөйлем түсіп қалған, сол себепті оқиға түсініксіз болып қалған. «Нұралын жөнелді» дейді де, бірден әңгіме Тоқтамысқа ойысып кетеді. Жыр оқырманға түсінікті болу үшін 1996, 1999 жылғы басылымдардан үзінді берейік:

*«Бұл қызды сақтап қой», — деп Нұралын жөнелді...*

*Көкілдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, жапырылады...*

Түпнұсқада дәл осы үзінді былай беріледі (36-бет):

*«Бұл қызды сақтап қой», — деп Нұралын жөнелді. Хан Тоқтамыс ас ішкен кемпірден бұл да ас сұрап ішті. Бара жатып тоғыз көзді кіреукені тапты. Үстіне киіп алды. Тағы да әрі қарай іздеп кетті. Көкілдінің көлінде жатқанда*

*Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, жапырылады...»*

Міне, осы секілді кемшіліктер басқа да беттерде (73, 71; 76, 75, т.б) кездеседі. Басылым мәтіндерінде көбіне түпнұсқадағы «олтырған» сөзі «отырған» болып, «қолындан» деген сөз «қолынан» болып өзгертіле берген. Шоқан заманындағы жазудың орфографиялық ерекшеліктерін ескере бермеген. Мұндай кемшіліктер 1993 жылғы (Е.Мағауин. Едіге — халық эпосы. — Алматы: Айқап. 1993) басыламдардың бір-екі жерінде кездеседі.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқадан («Сказание об Едигее и Тоқтамыше» киргизский текст по рукописи, принад лежавшей Ч.Ч Вали ханову. издал П. М. Мелиоранский. СПб. 1905) дайындалды.

**Мырза Едіге батыр.** Қазақтың халық әдебиетін, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен үлес қосқан адам — Әбубәкір Диваев.

Ә.Диваев Сыр бойын, Әмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинайды. Осы сапардың бірінде «Мырза Едіге батыр» деген аңызды Шымкент уезінің тұрғыны Еркінбек Ақынбековтың айтуы бойынша өзі жазып алады. Осы нұсқаны алғаш рет, 1896 жылы Ташкентте орыс тілінде жариялады<sup>31</sup>. Кейін осы аңыз «Мырза Едіге батыр» деген атпен татар тіліне аударылып, «Шора» журналында (1917, №15-16), Содан соң 1922 жылы қазақ тілінде Ташкентте қайта басылды<sup>32</sup>.

Аталған аңыздың араб әріпімен көшірілген нұсқасы ҚР Мемлекеттік архивінің қолжазба қорында, ал фотокөшірмесі ҚР Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы<sup>33</sup>.

<sup>31</sup> Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области издание Сыр-Дарьинского статистического комитета. Т.5. — под редакцией и.п. Секретаря Комитета И.И.Бейсера — Ташкент, 1896. С. 12-33.

<sup>32</sup> Мырза Едіге батыр //Батырлар. Жетінші жинақ — Ташкент: Түркістан республикасының баспасөз шығарушы мағкамасы, 1922.

<sup>33</sup> Государственный архив РК. Ф. 929. ФОПЗ.Д.326; Мырза Едіге батыр.(ӘОИ: Ш. 852, 4-тізім.)

Диваев нұсқасы түгелдей қара сөзбен жазылған. Олең жолдары сирек кездеседі. **Көп жылдардан соң, яғни 1996, 1999** жылдары Ташкент басылымы сол қалпында ешбір өзгеріссіз басылды<sup>34</sup>.

Бұл жыр: «Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті, кемеңгер, керемет әулие адам екен. Өзінің неш перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе іші күйіп, «Менде де осындай перзент болса арманым болмас еді» деп жүреді екен...» деп басталады. Жырдың осылай басталуы басқа нұсқаларда кездеспейді. Сол сияқты аталмыш нұсқада ертегілік сарын басым болып келеді. Едіге Сәтемір ханды іздеп келгенде, ол уәзірлерінің азғыруымен Едігенің әйеліне ғашық болып, батырдың көзін жою үшін қиын сапарға жұмсайды. Едіге әйелінің ақылымен аман қалады. Бұл эпизад ОҒК-ның қолжазба қорында (Ш. 775, 1-дәп.) сақтаулы «Жалшы бала» дастанымен, ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы (Ш. 176, 2-дәп) «Бақыт іздеуші патша» және «Түс сатып алған Тазша» ертегісімен сарындас. Мұнда Едігенің алғашқы жауы Тоқтамыс болса, кейін Сәтемір де дұшпан болып шығады.

Бұл нұсқаның кейбір айырмашылықтары болғанымен негізгі сюжет желісі Едіге жайындағы белгілі жырлармен ұқсас. Атап айтқанда, Едіге Тоқтамыстың құзырында жүргенде, екеуінің араздасуына себепкер — ханның сұлу әйелі. (Шоқан, Нұртуған, Қалқа Жапсарбаев нұсқаларында кездеседі). Өртүрлі дауларға төрелік беруі арқылы танылуы (Шоқан, Нұртуған нұсқаларында бар). Жырдағы перзентсіздік мотиві Қарақалпақ нұсқасында кездеседі.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1922 жылы Ә. Диваев бастырып шығарған «Батырлар» деп аталатын кітаптың жетінші бөлімінен алынды.

**Ер Едіге.** Мәшһүр Жүсіп Көпеев елдегі көне көз қариялардан Едіге жайында естіген әңгіме, аңыздарды жинаған. Солардың ішінде «Ер Едіге» атты аңыз-әңгімесі «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін

<sup>34</sup> Мырза Едіге //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы — С.Медеубеков, түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Ғылым, 1996. — 118-133 — бетер. Мырза Едіге //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Шеге-Тас баспасы, 1999. — 116-131 — беттер.

жазған — С.Дәуітов) деген атпен ақынның 1992 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдық жинағына және сол жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Қазақтың батырлық эпосы» атты кітапта жарияланды<sup>35</sup>. Аталған нұсқа кейінірек, тағы да екі рет жарық көрді<sup>36</sup>. Құрастырушылар «Ер Едіге» аңыз-әңгімесіне берген түсініктемелерінде түпнұсқаны Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы деп көрсетеді<sup>37</sup>. Өкінішке орай қолжазба аталған жерден табылмады. Ал 1992 жылы шыққан (М.Ж.Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Алматы: Ғылым, 1992) кітаптағы мәтінді кейінгі үш басылыммен салыстыру барысында 1996, 1999 жылғы басылымдарда бір жерде қалып кеткен екі өлең жолы мен бір түзетілген сөз кездесті.

Атап айтқанда басылымдардың бірінші бетіндегі өлең жолдарының 11, 12-жолдары түсіп қалған. Мұны төмендегі мысалдан көреміз:

**1992 жылғы басылым:**

Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
«Мен шығайын» дер екен.  
Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Өзінен бір жас үлкен болса,  
«Өзісім, сіз білерсіз» дер екен.  
Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.

**1996, 1999 жылғы басылымдар:  
(133; 131-беттер.)**

Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
«Мен шығайын» дер екен.  
-----  
-----  
Өзінен бір жас үлкен болса,  
«Өзісім, сіз білерсіз» дер екен.  
Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.

<sup>35</sup> Ер Едіге //Машһүр Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері — Алматы: Ғылым, 1992. 77-83 бб; Ер Едіге //Қазақтың батырлық эпосы. Алматы: Рауан, 1992.—14-20 беттер.

<sup>36</sup> Ер Едіге //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы — С. Медеубеков, түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Ғылым, 1996. 133-140 беттер; Ер Едіге //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Шеге-Тас, 1999. — 131-137 — беттер.

<sup>37</sup> ҚР ҰҒА ОҒК-ның қолжазба қоры. 1117-тізбе.

Көріп отырғанымыздай 1996, 1999 жылдардағы басылымда дәнекерлік қызмет атқарып тұрған формулалардың, яғни «Едіге деген ер екен, Елдің қамын жер екен» деген екі жолдың түсіп қалғаны өлең ұйқасын бұзып тұр.

Алғашқы басылымдағы 9-беттегі *еліңді* деген сөз жоғарыда аталған екі басылымда *жеріңді* деп өзгертілген.

Мысалы:

**Алғашқы басылым, 1922:    1996, 1999 жылғы басылымдар:  
(135, 133-беттер.)**

Суарып қанмен жеріңді,  
Бүлдіріп, шауып *еліңді*.  
Қылышымды суырып,  
Жосадай қанға малармын.

Суарып қанмен жеріңді,  
Бүлдіріп, шауып *жеріңді*.  
Қылышымды суырып,  
Жосадай қанға малармын.

Аңыз-әңгіме көлемі өте қысқа. Шығарма түгелге дерлік қарасөзбен жазылған, 1-2 жерде ғана өлең жолдары кездеседі. Мазмұны аңыз-әңгіме түрінде берілген. Баба Түкті Шашты Өзіз деген диуананың бұлақ басында пері қызына кездесуі; оның біреуіне үйленуі; шартты бұзуы; пері қызының ұшып кетуі; іште кеткен баласын басқа жаққа апарып тастауы; баланың аты Едіге қойылуы т.б. эпизодтар өзге нұсқалармен сарындас болғанымен, кейбір айырмашылықтары да бар.

Аңыз-әңгіменің баяндауынша бесікте бөлеулі жатқан баланы біреу ноғайлының Түркістандағы ханы Тоқтамысқа апарып береді. Ол Тоқтамысқа асыранды бала болып жүреді. Осы аңыз-әңгімедегі тағы бір өзгешелік — ол Тоқтамыстың күндерінің біреуінен туған Кейқуат деген баласымен Едігені өлтірмек болып іздеп шығады.

Едігенің Сәтемір ханнан жер қайысқан қол алып, Тоқтамысты шабуға келгенде, Тоқтамыстың сегіз ұлымен қашып кетуі басқа нұсқаларда кездеспейді. Осы үзіндінің өзінен-ақ халық әдебиетінің туындысында шындық елесі бар екені көрінеді. Қадірберді жырдың басқа нұсқаларында жалғыз ұл ретінде бейнеленеді. Бұл да эпикалық дәстүрдің бір көрінісі. Шын мәнінде, сол заманғы шежірелер мен зерттеушілердің айтуынша, Тоқтамыс ханның сегіз ұлы болған. Бұлардың ішінде үлкен беделге жеткен және Едігеге

қарсы қайтпай күрескен — үлкен ұлы Жәлелиддин мен кенже ұлы Қадірберді болған<sup>38</sup>.

Жыр көлемі қысқа болғанымен, оқиғасы қызықты баяндалған.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін М. Ж. Көпеев «Ел аузынан жинаған әдебиет үзгілері» атты жинақтан (Алматы, 1992. — 77-83- бб) алынды.

Едіге — Нұран. Жыр мәтіні бұрын жарияланбаған. Шығарманың түпнұсқасы ОҒК-ның Қолжазба қорында (Ш. 687, 9 дөп.) сақтаулы. Қолжазба мәтіні тор көзді дәптерге көк сиямен латын әрпінде түсірілген Көлемі — 90 бет. Өлеңмен жазылған. Шығарма 1700 жолдан тұрады. Жыршысы — халық ақыны Қалқа Жапсарбаев. Жинаушысы — Жасбала Елікбаев. Ол аталған жырды Қалқа Жапсарбаевтың орындауында 1939 жылы жазып алған.

Жырдың қысқаша сюжеті төмендегідей: Ертеде Есім деген зорлықшыл хан болады. Едігенің татымын білген ол, «түбінде хандыққа таласар» деп қорқып, алдын ала қамданады. Көрші елдің Мұхтар деген ханының ағасы өлгенін естіп, «Ағаң салған азам деп, Алакөлдiң жағасында бөлек жатқан 500 үйдi шауып ал», — деп хат жазады. Мұхтар ханның қолы сол елдi шауып алады. Едіге көп адамдармен бірге тұтқынға түседі. Едігенің ерекшелігіне көзі түскен Мұхтар хан оны той жасап, бала қылады. Ханның жас әйелі Жамал Едігеге ғашық болып, екеуін араздастырады. Едігеге қастандық ұйымдастырылады. Оны Едігеге досы Аңғысын айтып, сақтандырады. Едіге өз еліне келіп, әкесі Нұран мен шешесі Әсемді құлдықтан босатып, Есім ханды өлтіреді. Орнына басқа хан сайлайды. Кейін Мұхтар ханның елін шауып, басын алып, орнына Аңғысынды хан қояды. Өзі екі елдің батыры атанады.

«Едіге — Нұран» жырының өзіндік даралығымен бірге басқа нұсқаларға ұқсас сарындары да бар. Мәселен, Едігені Мұхтар ханның той жасап, бала қылып алуы; екеуінің араздауына себепкер ханның сұлу әйелінің болуы; Едігеге қастандық

<sup>38</sup> Мағауин Е. Едіге жырының тарихилығы және көркемдік ерекшелігі. Филол. ғылымдарының ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. 1994. 44 бет; Дулгош Ян. Грюнвальдская битва, — М.-Л. 1962. — 50, 90, 102. Лэн-Пуль. Мусульманские династии.



ұйымдастырылуы; оны Аңғысынның сақтандыруы; ашуланып хан үйінен кетіп қалған Едігенің соңынан Кенжембайдың қуып баруы т.с.с. Осындай ұқсас сарындары бола тұра жырдың басталуы, сюжет желісінің дамуы, аяқталуы жырдың басқа нұсқаларына мүлдем ұқсамайды.

Жыршы халық аузында айтылып жүрген «Едіге» туралы жыр-дастандар мен аңыз, әңгімелердің негізінде эпосты жаңғырта жырлаған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қ.Жапсарбаевтың жырлауындағы «Едіге — Нұран» сюжеті басқа нұсқалардағы тұрақты эпизодтарды өзгеріссіз қайталау емес, өз алдына жеке, дербес вариант деуімізге болады.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін ОҒК — ның қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқадан (Ш. 687, 9-дөп) еш өзгеріссіз алынды.

Едіге батыр әңгімесі. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Шығарма ОҒК-ның Қолжазба қорында (Ш.1307, 7-дөптер) сақтаулы. Қолжазба өртүрлі дөптер қағаздарына көк сиямен, қаламмен латын әрпінде жазылған. Көлемі — 31 бет. Мәтін қара сөзбен берілген. Әңгімені айтушы — Аякеш Өмірзақов. А.Өмірзақов: «Бұл әңгімені бөкейліктің атақты тарихшысы Жарас деген қарттан есіттім», — дейді. Жинаушысы — Нәсимолла Биханов. Ол шығарманы А.Өмірзақовтың айтуы бойынша, 1940 жылы қағазға түсірген. Әңгіменің қысқаша мазмұны:

Ертеде Тоқтамыс деген хан болады. Оның он екі биі, Ебесей атты құсбегісі болады. Он екі бидің бірі Баба Түкті Шашты Өзіз екен. Ебесей түп аталарының қарызы үшін, Сәтемірге Қара шұбар атты құстың бір жұмыртқасын бергені үшін дарға асылады. Одан қалған Едігені он екі бидің бірі — Баба Түкті Шашты Өзіз тауып, асырап алады. Едіге есімді батырдың дүниеге келетінін білген хан, сол жылы туған балардың бәрін қырғызады. Баба Түкті Шашты Өзіз өз баласын беріп, Едігені аман алып қалады. **Едіге зерек болып өседі.**

Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда Баба Түкті Шашты Өзіз айтып, сақтандырады. Едіге әкесі Ебесейдің аян беруімен Сәтемір еліне аттанады. Жолда қалмақтың Қорғасын атты батырын өлтіріп, ханның қызын құтқарады. Кейін Сәтемірден қол алып, Тоқтамыстан кегін алуға келгенде, іште қалған баласы Нұрадынмен (Итбай) табысады. Екеуі **Тоқтамыстан кек** алуға аттанады. Нұрадын Тоқтамыстың басын алады. Едіге

мен Нұрадынды Кенжанбай араздастырады. Әкелі-балалы екеуі татуласып келе жатқанда, оларды Тоқтамыстың адамдары өлтіреді.

Бұл әңгіме — Едіге жайында баяндайтын ескі сөздердің ішіндегі ең қызықтысы және тарихи оқиғаны әңгімеге айналдырып айтқан бір варианты.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін ОҒК — ның қолжазба қорында сақтаулы тұрған түпнұсқадан (Ш. 1307, 7-дөп) еш өзгертусіз дайындалды.

**Едіге.** «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» цикліне жататын «Едіге» жыры алғаш рет 1989 жылы жарияланған<sup>39</sup>. Жыршысы атақты Мұрын жырау. Кейінірек осы нұсқа 1996, 1999 жылдары тағы да жарияланды<sup>40</sup>. Аталмыш жырдың түпнұсқасы ҚР Білім және Ғылым министрлігі Орталық Ғылыми кітапханасының Қолжазба қорында сақтаулы (Ш.1-307,). Шығарма мәтіні араб әрпінде, көк сиямен жазылған. Көлемі — 20 бет. Жырды 1942 жылы ақын Мәриям Хакімжанова Мұрын жыраудың орындауында жазып алған.

Жырда Едігенің әкесі Құттықия белгілі құсбегі болады. Тоқтамыстың Қуқанат деген құсының бір жұмыртқасын Сәтемір ханға жасырын беріп жібергені үшін Тоқтамыс хан Құттықияны өлтіреді. Міне, осы тартыс көрінісі басқа варианттармен ұқсас болғанымен, Мұрын жырау нұсқасында елеулі өзгешеліктер де кездеседі. Солардың бірі — Едігенің әкесі Құттықияның хан әулетінен деп деп айтылуы. Ал, тарихи Едігенің Пайғамбар әулетінен де, хан тұқымынан да емес, ақылқайратының арқасында «қарадан хан» атанғанын білеміз.

Тоқтамас Құттықияны өлтіргенімен қоймай, артында кек алатын кісі қалмасын деген оймен оның баласы Едігені де құртпақ болады. Сол кезде Жылқыбай атты адам Едігені жасырып, оның орнына өз баласын қияды. Жылқыбай есімі басқа

<sup>39</sup> Едіге // Батырлар жыры. V-том. (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғандар: О.Нұрмағанбетова, Қ.Сыдықов). Алматы: Жазушы, 1989. -70-96-беттер.

<sup>40</sup> Едіге // Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы: С.Медубеков, Ғылымтүсініктемелерін жазған: О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Ғылым, 1996. 140-168 беттер; Едіге // Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған: О.Нұрмағанбетова) — Алматы: Шегә-тас баспасы, 1999.-137-166- беттер.

нұсқаларда кездеспейді. Жылқыбайдың осындай ерлікке баруын Едігенің ата-бабасын қадір тұтқандықтан, жақсының тұқымы жойылып кетпесін деген түсінігі екенін көреміз. Едігенің арғы тегін айтып беретін де Жылқыбай болып суреттеледі. Тағы бір айырмашылығы, жырдың басқа нұсқаларында Едігеге жолдас болып жүретін Аңғысын Тоқтамыстың қырық нөкерлерінің бірі екені осы нұсқада ғана айтылады. Сол сияқты Едігенің Тоқтамысты өлтіріп, оның орына Жылқыбайды хан қоятыны, оған ханның үлкен қызын әперетін эпизод та басқа варианттарда кездеспейді.

Мұрын жырау нұсқасында Едіге қалмақтың Қанқожа деген ханымен, оның баласы Абығаймен және Тоғалай батырмен соғысады. Едігенің қасында ноғайлының батыры Айсаұлы Ахмет серік болып жүреді. Жырда батырларды ерекше әсірелеп суреттеу, сол сияқты жауларың да ерекше күштің иесі ретінде көрсету сияқты ертегілік сипаттар мол.

Ал, жырдың ақыры күрт өзгеріп, жаудың «қалмақ» болып шығуы тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Жыршы тарихи шындықтан гөрі Едігенің батырлығын дәріптеу үшін эпос мазмұнына бергі дәуір оқиғаларын қосқан. 1989, 1996, 1999 жылдардағы басылымдарды түпнұсқамен (ОҒК: Ш.1307) салыстыру барысында аталған жинақтарда жекелеген сөздер, жыр жолдарының түсіп қалғаны, сол сияқты қара сөзбен берілген мәтіндерде де кейбір сөйлемдер қалып кеткені анықталды. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір-екі мысал келтіріп кетейік:

1. 1996, 1999 жылы басылған жинақтардың 144, 142 беттерінде 117, 124, 126, 128-жыр жолдары түсіп қалған және сол өлең жолдарындағы түпнұсқадағы *«қарағым»* сөзі басылымдарда *«жасымды»* болып, ал 125-жолдағы *«Иесіз болып тұл қалды»* деген өлең тіркесі *«Иесіз дәулет бұл қалды»* деп өзгертілген. Сонда мәтін былай болып келеді:

**Түпнұсқа:**

Айналайын, Едіге  
Қарағым, көтер басыңды,  
Тұрып-ай ішші асыңды,  
Қашан тиям, қарағым,  
Көзімнен аққан жасымды?

**1996, 1999 ж.ж. басылымдар:**

Айналайын, Едіге,  
Қарағым, көтер басыңды,  
Қарағым, ішші асыңды,  
Қашан тиям жасымды  
Көзімнен аққан жасымды?

Бұл ордада кім қалды?

Жасы жетіп қуарған

Мен секілді шал қалды.

Мынандай бір бөле тап болып,

Қарағым, тұршы, Едіге,

Мен отырмын қасыңда,

Асыл туған ер, — деді

Адыра болып Ақ орда

Иесіз болып, тұл қалды.

Ақ орданың ішінде

Ие болып кім қалар?

Иесіз қалған қараға

Екі қубас бұл қалды.

-----

Жасы жетіп қуарған.

**Мен секілді шал қалды**

Мынадай бір бөле тап болып,

Қарағым, тұршы, Едіге,

Мен отырмын қасыңда,

Асыл туған ер, — деді.

-----

Иесіз дәулет бұл қалды

-----

**Ие болып кім қалар?**

Иесіз қалған қараға

-----

Көріп отырғанымыздай, осындай өлең жолдарының түсіп қалуы, түпнұсқадағы өлең тіркестерінің, жеке сөздердің өзгертілуі, жырдың мазмұны мен көркемдік құрылысына едәуір нұсқан келтірген.

Ал, енді қара сөз үлгісіндегі қалып қойған сөйлемдер кездесетін жерінен бір мысал келтірейік. Бұл мысал үш басылымға да ортақ. (1989, 71-бет; 1996, 143-бет; 1999, 141-бет). Мысалы:

Тоқтамыс ханның алмасы өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, ешнәрсе айтпастан, басын кесіп тастаған. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберген. «Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен?», — деп.

... .... Сосын Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойды, «баласы түскен кезде ұл, қыз демей, осында алып келіңіз» деп.

Енді түпнұсқадағы дәл осы жерден үзінді:

Тоқтамыс ханның алмасы өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, ешнәрсе айтпастан, басын кесіп тастаған. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберген. «Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен?», — деп.

Барған кісілер айтып келді: «Қатыны буаз екен» деп. Сосын Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойды, «баласы түскен кезде ұл, қыз демей, осында алып келіңіз» деп.

Бұл жерде түпнұсқадағы асты сызылған сөйлемдер басылымда түсіп қалған. Сол себепті мәтіндердің мағынасы көмескі

таратқан. Осындай кемшіліктер аталған басылымдардың әр жерінде кездеседі.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін БҒМ ОҒК-ның сирек қорында сақтаулы түпнұсқадан (Ш. 1307) дайындалды.

**Мәулімнияз—Едіге.** XIX ғасырдың соңғы жартысында Сыр, Арал өңірінде өмір сүрген атақты жырау Нұртуған Кенжеғұлұлы 23 жасынан бастап өлең шығарған. Ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. «Едіге», «Орақ — Мамай», «Қарасай — Қазы», «Тағаймұрат», «Қобыланды», «Өмір-Темір көреген», «Ақкете — Шернияз», «Ақтабан шұбырынды» сияқты дастандар мен көптеген терме-толғаулар іспетті мол мұра қалдырған. Нұртуған жырларын Дәріғұл деген туысы жыршы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан<sup>41</sup>.

Нұртуған жырлаған «Едіге» жырының бірнеше көшірмесі болған. Солардың бірі — «Мәулімнияз — Едіге» жырын алғаш рет ақын мұрасын жинап, сақтаған немересі Ниязбек Мақанжанұлы 1992 жылы шығарған кітапта жариялаған<sup>42</sup>. Кейін осы нұсқа ешбір өзгеріссіз, тағы да екі рет жарияланды<sup>43</sup>. М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында Нұртуған жырлаған «Мәулімнияз — Едіге» жырының екі түрі сақтаулы Соның бірін зерттеуші Асқар Тұрғанбаев 1987 жылы жыршы Демеу Жолымбетовтың дәптерінен көшіріп, қолжазба қорына тапсырған (Ш.949, 1-дөп.). Ал екінші жыр 1989 жылы жазылған. Жинаушысы — Ақанжан Келімбетов (Ш. 129, 1-4-дөп.). Осы екі мәтіннің мазмұны, көлемі, баяндау мәнері жоғарыда аталған басылымдармен ұқсас болып келеді. Тек айта кететін бір жайт, Ақанжан Келімбетов жинаған жырдың соңғы бөлігіне бертінгі заман оқиғалары қосылып кеткен.

Нұртуғанның «Мәулімнияз — Едіге» жырында «Едіге» атына байланысты нұсқалардың оқиғалық желілері сақталғанымен оның сюжетінде өзіндік ерекшеліктері де бар. Олар:

<sup>41</sup> Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1 том. — Алматы: Ғылым, 52-бет.

<sup>42</sup> Мәулімнияз-Едіге // Нұртуған. Кәнеки, тілім, сөйлеші. (Құрастырушы Әбдісаттар Садуақасұлы) — Алматы: Ғылым, 47-161-беттер.

<sup>43</sup> Мәулімнияз-едіге // Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы — С. Медеубеков, түсініктемелерін жазған — О. Нұрмағамбетова) — Алматы: Ғылым, 1996-168-290беттер; Мәулімнияз Едіге // Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағамбетова) — Алматы: Шеге — Тас баспасы, 1999.-166-288 беттер.

Едігенің ата-бабалары араб тектес делінуі; Едігенің әкесі Мәулімнияз жастай жетім қалып, Баба Түкті шашты Тәжі деген әулиенің қолына тәрбиеленуі; Едігенің орнына өз баласын құрбан ететін адам Құттықияның інісі Құтты би болуы; Едігенің жолдасы Аңғысынның қатардағы көптің бірі болмай, ақын деп сипаттаулы т.б. Тағы бір айырмашылығы жырдың өзге нұсқаларында қара сөзбен баяндалатын тұстары Нұртуған вариантында кеңірек және өлеңмен берілген. Едігеге арналған қазақ жырларының ең көлемдісі, тілі шұрайлы, әрі көркемі жоғарысы — Нұртуған нұсқасы.

Томға ұсынылып отырған мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы тұрған қолжазбадан (Ш. 949, 1-дөп) дайындалды.

«Едіге батыр» эпосы. Алғаш 1996 жылы жарық көрді<sup>44</sup>. Аталымыш жыр үш жылдан соң, яғни 1999 жылы еш өзгеріссіз, қайтадан басылып шықты<sup>45</sup>.

Осы жырдың түпнұсқасы ҚР Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (Ш.920/46) сақтаулы. Қолжазба қазіргі қазақ әрпімен, көк сиямен жазылған. Көлемі—122 бет. Шығарманың мәтінінде қарасөз бен өлең аралас келеді. Мәтінде қарақалпақ тілінің элементтері мол кездеседі. Бұл нұсқаны Әмудария құйылысындағы Қоңырат қаласының тұрғыны жырау Қылышбайұлы Қартбайдың айтуынан филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров пен студент Жәмила Әбдрахманова жазып алған. Ғалымдардың пікірінше, «Жырдың өзіндік құрамына, өлең ұйқастарының өзгешелігіне, оқиғаның болған жерлерінің атауларына қарағанда, бұл нұсқаны қарақалпақтар жаратқаны аңғарылады»<sup>46</sup>.

Жырдың қысқаша мазмұны төмендегідей: Тоқтамыс ханның құзырындағы тоқсан бидің бірі Тұлымби қожа перзентсіз болып, әйелі Наубахармен туған елінен қуылып, жапа шегіп ел кезіп кетеді. Тұлымбиге ағаш басындағы ғайыптан туған ба-

<sup>44</sup> Едіге батыр эпосы //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы—С.Медеубеков, түсініктемелерін жазған—О.Нұрмағанбетова)— Алматы: Ғылым, 1996.-290-351-беттер.

<sup>45</sup> Едіге батыр эпосы //Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған—О.Нұрмағанбетова)— Алматы: Шегә-Тас баспасы, 1999.-352-442-беттер.

<sup>46</sup> Бердібаев Р. Алғы сөз //Едіге батыр.— Алматы: Ғылым, 1996.-43-бет.

ланы Гүлнахал атты күңі тауып береді. Баланың атын Рахымберді қояды Асық ойнап балаларды алдап ұтып алып жүрген Қиқымтас атты баланың қорқып «едік-едік» деп қашқаны үшін Рахымбердінің аты Едіге боп кетеді. Едігенің даңқын естіген Тоқтамыс хан оны өз құзырына алады. Тұлымбиге қастық ойлаған адамдар Едігенің де көзін жоюды ойластырады. Едігені Төке кәпір еліне жұмсайды. Едіге жауды жеңіп, Төке ханның қызына үйленеді.

Жырдыңкіріспесіндегі: *«Бұрынғыөткензаманда, Хорезмнің жұртында Тоқтамыс деген хан өмір сүрген екен. Ол ханның мекені Қоңырат қаласы болыпты. Ханның қарауында 40 мың үйлі қоңырат, 40 мың үйлі қыпшақ, 40 мың үйлі қаңлы, 40 мың үйлі жауыт, 40 мың үйлі шаудыр, он мың үйлі ұйсін, он мың үйлі найман болған екен...»*, — деген мәлімет басқа нұсқаларында кездеспейді.

Бұл нұсқада батырлық ертегінің элементтері жиі кездеседі. Атап айтқанда: перзентсіздік, болашақ батырдың ғажайып тууы, оның тез жетілуі, оған қастандық жасалуы, батырдың жауын ерлікпен жеңіп, ерлікпен үйленуі т.б. мотивтер «Алпамыс батыр», «Ер Сайын» т.б. ертегі, жырларда кездеседі. Аталмыш жырдың жоғарыда аталған кейбір өзгешіліктерімен қатар «Едіге» туралы жырдың басқа нұсқаларымен сарындас келетін тұстары да бар. Мысалы, Едігенің Түкті Өзіз бен перінің қызы Шашты Өзізден тууы; Шашты Өзіздің (Едігенің шешесі) үш шартын бұзғаны үшін Едігені туып, ағаш басына іліп кетуі сияқты эпизодтар. Бұл жердегі айырмашылық әулие мен пері қызының қонысы Хорезм деп аталуында.

Баспаға әзірлеу барысында 1996, 1999 жылғы басылымдар түпнұсқамен (Ш.920/46) салыстырылды.

Сонда басылымдағы мәтіндерде көптеген өлең жолдарының, өлең шумақтарының түсіп қалғаны, кейбір қара сөзбен берілген мәтіндердің түзетілген анықталды. Бір екі мысал келтірейік:

**Түпнұсқа: (6-бет)**  
**Ш. 920/46 (6-6)**

**1996, 1999 жылғы басылым:**  
**(291, 290 б-р)**

Айта бермең аузыңа не келсе, Айта бермең аузыңызға не келсе,

Барлығы мұратына жеткен Барлығы мұратына жеткен

бар ма екен?!

бар ма екен?!

Сатып алып болмас, Құдай бермесе, Қайратпенен ұлды болу бар ма екен?!	Сатып алып болмас, Құдай бермесе Қайратпенен ұлды болу бар ма екен?!
Бұл дүниенің әслі өзі жалған-дүр Көне сарай барлығынан қалған-дүр	Бұл дүниенің өзі әслі жалған-дүр Көне сарай барлығынан қалған-дүр
Мың жасасаң тұрмас соңғы ойран-дүр. Көңіл мұратына жеткен бар ма екен?!	Мың жасасаң тұрмас соңғы ойран-дүр. Көңіл мұраты жеткен бар ма екен?!
Қаншалардың мұнда көзі жаслы-дүр, Бір нешелер дайым көңлі қошлы-дүр. Нешелер арманда бауры тас болур Бұл дүнияны толық тұтқан бар ма екен?!	----- ----- ----- -----
Нешелерді ұлпат қылар жүзіне Нешелердің күліп қарар жүзіне Біреулердің құм құйғызар көзіне, Зарлатпай-ақ туры дүния бар ма екен...?!	----- Нешелердің күліп қарар жүзіне Біреулердің құм құйғызар көзіне, Зарлатпай-ақ туры дүния бар ма екен...?!

3. Қара сөз үлгісіндегі редакцияланған 1996, 1999 жылғы басылымдардың 301, 299 беттері:

Мұнан соң Шашты Әзиз Түкті Әзизден киімдерін әкеліп беруін өтінді. Түкті Әзиз перінің киімдерін алып барып берді. Шашты Әзиз киімдерін киіп, шаштарын тарап, он төрт күндік айдай болып Түкті Әзиздың алдына барады. Періні жақыннан көрген бабаның есі кетіп, сәлеміне зорға жауап қайырады. Пері бабаға айтады: «Мен саған бірнеше шарт қоямын. Шартты орындасаң, мен де шартта тұрамын», — деп төмендегіше баяндайды...

**Енді түпнұсқадағы осы эпизодтан үзінді (26-бет):**

Бұдан кейін Шашты Әзиз: «Әй, баба, менің киімдерімді әкеліп бер», — дейді. Түкті Әзиз киімдерін апарып береді. Шашты Әзиз киініп судан шығады. Таранып, бетінің суын сүртіп, жасанып, он төртіндегі айдай болып сәлем беріп, бабаның қасына келеді. Періні жақыннан көрген соң, бабаның есі кетіп, сәлемін



зорға алады. Пері бабаға қарап: «Енді мен саған бірнеше шарт айтамын, сен қабыл етіп алсаң, мен де шартта тұрамын», — деп мынаны айтады:

Бұл — халық прозасының тілі. Басылымда халық прозасына төн сөз мәнері, сөйлем құрылысы өзгертілген. Құрастырушылар халық тілін көркемдеуге тырысқан. Осы сынды түзетулер өте көп. Мұндай түзетулер — білместіктен гөрі, фольклор мұрасының өңдеуге болмайтын құнды халықтың ескерткіші екенін түсінбегендіктен кеткен қате.

«Едігеге» қастысты жырлардың түрлі нұсқаларын салыстырып қарағанымызда олардың оқиғалық, құрылыстық жағында бірқатар айырмашылықтары бар. Әрине халықтың батырлық эпосының қай-қайсысы да бір күнде туған жоқ. Әуелі елін қорғаған ерлердің жауға қарсы аттаныстары, батырлық іс-әрекеттері, қаһармандық бейнесі суреттелген аңыз-әңгімелер, қысқа тарихи өлеңдер болып туады. Бұл шығармалар ауыздан-ауызға тарап, ел арасына кең жайылады. Кейінгі айтушылар олардың бәрін шебер құрастырып, эпикалық шығармаға айналдырады. Осылай таралған эпостық жырда айтушының қиялынан, тыңнан қосылған эпизодтар мен әсіреулер болады. Бірақ жырдағы суреттелген оқиғалардың тарихи елесі сақталады.

Салыстырып отырған 7-8 нұсқаның сюжеттік негізі бір. Жырдың алғашқы нұсқасын өте дарынды ақын-жыршы шығарған. Ал кейінгі жыршылар жырдың ұтымды жерлерін өзгеріссіз сақтап, кейбір эпизодтарды өз қалауынша жырлаған.

Жинаққа ұсынылып отырған жыр мәтіні М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқадан (Ш. 926, 46) еш өзгертусіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

*Алла* (Аллаһ)—Ислам дінінің баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдайы. Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры— жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәниде істеген қылықтарын таразылап, біреулерін — жұмаққа, басқаларын — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Атап айтқанда, Мұса (Моисей) мен Иса (Иисус) осындай өкілдер болды. Алайда, олардың жолын қуғандар Құдай өсиеті мен бейнесін бұрмалады. Мұхаммед — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың өз сөзі жазылған Құран берілді.

Алла — жалғыз Құдай, оның қандай да бір ұлы, немесе онымен бірге қандай да бір өміршінің немесе серіктестің болуы мүмкін емес. Тек бір ғана Құдайға сиыну — Ислам дінінің негізгі белгісі, ол христиандардың үштік құдай (троица) туралы догматына үзілді-кесілді қарсы.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Мешіттерде намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал, табынудың басты орны — Меккедегі Қағба болып саналады: онда аспаннан Алла жіберіпті дейтін «қасиетті қара тас» бар.

Алла — «Ал Иллаһ» деген атаудың араб грамматикасы бойынша біріктіріліп айтылуы. Ұғымы — құлшылық жасауға лайық зат.

Исламға дейінгі Арабстанда, әсіресе, Меккеде адамдар өздері табынып келген пұттарды «Илаһ» деп, ал, сол көптеген пұт құдайлары ішінде ең мықтысын — «Аллаһ»

деп атаған. Сондай-ақ, олар «Илаһ» атты пұттар Аллаға дәтімизді, мінәжатымызды жеткізеді деген сеніммен соларға сиынып, Аллаға серік қосатын. Ал, Құран Шәріфте — «Лә илаһа илла Алла», яғни, «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ» делінген және Алладан басқаға сиынып, табынуға мүлде тыйым салынған.

Қасиетті Құранда «Алла» деген атау 2697 жерде, «Илаһ» деген атау 167 жерде кездеседі.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. басқа өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз тамаша есімдері көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Қаһар (құдіретті), Жаппар (мәртебелі), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атына зікір айтылып, ол рәсім Әлхамду лиллаһи, Субхан Аллах, Аллаһу Акбар деген мадақ сөздер отыз үш реттен іштей күбірлеп, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады. Аллаға бағышталатын түрлі мадақ сөздер мен поэзиялық шығармалар «Хамду сәна» деп аталады.

Алла Тағаланың тоқсан тоғыз тамаша есімдері көптеген мұсылман есімдерінің құрамына кіреді, мәселен, Абд-ул Маджид (даңқтының құлы, яғни Алланың құлы) немесе Абд-ул Кәрім (жомарттың құлы, яғни мұнда да Алланың құлы), т.б.

Қазақ тілінде Алла есімін Құдай (парсы), Тәңір (түркі) сөздерімен ауыстырып атай береді. Алла атымен байланысты Алдаберген, Тәңірберген, Құдайберді, Құдайқұл, Аллажар, т.б. кісі есімдері бар.

*Айша* (арабша — «ғайш», яғни, «өмір» деген сөз) — Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелдерінің бірі, Расул Алланың тілеулес досы және бірінші халиф Әбу Бәкірдің қызы.

Кейбір ислам зерттеушілерінің айтуларына, Айша хазірет Мұхаммедке (ғ.с.) қосылғанда он жаста болған. Пайғамбар мен Айша хазірет сегіз жыл отасады. Мұхаммед (ғ.с.) қайтыс болғаннан кейін Айша саяси қозғалыстарға белсене қатысады. Халифат билігі үшін болған соғыстарда Айшаның үлкен ерлік көрсеткені тарихтан белгілі.

656 жылы Айша Пайғамбардың жақын достарының бірі Талх өз-Зубайрамен жақтасып, бір кезде өзін өкпелеткен қай-

нысы, әрі күйеу баласы Әлиге қарсы соғысады. Бұл шайқаста Әли Арыстан жеңеді де, халиф боп сайланады.

Айша бастаған әскер түйеге мінгендіктен бұл соғыс — «түйелілер шайқасы» деген атпен тарихқа енді.

Айша — өте ақылды, өжет, әрі аса беделді дін қайраткері болды. Кейбір деректер бойынша, Айша Мұхаммед пайғамбардан қалған мың екі жүздей хадисті әңгімелеп, қағаз бетіне түсірткен.

Айша хазірет — кейбір шиіттіктерді қоспағанда барша мұсылмандардың, әсіресе, әйел қауымының қадірлі адамы болып табылады. Оны көбінесе, Айша Ана, Айша әулие, хазірет Айша деп құрметпен атайды. Айша есімі — қазақ қыздарына қойылатын есімдердің бірі.

*Аңғысын* — Едігенің бала күннен бірге өскен досы. Жырда бір ғана эпизодта көрінеді. Аңғысын Едігеге басына қатер төнгенін ескертіп, сақтандырады. Дәл осындай жағдай басқа халықтардың фольклорында да кездеседі. Мысалы, Жирмунский шотланд тарихы жырында Роберт Брюс осындай жолмен жауларынан құтылып кеткендігін айтады. «Шыңғыс-намада» да осы «Едігені» сақтандыру эпизодын еске түсіретін бір үзінді бар (Чингиз-наме. 1992. 131-132 бет).

*Аплатон, Платон Афиналық* (б.д.д. 427-347) — ежелгі грек [иунан] философы, идеализмнің негізін салушы. 407 жылы Сократпен танысып, оның ең сүйікті шәкірттерінің бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып, лекция оқыған. Платон жөнінде оның өз шәкірттері мен Аристотельдің атақты шәкірті Аристоксен көп жазған.

Қазақтар оны көбінесе «Аплатон» деп атаған.

*Әбубәкір Сыдық* (Қолжазбада «Сыздық» болғанмен дұрысы «Сыдық») — Мұхаммед (ғ.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халиф. Ол Пайғамбарымыздың өзі шыққан Құрайыш руынан болатын. Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (ғ.с.) Исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды. Одан үлгі алған жерлестері хазірет Осман бин Аффан, Әбдірахман бин Ауф, Талха бин Убайдулла, Сад бин Әбу-уақас, Зұбайр бин Ауам сияқты кісілер де Исламды қабылдайды.

Әбубәкір — Расул Алланың төрт сахаба — достарының бірі. Қазақтар көбінесе, оларды парсы тілінің ықпалымен төрт ша-рияр деп атаған.

Хазірет Әбубәкір әділдігі үшін Сыдық деген есімге ие болды. Ол 631 жылы Меккеге аттанған алғашқы қажылық сапарды басқарған. 632 жылы Мұхаммед (ғ.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Ислам дінінің көкжиегін кеңейтіп, әр түрлі әскери жорықтарға қатысты. Өзі Халифатты басқарған (632-634) жылдары хазірет Расулға түскен Алла аяттарының жинағын құрастырады. Хазірет Әбубәкір — Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның үшінші әйелі Айшаның әкесі.

**Әзірет Әли** — Османнан кейін билік басына келген төртінші «әділетті халиф». **Хиджраның 656-661 жылдары** Мекке қаласында тұрып, мұсылман жұртына басшылық жасаған. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан алып, күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қам-қам», «сам-сам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әсіресе, Әли «зұлпықарын» сілтегенде бірнеше жүз көпірді шауып түсіреді. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырайды. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли (ғ.с.) өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «шаһимардан», «қайдар», «арыстан», «шері», «мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты «Дүлдүл» де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әлидің бірнеше әйелінен тараған он сегіз баласы болған. Олардың бәрі де әкесімен бірге әскери жорықтарға қатысып, Ислам мақсаттары жолында жан аямай соғысады. Әсіресе, Әлидің Хасен, Хұсайын, Мұхаммед-Ханафия секілді ұлдары

ғазауат майдандарында ерекше көзге түсіп, түрлі діни аңыздардың сюжеттеріне басты арқау болғаны белгілі.

Хазірет Әли Мұртаза ибн Әбу Тәлиб 661 жылы Куфа мешітіне кіре берісте хауариждердің (хариджилер) атқан оғынан жараланып, көп ұзамай қайтыс болды.

Бір айтатын нәрсе, хазірет Әлидің Осман халифтің туыстары мен Расул Алланың жесірі — хазірет Айшамен, сондай-ақ, хариджилермен болған соғыс қимылдары Исламның екі тармаққа — суннит және шиит (шиға-жақтастар) — ағымдарына бөлінуіне әкеп соқтырады.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың көпшілігі қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір бөлігінде өмір сүреді.

**Әмір-Темір** Темірлан, Ақсақ Темір (1336-1405) — жиһангер, Орта Азияның ірі билеушісі қолбасшы, әмір (1370-1405). Монғолдың түріктенген Барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің баласы. Шаһрисябз қаласының маңындағы Хожа-Илғар қыстағында туған. 1362 ж. соғыста аяғынан жараланып Ақсақ Темір атанды. Темір әскерінің ұйымдастыру құрылымы, саны Шыңғысхан дәстүрімен, ондық жүйемен құрылғанды. Темір мемлекетінің астанасы — Самарқан қаласы болды. Темір ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне көп көңіл бөлді. Әскери жорықтарда қолға түскен шеберлерге Мауараннахрдың қалаларында зәулім мешіт, медресе, несене-ғимараттар салдырған.

**Әзірейіл** — Аллаға жақын періштелердің бірі. Қызметі — адамдардың жанын алу. Әзірейіл адамдардың тағдырын білсе де, дәл өлер күндерін білмейді. Уақыты келгенде құдіретті Алла тағының жанында өсіп тұрған ағаштан дүние салатын адамның аты жазылған жапырақ үзіліп түседі. Сол сәтте Әзірейіл адамның жанын алуға тиіс.

**Баба Омар** — әулие, жырда Едігенің атасы болып келетін эпикалық кейіпкер.

**Баба түкті Шашты Әзіз** — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең

алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

*Дәуіт* — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде Давид.

*Едіге* — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арасындағы текетіреті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды (1396-1419жж.). Қара халық арасынан шығып, көшпеліноғай-қыпшақ ұлыстарыныңнамысынқорғағандықтан қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

*Ескендір Зұлқарнайын* [б.д.д. 356-323] — Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен Батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері [Низами, Фердауси, Абай, т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

*Жәбірейіл* — Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ғ.с.) келіп, Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл әр түрлі бейнеде көрінеді. Мұхаммедке алты жүз қанаты бар адам бейнесінде көрінген.

*Жүсіп* — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар. Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

**Иса** (Иусус, Ғайса, Ғиса, Айса) — Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты Исламда да ілтипатпен еске алынады. Алайда Ислам қағидасы бойынша, Иса (ғ.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Десе де, Құранда Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәрия хазіреттің атында арнайы сүре (19-шы) бар.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері болса, Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

**Кеңестің ұлы Кеңжанбай** — «Едіге» жырының сюжетінде айрықша орны бар кейіпкердің бірі — Кеңжанбай. Едігемен, Тоқтамыспен қатар, Кеңжанбай есімі жырдың туыстас халықтарға тараған барлық нұсқаларында аталады және аталатын орны, іс-әрекеті өзгеріске түспейді.

**Қадірберді** — Қадірберді жырда Тоқтамыстың жалғыз ұлы ретінде бейнеленеді. Бұл да эпикалық дәстүрдің бір көрінісі. Сол замандағы шежірелердің айтуынша Тоқтамыс ханның сегіз ұлы болған. Бұлардың ішінде үлкен беделге ие болған және Едігеге қайтпай күрескен үлкен ұлы Жәлелиден мен кенже ұлы Қадірберді. Ал, Қадірбердінің бар өмірі Едігеге қарсы күрес үстінде өтеді. 1419 жылы Қадірберді әскерімен болған бір соғыста Едіге қатты жараланады. Жырда қартайған Едігенің өліміне Қадірберді қорлығы себеп болады деп көрсетіледі. Бұл шындықтан алшақ кетпейді.

**Қызыр** — мұсылман дінінде ел аралап жүрген, адам бейнелі «әулие», адамға «қамқоршы», «бақыт», «дәулет» беруші. Илияс (Илияс, Илья) — көне иудей, христиан аңыздарында Илиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей



құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Илияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Илиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Илияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Илиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғап жүреді. Кейде Илиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Оларғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді.

Қазақтар «Қыдыр дарып, бақ қонсын» деп баталасады. «Қырықтың бірі — Қыдыр» деген мақал да бар. Халық арасында Илияс есімді кісілерді жиі ұшыратуға болады.

**Мәриям** — Иса пайғамбардың анасы. Құранның бір сүресі Мәриям атауына ие. Мұсылмандар Мәриямды әулиелер тарихындағы ең үздік тақуа әйелдердің бірі, жұмақтағы әйелдердің басшысы деп есептеді.

**Мекайыл** — Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (ғ.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Мұхаммед (ғ.с.)-ның көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болды. Бадр түбегіндегі меккеліктерге қарсы соғыста басқа періштелермен бірге мұсылмандарға көмекке келген. Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл

**Мұхаммед** — ең соңғы пайғамбардың аты, ұғымы — мақтаулы, мақталған. Ислам дінінің негізін салушы, бүкіл мұсылман дүниесінің Алла Тағаладан кейінгі рухани көсемі. Мұхаммед (ғ.с., яғни, ғалейһи ас-салам — оған Алланың нұры, шапағаты жаусын деген мағынаны білдіреді) біздің дәуіріміздің 570 жылы 20 сәуірде Араб түбегіндегі Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал, анасы — Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа ғалейһи ас-салам алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң, ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың назарына ілігіп, ізгі нұрына бөленген Мұхаммед 610 жылдары, 40 жасында Алланы, яғни, бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде, ғибадат етіп отырған түні, таң алдында, рамазан айында түсті. Бұл Алладан өзінің Елшісіне келген алғашқы әмірі еді.

Мұхаммед (ғ.с.) Ислам дінін жария еткенде алғаш дінге кірген адамдар: Әли Мұртаза ибн Аббас, жұбайы Хадиша, қыздары — Зейнеп, Рұқия, Үммү-л-Гүлсім, Фатима, ағасы Әбутәліп пен қызметшісі Біләл т.б. болды. Себебі, арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Пайғамбардың дінін бірден қабыл алмай, қайта оған қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады.

Сондықтан, б.д. 622 жылы Мұхаммед (ғ.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл күн кейіннен Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «Хиджра», яғни, «Қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа ғалейһи ас-салам бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында, сүйікті жары Айшаның үйінде қайтыс болды. Кейбір деректер бойынша, Расул Алла маусымның 8-ші жұлдызында, дүйсенбі күні қайтыс болған.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), «хазірет Мұхаммед» (дін басы, көсем, мәртебелі) т.б. эпитет есімдерімен қоса Махмұд, Ахмед деген қосалқы аттары бар. Пайғамбардың Қасым, Ибраһим атты ұлдары жастай қайтыс болған. Перзентінің құрметіне оны Әбул-Қасым, яғни, Қасымның әкесі деп те атаған.

**Нұрадын** — «Едіге» жырындағы Нұрадын Сәтемір ханның қызынан туады. 12 жасқа келген соң, асық ойнап жүргенде, әкесінің ескі кегі және ата-жұрты туралы естиді. Едігенің Тоқтамысқа қарсы аттануына мұрындық болады. Әкелі-балалы екеуі ел шетіне келгенде, жұртын тастай қашқан Тоқтамыстың соңынан қуып шығады. Жекпе-жекте Тоқтамысты өлтіріп, басын кесіп алады. Бұдан соң өзіне тиеселі қызды әкесі алып қойғаны себепті, Едіге мен Нұрадын арасында араздық туады. Нұрадын әкесін мүгедек қылып қойып, жұртты екі бөліп әкетеді. Судың келесі жағында дербес билік құрады. Ақыры әйелінің ақылымен, әкесінен кешірім сұрап татуласады. Жырдың

соңында Едіге мен Нұрадын Қадірбердінің қорлығына шыдамай, қайғы-құсадан өледі.

Нұрадынның ғұмырбаянымен қаншалық дәрежеде сәйкес келетінін айту қиын. Жырдағы Нұрадында фольклорлық сарындар бар екені белгілі. Бұлар: өз тағдырына қатысты құпия сырды кездейсоқ кісіден есту, қалыңдық үшін араздық. Нұрадын Сәтемір (болмаса басқа бір билікті өміршінің) қызынан тууы, жекпе-жекке шығуы — дәстүрлі сюжет көрінісі емес, шындық негізіндегі жағдай болуы мүмкін дегеннің өзінде, жырдағы Нұрадын бейнесі Едіге мен Тоқтамысқа, Қадірбердіге қарағанда шындықтан алшақ, аңыздық кейіпте жасалғанын көреміз.

**Омар**—Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші «әділетті халиф». Ол — Исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң, мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазіреттің басшы болған он жыл ішінде Ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халиф тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ, мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халиф лауазымына «**Әмір әл-муминин**» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. ҮІІ ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифі Әбд әл-Мәлік хазірет Омар (ғ.с.) намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

**Осман** — Осман ибн Аффан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші «әділетті халиф». Ол — **Мұхаммед пайғамбардың жолын** ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Осман (қазақша — Оспан) әуелі, Пайғамбардың қызы Рұқияға, ол қайтыс болған соң, Расулдың екінші қызы — Үммү-л-Гүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Османға Зу-н-Нурайн (Екі Шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

*Сыпыра жырау*—көп жасаған сәуегей, дана қарт. Қазақ қарақалпақ ғалымданының пікірінше, Сыпыра жырау—тарихта болған адам. деген Академик Әлкей Марғұлан атақты Ибн-Баттута айтқан, қыпшақ жұртының ақылгөй данасы, Сарайшық қаласында өмір сүрген қария—осы Сыпыра жырау деп есептейді (А.Х.Марғұлан, О носителях древней поэтической культуры. А, 1959, 75). Сыпыра жыраудың есімі «Қазақ совет энциклопедиясына», ең жекелеген ғалымдар еңбегін де, әдебиет тарихына енгізілген. Сыпыра жырау (Сүп жырау, Сафардау, Субра) «Едіге» жырының барлық нұсқаларында бой көрсетеді.

*Сүлеймен*—Құран аты аталады пайғамбардың бірі, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған. Сондай-ақ ол мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануарлардың тілін білген» деп дәріптеледі.

*Тоқтамыс*—Алтын Орда ханы. Тоқтамыс—Шыңғыс ұрпағы, әкесі Төлеқожа—Көк Орда ханы Орыс ханның ағайыны. Тоқтамыстың бала кезінде Төлеқожа Орыс ханмен билікке таласқандығы үшін өлтіріледі. Тоқтамыс ер жеткенге дейін Ордада болады да, кейін өзі Орыс ханмен, одан кейінгі Темір-Мәлік ханмен билікке таласа бастайды, билікке жету үшін Ақсақ Темірден көмек те сұрайды. Ақыры 1380 жылы Тоқтамыс Алтын Ордада хандық билікті қолына алады. Алтын Орда мен Мәуәраннахр билеушілері арасындағы қайшылыққа сай, енді хандық билікке ие болған Тоқтамыс пен Ордадағы бұлғақтың созыла беруін көздеген Ақсақ Темір арасында үш ірі шайқас болған. Тоқтамыс үшеуінде де жеңіліске ұшырайды. Соңғы жеңілістен кейін, Тоқтамыс Ордадағы биліктен біржола айырылады. Алдымен Қырымға, кейін Литва жеріне қашып, бас сауғалайды.

Литва князі Витовтың қолдауымен, ал кейін, өлерінен бірер жыл бұрын, Ақсақ Темірге барып, соның көмегімен хандық билікті өзіне қайтармақшы болады. 1406 жылы бір деректер бойынша (орыс жылнамалары), Шәдібек ханның қолынан, енді бір дерек бойынша (араб тарихшысы Ибн Арабшах) Едігенің қолынан қаза табады. Бұл Сібірде, Түмен маңында

болған. 1869 жылғы «Тобольские губернские ведомости» (№ 23) хабарлауынша, сол маңдағы бір қорымды жергілікті мұсылман қауым Тоқтамыс ханның моласы деп қастерлейді екен. Мұны Әбубәкір Диваев та жазады. Енді бір аңыз бойынша, Тоқтамыс Ұлытаудың бір шоқысына қойылады. Кейін, өмірінің соңында Едіге: «Мені де осы таудың басына қоярсындар», — депті-міс. Бұл — ешбір шындыққа келмейтін әңгіме. Біріншіден, Тоқтамысты өзінің жауы есептеген Едігенің аузынан мұндай сөздің шығуы мүмкін емес. Екіншіден, Тоқтамыстың Сібірде өлгені тарихтан белгілі, талассыз ақиқат. (Едіге. А. Айқап. 1993.)

**Ұлықман** — Ұлықбек Мұхаммед Тарағай Шахрухұлы (1394-1449) — Орта Азиядан шыққан ұлы астроном және математик, әмір, атақты қолбасшы, Ақсақ Темірдің немересі.

**Хасан (Асан)** — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шийіттердің екінші имамы. Әлиді 661 жылы өлтіргеннен кейін Хасан Иракта халиф болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да Ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе, шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасанды да «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасан ибн Әли 669 жылы Мәдинада қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халиф Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

**Хұсайын (Үсен)** — Хұсайын ибн Әли — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасанмен бірге аталады. 669 жылы Хасан өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда, 680 жылы Халиф Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде Куфалық халиф Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-шы қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шйіттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

*Хайдар* — Ержүрек, арыстан, патша. Әдетте, әзіреті Әлидің атына қосылып жазылатан теңеу, эпитет

*Шыдат, Перғауын Нэмарт* — «Авеста» мен «Шахнамада», өзге де араб-парсы халықтарының фольклорында кездесетін кейіпкер.

*Бісрапыл* — қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай арқылы жеткізеді. Бісрапыл Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлайды.

## СӨЗДІК

*Аб, әб* /п/ — су, кәусар, мол, көп.

*Азал* /а/ — 1. күнәлау, жазғыру; 2. мәңгілік, мәңгі

*Азар* — азу, азап шегу, қайғы тарту; қорлық, зорлық  
зайбылық

*Азеп* /а/ — азап.

*Айғарры* /п/ — әй, ата

*Айле, әйлә* /т/ — жаса, істе орында

*Айуан* /а/ — балкон, жапсар, дәліз.

*Ақ* — *шын*, тура, ақиқат, хақ: Құдай, Алла, Хақ

*Ақсат* /п/ — шешім шешімін табу

*Аласат* /а/ — ойран, бүлік

*Алда* /ж/ — Алла

*Алмаға* /ж/ — алуға

*Алпаты* /қ.қ./ — аймақ, өлке, атырап — айырылғаннан

*Андан* — одан

*Андише* /т/ — ендеше, олай, болса

*Андыз* — тауда өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.

*Аңлат* /ж/ — түсіндір

*Аңсат* /қ.қ./ — оңай, жеңіл

*Апшілегей* /п/ — сыртқа тебу

*Апын* /п/ — жаулық, ашу, зұлымдық, соғыс

*Арда емді* — құлын күнінен бастап, құнанына дейін еміп, ақ  
жілік болған

*Арзи жаһана* /п/ — жер-жаһан.

*Арзу* /т/ — талап, тілек, өтініш

*Асқағат* /қ.қ./ — көп, көпшілік

*Асуасы* /а/ — шайтан

*Асы* /а/ — күнәһар

*Ау* /т/ — аң аулау; тұзақ, тор құру

*Ауаз* /п/ — әуез, дауыс, үн

*Ауара* /п/ — әуре

*Ах* — аһ-уһ одағай сөз

*Ахад* /а/ — бір, бірлік; Алланың бірлігі туралы

*Ахад менен уахда* — Біреу; бір; жалғыз; саяқ, дара

*Ахд* /а/ — келісім

*Ахирет, ақырет* /а/ — ақырзаман, дүниенің соңы

*Ашық* /а/ — ғашық, құмар, ынтық

*Аяндырып* /қ.қ./ — айналдырып жылқа төлі

*Әбзел* — атқа салынатын ер-тоқым және басқа жабдықтары

*Әзәзіл* — 1. шайтан, ібіліс тәрізді қаскөй Рух; азғырушы, алдамшы

*Әзиз* /а/ — ғазиз, аяулы, қадірлі, қымбатты

*Әлхамду лиллаһи* /а/ — Аллаға шүкір! Қасиетті Құранның бірінші «Фатиха» сүресінің бірінші аятының алғашқы екі сөзі

*Әлік алды* — сәлемін қабыл алды.

*Әсет* /а/ — арыстан; шілде айының арабша аты

*Әсп* /п/ — ат, жылқы

*Әспе* /п/ — бұзақы

*Әулие уәли* — діни наным бойынша тірілердің тағдырына ықпал жасайтын адам; Қасиетті, киелі адамдар. Қазіргі діндерде қанат жайған әулие ұғымы алғашқы қауымдағы адамдардың ата-бабаға табынуынан шыққан.

*Бағ* /п/ — бақ

*Бағи* /т/ — бағынышты

*Бақтың* /ж/ — қарадым

*Бант болдым* /қ/ — байландым.

*Барақ ит* — сабалақ жүндес ит

*Басқұр* — киіз үйдің кереге, уықтарын біріктіріп, бекітетін жабдығы

*Батпан* /т/ — Орта Азияда қолданылған аса ірі салмақ, өлшемі

*Батыма* — Бәтима, бәйбіше, хан әйелі

*Баше* /п/ — бала

*Баһана* /п/ — сылтау, себеп, бұлтақтау

*Баһар* /п/ — көктем, жаз айы

*Баялыш* — шөлді, құмды жерде, өсетін тікенді, бұталы өсімдік



*Бәлие* /а/ — қайғы, жаманшылық, бөле

*Бегана* /п/ — қайыршы, мүсәпір; бөтен

*Беден* /а/ — дене, мүсін

*Бейдамақ болу* /к.т/ — жағдайсыз қалу, тиесіз қалу; бос алаңсыз, қамсыз

*Бейқарар* /а/ — қарарсыз

*Бейқұда* /п/ — құдайсыз

*Бесін уақыт* — түс мезгіліндегі намаз уақыты

*Биәдеп* /п.а./ — әдепсіз

*Биәділ* /п.а./ — әділетсіз

*Битәртіп* /т/ — тәртіпсіз

*Бұлан* /т/ — бұла өскен, ерке

*Бұстан* /а/ — бау-бақша, бақ

*Бұяқ* /т/ — бұл жақ

*Бұлді* /т/ — бұліну, қирау

*Бір майдан* /ж/ — шамалы уақыт деген мағынада

*Бірлән* /т/ — мен, — бен, — пен, — менен, — бенен (шылау)

*Бір уа бар* — Алла Тағаланың бірлігі мен барлығы туралы

ҰҒЫМ-СӨЗ

*Гәда* /п/ — кедей, мүсәпір, қайыршы

*Гөдек* /п/ — бала

*Гүман* /п/ — күмән

*Гүнаһ гүнайым* /п/ — күнә, қылмыс

*Ғазауат* /а/ — дін жолындағы қасиетті соғыс

*Ғайбана* /п/ — көзге көрінбейтін, жасырын күш, дене

*Ғайыл* /а/ — қастық, бақытсыздық; ерегес, мазасыздық

*Ғалы палас* /п/ — кілем-палас

*Ғам* /а/ — қам, уайым

*Ғапыл* /а/ — жақылыс, білмей қалу

*Ғаррі* /п/ — ай жүзді, құрметті, атақты

*Ғаріп* /а/ — бақсыз, міскін

*Ғауға* /а/ — дау, шу, айқай

*Ғұлман, гилман* /а/ — 1. жас жігіт, бозбала; 2. жәннатта қызмет көрсетуші

*Ғұлмат* /а/ — ғылым нұры

*Ғүнша* /п/ — гүлдей, гүл

*Ғүсүл* /а/ — жуыну, жуу

*Дағ* /п/ — ыстық, күйік дақ

*Дағалау* /п/ — көңіл білдіру

*Дағлау* /қ.қ./ — бекемдеу, байлау

*Дад* /п/ — көмек сұраған айқай, ыңырсу, зар; әділеттік, дұрыстық

*Дариан* /қ.қ./ — дәрмен, күш

*Дархор* /п/ — қолайлы, тиісті, үйлесімді, орынды

*Дауамат* /а/ — ұзақ, үнемі, әрқашан

*Даурана* /п/ — дәурен сүру

*Дахмет* /п/ — тауқымет зақым

*Дәрд* /п/ — ауру, ауыр жағдай, дерт, кесел науқас, сырқат

*Дәр хал* /п/ — сол кезде, бірден

*Дәст* /п/ — кеуде

*Делбандым* /п/ — құрметті; сүйкімді, сүйікті

*Дигар* /п/ — басқа, өзге

*Душакар* /қ.қ./ — маңдайға жазылған іс, оқыс оқиға;

*Дұбара* /а/ — жынды болып қалу, есін білмеу

*Дүм* — 1. бір заттың арты, түп жағы; 2. қалың, ну, сыңсыған

*Дүр* — даңқты, мықты; асыл тас, інжу

*Ділдарым* /п/ — сүйіктім, жүрегім

*Емді* /п/ — енді

*Ерен* /т/ — дос, жаран, пірдің серігі

*Ернек* /т/ — жиек

*Жаббар, Жаппар* — ұлы, құдіретті (Алланың 99 есімдерінің бірі.)

*Жаллат* /п/ — 1) жендет, ләшкер, бас алғыш 2) өтірікші, жалақор

*Жаумыт* — ру аты түркіменің басты руларының бірі

*Жәду* /п/ — сиқыр, сиқыршы

*Жәмші* /п/ — мата

*Жекен* /т/ — сазды, батпақты жерлерде өсетін, ұзын, жіңішке жапырақты көп жылдық өсімдік

*Жеткеш* /т/ — жеткенде

*Жұда* /а/ — жоқ болу, аса болу

*Жұқтайтын* /т/ — ұйықтайтын

*Жұма* /а/ — сенбі, алтыншы күн, қасиетті күн

*Жұмла* /а/ — барлық, түгел

*Жүдә* /п/ — өте, тіпті

*Жүрім* /т/ — барыс, келіс, жүріс; жүрер жол

**Жыға** /т/— патшалар мен хандар киетін бас киім; хандар мен қолбасылыр айырым белгісі ретінде дулығаның төбесіне тағады.

**Зайыл** /а/— тоқтау, аяқтау, ақыры

**Зайыр** /а/— анық, айқын, ашық

**Зари** /п/— зар, байбалам, арыз, нала, шағым, өтініш, мұң, мүдде

**Зауал** /а/— түс ауа, күн батар кез, жаза, сазай, азап

**Захмат** /а/— қыспақ, бөгет, кедергі, қысым

**Захр** /а/— талтүс

**Заһар** /а/— у

**Зәре** (а,п)— кішкене бөлік, түйіршік, үзім, тілім,

**Зәурет** /а/—ар; абырой; әурет; адамның ұяттыл жері.

**Зина** /а/— жезөкшелік, неке бұзушылық, бұзықтық

**Зұл-зәлла**—зұлжалал /а/— жоғары мәртебелі, Алла Тағаланың қасиетті 99 есімінің бірі

**Зуриат** /а/— тұқым, ұрпақ

**Зікір** /а/— Алланы еске алу

**Иоры** /п/— жолдас, дос

**Ифғар** /п/— жаралы, шаршаған, зорыққан

**Кабир** /а/— үлкен, зор

**Календер** /п/— дәруіш діндар, кезбе

**Каруан** /п/— керуен

**Кәмар (кемер)** /а/— белдік, белбеу

**Кәр** /а/— қаһар, ашу, сыза, қиыншылық,

**Кәуір** /а/—көпір, дінсіз, мұсылманнан басқалар

**Кеп** /т/— әңгіме, сөз

**Кепін** /а/— кебін

**Кеуіл**—/т/— көңіл

**Көбе**—бір нәрсенің жиегі, шеті; болаттан жасалған сауыт түрі

**Құлпат** /п/— уайым-қайғыға ұшырау, тарығу, шерлеу

**Кіреуке**—оқтан, найзадан қорғану үшін, жарыққа киетін темір сауыт,

**Қабак** /қ.қ./—(қауақ) өсімдіктен жасалған ыдыс

**Қайыл болды**—риза болды, риза — қош бейіл көрсетті.

**Қайымын тап** /ж/—орайын тап, ебін тап

**Қаллық** /қ.қ./— жөн, ыңғай, лайық

**Қамасар** /т/— көңілі тасу, шаттану

**Қар** /т/ — бұзық әйел

**Қауенше** /қ.қ./ — құдіретінше

**Қаһрі** /п/ — қаһар

**Қуқанат** — Сәтемір ханның ерекше баптап баққан құсы

**Құбыла** /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын. Кейіннен хижраның екінші жылы, Меккедегі — Қағбаны Құбыланы белгілейді.

**Қымқап** — алтын немесе күміс жіп араластырып тоқыған қалың, жібек мата

**Қышқыру** /т/ — айғайлау

**Лайқаты** /қ.қ./ — лайықты

**Лайқатты** — лайықты

**Лалазар** /қ.қ./ — райхан гүл бағы

**Лап қру** /қ.қ./ — жапа тармағай ұмтылды, жүгірді.

**Лапы** /қ/ — (қарақалпақша) — кенет

**Лашы** /п/ — мәйіт, мүрде, өлік

**Ләшкер** /т/ — әскер, қол

**Мадар** /п/ — ана, шеше

**Мадар** /п/ — дөңгелек, шеңбер, ая, өріс, ара, басты, негізгі, бағыт

**Мадар** /а/ — жер, қалалар; саз, балшық, топырақ

**Мадар** /а/ — білік, белдік, белағаш, негіз, желі; өріс, орта, айнала

**Майремдер** — мейрамдау, тойлау

**Макан** /а/ — мекен.

**Мақшар күні** — 1. өлген кісіден жауап алатын күн. 2. қиын-қыстау кез

**Маламат** /а/ — кінә тағу, кінә

**Маңғыт** — ру атаулары

**Мапағат** — тыныштық, жай таппай

**Мардана** /п/ — жігіт, мәрт; батыл, ержүрек, айбынды, қажырлы; ақкөңіл, қайырымды, игі, мейірбан, асыл

**Матам** /а/ — қайғы

**Махелле** — квартал, адам тұратын жер

**Махидар** /п/ — лар, — лер мөршілер

**Махремд** /п/ — уәзір

**Махьмоһин** /п/ — жандандыру, тірілту

**Маһ** /а/ — ай

*Мәзкүр* /п/ — жоғарыда айтылғандай

*Мәзкүр* /а/ — аталмыш, айтылған

*Мәйек* — жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы, қорытқы

*Мәнзил* /а/ — үй

*Мдар* /п/ — дәрмен

*Мегер* /п/ — әлде, солай ма, егер

*Меңземес* — тең келмес

*Метр* /п/ — үезір

*Меһрим, меһрибан* /п/ — мейірім, меірімді

*Миясар* — көңіліне жаққан, бейім

*Мохир* /п/ — мөр

*Мудам* /п/ — үнемі, бірқалыпты, өзгеріссіз

*Мұхасид* /п/ — пірлер, әулиелер

*Мұбәрак* /а/ — берекелі, қасиетті, құтты

*Мұйтен* — қарақалпақ руы

*Мұрид* /а/ — шәкірт, оқушы

*Мінәсіп* /а/ — лайықты, жарасымды

*Набат, нәбат* /а/ — өсімдік

*Найлейін* /п/ — қайтейін

*Найып* /а/ — орынбасар

*Нам* /п/ — атауы, белгісі

*Нама* (қарақалпақша) — ән; музыка

*Намайан* /п/ — айқын, анық, белгілі, аян, түсінікті, көрнекті, елеулі, айрықша

*Намынша* /п/ — мұнша неге

*Нахис* /а/ — сәтсіз, бақытсыз, сорлы, салымсыз, қырсықты

*Нәмарт* — жігіттік емес

*Нәсіп, нәсіп* /а/ — ырзық, пайда

*Нигар* /п/ — сүйікті

*Падысалық* — патшалық

*Панайы* /п/ — панайым, панасы

*Паймана* /п/ — уәде, келісім, шарт

*Паруа* /п/ — ынта, пейіл, ықылас, қызығу

*Паруана* /п/ — жалған (дүние, өмір)

*Парыз* /а/ — мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы

*Пахм* /п/ — ой, түсінік

*Пәм* (қарақалпақша) — түсінік, сана, ой

*Пәруардигар* /п/ — Құдай

*Пешін* — бесін уақыты

*Пида* — пида қылды, құрбан болу, жанын қиды, аянбады

*Пида* /п/ — жаяу; пешка (шахмат)

*Посытын* /п/ — шапан, сырт киім

*Пір* — қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Көбіне сопылар арасында кездеседі. Дайда пір «әулие» атанып, аскеттік өмір сүреді. Діни ұғымда пір қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептелінеді, аруақ туралы түсінікке жақындайды. Түрлі табиғи заттарды, ескі мазарларды, кейбір тарихи ескерткіштерді пір тұтып, діни аңызға бөлеп, «әулие» күзетшісіне айналдырады.

*Пісент қылмады* — елең қылмады

*Райыс* /а/ — бастық, басқарма, билеуші, төраға

*Рауан* /п/ — жүру, қозғалу, жылжу

*Рахип* /п/ — монах; дарашыл, ешкіммен араласпайтын

*Руана* /п/ — жан дүние, өмір

*Сабат* — шөбі шүйгін, салқын, жер, көгал; қымыз дәмдес, қышқыл өсімдік

*Сада* /а/ — үн, дыбыс

*Сайыр* /а/ — серуен

*Сарби* — сүйкімді; жағымды, келісті, келбетті

*Сарнай* /п/ — үйге киетін аяқ киім; сый шапаны

*Сарыжа* — сүйекті ойып әшекейлеген садақ

*Сауаш қылсаң* /т/ — соғыс қылсаң

*Сахер* (қарақалпақша) — қызметкер

*Сахи* /а/ — жомарт, мырза, береген

*Саһар* — аққудың қоразы; атан түйенің эпитеті

*Саябан* — көлеңкелі жер

*Сәуар* /а/ — қожа, ие

*Соллана* /п/ — жылдар бойы

*Сұннат* /а/ — жол, дәстүр

*Сұпа* — сұрықсыз, кескінсіз; сүп — биік, ұзын, жіңішке

*Сүрегі, срок* /о/ — мезгіл, күн, уақыт

*Сылықты* (қарақалпақша) — қосылу, бірігу, түйісу, үйлесу, ұштасу

*Та* /п/ — өлгенге дейін

*Талап* — талайы, бағы; маңдайына жазылғаны

*Тамам* /а/ — барлық, күллі

*Тасели* — тәсілі

*Тахқиқ* /а/ — орындау, іске асыру, тексеру, зерттеу, білу, анықтау

*Таһарат* /а/ — дәрет алу

*Тәрік* /а/ — өмірден қол үзу

*Тоқмаңғыт* — ру атауы

*Туры* /т/ — тура

*Тұмлы* (қарақалпақша) — тұс — тұсынан

*Түту* (к.т) — қалмен мықтап ұстау жабысу, жармасу

*Тіллә, ділдә* /т/ — алтын ақша

*Уағда* /а/ — уәде

*Ұғлан* /т/ — ұл

*Ұғыл* /т/ — ұл

*Ұпалы* — опа

*Үйге* /п/ — ол, оның; бір

*Үлпат* /п/ — дос, жақындық

*Үрмет* — құрмет

*Фаләк* /а/ — аспан, космос

*Фалек* /п/ — әлек, пәле.

*Фариад* /п/ — айқай, ойбай

*Фәлләх* /а/ — төменгі топтағы адамдар

*Фәред* /а/ — дара, теңдессіз, айтқысыз

*Хайкана* (қарақалпақша) — өмірлік жолдасың, жақының соқтаушың

*Хайра* /а/ — байлық, береке, игілік, ізгілік, жарылқаушылық, жақсылық, шарапат, қайыр

*Хақла* /п/ — сақта

*Хам ханаңды* /п/ — және үйіңді

*Хамд* /а/ — алғыс, ризашылық, ырзашылық; атағы жайылған; мадақ мақтану мақтаныш

*Хамел* /п/ — қызметкер

*Хамил* /а/ — жұбай, әйел

*Хамила* /а/ — нәресте

*Хамра* /п/ — жолсерік, жолдас

*Хана* /п/ — үй

*Ханасы — ханы* /п/ — үй

*Харап, хараб* /а/ — 1. бұзылу, қирау, жойылу; 2. нашарлау, мүшкіл

*Харж* /п.а/ — шығын, қаржы

- Хасыл* /а/ — біту, аяқтау; қорытындысы, нәтиже  
*Хауас* /п/ — құштарлық, ынтық, құмарлық  
*Хахарат* /п/ — жөбір ету, орынсыз күсталау  
*Хаят* /а/ — өмір  
*Хижринг* /а/ — қара тас  
*Хижрона* /п/ — уәдеден шығу  
*Хораман* /п/ — жеңіл, сұңғақ, келісті  
*Хоргиз* — үрдің қызы  
*Хунба* /п/ — қанды жас  
*Хурам* /а/ — сұңғақ, келісті  
*Хурсанты* /п/ — қуаныш, қанағат, жақсылық  
*Хұжырын* /п/ — қамқорлық  
*Шағал* /а/ — шиебөрі  
*Шаглап* /а/ — әдейілеп, жұмыс, қамқорлық  
*Шады хурам* /п/ — шаттану, көңілдену  
*Шайх* /а/ — қария, ақсақал, қарт адам  
*Шайыр* /а/ — 1. сағыз, желім секілді жабысқақ зат; 2. ақын  
*Шаққа-пожа* — шыж-быж болу  
*Шамал* /а/ — жел  
*Шатранж* /а/ — шахмат  
*Шаудыр* — қарақалпақ руы  
*Шаудыр* — ел атауы  
*Шахладым* — шақ қылдым  
*Шәр* — шаһар  
*Шәуілжі* — дабыл қағатын соқпалы аспап  
*Шекем* — шейін, дейін  
*Шер* (қарақалпақша) — жалбарыс  
*Шиш нәби* — пайғамбардың аты  
*Шор* /п/ — қызметкер, күң  
*Бінжылма* — қынжылма  
*Бішқың* — ғашықтығың  
*Іззет* (қарақалпа) — іззет, құрмет, сыйласымдық  
*Яры* — жары



## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

*Агун дариясы*—жырдағы кездесетін дарияның атауы.

*Ақкөл*—Тараз қаласынан солтүстік батысқа қарай 170км. жерде орналасқан тұрақ. Алғаш 1961жылы археолог Х.А. Алпысбаев тапқан.

*Ақтоғай*—Шығыс Қазақстан обылысына қарайтып елді мекен

*Ақтоғай*—Қарағандыобылысының оңтүстік — шығысында орналасқан жер. Мұнда көшпелі тайпалардың Беғазы — Дөңдібай мәдениетіне жататын өте көне ескерткіштер сақталған.

*Алакөл*—Шығыс Қазақстан Ұржар ауданына қарасты көл

*Алакөл*—Алматы және Шығыс Қазақстан обылыстарының аумағында орналасқан тұйық көл. Ол 12-19 ғасырларда Гурге — нор (Монғ. Көпір — көл), кейін Алактагал, Алатеңіз, алакта деп те аталған. Батыстан шығысқа қарай созылып жатыр Алакөлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды.

*Балқаш көлі*—Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңізінен кейінгі 3-орында. Ұзындығы — 605 км. Балқаштың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері құяды.

*Барсакелмес*—Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі ұзынша келген арал. Ұзындығы 30 км., ені 8 км., ауд. 133 км/2 шамасында. Барсакелмес аралы — сазды, сортаңды, шөл жері көбіне белесті, әредік төбелер де кездеседі. Аралдағы құм төбелерде өсімдік бар. Төбелердің биіктігі 6-7 метрге жетеді. Климаты — қоңыржай, шөлдік. Топырағы сортаң. Өсімдіктен шөлде өсетін бұталар кездеседі. Жер асты суы ащы.

*Баян қопасы* — жырда кездесетін жердің аты

**Волга**—ежелгі аты Ра, түркі тілдес халықтар Итиль немерсе Еділ деп атаған. Европадағы ең үлкен өзен. Жер шарындағы ірі өзендердің бірі. Россияның Европа бөлігінде. Ұзындығы—3530 км. Волга Валдей қыратынан басталып, Каспий теңізіне құяды.

**Ертіс**— Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Жалпы ұзындығы—4248 км. Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

**Есіл**— Қазақстан республикасы мен Россияның Тюмень, Омбы облыстары жеріндегі өзен. Ертістің сол саласы. Жалпы ұзындығы 2450 км. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Есіл бойында Ақмола, Петропавл, Есіл қалалары орналасқан.

**Жайық**—өзеннің аты. Жайық—Орал, Башқұртстан, Челябинск, Орынбор жерімен Орал, Гурьев облыстары жеріндегі өзен. Жалпы ұзындығы—1084 км. Оңтүстік Оралдан басталып, Гурьев қаласы тұсынан Каспий теңізіне құяды.

**Кереку**—Павлодар қаласының бұрынғы аты.

**Көлқиң, Сынап**—ноғайлының жеріндегі дария.

**Қап тауы**—Құран аңыздары бойынша жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шындардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжуж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр күн сайын тауды егеу сияқты тілдерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар, Қап тауының ар жағында да керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтады.

**Қара теңіз**— Атлант мұхитының жерорталық теңізі. Россия, Румыния, Болгария, Түркия жағаларында.

**Құмкент шаһары**—орта ғасырлардағы қаланың орны. Шымкент облысы, Шолаққорған ауданынан 30 км. жерде,

Байқадам поселкесіне барар жолдың бойында. 1946 жылы Орталық Қазақстан (Ә.Х.Марғұлан), 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) зерттеген. Марғұланның пікірінше, Құмкент араб деректерінде кездесетін Қамукент қаласының орны. Ол 13-14 ғасырларда Талас-тан Сайрамға қарай созылған керуен жолы бойындағы ірі сауда орталығы болған. Табылған ескерткіштерге қарағанда қаланы адамдар 10-15 ғасырларда мекенделген.

**Қырым**—Алтын Орданың, XVIII ғасырға дейін түркі халықтарының: қазақ-ноғай, татар халықтарының жеке хандығының бірі болды. XVII ғасырдан бастап Ресей қол астына өтті. Бұл хандық біресе Осман түріктерінің, біресе орыс мемлекетіне тәуелді болып келді. Қазір Қырым Украина құрамындағы қырым-татар автономиялық республикасы

**Мекке** — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Масжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед Меккеден кеткенімен Мәдинадағы жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету Исламның бес парызының бірі болып жарияланды.

**Мыңжылқы** — таудың аты. Бессаз. Қаратау жотасының солтүстік батыс бөлігіндегі тау басы. Биіктігі — 2176м. Беткейлерінен бірнеше шағын өзендер (Байылдыр, Біресік, т.б.) бастау алады. Оңтүстік етегінде бұта аралас әр түрлі астық тұқымдасты шөптесіндер, ал солтүстігінде баялыш, сұр жусан аралас өсімдіктер өседі.

**Мысыр** — Египеттің арабша аты. Африканың солтүстік шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Мысыр жерін адамзат памошт дәуірінен мекендей бастаған. Гректер Мысырды ежелгі данышпандар елі деп атап, оларды өздерінің ұстаздары санады.

**Ніл дариясы** — Египетше Әл-Бахр, Африкадағы өзен. Ұзындығы — 6671 км. Шығыс Африка таулы үстіртінен басталып, Жерорта теңізіне атырау жасап құяды. Ніл алабы

толығымен немесе жартылай Руанда, Кения Танзания, гранда, эфиопия, Судан және ЕАР территориясын қамтиды.

**Созақ**— орта ғасырдағы қаланың аты. Созақ поселкасының оңтүстік шетінде 15-18 ғасырлардағы деректемелерде Созақтың Қаратаудың солтүстік баурайындағы ірі экономикалық орталық болумен қатар, оның Орта Азиядан Орталық Қазақстан арқылы Сібірге өтетін керуен жолы екендігі айтылады. Қаланың сырты дуалмен және ормен қоршалған. Онда 500-ге жуық үй болған. Қала маңында егіншілікпен айналысқан мекендер орналасқан. Археологиялық зерттеулер қаланың 6 ғасырда пайда болып, 19 ғасырға дейін өмір сүргенін анықтады.

**Стамбұл**—Түркиядағы аса ірі қала, өнеркәсіп, сауда мәдени орталық. Босфор бұғазының екі жағын бойлай орналасқан. 1453жылға дейін Канстантинополь, 1923 жылға дейін астана, қаланың негізгі бөлігі Европада, шағын жағы Азияда жайласқан. Стамбұл—Қара теңіз бен Жерорта теңіздері, Европа мен Азия құрылықтары аралығындағы су жолдарының тарабы.

**Телі көл**— Қызылорда обылысының Сырдария ауданындағы ағынсыз көл Сарысу алабында, Суы тұщы. Жағалауы жазық

**Төрт тауы**— Торы тауы,

**Түркістан**— қала, Ахмет Яссауи ғимараты салынғаннан кейін түріктердің діни орталығына айналып, Хазрет—и Түркістан

## ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Диваев Әбубәкір* (1826-1933) — этнограф, фольклортанушы, Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген. 1876 жылдан бастап Түркістанда жұмыс істеген. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Ол — қазақ елінің тарихымен, этнографиясымен, мәдени өмірімен орыс оқушыларын таныстырған ғалым.

*Жапсарбаев Қалқа* (1886-1973.) — Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыр селосында, туып өскен — дарынды ақындардың бірі. Ол жастайынан той-думаннарда домбыра тартып, өн салып, ақындық салтын құрады. Ел арасына кең тараған ертегі-жырларды, атақты Бақтыбай, Қабан ақындардың өлеңдерін жаттап, кейіннен жаздырып, әдебиет қорына тапсырды. Кеңес дәуірінде бірнеше өлең жинақтары жарық көрді. Айтыстарға қатысты. Қалқа Жапсарбаев Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1939 жылы Құрмет грамотасымен, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1945 жылы Құрмет белгісі Орденімен марапаттайды.

*Кенжеғұлов Нұртуған* (1887-1930) — Бұрынғы Қазалы уезі, Қамыстыбас болысы, Аманөткел ауылында (Қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы) туған. Кіші жүз, Шекті руынан. Аталары да өлең дарыған адамдар болыпты. Нұртуған 23 жасынан бастап өлең шығарған, ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Едіге», «Әмір-Темір көреген» және «Қобыланды батырды» жырлаған. Нұртуған жырын Дәріғұл деген жазушы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан. «Мәулімнияз-Едіге» жырының бір нұсқасын жыршы Демеу Жолымбетовтың дәптерінен 1987 жылы Асқар Тұрғанбаев студент кезінде көшіріп алған.

**Көпеев Мәшһүр Жүсіп** (1857-1931) — Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен танысқан. М.Көпеев өзі де өлең шығарумен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинаған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы.

**Қылышұлы Қартбай** — белгілі жырау. Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат қаласының тұрғыны. Фольклортанушы Қ.Саттаров пен студент Ж.Әбдрахманова 1984 жылғы «Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы» кезінде Қылышұлы Қартбайдан «Едіге батыр» эпосын жазып алған.

**Саттаров Қыдырәлі** — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан республикасы, Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған.

**Сеңгірбайұлы Мұрын**, шын аты — Тілеген, лақап аты — Мұрын жырау. Мұрын жырау (1860-1952) — қазақтың көрнекті ақыны, жыршысы, қазақ халқының көне әдеби мұралары — батырлар жырын біздің дәуірімізге дейін жырлап келген атақты жырау. Бұрынғы Атырау облысы, Маңғыстау ауданы, Қаратөбе ауылсоветі, Қоңырорпа деген жерде туып-өскен. Кіші жүз, Байұлы ішінде Адай руынан.

Мұрын жырау 1942 жылы СССРҒА-ның Қазақстандағы филиалының шақыруымен Алматыға келеді. «Қырымның қырық батыры» атты жырдан 36 батыр туралы жыр жаздыртады. Мұрын жыраудың айтуы бойынша жырды жазып алған қазақтың ақын әйелі Мәриям Хакімжанова. 1947 жылы Институтқа батырлар жырының қалған төртеуін жібереді.

**Тұрғанбаев Асқар** — филология ғылымдарының кандидаты, фольклортанушы. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, ежелгі әдебиет бөлімінің меңгерушісі. Студент кезінде «Едіге батыр» жырын жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

**Уәлиханов Шоқан** (Мұхамедханафия) (1835-1865) — қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, фольклортанушы,

ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып, хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. Омбы кадет корпусын бітірген. XIX ғасырдың орта шенінде қазақтың өз ортасынан шығып, халық творчествосын, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан әйгілі ғалым.

*Хакімжанова Мәриям.* Ол 1906 жылы Қостанай облысы, Обаған ауданындағы Мезгіл дейтін жерде (Балғожа бидің немересі, Ы.Алтынсаринмен туыс) Хакімжан деген кедей шаруаның семьясында туған. Қазақтың белгілі ақыны, 1934 жылдардан бастап Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі жинаушылардың бірі болған.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л. 1974.
2. Chodzko A. *Specimens of the Populer of Persia*. London. 1842.
3. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб. 1904.
4. Семенов Н.А. Туземцы Северо-восточного Кавказа. – СПб., 1895 г.
5. Османов М. «Ногайские и кумыкские тексты». – СПб., 1883.
6. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского статистического комитета. Т.5 под редакцией, и.п. секретаря Комитета И.И. Бейсера. – Ташкент, 1896.
7. Мырза Едіге батыр // Батырлар. Жетінші жинақ. – Ташкент республикасының баспасөз шығарушы мағкамасы, 1922.
8. Потанин Г.Н. «Тюркская сказка об Идыгэ» – «Живая старина» 1897.
9. Радлов В.В. «Образцы народной литературы северных тюркских племен». ч. VI, VII. 1866-1872.
10. Сказание об Едигее и Тохтамыше. Каракалпакская народная поэма. Сообщение И.А. Беляева. – В кн. Протоколы заседаний сообщений членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. Вып. 3 Ашхабад. 1917.
11. Ер Едіге (араб әрпімен жазылған). Жинаған Қаныш. – Москва: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. 1927.
12. Ер Едіге // Батырлар жырының жинағы (латын әрпінде). Жинаған Сәдуақас Сейфуллаұлы. Екінші жинақ. Қазақстан баспасы, 1933.
13. Едіге // Батырлар. – Алматы – ҚКӘБ, 1939.
14. *Ozbek folklori*. (Узбекский фольклор. Хрестоматия для пединститутов): Т.1. сост. Х.Зарифов – Ташкент, 1939 (на узбек. яз.)
15. Gagatai S. *Die Adiga – Saga – Ural – Altaische Jahrbucher*. 1953.
16. Едіге // Батырлар жыры. Т.5. – Алматы: Жазушы, 1989.

17. Ер Едіге // М.Ж. Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы, 1992.
18. Ер Едіге // Қазақтың батырлық эпосы. – Алматы: Рауан, 1992.
19. Мағауин Е. Едіге – Халық эпосы. – Алматы: Айқап, 1993.
20. Ер Едіге – Алматы: Ғылым, 1995.
21. Едіге батыр. – Алматы: Ғылым, 1996.
22. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
23. Сказание об Едыгее и Тохтамысе. Киргизский текст по рукописи, принадлежащей Ч.Ч. Валиханову. Издал П.М. Мелиоранский, СПб., 1905.
24. Бердібаев Р. Эпос танудың әдістемелік мәселелері // Қазақ фольклорының тарихилығы – Алматы: Ғылым, 1993.
25. Алпысбаева Қ. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы – Алматы: Ғылым, 2001.
26. Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001.
27. Мағауин Е. Едіге жырының тарихилығы және көркемдік ерекшелігі. Филол. Ғылымдарының ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. 1994.
28. Дулгош Ян. Грюнвальдская битва. – М-Л. 1962. – 50, 90, 102. Лэн-Пуль. Мусульманские династии.
29. Бердібаев Р. К проблеме историзма эпоса // Советская тюркология, № 2. 1986.
30. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1976.

### **ҚОЛЖАЗБАЛАР**

Едіге – Нұран. ОҒК, Ш: 687, 9-дәптер. Жыршысы – Қалқа Жапсарбаев, жинаушысы – Жасбала Елікбаев.

Едіге. ОҒК, Ш: 1307. Жыршысы – Мұрын жырау, жинаушысы – М.Хакімжанова.

Мәулімнияз – Едіге. ӘӨИ, Ш: 129, 1-4-дәптер. Жыршысы – Нұртуған, жинаушысы – Ақанжан Келімбетов.

Едіге батыр эпосы. ӘӨИ, Ш: 920/46, 9-дәптер. Жыршысы – Қартбай Қылышбайұлы, жинаушысы – Қыдырәлі Саттаров, Жәмила Әбдрахманова.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и изданию томов много-томной серии «Бабалар сөзі».

Тридцать восемь томов вышеназванной серии посвящены дастанам и историческим джирам, которые являются высокохудожественной и объемной областью нашего национального фольклора. До сегодняшнего дня были изданы двенадцать томов легендарных дастанов, восемь томов романических дастанов, пять томов исторических джиров, а также один том генеалогических дастанов. Последние десять томов вышеупомянутых изданий посвящены фольклору казахов, проживающих в Китае. Настоящий тридцать девятый том нового издания — «Бабалар сөзі», которое является сборником казахского фольклора — самого драгоценного сокровища нашего народа является продолжением издания казахского классического героического эпоса.

В данный тридцать девятый том вошли восемь вариантов эпических произведений об Едиге батыре, которые называются: «Едіге жыр», «Мырза Едіге батыр», «Ер Едіге», «Едіге — Нұран», «Едіге батыр әңгімесі», «Едіге», «Мәулімнияз — Едіге», «Едіге батыр эпосы».

Имеются свыше тридцати вариантов эпических поэм об Едиге. В результате их научной систематизации было спланировано издания одного тома этих образцов эпоса,

Два из вариантов «Едиге батыр» которые вошли в настоящий том, исполнителями которых являются сказители Қалқа Жапсарбаев, Аякеш Омирзаков ранее не опубликовались. Вдобавок к этому нельзя скрыть то, что варианты эпических произведений Едиге батыр, которые опубликовались в советском

периоде, подверглись текстологической орботке, редакциям в соответствии с политическими и общественными требованиями эпохи, составители данного тома, считали самой важной задачей, поставленной перед ними, доведение образцов народного творчества без изменении. Так как многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в начальном адекватном первоисточнику версии, то есть, исключается любое вмешательство в текст. Поэтому, сокращенные слова и ошибки в предыдущих изданиях были исправлены в ходе сопоставления с оригиналом, таким образом было восстановлено первоначальное состояние текстов.

Включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историкофольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

Thirty four volumes of the above mentioned series are devoted to the dastans and historical zhyrs that are considered as highly artistic and voluminous field of national folklore. Until present time twelve volumes of legendary dastans, eight volumes of romantic dastans, five volumes of historical zhyrs and one volume of genealogic dastans have been published. Last ten volumes of the above mentioned editions are devoted to folklore works of Kazakh people who live in China. This 39<sup>th</sup> volume of the new edition — «Babalar sozy» a collection of Kazakh folklore — most valuable treasure of our people and is a continuation of the edition of Kazakh classic heroic epos.

This 39<sup>th</sup> volume includes eight versions of epic works about Edige batyr such as «Edige zhyr», «Myrza Edige batyr», «Er Edige», «Edige-Nuran», «Edige batyr angimesi», «Edige», «Maulimniyaz-Edige», «Edige batyr eposi».

There are more than thirty versions of epic poems about Edige. As a result of scientific systemizing of those works it was planned to publish one volume of those epic patterns.

Two versions of «Edige batyr» included into this volume that were performed by the narrators Kalka Zhapsarbayev, Ayakesh Omirzakov earlier haven't been published. Besides versions of epic works Edige batyr that were published during Soviet period have been subjected to editing according to political and social requirements of the epoch, the compilers of this volume set a goal to make no changes in the folklore patterns. As the multi volume collection

«Babalar sozi» is a scientific edition the published texts are presented as initial versions adequate to the source i.e. any changes of the text is excluded. Therefore reduced words and mistakes in the previous editions have been corrected during comparison with the original, so initial condition of the texts have been restored.

They include the following: data on published texts and their versions; brief historic — folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан ..... 5

### Мәтіндер

Едіге жыр ..... 9  
Мырза Едіге батыр ..... 44  
Ер Едіге ..... 59  
Едіге — Нұран ..... 66  
Едіге батырдың әңгімесі ..... 112  
Едіге ..... 128  
Мәулімнияз — Едіге ..... 160  
Едіге батыр эпосы ..... 307

### Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме ..... 387  
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер ..... 410  
Сөздік ..... 423  
Жер-су атаулары ..... 433  
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы  
һәм жинаушылар туралы мәлімет ..... 437  
Шартты қысқартулар ..... 440  
Пайдаланылған әдебиеттер ..... 441  
Резюме ..... 443  
Summary ..... 445

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

39 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

*(на казахском языке)*

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Турлынова*

Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Е. Сманова, М. Меңлібаева*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «**Баур**» баспасы

ИБ № 2210

Теруге 11.10.06 жіберілді. Басуға 7.11.06 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Қаріп түрі «**Мектептік**». **Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**

Шартты баспа табағы 28. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«**Фолиант**» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«**Фолиант**» баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISSN 9385-34-023-X



9 789965 350239